

«ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ– ӘЗ НАУРЫЗ»

атты республикалық ғылыми
конференция материалдар жинағы

Сборник материалов республиканской
научной конференции

«ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ– ӘЗ НАУРЫЗ»

Астана, 2017

ӘОЖ 394/395(574)(063)

КБЖ 63.5(5каз)

Ұ46

Жалпы редакциясын басқарған: т.ғ.к. Д. Мыңбай

Жауапты редакторы: т.ғ.д., профессор Ж.Қ. Таймағамбетов

Құрастырып, баспаға әзірлегендер: философия докторы (PhD)

А.С. Сейсенбаева, А.У. Бирмуханова, А.Қ. Джанеева, А. Хурметбек, А. Әбу

«Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» атты республикалық ғылыми конференция материалдары. – Астана, 2017. – 249 б.

ISBN 978-9965-23-406-4

Жинаққа 29.03.2017 жылы Астана қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ұйымдастырған «Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз» атты республикалық ғылыми конференция материалдары енген. Түркі халқына ортақ Наурыз мерекесінің шығу тарихы, маңызы, ерекшеліктері, қазақ халқының салт-дәстүрлері жан-жақты қарастырылып зерделенген.

Жинақ жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттерге жалпы зиялы қауымға арналған

УДК 394/395(574)(063)

ББК 63.5(5каз)

ISBN 978-9965-23-406-4

© Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі



**Қазақстан Республикасы
Ұлттық музейі директоры
Дархан МЫҢБАЙ**

Кіріспе сөз

Құрметті конференцияға қатысушылар! Қадірлі ғалымдар!

Ұлыстың ұлы күні Наурыз – ежелгі заманнан қалыптасқан тарихы тереңде жатқан жыл бастау мейрамы. Бұл мереке күн мен түннің теңелгені, түннен күнге бет бұрған, табиғаттың барлығы гүлденген, өскен, қытымыр қыстың беті қайтып, күллі дүние қайта түлеген мезетке сәйкеседі. Ол тек қазаққа тән мейрам емес, Орталық Азия халықтарының аңсап күтетін жаңа жылы. Бұл күні ұрысқан ағайын табысатын, жастар ойын-сауық құрып, барлық жаманшылық ұмытылатын, жақсыға қарай бет бұратын кез. Наурызды қазақ халқы «Ұлыстың ұлы күні» деп ерекше атағаны бүгінгі таңда көзі ашық, көкірек көзі ояу әр азамат жақсы біледі. Наурыз мерекесі жайлы Шығыстың ұлы классиктері Әбу Райхан әл-Бируни, Ибн Балха, Омар Хайям, Қожа Хафиз еңбектерінде жазып кеткен. Ұлы Абай да кезінде: «...ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен», - деп те сүйсінген.

Сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні жайлы қазақтың ғұламалары Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаевтар Наурыздың жас ұрпақты ата дәстүр негіздерінде тәрбиелеуде алар орны ерекше екендігі туралы өз еңбектерінде қалам тартқан.

Қазіргі таңда Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды. Сонымен бірге әр уақытта іргесі сөгілмеген бірліктің, еңселі елдіктің, ырыс пен бақ берекенің мерекесі болып саналады. Наурыз мейрамы 2010 жылдан бері Елбасының Н. Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстанда үш күн бойы тойланып келеді. Бұл орайда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылы Наурыз халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды.

Баршаңызды көктемнің осы тамаша мерекесімен құттықтаймыз!

**Ұлыстың ұлы күні құтты болсын! Ақ мол болсын!
Отбасыларыңызға шаттық, береке әкелсін!**

Ж. О. Артықбаев*Л. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті
тарих ғылымдарының
докторы, профессор***НАУРЫЗ-ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ МЕЙРАМЫ**

Қазақ халқы ежелден «Ұлыстың ұлы күні» деп құрмет тұтқан Наурыз мейрамы Еуразия құрлығындағы өркениетті тіршіліктің бастауында тұр. Бүгінгі әңгіме Наурыз мейрамының тарихы мен дәстүрі туралы болмақ.

Наурыз мейрамының тарихынан бастасақ...

Қазақтың осы төл мерекесінің екі-үш мың жылдық тарихы бар деген пікірді білеміз. Мен Наурыз мейрамы Еуразия даласында екі-үш мың жыл емес, он екі-он үш мың жыл бұрын тойлана бастады деген пікірдемін.

Біріншіден, шығысында Қытай қамалынан басталып Дунайға дейінгі жерді алып жатқан далалық алқап адамзаттың «homo sapiens», яғни саналы адам есебінде қалыптасқан ортасы. Оған себеп далалық алқап жылдың төрт мезгілі түгел континенталды табиғи ортада жатыр, бұл жерде адам табиғатпен партнер, бірде жеңіледі, бірде жеңеді. Бізден солтүстікке қарай жыл он екі ай адам жігерін құм қылатын қыстың суығы ұрып тұрады, бізден оңтүстікке қарай жыл он екі ай бойы адам жігерін езіп жіберетін ыстық аймақтар бар. Табиғатпен тепе-теңдікті ұстау үшін біздің ата-бабаларымыз оны жақсылап зерттеуге мәжбүр болғандығы аян. Наурыз деп біз алдымен күн мен түннің теңелген уақытын айтамыз, оны бар тіршілігі далада өтетін, еркін ойлы, ұшқыр қиялды сахара адамы аңғармағанда кім аңғарады?!

Екіншіден, қазақтың әңгімелері Наурызды Нұқ пайғамбардың заманымен байланыстырады. Жер бетін топан су басқан оқиға оқырманның бәріне де белгілі. Нұқтың жанында Құдайға сенген сексен адам бар, үш ұл, үш келіні бар алты ай он күн су бетінде қалқып жүріп, өлдік-талдық дегенде Қазығұрт тауының ұшар басына тоқтапты дейді. Біреуі ата-анасынан, біреуі баласынан айрылған, уайым-қайғы басқан ел осы жерде жан шақырыпты. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Нұқтың әңгімесін баяндай келе «*Кеменің Қазығұрттың басына тоқтаған күн қасиетті Мұхарам айының оны екен, жұлдыз есебімен санағанда күннің Хамалдың бірінші уәжібіне кірген күні*» дейді. Арабтың календары ай есебіне негізделгеннен кейін ылғи да өзгеріп отырады, дегенмен Мұхарам айы оларда қасиетті ай, жылдың басы деп құрметке ие, ал жұлдыз есебімен санасақ Хамал қазіргі уақытта Тоқты аталады және мартқа сәйкеседі. Осы себепті қазақ жерінің батыс аймақтарында Наурызды «Амал мерекесі» деп те атайды, «Амал» дегені «Хамалдан» шығады. Еуразия халықтарының көпшілігінде жаңа санат (григориан) календары кіргенге дейін жыл басы Наурыз болды. Қалай болғанда да Нұқ пайғамбардың кемесі тура Наурызда Қазығұртқа тоқтаған

болып отыр. Осыдан кейін Топан су қай заманда болған деген сұрақ туындауы заңды, қазіргі кешенді ғылыми зерттеулер жер бетінде соңғы топан судың біздің жыл санауымызға дейінгі 12-13 мың жылдар бұрын болғанын айтады.

Үшіншіден қазіргі өркениеттің қарқынды дамуы сондай, біз өзімізді ата-бабаларымыздан ақылдырақ санайтын болдық, бұл адасқандық, адами негізден айрылып бара жатқандығымыз. Адамзаттың ең үлкен жаңалықтары көне тас ғасырында жасалған, біздің бабаларымыз миллион жыл бойы шошқа тағалап жүрген жоқ, тірішілікке керекті негізгі ұғымдарды қалыптастырды. Біз сол заманда қалыптасқан ұғымдармен, өзіміз соның маңызына бойламасақ та, әлі өмір сүріп келеміз. Наурыздың тарихын бергі заманнан іздеу адамзаттың көне тарихын, жасампаздығын мойындамаудың көрінісі.

Наурыз деген сөз қандай мағына береді ?

Көп адамдар Наурыз сөзін парсы тілімен байланыстырады. Бұл біржақты пікір. Наурыз сөзі Еуразия халықтарының көпшілігінде бар, әсіресе үнді-иран, герман-латын тілдес халықтарда «новый», «нюю», «нео», яғни жаңа деген мағынада қолданылады. Қазақта тұтас бір айдың аты және ай болғанда жылдың басы. Осыған қарағанда бұл сөз Еуразия халықтары жеке тілдерге жіктелмей тұрғанда пайда болған көне ұғым. Жоғарыда біз Нұқ пайғамбар заманы туралы сөз еттік қой, сол сөзіміздің бір дәлелі осы мысал. Мен наурыз сөзі қазаққа сырттан (парсыдан т.б.) келіп сіңіп кетті деген пікірлердің бәрі негізсіз деймін. Әлемде өзінің жерінен Нұқ пайғамбардың кемесі тоқтады деп белгі көрсете алатын төрт халық қана: арабтар Жуды тауын, еврейлер Сион тауын, армяндар Арарат тауын, қазақтар Қазықұрт тауын көрсетеді. Енді осыншама тарихи мұраны сақтап келген қазақтың Наурызын өзіміз келіп өзгеге теліміз, дұрыс па ? Жарайды біз парсыдан алдық дейік, сіз солтүстіктегі чуваш халқының наурызды «ноурас-ойахе» дейтін себебін түсіндіріп бере аласыз ба, олардың парсыға қатысы шамалы емес пе?

Біз Наурызды Қазықұрт сияқты қасиетті жерлерден қарсы алып, содан бастап тойлауымыз керек.

Біздің ата-бабаларымыз күн мен түннің теңелген, яғни Наурыздың келген сәтін қалай анықтады?

Наурыздың басы деп революцияға дейінгі уақытта 9 наурызды айтатын, бұл ескі юлиан есебі бойынша. 1918 жылы Совет үкіметі еуропалық календарды қолдану жөнінде декрет қабылдап бұрынғы есепке 13 күн қосты. Осылайша біз қазір Наурызды 22 наурыз күні тойлап жүрміз. Ертеде қазақ арасында ай мен жұлдыздың қозғалысын бақылап отыратын есепшілер болған, олар сәл өзгеріс болса елге хабарлап отырар еді. Себебі аспан денелері де мәңгілік қозғалыстағы тірі дүниелер, алашақ, берешектері болады. Осыған қарағанда дәл тепе-теңдікті шығару қазір астрономдардың міндеті, ондаған-жүздеген жылдарда олардың орын өзгертіп отыратыны сөзсіз.

Қазақ халқы ертеде Сырдың бойын қыстап, Сарыарқаны жайлап жүргенде Мәуреннахрға бір табан жақын болған. Сол себепті қазақтың Наурызды тойлайтын дәстүрінде Мәуреннахр өлкесімен ортақтық көп, Наурыздың келген сәтін анықтайтын астрономиялық есепті де қазақ «Бұхар есебі» дейді.

Наурыз мейрамы неше күн тойланады?

Шежіре деректері Наурыз мейрамы сегіз күн қатарынан тойланады дейді. Қазақтың қариялары *«орысқа қарамай тұрған күнінде қазақтың наурыздамасында болған той-мереке қызығы Бұхар мен Қоқанда да болмаған»* дейді екен. Болса болар дейміз, себебі қазақ бір жағынан кең халық, екінші жағынан қонақжай. Қазақ шежіресі *«наурыздаманы қай жерде асқан атақты бай болса, сол бай қылады екен»* дейді. Біздің қазіргі байлар кіріссе Наурыз мейрамы да жайнап кетер еді. Үкімет және қоғамдық ұйымдар, әсіресе жастар белсене кірісіп Наурызды қайырымдылық және мейірімділік мерекесі қылып өткізген жөн.

Қазақ хандығы дәуірінде Наурыздың бірінші күні ханның өзі бастап орда қалың елдің ортасына шығады. М.-Ж.Көпейұлы қолжазбасында Наурыз тойы ханның сарайының алдында басталады дейді. Есепшілер Наурыз кірді, күн мен түн теңелді деген соң *«патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!»- деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!»- деп». “Жандыда күн мен түннің теңелгенін балық біледі» деп хан өзі бас болып бір керсен суға балық жіберіп, оның бір аунап түскенін қарап отырады дейді.*

Қазақтың басты азаматтары да ертеде Наурызды сегіз күн бойы тойлайтынына мына бір дерек куә: *«Би Едіге - Айдабол Пәлі Төлебайдың баласы. Едіге би Баянауланың бауырынан жүз кісі болып, атқа мінді дейді: «Қызылтауда Сәти тасында отырған Мырзағұл баласы Сәти мырзаға барып, наурызды қылдырамын!» - деп. Барса, Тәти мырза үйде жоқ екен. Қарсонар болған соң, бүркіт алып, шығып кеткен екен. Баяу деген бәйбішесі бар екен, «бес берекенің біріне» қосылған бәйбіше екен:*

- Мырзаңыз ас-суды алып кеткен жоқ. «Зәуіде келе қалса, мені жоқтатпа!»- деп, тапсырып кетті!»- деп, «ас та төк, шаш та төк» қылыпты. – Сіз бір жақтан бір жаққа бара жатқан жолаушы емессіз, әдейін наурыздама қылдыра келдіңіз! Ұдайымен сегіз күн қылмаған соң, мұның қылуға не сәндігі бар?!- деп, сегіз күн күтіп, сыйлап, бір күнінен бір күнін асыра беріпті”.

Наурыз аяқталатын күні хауызға қантты аямай төгіп, жұрт жабыла қант татыған сиропты ішіп «той тарқар» өткізеді. Ертеде Түркістанда хан ордасының жанында үлкен тоған, одан шығарылған бірнеше арық, олардың бойында хауыздар болған. Жазға қарай хан ордасы Әзіреті Сұлтанға таяу Кәріз деген жерде Бақ Жаһан деген тоғайдың ішінде кигіз үй тігіп тұтас көшіп барады. Кәріз деген жер астынан судың ағысын реттеп отыратын құдықтар жүйесі. Үлкен апан құдықтар қырық күн шіледенің ыстығында

елдің жан сақтайтын, демалатын бір көркем жері. Наурыз бұл Кәрізге де келіп өзінің жалғасын тауып жатады.

«Той басы» мен «той тарқар» аралығында толып жатқан той-домалақ өз кезегімен өтіп жатады. Оның ішінде балуан күресі, аламан бәйге, жорға жарысы, көкпар т.б. бар, оның бәрін бір әңгімеде түгендеудің өзі қиын.

Наурыз тойындағы «Көрісу» рәсімі

Көрісу қазақтың Наурыз мейрамының негізгі салтының бірі. Совет заманында әбден ұмытылып барып, жаңа жанданып жатыр. Қазаққа қыс мезгілі қашанда ауыр болған, тіпті ертеде түгелге жуық Сырдың бойынан бастап Жиделі Байсынға дейінгі аймақта қыстап отырғанда да қиналса керек. Себебі қыс қытымыр болып жатса мал ашығады, кейде көктемге қарай жаңбыр ерте жауып, не қар еріп барып қайта қатып жұт басталып кетеді. Көтерем мал қырыла бастайды. Мал ашуы –жан ашуы, қыс-қамытта бір жерден екінші жерге көшіп, не малын алысқа айдап, жайылымға бола дауласып бір-бірімен араздасып елдің есі шығады. Оның үстіне малдың пайдасына бола қазақ шаруашылықтары бір-бірінен қыс кезінде алыстау отырады, себебі қыста та жайылым керек, ол уақытта қазақ шөп-азық дайынадамайды дегендей. Осындай қиындықтардан шыққаннан кейін Наурызды қазақ қуанып қарсы алмағанда кім қарсы алады? Наурызға қазақ қуанбағанда кім қуанады?

Көрісу де осыған байланысты шыққан. Қыс бойы бір-бірінің өлітірісін біле алмай сағынған елдің жасайтын жоралғысы. Бір-бірін құшақтап, кейде өлгендерін жоқтап, кейде тірі қалғанына шүкірлік айтып көріседі.

Наурыздың дастарханы туралы

Қазіргі күні Наурыз күні көже дайындауды халық үйренген сияқты, бірақ Наурыздың тағамын әлі түгендеп бола алмай жатырмыз. Ертеде берекелі бәйбішелер Наурызға дайындықты бір жыл бұрын бастайды. Ең алдымен Наурыздың басты тағамы жент дайындалады. Қыс бойы тас қайрақтай қатып тұрған қарын-қарын жентті бәйбішелер *«Самарқанның көк тасы жібiген күні бiздiң жент те балқып, босады»* деп дастарханға алып шығады. Сары май, қазы-қарта Наурыз дастарханының басты белгілері.

Наурыз мейрамының дастарханын байлар көтереді, олар семіртiп мүйiзi шаңырақтай нән өгiз сояды. Осы Наурызға өгiз союдың өзі көне дәстүр, яғни бұл мейрам жылқыны қолға үйретпей тұрған уақытта қалыптасқан дегенді білдіреді. Жылқыны Еуразия даласында бiздiң жыл санауымыздан 4 мың жыл бұрын үйреттi десек, сиыр малын қолға үйрету одан да ертерек заманның жемісі. Шумерлер бiздiң жерімізден Месопотамияға қарай (Екі өзен арасы) өгiздi арбаларға жегіп аттанған болса керек. Қазақты соңғы кезге дейін сақталған бұқа культі де сол заманның бір мұрасы.

Жалпы жағдайы келсін-келмесін әр қазақ Наурыз мейрамында қазан көтереді. Көрші-қоланды шақырады, жолаушы жүрген халыққа таратады. Әр қазанда бас болуы шарт, сол себепті тым кедей деген адамның өзі қыста сойылған қойдың басы болса, алып қалып Наурыз көже пісіретін қазанға

салады. Қазіргі уақытта қой сойса, оның басын шек-қарнымен қоса лақтырып жіберу орын алып отыр. Наурыз мейрамы басты қадірлеудан басталады және сол арқылы біз қазақ құндылықтарына қайтып келеміз.

Наурыз бата

Қазақ «батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді» дейді. Қазақта батагөй ақсақалдар ертеде көп болған, қазірде де бар. Наурыз мейрамында тілі орамды, шешен, елге сыйлы ақсақалдар халықтың ортасында арнайы бата береді. Осы батаны «Наурыз батасы» деп атайды. Елдің бәрі шын ниетпен тыңдағаннан кейін, көңілдері босағаннан кейін, бәрі бірдей «әмин» деп жылап отырған себепті сол ақсақалдардың айтқаны келіп, елдің басы өсіп, малы көбейіп, берекесі тасады. Бұл жерде ең бастысы елдің шын ниеті. Бұл күндері де бата беретін адам табылады ғой, тек елдің іші таза, ниеті дұрыс болуы керек. Әрине бата беретін адам да дуалы ауыз, сөзі мен ісі бір болғаны жөн, әйтпесе судыратып сайрап берген дүниенің бәрі бата емес қой.

Наурызға қатысты айтылмай жүрген бір дәстүр бар. Мәшһүр Жүсіп «Ол күні қожаларға оқытатын, наурызға арналған кітап болады» дейді. Наурыз мейрамы басталғанда ғалымдардың дәрісін тыңдау керек, әр жерде ғалымдармен кездесулерді ұйымдастыру керек. Егер біз Наурыз мейрамын қайта жаңғыртамыз десек осы күні той тойлап, ән-күйді қызықтаумен қатар ғылым адамдарына да ерекше бір құрмет жасалғаны жөн. Пайғамбарымыз айтқан ғой «отыз күн оразаның сауабынан бір күн ғылыммен айналысқанның сауабы көп» деп... Қазақтың байлары осы күні ғылым адамдарына арнайы сый беріп жатса ғалымға мерей, байға сауап, елге мереке емес пе?!

«Ұлыстың ұлы күні» деген сөздің мағынасы туралы

Наурыз мейрамын қазақ «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды. Түрік-моңғол тілдес елдер ұлыс деп мемлекетті айтады. Бұл ғажап ұғым, бұл кішкене ғана сөз тіркесі Наурыз мемлекеттің ең басты мейрамы дегенді білдіреді. Қазақ халқының осындай керемет сөздерді сақтап қалғанына таң қаламын. «Ұлыстың ұлы күні» деген сөз қазақтың бұрын мемлекеті болмаған т.б. деп былшылдап жүргендердің бәрінің аузына құм құятын тарихи дерек емес пе?!

Наурыз мейрамы Қазақстанды мекендеген сан түрлі этностардың басын қосатын нағыз халықтық мейрам. Тек қазақ емес, өзге де халықтардың арғы тарихында Наурыз болған. Соны біз ғалымдар жазуымыз, зерттеуіміз керек. Мәдениет саласындағы азаматтар бүгінгі күні Наурыз тойына жоғарыда айтылған әдет-ғұрыптарды кіріктіруі керек, яғни бәріміз қосылып Наурызды шын мәнінде жалпы халықтық мейрам есебінде жаңғыртуымыз керек. Соңғы кезде Қазақстандық сәйкестікті қалай қалыптастырамыз деген сияқты сұрақтар көтеріліп жүр. Мен айтар едім Наурыз сол мемлекеттік сәйкестікті қалыптастыратын ең мықты тетіктердің бірі деп.

Наурызды қазақ баласы өмір бақи тойлап келеген, оның тарихы оны мың жылдан асатынан жоғарыда айттым. Әрине, қазақ баласы Сырдың

бойында қыстап жүрген заманда, Түркістанда Өз Тәуке сияқты хандары отырғанда Наурыз тойы ерекше болған. Кейін хандықты жоғалтып Ресейдің боданы болғанда да Наурызды тойлай бердік, бірақ мемлекеттік мейрамды мемлекеті жоқ халық өз дәрежесінде қалай тойлайды? Біртіндеп наурыздың мәртебесі түсе берді. Совет үкіметінің қазаққа жасаған қастандықтарының бірі ХХ ғасырдың 20 жылдары Қазақ автономия алғаннан кейін мәртебесі қайта жаңғыра бастаған мейрамды ескіліктің қалдығы деп тиып тастады. Шындығында Совет үкіметі Наурыздың тәуелсіз елдің мейрамы, яғни «Ұлыстың ұлы күні» екенін өзіне сенімді ғалымдар арқылы біліп, анықтап барып шешім қабылдады.

СССР-де большевиктік темір тәртіп босаңсып, жариялылық, қайта құру кіргеннен кейін қазақ елі 1988 жылы бұл мейрамды қайта жаңғыртты.

Наурыз дәстүрлері

Наурыздың қазақтың дәстүр-салтын есіне түсіретін этнографиялық тойына айналып кеткені де рас. Әркім өзінің есінде қалғанын, білгенін істеп жүр. Біреулер келіп түсіру ырымын жасайды, біреулер баланың тұсау кесерін өткізеді деген сияқты. Наурыз жаңа жылдың басы, бірнеше мың жылдық тарихы бар қасиетті мейрам есебінде тойланбай келеді. Менің ойымша Наурыз біздің ұлттық жаңғыруымыздың, ұлт құндылықтарына көзқарасымыздың, ұлтжандылығымыздың көрсеткіші. Мен бұл жерде бір адамды, немесе халықты кіналайын деп отырған жоқпын. Шамасы Ресей отаршылдығы, Совет үкіметінің қырып-жою саясаты қазақтың рухын, өзіндік санасын осындай ауыр деңгейге жеткізген. Ұлттық жаңғыру ауыр жүріп жатыр. Қазақ этнографиясын білетін ғалымдарды үкіметтің пайдалануы да кем болып тұр. Нағыз ғалымдар отыратын жерді *«атаңнан мал қалмасын, тал қалсын»* деп өтірік мақал ойлап тапқыш қулар билеп алған. Қазақ бірінен бірі амандық сұрағанда «мал-жаның аман ба?» дейтін халық. Атадан қалған малдан «жоқ, маған тал керек» деп безген қазақтың моласын көргем жоқ.

Осы уақ мысал өз тарихымызды, өз этнографиямызды білмейтінімізді көрсетеді. Сонда да Наурыздың енді ұмытылмайтынына сенемін. Наурыз түбінде Қазақстанның ең басты мейрамына айналатыны сөзсіз.

Егер қазақтың байырғы дәстүрлеріне келсек Мәшһүр Жүсіп шежіресінде қызықты деректер бар екенін айтқан жөн. «Наурыздың келген сәтін жандыда балық біледі» дейді шежіреші: *«Наурызнама той қылатын жұрттың патшалары тірі балықты көп қылып ұстатып алып, бір керсен суға салып, көптің алқасына қойдырады. Отырған көп әлеумет сол балықтарға көздерін тігіп қарап отырады. Бір мезгілде балық біткен бірі қалмай теп-тегіс шалқасынан жата қалады. Қарындары жарқырап, лезде балықтар аунаған жағынан екінші жағына қарай аунап түседі. Сонан соң патшалар барабан соқтырады: «Ескі жыл шықты, жаңа жыл келді!» деп. Сегіз күн ұдайымен қол астына қараған жұртқа той, тамаша береді: «Жаңа жыл тойы!» - деп.*

Қазақтың «Наурыздың келгенін жандыда балық біледі, жансызда Самарқанның көк тасы біледі» деген сөзінің шешімі осы. «Самарқанның көк тасы» Мәуреннахр өлкесінде хан тағына иелік жасаймын деген патшаларды ақ кигізбен көтергеннен кейін, әдейілеп алып келіп отырғызатын қасиетті тас. Қазақтың хандарының ішінен бұл тасқа Тәуекел отырған. Наурыз туғанда хандар мен сұлтандар тұтқындарға кешірім жасайды, зынданда отырғандарды босатады, құлдар азаттық алады, сол себепті «Самарқанның көк тасы жібіді» делінеді.

Біз бүгінгі күні Наурыз мейрамының бұрынғы салтын қайта жаңғырта алмай жүрміз ғой, кезінде Түркістандағы алтын тақта отырған қазақтың хандары қолданған -керсен толы суға балық жіберу, наурыз тұсында ұсақ қылмыс жасаған адамдарға кешірім жасау т.б. дәстүрлерді неге пайдаланбасқа?!

Түркістанда сарт ағайындар Наурыз тойында қарнайларын тартып, даңғыраларын ұрып қаланы азан-қазан қылады. Сарт қазақтың отырықшы қонсысы, саудасын, өнеркәсібін жүргізетін субэтникалық топ. Сарттың ішінде көшке ере алмай отырықшы тұрмысқа көшкен қазақ көп, қазақтың ішінде саудамен келіп кейін қаласына қайта алмай қалған сарт көп. «Сарт» деген сөз саудагер деген мағына береді. Әзіреті Сұлтан мешіті ішіндегі құжыраларды мекен қылған қаптаған дуаналар әлем-жәлем киініп, аса таяқтарын салдыратып тойдың қызығына олар да қосылады. Қызық думан кезінде жастар қазақтың мүшел деген он екі жылдық есебіне сәйкес кеп киіп шығады. «Кеп» қазіргі маска деп жүргеніміз, яғни бет-жүзін жасырып киіп алатын жасанды түр. Қозы көрпештің Баян сұлу ауылына келгенде Тазшаның кебін киетінін есіңізге алыңыз. Наурыз келгенде он екі жылға ие болған жануардың біреуі таққа мінеді, біреуі тақтан түседі, өзгелері де орнынан бір-бір саты жылжиды. Наурыз тойында шығырды алып келіп алаңның ортасына орнатып он екі жылға ие боған жануарлардың кебін киген адамдардың бәрін сол шығырға отырғызады. Осының бәрі үлкен карнавалға айналады. Әрине, той мереке өзінен өзі басталып, әнші –күйшілер ортаға шығып, бишілер тойды қыздырып жатады.

Наурызда арнайы наурызнама жасап құрбы-құрдас, бастас-сыйлас азаматтар бір-бірінің ауылына барады. Наурызнама жасап арнайы келген адамға деген құрмет шексіз болады. Дәулеті жеткендері «тоғыз» деп тоғыз мал байлайды, орта шаруалар ат мінгізіп, шапан кигізіп жатады. Әйтеуір наурызнама жасап келген адам құр қол қайтпау керек, тіпті бір көйлектік деп мата береді.

Қазақ қызықшыл халық. Наурыз мейрамы күндері қызды-қыздымен, жігіт-желеңнің ұйымдастыруымен қайынғасы мен келіні, құдасы мен құдағиы, жеңгесі мен қайыны т.б. көрісіп жатады. Даланың бала сияқты аңғалақ халқы әр әдемі қимыл, әр маңызды сөзге бола той-мереке жасайды. Осыны бәрі елді көңілдендіріп, бәрі де мәз-мейрам, қыстың ызғары той мерекемен естен шығады, қыстың шығыны, қиындығы ұмытылады. Наурыз мейрамы да осы үшін керек.

Қазіргі күні Наурыз мейрамы заманға бейімделуі керек-ақ. Ол үшін ол жастарға ұнамды болуы керек, яғни жастар іліп алып кететіндей дүниелерді ұсынуымыз керек.

А.Б. Калыш

д.и.н., профессор КазНУ имени аль-Фараби

А.Ж. Бильтаева

студентка 3 курса КазНУ имени аль-Фараби

К ОСОБЕННОСТЯМ ПРАЗДНОВАНИЯ НАУРЫЗА

Одним из наиболее ярких и красочных земледельческих праздников тюркских и иранских народов, связанных также с астрономическими наблюдениями, восходящих к древним традициям, является весенний праздник Науруз, который распространен в различных формах и названиях у народов Ближнего и Среднего Востока, Центральной и Южной Азии, Российской Федерации, Закавказья, Восточного Туркестана, Балкан [1-5].

В отношении генезиса данного праздника имеется достаточно источников, начиная с «Авесты», произведений Абульхасана Рудаки (858-941), Абулькасима Фирдоуси (935-1020), Абу Рейхана Бируни (973-1048), включая «Ноурузнаме» Омара Хайяма (1048-1131) и др. В указанном сочинении Омар Хайям отмечал, что «касается причины установления Науруза, то она состоит в том, что, как известно, у Солнца имеется два оборота, один из которых таков, что каждые триста шестьдесят пять дней и четверть суток оно возвращается в первые минуты созвездия Овна, в то же самое время дня, когда оно вышло, и каждый год этот период уменьшается. Когда Джамшид постиг этот день, он назвал его Наурузом и ввел в обычай праздник» [6, с. 202].

Этимология праздника Наурыз происходит из двух древнеиранских слов «ноу» – новый и «роуз» – день, а в «Авесте» последнее слово воспринимался как «свет» и «луч», а Науруз имело значение «нового света» или «нового луча». Истоки и ритуалы Наурыза, в том числе следы почитания природы, восходят к зороастрийскому Новому году, стереть и уничтожить которые ислам так и не смог на протяжении веков.

Рассматриваемый праздник весеннего равноденствия с 21 на 22 марта, символизирующий начало нового сельскохозяйственного года, сопровождался традиционными блюдами из семи компонентов, который имеет продолжение и в наши дни. Муса аль-Кисрави (IX в.) приводит сведения об угощении лепешками из семи различных семян, об украшении стола ветвями семи различных деревьев, на листьях которых писалось: «умножалось», «умножится», «умножающееся», а также об обычае обрызгивать в этот день друг друга водой [7, с. 155]. Аналогичные сведения упоминает и Омар Хаям.

Ученый-востоковед Сафар Абдулло отмечает, что число семь символизировало зароастрийских ангелов: Урдубехешт, Хурдод, Амрдод, Шахривар, Бахман, Сепандармуз и сам Ахурамазда. Поэтому именно семь блюд должны были присутствовать на праздничном столе, и именовался этот обряд Хафтсин (семь блюд) [6, с. 209].

Как было отмечено нами ранее, указанный праздник был распространен и среди тюркских народов, имевших давние социально-экономические и культурные связи с западными и восточными иранцами – таджиками. От оседлых и кочевых протоказахов (тюрков, огузов, кыпчаков и др.) он перешел и к казахам, которые не всегда придерживались точной даты его празднования, во многом определяя день весеннего равноденствия на глаз. Так, на западе Казахстана Наурыз отмечали от нескольких дней до одной недели раньше, чем на юге или в Жетысу. Поэтому казахи нередко олицетворяли этим словом весь цикл окончания зимы и наступление весны, совпадающий с григорианским мартом. Приближение весны устанавливался, во-первых, по солнцу или солнечным лучам, попадавшим в юрту через шанырак, во-вторых, по таянию снега в степи, которые предвещали празднование Наурыза или «Великий день Улуса» («Ұлыстың ұлы күні») [8, с. 48-49].

Данный праздник, отмечаемый на протяжении многих столетий казахами и другими соседними народами, находившимися в прошлом под колониальным игом царской России, был запрещен советским тоталитарным государством в 1926 году. Лишь через 62 года – в 1988 году он начал праздноваться в Алматы и в ряде регионов республики, приобретя официальный статус государственного праздника в марте 1991 года после выхода Указа Президента республики Н.А. Назарбаева «О народном празднике весны – Наурыз мейрамы». Аналогичный статус государственного праздника Науруз имеет в среднеазиатских республиках. Широко празднуется он казахскими диаспорами Китая, Монголии, Афганистана, других стран дальнего зарубежья, включая Европы и Америки.

Бесспорно, Наурыз, олицетворяющий возрождение природы, пробуждения ее ото сна, связан с рядом известных традиций и обычаев. Так, по устоявшемуся поверью в этот день народ избавлялся от зимних тягот, радовался за благополучную сохранность богатства – скота или запасов земледельческих продуктов. По народному поверью дети, появившиеся на свет в этом месяце, считались счастливыми, которые в будущем должны прожить в достатке. Поэтому если в этот день рождались мальчики, им по традиции давали имя Наурыз, Наурызбай, Наурызбек, Наурызгали, Наурызхан, а девочкам – Наурыз, Наурызгуль. Часто по традиции выбор имени ребенку, особенно первенцу – мальчику, составляет прерогативу не родителей, а представителей старшего поколения – дедушек и бабушек или близких родственников как по мужской, так и по женской линии, а последующим детям можно давать имя по собственному выбору. Если в

день весеннего равноденствия сопровождался снегом, то это считалось добрым знаком. Нередко даже девичью красоту в казахских легендах сравнивают с белым снегом Наурыза, так как в марте месяце обычно выпадает мягкий пушистый снег с отличительной белизной [9, с. 291].

По традиции накануне праздника жители из числа земледельцев или скотоводов приводили в порядок домашние дела, подготавливались к посевной компании, чистили хозяйственные постройки, подметали двор, убирали жилище – дом или юрту, так как верили в примету: «Если встретить Новый год в чистом доме, семью минуют болезни, неприятности». Это же касалось к стремлению избавиться от долгов, простить обиды, помириться с недругами, забыть все зимние тревоги и отрицательные эмоции, чтобы все негативное оставить в старом году. Праздник предшествовала традиционная встреча рассвета Кызыр Наби, ассоциирующегося с первостихией – солнцем, землей, водой и воздухом. На рассвете все население аула, включая взрослых, подростков и несовершеннолетних детей, собирались в условленном месте у родника или арыка, чтобы осуществить расчистку, которые снабжали их водой или обеспечивали влагой сельскохозяйственные угодья. Такие работы требовали взаимодействия общности и производились под руководством мираба или уважаемого аксакала. Аналогичные действия были связаны при посадке плодовых деревьев или тех, которые впоследствии могли обеспечить население строительным лесом или дровами [9, с. 292-295].

Фактор локальной сельской общности по традиции сохраняется и в наши дни. Это особенно заметно не только в дни празднования Наурыза, но и исламских праздников ораза айт и курбан айт, в период засухи при организации обряда вызывания дождя – «тасаттық», устройстве «сабантуя» или в проведении других крупных общественных мероприятий. Так, например, по нашим этносоциологическим материалам на вопрос: «Справляете ли Вы указанные праздники?» в Туркестанском районе на эти традиционные общественные и религиозные праздники утвердительно ответили соответственно 93,9–87,9–85,5% опрошенных респондентов-казахов и 77,6–83,0–82,2% узбеков. При этом в их праздновании особых различий в социально-профессиональном или половозрастном разрезе нами не зафиксировано. Они осознаются всеми респондентами не только традиционными, но и национальными. Как и в соседних республиках Средней Азии они способствуют тесному общению не только представителей своего этноса, но и других, исповедующих ислам. Это выражается в том, что эти праздники отмечаются всеми односельчанами совместно не зависимо от их этнической принадлежности, во взаимном приглашении друг друга в гости и, соответственно, в тесном общении.

Например, в дни празднования Наурыза долгом не только близкого родственника, но и каждого соседа или знакомого является отведение ритуального блюда «наурыздық», состоящего из семи мясо-молочно-растительных компонентов, которые традиционно используются в системе

питания казахского народа. Они характерны не только для всех регионов Казахстана, но и близких по этнокультурным параметрам кыргызам [10, с. 110-112; 11, 11-22-бб.; 12, с.37-39]. Отведав их, казахи надеялись питаться ими в течение целого года. Празднование Наурыза продолжалось три дня и все жители поздравляли друг друга, желая счастья и благополучия. Как правило, Наурыз начинался айтысом между девушкой и джигитом, олицетворяющим символическую борьбу зимы и весны и заканчивался народными играми, состязаниями, в которых активное участие принимали взрослые и молодежь, женщины и дети.

В целом указанный праздник проводился организованно, регламентировался обычным правом и этническими установками, закрепленными в обычаях и традициях народа.

Литература:

1. Негмати А.Н. Земледельческие календарные праздники древних таджиков и их предков. – Душанбе: Дониш, 1989. – 126 с.
2. Беназир Ш. Легенда о Наврузе / Пер. Н.В. Переяслова. – Душанбе: Ирфон, 2011. – 45 с.
3. Джикиев А. Традиционные туркменские праздники, развлечения и игры (на материале южного и Восточного Туркменистана). Под ред. Ш. Аннаклычева. – Ашхабад: Ылым, 1983. – 154 с.
4. Гусейнов Р. Азербайджанский Новруз // IRS. – 2004. – № 3. – С.13-17.
5. Набиев А. Новруз байрамы. – Баку: Язычы, 1990. – 126 с.
6. Сафар Абдулло. Появление Навруза // Магия Навруза. – Алматы, 2007. – С. 199-213.
7. Брагинский И.С. Праздник весны – Навруз и отражение в нем древнейших и общих культурных традиций народов советского востока // Магия Навруза. – Алматы, 2007. – С. 147-157.
8. Джандосова З.А. Навруз – Наурыз: общее и особенное в весеннем празднике иранцев и тюрков // Консул. – 2009. – № 1(16). – С. 46-49.
9. Тохтабаева Ш.Ж. Празднование Навруза у казахов // Магия Навруза. – Алматы, 2007. – С. 291-298.
10. Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті (тарихи-этнологиялық зерттеу). – Алматы, 2002. – 208 б.
11. Тоқтабай А.У. Наурыз // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С. Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2005. – 11-22 бб.
12. Каратаев О.К. Нооруз майрамы – кыргыз тарыхында // История, культура и традиция народов Востока. – Бишкек, 2000. – С.34-41.

Сураганова З.К.
Национальный музей Республики Казахстан
кандидат исторических наук

НАУРЫЗ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ, НАУЧНОЙ РЕФЛЕКСИЯХ И НАРОДНОЙ ПРАКТИКЕ КАЗАХСТАНА

Данные тезисы – результат обсуждений проблемы возрождения Наурыза, его переосмысления в современных условиях, состоявшихся в ходе научных семинаров, организованных сотрудниками научно-исследовательского института «Халық қазынасы» в марте 2015 и 2016 гг. на площадке Национального музея Республики Казахстан, а также полевых наблюдений, проводившихся автором на территории Северного и Центрального Казахстана с 2008-2016 гг.

Судьба Наурыза неразрывно связана с историей и культурой Казахстана. Современная праздничная культура в Казахстане несет на себе печать всех тех трансформаций, которые выпали на долю казахского народа. В 20-е гг. XX столетия, до начала конфискации, несмотря на социальные потрясения, Наурыз в казахской степи еще отмечался. Запрет 1926 года и более чем полувековое забвение, казалось навсегда, стерли в памяти народа не только саму номинацию «Наурыз» в ее праздничном контексте «*Ұлыстың Ұлы күні*», но и все связанные с ней коннотации.

Возрождение традиции празднования начала года в конце 80-х гг. прошлого столетия принадлежит казахской интеллигенции. Позднее Наурыз обрел в Республике Казахстан статус государственного праздника и отмечается у нас сегодня повсеместно.

Характер празднования Наурыз мейрамы, начиная с 1991 года, изменялся. В 1991 году тогда еще Президент Казахской Советской Социалистической Республики, подписал Указ № 285 «О народном празднике весны Наурыз мейрамы». Если в 1991 году Наурыз был определен как «*народный праздник весны*» [1], то согласно Указу Президента Республики Казахстан, имеющему силу закона от 18 октября 1995 года № 2534 «О праздничных днях в Республике Казахстан» Наурыз мейрамы был отнесен к *национальным праздникам*, а в 2001 году Наурыз был определен как *государственный праздник* [2] и *праздничный день* [3]. Согласно правовым актам Республики Казахстан государственные праздники – это «праздники, посвященные событиям, имеющим общественно-политическое значение, а также традиционно отмечаемые гражданами Республики Казахстан». Они отличаются от национальных тем, что последние устанавливались «в ознаменование событий, имеющих особое историческое значение, оказавших существенное влияние на развитие казахстанской государственности» [4].

Продолжительность празднования Наурыза определялась неодинаково. В Указе от 15 марта 1991 г. № 285 местным Советам народных

депутатов рекомендовалось «с учетом климатических условий самостоятельно определить дни проведения народного праздника весны Наурыз мейрамы». Согласно Указу, имеющему силу закона «О праздничных днях в Республике Казахстан» от 13.12.2001 г. №267 продолжительность праздника была ограничена одним днем – 22 марта. В 2009 году празднование Наурыза, в соответствии с внесенными изменениями в Закон о праздниках [5], празднование Наурыза продлевалось с 21 по 23 марта.

Интерес органов государственного управления к Наурыз мейрамы, согласно поверхностному анализу нормативно-правовых актов Республики Казахстан, сохраняет свою актуальность в культурной политике республики. Исходя из вышеприведенных данных можно утверждать, что понимание государством роли и значения Наурыз мейрамы претерпел качественные изменения, которые выражаются в определении характера праздника и его продолжительности. Анализ правовых документов, посвященных Наурызу отражает эволюцию целеполагания праздника. Так, в 1991 году постановление о праздновании Наурыза основывалось на важности утверждения общечеловеческих ценностей, укрепления дружбы, братства народов республики, возрождения глубинных народных традиций, а также достижения гармонии природы и человека, его нравственного очищения в духе подлинного гуманизма [1]. В 2001 году целью празднования Наурыза, в числе других праздников, было воспитание чувства казахстанского патриотизма [3]. Спустя девять лет, осознавая, что «праздники выступают мощным фактором идейной консолидации нации, обеспечивающим духовно-культурную идентификацию населения, социализацию подрастающего поколения, воспроизводство и передачу духовных и морально-нравственных ценностей», руководство страны обозначает следующую цель празднования Наурыз мейрамы – «укрепление мира и дружбы на земле Казахстана, охрана окружающей среды, гармоничное существование человека в природе и обществе». Идейно-художественным содержанием праздника определяются идеи дружбы и гражданского согласия, обновления и гармонии с природой, бескорыстной помощи нуждающимся, сохранения народных традиций и духовных ценностей [6]. Такое оформление в реальности воспроизводит традиционные для казахского Наурыза идеи. Ведь этот праздник традиционно у казахов олицетворял: *тепе-теңдік* – равновесие в обществе, гармония между человеком и природой, *игілік* - благотворение и *жаңару* – обновление [7]. Эти представления связаны с духовной культурой (мифология) и народными знаниями (астрономия, хозяйственная деятельность) [7].

История изучения весеннего праздника, ознаменовывавшего *жыл басы* – начало года – Наурыза у казахов ограничивается рядом научных работ. В фундаментальном труде по этнографии народов Средней Азии и Казахстана из известной серии «Народы мира. Этнографические очерки»

под общей редакций С.П. Толстого присутствует лишь упоминание о том, что у казахов отмечался Новый год – Наурыз [8, с.443]. О Наурызе в земледельческой обрядности у казахов писала известный советский и российский этнограф Д.Х. Кармышева. Наурыз и *көрісу айт*, как два разных праздника российских казахов Астраханской, Волгоградской, Саратовской областей рассматриваются в работе московских этнографов Е.И. Лариной и О.Б. Наумовой [13].

Теме Наурыза посвящены работы известных отечественных этнографов Ш.Ж.Тохтабаевой, Р.М.Мустафиной, З.А.Джандосовой, Т.М.Өмірзақова и О.Е.Ислямова. Отечественный ученый, этнограф Р.М.Мустафина рассматривает этот праздник в третьей главе «Доисламские представления у казахов Южного Казахстана» своей монографии «Представления, культы, обряды у казахов» и относит Наурыз к земледельческим календарным праздникам [9, с.116]. Ею зафиксирована в Южном Казахстане удивительная легенда о происхождении Наурыза [9, с.118]. Она также отмечает разные номинации главного угощения *Наурыз-көже, жыл-көже, наурыздық, уыз-көже* [9, с.117]. На общем и особенном в праздновании Наурыза у тюрков и иранцев останавливается З.А.Джандосова [10]. Этнокультурные особенности празднования Наурыза у казахов рассмотрены в работе Ш.Ж. Тохтабаевой [11]. обстоятельная статья Т. М. Өмірзақова и О. Е. Ислямова воспроизводит обрядовую культуру Наурыза в детальном описании [14].

Традиционному казахскому празднованию начала года посвятил ряд интересных работ журналист и культуролог С. Ергали [12].

Немногим более шестидесяти лет прошли между запретом и возрождением традиции праздновать Наурыз. Возрождение праздника в 1988-89 гг., помнится, у наших современников, вызывало недоумение, как можно было предать забвению праздник, который объявили, тогда как дату, символизировавшую традиционное для казахов начало года. Как, призналась одна информатор: «Не до праздника нашим родителям и нам было. Сначала был голод, потом война...» [7]. Не удивительно, что многие, родившиеся после 1928 г. не помнят о нем и вспоминают лишь как о домашнем празднике, реже о том, как отмечался он в далеких аулах. Зачастую воспоминания информаторов о Наурызе связаны с рассказами предшествующих им поколений. Полевые исследования, многочисленные интервью с информаторами, наблюдения показали, что, на самом деле, память о празднике сохранилась. Масштабы и формы его празднования в связи запретом свелись к приватному домашнему, реже аульному пространству. Древнейшая традиция сохранялась старшим поколением, как память и как форма выражения солидарности и идентичности. Традиция не только пережила время забвения, но сохранила в памяти людей самые важные свои элементы.

В 1988 г. Наурыз отмечается в г. Алма-Ате, а уже на следующий, 1989 г. этот праздник праздновали во всех областных центрах Казахстана.

В Целинограде праздник готовился под руководством областного управления культуры. Сценарий, согласно воспоминаниям его участников, включал айтыс и театрализованное представление, в котором два персонажа – *Қызыр ата* и *Аяз ата* ввели публику в заблуждение. Мало, кто из присутствовавших на празднике знали о первом персонаже и все воспринимали обоих за *Аяз ата*. Айтыс проводился среди молодых исполнителей, о его гендерной, традиционной для Наурыза окраске, не все присутствовавшие на празднике знали [7].

Наступление весны пастухи и табунщики еще могут определять по движению созвездия *Үркеp* – Плеяд. Остались в памяти народа ритуалы кормления Солнца – небесного Огня, символика песенного состязания с мантическим контекстом и главные персонажи праздника *Қызыр ата*, *Үт-бикеш* и *Қамыркемпір (Қалтырауық)* или *Үт-бикеш* и *Әзмырза*. Не были преданы забвению и гастрономические особенности праздничной трапезы: *белкөтерер*, *ұйқы ашар*, *наурыз-көже*.

Хронология праздника и характер участников празднования Наурыза в Казахстане и сопредельных, населенных казахами территориях свидетельствует о стремлении сохранить структуру традиционного Наурыза. Так, в Западном Казахстане и сопредельными с ним территориях Российской Федерации, населенных казахским населением набирает обороты ревитализация традиции *Амал – Көрісу* – преддверие Наурыза [13]. Традиционными на праздновании Наурыза можно признать ритуальные кормления Солнца, очищения Огнем, осыпание *шашу*, устройство качелей – *алтыбақан* и угощений. Наряду с этим, сегодня в программу праздника включают не свойственные для этого праздника мероприятия – соревнование охотников с ловчими птицами, игры – *көкпар*, *қыз қуу* и т.д.

Казахи сопредельной с Казахстаном территории России считают празднование Наурыза, несмотря на то, что он зачастую выпадает на рабочие дни, важным для себя. Такая устойчивость традиции, в основном, наблюдалась в регионах, где казахское население не только доминировало в количественном отношении, но и вело образ жизни, близкий к традиционному, связанному с сезонным кочеванием (Горный Алтай, степной пояс – Сары Арка, граничащий с территориями полупустынь и пустынь – Бетпак дала, Устюрт). Экономический уклад жизни в этих регионах имел здоровую рефлексию, которая всячески сопротивлялась плановым мероприятиям советской хозяйственной системы и жесткой привязке к европейскому календарю. Весна и, соответственно начало года, на указанной территории определялись по традиционным признакам, которые были сформулированы во времена оные.

Осмысление значимости Наурыза связано как с эндогенными процессами в республике – с возрождением степных эталонных элементов культуры, так и экзогенными факторами. В 2009 г. Наурыз был включен ЮНЕСКО в Список нематериального культурного наследия человечества. Новруз, Науроуз, Нооруз, Навруз, Nauroz или Nevruz отмечают, в основном,

в день весеннего равноденствия (20-21 марта) на обширной географической территории, охватывающей страны Западной, Центральной и Южной Азии, Кавказа, Балкан, в Причерноморье, а также за их пределами. В целом Наурыз встречаются около 300 млн. человек по всему миру.

Таким образом, мы становимся очевидцами того, как феномен Наурыза, сохранив свой потенциал, благодаря «уполномоченным знания» - простым жителям казахского аула, национальной интеллигенции возрождается в Казахстане. Явление, признанное во многих странах праздником, несущим свет, добро и единство, облеченное статусом Всемирного нематериального культурного наследия продолжает свою историю, побуждая нас сберечь и донести знание о нем будущим поколениям.

Использованные источники и литература:

1. Указ Президента Казахской Советской Социалистической Республики, «О народном празднике весны Наурыз мейрамы» от 15 марта 1991 г. № 285.

2. Постановление Правительства Республики Казахстан «О проекте Закона Республики Казахстан “О праздниках в Республике Казахстан”» от 28.11.2001 № 1530.

3. Указ Президента Республики Казахстан «О праздничных днях в Республике Казахстан» от 18.10.1995 г. № 2534 – утратил силу.

4. Закон Республики Казахстан «О праздниках в Республике Казахстан» от 13.12.2001. № 267.

5. Постановление Правительства Республики Казахстан «О проекте Закона Республики Казахстан “О внесении изменения в Закон Республики Казахстан “О праздниках в Республике Казахстан”» от 28.01.2009 г. № 71

6. Рекомендации по подготовке и проведению праздников в Республике Казахстан, одобренные приказом Руководителя Администрации Президента Республики Казахстан от 17.02.2019 г. № 01-39.10.

7. ПМА. Полевые материалы автора 2008-2009, 2014 гг. (Акмолинская, Карагандинская области).

8. Народы Средней Азии и Казахстана / Под общ. ред. С.П.Толстого М.: АН СССР. Т. 2, 1963. – 779 с.

9. Мустафина Представления, культы, обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX вв.). Алма-Ата, 1992. – 176 с.

10. Джандосова З.А. Истина Наурыза: общее и особенное в календарном весеннем празднике иранцев и тюрков // Магия Наурыза. Изд. 1-ое. Алматы, 2007. – С.265- 284.

11. Тохтабаева Ш.Ж. Празднование Наурыза у казахов // Магия Наурыза. Изд. 1-ое. Алматы, 2007. – С.291- 298.

12. ЕрғалиСерік. Наурыз туралы түркілік дәйектер // <http://www.qazaq.kz/?p=3141>. 20.03. 2012, Ерғали Серік. Наурыздық ғұрыптар // <http://www.qazaq.kz/?p=3155>. 20.03. 2012, Ерғали Серік. Ысыах – Новый год народа Саха// <http://turkacadem.kz/ru/vp.php?idd=155>

13. Ларина Е.И., Наумова О.Б. Наурыз и курсат: два казахских праздника с разной судьбой // Вестник антропологии, 2014. № 1 (27). – С. 84-92.

14. Өмірзақов Т.М., Ислямов О.Е. Наурыз // Обычаи и обряды казахов прошлом и настоящем. Сб. ст. Алматы: НИЦ «Ғылым», 2001. – С.15-28.

Ш. Қ. Құрманбаева

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

педагогика ғылымдарының докторы

қазақ тілі білімі кафедрасының профессоры

НАУРЫЗ – АДАМЗАТ, ТІРШЛІК, ІЗГІЛІК, ТАТУЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Біреп күннен кейін жыл басы – өз Наурыз мерекесі келеді. «Самарқанның көк тасы еритін күн» атанған Ұлыстың Ұлы күні наурыздың тарихи маңызы, тағылымдық мәні ерекше.

Наурыз - дүние жүзінің көптеген елдерінде өте ертеден тойланып келе жатқан көне мейрам. Ол көктем мерекесі ретінде Балқан түбегінде, Қара теңізаымағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста бес мың жылдан бері тойланып келеді. Бұл мейрамды ежелгі гректер “патрих”, бирмалықтар “су мейрамы”, тәжіктер “гүл гардон”, “бәйшешек”, “гүлнаурыз”, хорезмдіктер “наусарджи”, татарлар “нардуган”, буряттар “сагаан сара”, соғдылықтар “наусарыз”, армяндар “навасарди”, чуваштар “норис ояхе” деп түрліше атаған. Әбу Райхан Бируни, Омар Һайям, т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол.

Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда – 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі.

Еуропалықтар да ертеде жаңа жылды наурыз айында атағаны белгілі. Март – күнтізбедегі бірінші ай болған. Октябрь - күнтізбедегі сегізінші ай болған, латын тілінен аударғанда, “ochto” = acht (сегіз) мағынасын берген. november - тоғызыншы ай, латынша “novem” = neun (тоғыз) сөзінен шыққан. Dezember “decem” = zehn (он) деген мағынаны берген латын сөзінен жасалған. Сәйкесінше, қаңтар (январь) 11-ай, ақпан (февраль) 12 ай болған.

XVIII ғасырға дейін Ресейде де жаңа жыл қазіргідей қаңтар айынан емес, 1492 жылға дейін наурыз айынан, одан кейін қыркүйектен басталған.

Жапонияда көктемгі күн мен түннің теңелуін Сямбун но хи деген ерекше мейрам түрін де атап өтеді. Жыл басын күн мен түннің теңелген уақытында тойлау қазіргі Индияда да сақталған.

Наурыз мейрамының осындай әлемдік маңызын ескере отырып, 2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымы 21 наурызды "Халықаралық Наурыз күні" деп атаса, 2009 жылы UNESCO адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгізген.

Наурыз – тіршілік мейрамы

Наурыздың қадым заманнан келе жатқан халықтық мейрам екенін ұлы Абай: «Біреп сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың сонау «хибаги», «хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып: «Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен» деп жазады.

Наурыз сөзі көне парсы тілінде «нава» – жаңа, «рэзаңһ» - күн, қазіргі парсы тілінде «но» - жаңа, «роуз» - күн, яғни «жаңа күн» мағынасын білдіреді. Наурыз мейрамы күн мен түннің теңелуіне негізделген, яғни қыстан кейін көктемнің келуі, табиғаттың тірілумен, келесі жылдың қамын жасап, егін егу науқанының басталуымен байланысты мейрам болған.

Бұл күн - астрономиялық күштердің теңдесіп, күн шапағының молая түсетін сәті, аспан денелерінің таразы басының тең түсуінен әлемде ризық сезім артып, табиғат пен әлеуметтік қоғам арасындағы үйлесімді қарым-қатынас орнайтын кезең.

Наурызда күн мен түн теңеледі, жұлдыздар теңеседі, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары бір түзудің бойында тізіле орналасады. Халық осы жұлдыздардың теңесуінен күн мен түннің теңелуін байқаған, жаздың шығуына неше күн қалғанын есептеп білген, жер бетінің жылып, көктің қаулап шығуын жасарудың, жаңғырудың белгісіндей көрген.

Алайда Күн мен Түннің наурыз айындағы жазғытұрымғы теңелуі бар да, қыркүйектің 22-24-і аралығындағы күзгі теңелуі де бар екенін ескеру керек. Көптеген халықтардың, оның ішінде қазақ халқының да табиғаттың солып, сарғайып, қуарып бара жатқан кезіндегі күзгі теңелуіне емес, көктемгі теңелуін жыл басы санауы табиғаттағы тіршіліктің жаңаруы мен жасаруы, өсіп-өнуі, өркен жаюымен байланысты болды.

Елжіреген Күн сәулесінің нұрынан «бауыры жібіген науат қар бабымен ғана еріген» кез, мұз бен қардың құрсауынан арылып, бусанған Жер дүние тіршілік нұрына бөленген шақ. Күннің қызуы өтіп бара жатқан шақта Көк жүзін сары бауыр, қара барқын бұлт басып, алғашқы найзағай ойнап, күн күркіреп жаңбыр жауады. Сусаған, кеберсіген жер дүние шөлін басып, жер беті одан сайын түрлене түседі. Бұл жөнінде «Қазақ» газетінің 1913 жылғы бір санында: Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де

қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлығы бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерістерінің кезеңінде біздің Жаңа жылымыз Наурыз туады», - деп жазылады.

Сондықтан да қыстан аман-есен шыққан табиғаттың тіршілігін жалғастырып, өркен жаю құбылысын қоғаммен байланыстыру - «Наурыздың» халықтық тұжырымдамасының өзекті идеясы. Бұл, сайып келгенде, адамзаттың, қоғамның, өмірдің, тіршіліктің өсу, өркендеу идеясымен үндес заңдылықтар.

Бабаларымыз бұл күні мал-жанының амандығы үшін табиғат анаға тағзым еткен. Осындай табиғат заңдылықтарымен, өмірдің өзімен тікелей байланысты болғандықтан, соған сәйкес халықтың тарихи жадында өзіндік орны болғандықтан, Наурыз өміршең болды. Кеңес билігі кезінде, нақтырақ айтқанда, 1926-1988 жылдар аралығында “діни мейрам”, “ескілік сарқыншағы” деп тоқтатылған Наурыз мейрамы халықтың этномәдени санасында ұмытылмады.

Наурыз – ізгілік мейрамы

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халқымыз «Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, егілген талдың жемісі таусылмайды, айтылған тілек орындалады, қалай қарсы алсаң, солай жыл өтеді» деп иланған. Наурыз мейрамында халықтың қауымдасып, бұлақтың көзін ашуы, ағаш егуі, арық тазалауы, «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деп, тоған бойына, бұлақ басына ағаш егуі, көпір салуы, бұзылған көпірді, жолды жөндеуі – ізгілікке үндеу идеясының көріністері.

Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Адамдарға, жалпы тіршілік атаулыға құт-береке дарытатын Қыдыр Атаның ақ құйған, дән толтырылған ыдысқа назары түссе, мал төлді болып, егін жақсы шығады деген түсінігінен тоқшылық, молшылықты көксеу идеясын аңғаруға болады.

Адамдар жаңа киімдерін киіп, көрші-қолаң, ағайын-туысты жаңа жылмен құттықтайды. Ұлыстың күні құтты болсын деп, бір-біріне түзу тілек, ақ ниетін білдіреді. Жасыңа жас қосылды, жасың құтты болсын деген тілек айтады. Ер-азаматтар қос қолдасып амандасып, төс қағыстырса, әйелдер жағы құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. «Таспен атқанды аспен ат» деген данышпан халқымыз арнайы даярланған дастарқаннан дәм ауыз тиюге, бірін-бірі жеті дәмнен әзірленген наурыз көже ішуге шақырады.

Қазан толы наурыз көже тоқшылық мәнін ғана беріп қоймайды, елдің татулығы мен бірлігін білдіретін ұлттық танымға да сай келеді. Өйткені бір қазаннан дәм татқан жандар «дәм-тұзы жарасып», культтік сенім бойынша бір-біріне деген өкпе-ренішін кешеді, бір-біріне жамандық ойламайды. Осылайша ел арасына түскен кикілжің кешіріліп, ежелгі бауырлас жұрт дастарқан басында табысқан, қоғамдық дипломатия салтанат құрған.

Бұл күні алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тартыспақ, тең көтеру, т.б. дәстүрлі ұлттық

ойындар ойналады. Мереке жастардың ән-биімен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күреспен, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамашамен аяқталады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Ұлтымыз аспаннан күннің нұры жауған наурыз күні бір-біріне ізгі тілектерін жаудырған. Ата дәстүр бойынша, осы күні «ақ көп болсын, арпа-бидай мол болсын, жаңбырлы-жауын берекелі болсын, айдан аман, жылдан есен өтейік, ақсақалдан бата алып, көктемде көктей берейік» деген ниетпен тек жақсы тілектер айтылып, асыл сөзді аталар мен ақ жаулықты аналар, көпті көрген даналар батасын берген.

Наурыз – татулық мейрамы

Наурыз – ұлт пен ұлысты біріктіретін, ағайын-туысты жақындастыратын ынтымақ-береке бастауы, достық, ізгілік, туыстық, бауырмалдық сынды адам бойындағы ең ізгі қасиеттер көзін ашатын күн нұрындай жылы мереке.

Наурыз мерекесі - халқымыздың бірлігі мен татулығының символы. Бірлік, бауырластық, толеранттылық және тұрақтылықтың нышанындай бұл халықтың ұлы мерекесі – басты құндылығымыз.

Бүгінде бұл мереке қазақ даласында кеңінен тойланып келеді. Ана сүтімен, салт-дәстүрімізбен бойға сіңген салтанатқа толы сұлу мереке Өз Наурыздың тәуелсіз Қазақстанның болашағы – жастардың таным деңгейін кеңейтудегі, оларға патриоттық тәрбие берудегі мәні ерекше. Бүгінгі Қазақстан қоғамында Наурызды тек салт-дәстүрді еске түсіру мақсатындағы шаралар «жиынтығы» түрінде тойлау емес, қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды реттеушілік мәнге ие мейрам ретінде мерекелеудің халықтық тұжырымдамасы қалыптасып келеді.

Қымбат құндылықтарымыздың бастысы, татулық символы Наурыз мерекесінің шынайы маңызын түсінген кезде қазақ жерінде тұратын барлық этнос өкілдерінің бойындағы өзара түсіністік пен төзімділік, отаншылдық пен ел тағдыры үшін азаматтық жауапкершілік арта түсетіні анық.

«Бірлік бар жерде – тірлік бар» дейді дана халқымыз. Көпұлтты халқымыздың ынтымақтастығы, бірлігі - мемлекетіміздің басты жетістігі, байлығы. Ал Наурыз сынды төл мерекеміз бірліктің бастауы – Мәңгілік ел төрінде барлық қоғамды, барлық этносты біріктіреді.

Н.Е. Сайлаубаева*Л.Н. Гумилев атындағы**Еуразия Ұлттық университеті**Еуразиялық зерттеулер кафедрасы**т.ғ.к., доцент*

КӨНЕ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз бүкіл ұлтқа ортақ ұлы мейрам. Наурыз мейрамының тарихи маңызы зор, тарихы тереңде. Наурыз шығыс халқының ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша 22-ші наурыз күн мен түннің теңесуі екен. Көне парсы тілінде «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған яғни «жаңа жылды» білдіреді. Шығыс елдерінен бұл мерекені Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан ерте кезден өткізеді. Наурыз мейрамы табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде «нау» - «жаңа», «руз» - «күн» деген ұғымдарды білдіреді. Қазақстанда Наурыз мейрамы 22-ші наурызда аталып өтіледі. Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланатыны белгілі. Ол Иранда 21 наурызда болса, ал Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда 22-ші наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21-ші наурыз күні аталып өтіледі.

Көне наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында ерте замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Ұлы ғұламаларымыз Әбу Райхан Бируни, Омар Хайям, Махмұд Қашқари еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер бар. Ал, қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев, алаш қайраткерлері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллиндер Наурыз туралы туындыларын қалдырған. Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлы өзі өмір сүрген ортаның қоғамдық-саяси және әлеуметтік сыр-сипаттарын керебілуде, қоғам мен адам табиғатындағы кемшіліктерді зерделеуде, туған халқына түзу жол көрсетуде көптеген өлеңдер қалдырды. Солардың бірінде:

Ұлыстың ұлы күнінде,
Бай шығады балбырап.
Қасында жас жеткіншек,
Тұлымшағы салбырап.

Келіншек шығар керіліп,
Сәукелесі саудырап.
Қыз шығады қылмиып,
Екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап,
Ақбөкендей сырқырап.
Құл құтылар құрықтан,
Күн құтылар сырықтан.
Кетік ыдыс, шөміштің,
Түтіні шығар бұрқырап – деп наурыз мейрамының мән-мағынасын,
кадір-қасиетін әспеттейді [1].

Парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжайды, жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады, ескі киімдерін тастайды, ескірген шыны аяқты сындырады, бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою «күн символын» салады, үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі, түрлі жарыстар ұйымдастырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыстың ұлы күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыстың ұлы күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Сол күні халық жақсылыққа балап таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырса, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілек-ниеттерін білдіреді. Осындай ұлы мерекенің нышанын арнайы дайындалған наурыз көже аша түседі. Сөйтіп бірін-бірі наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі қыс тағамымен, яғни етпен қоштасқанды білдірсе, құрамына сүт, айран сынды ақтың қосылуы жаз тағамымен қауышуды танытады. Дәл осы күні адамдар арам пиғылдан арылып, бір-біріне ізгі ниеттерін көрсетеді. Ауылдың белді ақсақалдары араздасқан ағайын-тума, жекжат, дос-жарандарды бір дастарқан басында бас қостырып, татуластырған. Сондықтан болар «Бүгінгі күні Самарқанның көк тасы да жібіпті» деп айтылғандай ұлыстың ұлы күні наурызда халықтың пейілі кеңіп, көңілі жібіген [2]. Ұлыстың ұлы күні ән айтылып, күй тартылып, көңілді серпілтетін тағлымы тар ұлттық ойындар ұйымдастырылған. Ежелден келе жатқан халқымыздың көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, «айқыш-ұйқыш», «ақ серек пен көк серек», «алқа қотан» сияқты ұлттық ойындары дәріптеліп, паш етілген. Бұдан әрі ойын-сауық қазақша күрес, ат жарысымен жалғасын тауып, алтыбақан басында тәмамдалған.

Түзу ниет-тілегімен жақсылықты күткен жұрт таң ата биік төбенің басына шығып, шапағатын шашқан атқан таңды қарсы алған. Тіршілік көзі суды қастерлеген қазақ халқы наурыз мейрамында ел болып арықтарды тазартып, суды жіберген. Көкті киелі санаған ел-жұрт ағаш отырғызған. Наурыз мейрамының рухани бейнесі Қыдыр ата болып табылатына барша

жұрт тәнтi. Сондықтан 21- шi наурыздан асып 22-шi наурызға қараған түнi бүкiл халық оның келуiн тағатсыздана күтедi. Қыдыр ата бүкiл халықтың қамқоршысы, жақсылық әкелушi, отбасына ырыс, құт, несiбе, бақыт, береке, жақыс өмiр сыйлаушы қасиет иесi ретiнде ел есiнде мәнгi жаңғырмақ. Тiршiлiк көзi суды қастерлеген қазақ халқы наурыз мейрамында ел болып арықтарды тазартып, су жiберген. Көктi киелi санаған ел-жұрт ағаш отырғызған. Ондағы халықтың пейiлi Қыдыр ата бата бередi сенiмi едi. Қай заманда болмасын ақ бата қастерлi саналған. Наурыз мейрамында ауыл ақсақалдары ақ батасын аямаған. Қазақ халқында батаның түрлерi көп болған. Ұлыстың ұлы күнi Наурыз мейрамында «Ұлысың оң болсын, Ақ мол болсын, Қайда барсаң да жол болсын! Ұлыс береке берсiн, Бәле-жала жерге енсiн!»[3] - деп бата берiледi.

Кеңестiк дәуiрдiң солақай саясаты салдарынан 1926 жылдан бастап наурыз мейрамы дiни мереке ретiнде танылып атап өтуге тиым салынды. Қазақ халқының басынан өткерген ашаршылық жылдары, Ұлы Отан соғысы, ұлт зиялыларын қуғындау мен ұлт құндылықтарын бұғау негiзiнде халқымыздың көнеден келе жатқан салт-дәстүрлерi мен әдет-ғұрпын тұншықтыруға тырысты. Сондықтан ұзақ жылдар бойы бұл мейрам мемлекеттiк деңгейде тойланып, аталып өтiлмедi. Дегенмен, ел iшiнде көптi көрген көнекөз қарияларымыз мекен еткен жерлерде наурыздың нышаны «наурыз көженi» әзiрлеп, отбасылық мереке ретiнде атап өтуге мәжбүр болды.

Болашақ ұрпаққа тағылым берген бағзы заманнан бiткен берекелi мейрамымызға байланысты кеңес үкiметi жылдары сыңаржақты пiкiрлер қалыптасып, терiске шығарылды. Бұл ұлттық мейрамымыз кеңес үкiметi жылдарында «ескiлiк сарқыншағы» деп танылып, наурыз мейрамын тойлау тоқтатылды. Алайда ұлттығымызды ұлықтайтын ұлы мейрамымыз кеңес үкiметi тарапынан қанша қыспаққа түссе де араға жылдар салып қайта жаңғырды. Осылайша XX ғасырдың соңғы ширегiнде, дәл айтсақ 1988 жылдан бастап елiмiздiң бас қаласы болған Алматыда және елiмiздiң басқада аймақтарында наурыз мейрамы тойлана бастады. Сөйтiп өшкенiмiз жанып, өткенiмiз тiрiлгендей болды. Қазақ елiнiң сахарасында ұлттық мейрамымыз Наурыз мерекесi жанданып, жаңғырды. Елiмiз Тәуелсiздiк алған 1991 жылдан бастап Наурыз мемлекеттiк деңгейде барлық қалаларда, облыс, аудан орталықтарында, ауылдарда бүкiлхалықтық мереке ретiнде тойланып келе жатыр. Наурыз мерекесi үш күн тойлантынын халқымыз аса қуанышпен қарсы алды. Қазақстан Республикасының Президентi - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2008 жылы Наурыз мейрамын жаңа тұрғыда мерекелеу қажет екенiн айтқан болатын. Мемлекет басшысының осы бастамасына байланысты Парламентке заң жобасы келiп түстi. 2009 жылы 4 наурыз күнi Мәжiлiс «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» қолданыстағы заңға өзгерiс енгiзудi көздейтiн заң жобасын мақұлдады. Кейiн Сенат қарап, қабылданған заңға Қазақстан Президентi қол қойды. Сол

заңға сәйкес мемлекеттік мереке Наурыз мейрамы бір күннің орнына үш күн бойы, яғни, 21-22-23 наурыз күндері мерекеленетін болды.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп тараған. Бұл турасында Алаш партиясының баспа органы болған «Қазақ» газетінде төл мерекеміз туралы бірқатар материалдар жарияланғанын басылым беттеріндегі мақалалар айғақтайды.

«Қазақ» газетінің 1913 жылғы 9-шы наурызында шыққан №15-ші санында былай делініпті: «Наурыз-қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда мейрам қылып, бас асып, қазан-қазан көже ішіп ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында әр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілер тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгісі күнде жаңа жыл туады, ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «іс жаңа жыл қайырлы болсын, жаңа бақыт кәсіп болсын» -деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді. Рустың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді, біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерістерінің кезеңінде біздің Жаңа жылымыз Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай, белгілі бір күнді басы қылып алсақ ұнамды іс болар еді. Осы туралы білетін адамдар «Қазаққа» жазса екен, біздің Жаңа жыл -Наурыз анық жылдың қай айында һәм қай күнінде басталады. Біз оқушыларымызды Жаңа жылмен құттықтауға Наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық, ғафу өтінеміз» [4].

2010 жылдың 10-шы мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21-ші наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын» мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30-шы қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді. Наурыз мейрамын Батыс қазақтары 14 наурыздан бастап тойлайды. Негізінен көне мереке 13 күн бойы тойланған екен. Наурыз мерекесі 1991 жылы, 15-ші наурызда Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Елбасы наурыз айының 22-ші жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24-ші сәуірінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23-ші күндеріне «Наурыз мейрамы» деген атақ берді.

Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N267-ІІ Заңының 3-ші бабында Мемлекеттік мерекелер қатарында 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы аталып көрсетілген [5].

Қазақтың төл тума мейрамы-Наурыздың бүгінгі ұрпаққа берер тағылымы мол. Өйткені, келешек жастарды ұлтжандылыққа, дәстүрлерді қастерлей білуге тәрбиелей отырып, өнерге баулиды. Тәуелсіздігімізбен бірге біте қайнасып біздің мемлекетімізде төл мейрамымыз 21-22-23-ші Наурыз күндерінде еліміздің бүкіл аумағында тойланып келе жатыр. Ендеше, мемлекеттік мейрамымыз Наурыз халқымызға, әр отбасына толағай табыстармен, жақсылықтар әкелсін!

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдер мен поэмалар./Құраст. М.Мағауин.-Алматы. Жалын. 1988. 256 б.
2. Қазақ энциклопедиясы. 7 том
3. Қазақ батасының қадір-қасиеті. Muftiyat.kz. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ресми сайты.
4. Субханбердина Ү. Қазақ. Алаш. Сарыарқа: мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш/Ү. Субханбердина. – Алматы: Ғылым, 1993.
5. Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы. Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы N 267-ІІ Заңы.3-бап.

Б. ЖҮСПОВ

*фольклортанушы
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент*

БАЛПАҚ ІННЕН ШЫҚҚАН КҮН

Біріккен Ұлттар Ұйымының бас ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» деп бекітіп, ЮНЕСКО адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне енгізген ұлық мерекеміз туралы ғылыми тұжырымдар мен байыпты болжамдар жеткілікті. Осы күнді ойын-сауықпен атап өтетін халықтардың баспасөз беттерінде айтылып жататын жекелеген пікірлерден тіпті аяқ алып жүргісіз. Өкініштісі, осы пайым пардасынан іріктелген толымды толғамдарды қорытып, түпкілікті байлам жасаған жүйелі еңбек жоқ десе

болады. Сол үшін де бүгінде елдің танымын екіұдай ой кеулей бастағаны жасырын емес. Өйткені шын мәнінде бұл қандай мереке және жыл басы наурыз айының нақты қай жұлдызында басталып, қанша күн тойлануға тиіс деген сұрақтар күні бүгінге дейін басы ашық мәселе күйінде қалып отыр.

Кейінгі кезде Наурыз діни мереке ретінде топшылана бастаған болса, этнограф ғалымдар мұны әрісі жалпы Шығыс халықтарының, берісі түркі тайпаларының мүшел есебі бойынша жыл басы екенін айтудан танған емес. Аталмыш халықтық мерекенің қазақ топырағында жаппай атап өтілуіне 1926 жылдан кейін тыйым салынуы да оның бірыңғай діни реңк алып, әуелгі мағынасы алашұбарлана бастағандығынан болатын.

Жалпы, Наурыз табиғатпен егіз өрім ілкі тегін ұмытпаған халықтардың ортақ мерекесі екені даусыз. Өйткені оны бір заманда Еуропа, Иран, Үндістан, Алдыңғы және Орталық Азия, Кавказ, Оңтүстік пен Солтүстік Америка мен Африканың үндіеуропа тілдері тобындағы халықтар, әртүрлі мәдениет ұстанып, сан алуан күштерге табынған римдіктер, яхудей дініндегілер мен ежелгі орыстар өздерінің ұлттық болмысындағы ерекшеліктерге бейімдеп, түрліше тойлағаны мәлім. Америка континетін жайлаған халықтар мен еуропалықтар да Иусус Христос туған қаңтар айын жаңа жыл есебінде кейін атап өте бастаса керек. Ал Орта Азия, Парсы, Шығыс халықтары мен түркінің заңды жұрағаты – қазақтар үшін де бұл табиғаттың қайта түлеу мерекесі – жыл басы.

Мен айтарлықтай бір үлкен жаңалық ашқалы отырған жоқпын. Алайда халықтың сұрсанасы мен тұрмыс-салтымызда өзіндік орны болған, кейін келе мән-мағынасы күреңітіп, ұмытыла бастаған Наурызға қатысты бір табиғи жайтты уақыт өрнегі тотықтыра бастаған жадымызда қайта жаңғыртып өткім келеді.

Сонымен қазір көпшілігіміз жыл басы 21–22 наурыз деген ұғымға ден қойып, дағды алдыра бастағанымыз жасырын емес. Алайда біз оның астарлы мағынасына жіті мән беріп жүрміз бе? Олай болса жыл басы наурыз айының нақты қай жұлдызында басталады? Бұған орай байырғы болжамдар мен дала қазағының табиғатты жіті бақылаған білігінен кімнің не білгені бар? Әлде «көп айтса көндінің» керімен бұдан былай да ескі сұрлеу ізімен жүре береміз бе?

Наурыз айының нәті білінгеннен бастап тіршіліктегі табиғи бастауларды ұлықтау мәдениеті мен кейінгі көзқарастардың итжығыс күресінің халық сансындағы жемісті-жеміссіз жолдарына қоса тым қарабайыр түсініктер жауыннан кейінгі құрқұлақтай қаптайды. Сонда парсы жұрты «новруз», яғни «жаңа күн» атандырғанға дейін біздің қазақ күн мен түннің теңесуіне қатысты Шығыс күнтізбесімен егіз төл ұғымдарды білмеген болып шыға ма?

Бес мүшелді, соған сай он екі жылда ауысып отыратын бес түсті (ақ, сары, көк, қызыл, қара), яғни алпыс бір белесті «бір жас» дейтін байырғы қазақ өзінің жыл қайыру дәстүрін тым ерте дәуірлерден бастайды. Белгілі этнограф ғалымдар, марқұм Ерік Көкеев пен Таласбек Әсемқұловтар айтып,

жазып қалдырған дәлелді деректерде осы алпыс бір жылдық тармақ дала мәдениетінде он алты мың рет қайталаныпты. Аталған бес мүшел арасындағы қара түс қай жасқа (13, 25, 37, 49, 61) тура келсе, сол белес иесі үшін өте қауіпті деген сенімде болған бабаларымыздың алпысқа толмай өлген кісіні «екі жастың біріне келмей өлді» дейтіні де сондықтан. Осы өлшемді ұлы тарихқа, яғни он алты мың жыл мерзімге шаққан әрбір адам біздің бәсімізді өзге халықтар үрдісімен қатар қойып салмақтағанда, қазақ салт-дәстүрлерін тым кенже дамыған немесе өзгелерден еншіленген көшірме деп те айтуға ауыздары бармас еді.

Кейінгі кезде халық арасында белгілі бір дәстүрді талдап, түсінуге қатысты шиеленісті түсініктер салдарынан жыл басы Наурызға байланысты қазақы ұғымдардың дені кірме екендігі жиі айтылып қалып жүр. Қазақтағы Көрісу дәстүрінің тұжырымдамасын өзінше анықтап «*Амал мерекесінің тамыры моңғол мен тува халықтарында жатыр*» деп топшылайтын орыс ғалымы Андрей Астафьевтің пікірі біз үшін сонша маңызды ма? Сонда біздің бабаларымыз наурыз айының бірінші жұлдызын Амал (Хамал – парсы тілінде Тоқты-Зодиак шоқжұлдызы, 21 наурыз бен 20 сәуірдің аралығы) атандырып, көктем келгенде «Амал келді, Амал кірді» деп, жаңа күн кіргенде бір-бірімен көрісу рәсімін жасайтын қазақ осы дәстүрді моңғол мен тывадан алды деген осындай долбар тұжырымға иланып, көзсіз көбелектей көне беруге бола ма?

Мысалы, парсы тілді халықтар Наурыз мерекесін тойлағанда әр жерден лаулатып от жағып, оған май құяды. Дәл осындай рәсімді біздің бабаларымыз да жасаған және мұндай ырымдар қазақ тұрмысынан күні бүгінге дейін қалмай, ілесіп келе жатыр. Олай болса енді осыны да қазақ атам парсылардан алған деуіміз керек пе?

Ауылдық жерлерде шаңыраққа жас келін түскенде от-Ана құрметі үшін отқа құйрық май салып, жер-ошаққа сәлем салдыру рәсімі әлі де бар екенін көзіміз көріп жүр. Ал енді осы қандай салт, нендей күшке ие рәсім? Сөз жоқ, бұл байырғы бабаларымыздың ежелгі қоңсыластары үнді-иран жұртымен қатар қасиет тұтқан жоралғылар. Зороастризм сенімінде болған дәуірде Ахура Маздаға табынған көне грек жұрты кәдуілгі отты үш түрге бөлетін. Олар – ошақ, от және күл. Бір ғажабы олар осы үш асылды ой мен сөздің, әрі әрекеттің бірлігі деп білген. Демек, ойы бұзық кісінің сөзі де бұзылады, ал сөз бұзылған жерде әрекет те соған сай сиыр құйымшақтана бермек. Осы үштік (ежелгі орыстар үш деген санға мән беріп, жыл басы мерекесінде дастарханға үш бас сарымсақ қояды) негізге құрылған қарапайым пәлсапаны жатсынбай қабылдап, ошағына тер төккен бұрынғылар қыздарына Күлбаршын, Күлбарам, Күлайым, Күлжамал, Күланда, Күлпаш, Күлбала деп ат қоятын. Соның бәрін ирандық «гүл» түбірге айналдырып алып жүрген де өзіміз, өзге ешкім емес.

Бір-біріне «Шырағың сөнбесін!» деп тілейтін біздің жұрттың Наурыз келген түні «Қызыр Бабаға» деп әр шаңырақта қос шырақ жағып қоятын рәсімі де ескіден келе жатқан наным-сенімдерінің жұқанағы. Бүгінгі ислам

мәдениеті бойынша бұл мұсылманшылыққа жат әдет болғанымен, дәстүрлі қазақ қоғамында әулие адамдың мазарына, киелі саналатын жерлерге шам жағу, дүниеден өткен жанның туыстары қайтыс болған марқұмды жатқызып, ауашалаған үйге сүйек шыққан кештен бастап, әр күні ымырт жабылғанда кісінің рухы жер бетін тастап мәңгі мекені – бақиға аттанға дейін қырық күн шырақ жағу рәсімі зороастризмнен қалған, негізінен Яхуди (Иудаизм) мен Христиан дініне тән ғұрыптар кейбір қоғамдастарымыздың арасында әлі күнге дейін сақталып келеді. Наурыз мерекесі күндері жиған-терген дүние-мүлкін қағып-сілкіп отпен аластап алатын қазақ баласы ғасырлар бойы жинақтап, әртүрлі сенімдер мен мәдени ауыс-түйістер толқынында сіңірген салт-дәстүрлері мен ырым-тиымдарының барлығын осы күндері қайта жаңғыртуға тырысады. Өйткені, салт-дәстүр жаңғырып, ескі ырым, жоралғылар мен белгілі бір мағы рәсімдер қайталанған сайын адам баласы өзінің ілкі бастауларына қайтып, рухтар қауышып, қайта түлейді деген түсінік сана түкпіріне жазылған, балталасаң да бұзуға келмейтін жасырын мәліметтер болып саналады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Наурыз тойы тоғыз күн бойы тойланғандығы айтылады (Мәшһүр Жүсіп деректерінде сегіз күн, алайда бүгінгідей бір ай емес. – Б. Ж.). Өйткені Наурыз айының 13 жұлдызында тоқсан күнге созылған қытымыр қыс маусымы күрмеліп, келесі жылдың шырағы жағылады. Шаруаның жайын білетін қазақ қыс айының соңғы күндерін «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы» атандырғаны да сондықтан. Олай болса тұтас бір жылдың кейін қалуы, 12 жылда бір келетін мүшелдің кіруі (көктем мерекесінде орыс халқы ас мәзіріне міндетті түрде он екі сабақ жас жуа қосады), көктемнің келуі, яғни жыл басы 14 наурызға сәйкес келеді. Дәстүр бойынша Наурызнама (кей деректерде Наурыздама. – Б. Ж.) мерекесінің сегізінші күні «тойтарқар» рәсімін жасап, күн мен түн теңескен сәтте, яғни 22 наурызда биік қырдың басына шығып таң шапағын қарсы алып, келесі жылға аман-есен өткеніне қуанған қазақ тоғыз деген санды да кездейсоқ таңдамаған. Көне нумерология ғылымында тоғыз – адам деген сөздің ишарасы. Осыдан келіп «үйірімен үш тоғыз» ұғымы, яғни бір айдың және тоғыз санына қатысты барлық қасиеттің тіні тарқатылады. Өйткені адам баласының өмір тішілігі белгілі бір тылсым сандардың заңдылығына байлаулы екенін көнедегілер жақсы білген.

Әрине, біздің бұл ойымызбен көп адамның келіспеуі де мүмкін. Бірақ байырғы қазақ басқаны білмесе де, табиғаттың тілін жетік меңгергенін ешкім жоққа шығара алмасы анық. Мен сол ғазиздерден қалған табиғи біліктің бір үзігімен ғана бөліспекпін. Өйткені ғылыми еңбектердің дені 12 жылдық күнтізбелік тармақ *«қытай мәдениеті арқылы тибет, моңғол, ұйғыр мен қазаққа сіңген»* деген пікірлерге иек артудан аспайды. Ал осы халықтармен өмір бойы қоңсы болып, байтақ даланы бөлісіп жайлаған біздің ескі ру-тайпаларымыз тұтынған дәл осындай ескі мәдени ұстындар туралы айтуға келгенде неге екені белгісіз, кегежегіміз кейін тарта береді. Амал қанша, ғалымдардың басым бөлігі осылай деп белгісін бекітіп қойған

соң әзірге осы мәліметтерді малдана тұруға мәжбүрміз. Әйтсе де, түбірімен қайта қарап, заманауи зердемен зерттеуге сұранып тұрған мәселенің бірі де осы.

Ал енді біз бүгінгі Батыс аймағында тұратын қазақтардың (Ақтау, Атырау, Орал, Ақтөбе) не үшін 14 наурызды «Көрісу» немесе «Амал» мерекесі деп атайтынына жіті мән беріп жүрміз бе? Жалғыз Батыс аймақты жайлаған ағайындар, Ресей мен Қарақалпақстанда тұратын қандастарымыз ғана емес, барлық Дағыстан халықтары, соның ішінде Әзірбайжандар да жыл басы деп бір-бірімен тап осы 14 наурызда көрісетінін қандай табиғи құбылыспен немесе этникалық байланыспен түсіндіруге болады?

Табиғаттың тілін бір кісідей түсінген бабаларымыз Күннің он екі айда Жерді бір айналып шығуын «жыл» деп атаған. Жалпы жұртқа белгілі, жыл басы – тышқан. Халық арасында «Тышқан қалай жыл басы атанды?» дейтін балаларға арналған ертегіде осы мәртебеге ие болу үшін таласқан хайуанаттар арасындағы оның айлакерлікпен жеткен әрекеті ерекше айтылады. Ал бұл ертегінің балаларға арналу себебін түсіндірмей-ақ қойса да болатын шығар. Өйткені көшпенділер өзінің ғасырлар бойы жинақтаған табиғи тәжірибесінің жиынтығын бауырындағы баласына тал бесікте жатқанда анасының ақ сүті мен әлдиі арқылы дарытуға тырысқан.

Бүгінгі Поволжье, Ресей, Орта Азия, Өзбекстан, Түркіменстан, Ауғанстан, Иран, Қазақстанның құмшауыт пен тақыр жерлерін мекендейтін, ұсақ кеміргіштер тобына жататын, қорқу дегеннің не екенін білмейтін өжет әрі өте сақ тышқанның Балпақ деген түрі болады. Өзі үш-төрт жылдан артық өмір сүрмейді. Жыныстық зеректігі өмірінің екінші-үшінші жылы ғана кемеліне келіп, толыса бастайды. Отызға тарта шөптің түрімен қоректеніп үнемі өсімдік тамырынан ылғал соратындықтан суға да аса құмар емес. Оның аса бағалы жон терісі сәуір айының ортасына қарай түлеп, күн көзіне шығылысып қып-қызыл болып, жанардың жауын алып құлпыра түседі.

Бір қызығы, әлгі мақұлық жыл он екі ай тіршілігінің тоғыз айға жуығын жер астында, қалың ұйқының құшағында өткізеді. Құм шыжғырған шілде айының ішінде әуелгі жазғы ұйқыға кеткеннен күздік, қыстық ұйқысын қандырып, қыс күрмелер күні, яғни 13 наурызда бір-ақ оянады. Соған қарағанда табиғатта болып жататын ерекше өзгерістерді бірінші осы тышқан тұқымы сезетін болса керек. Қысқы ұйқыдан алдымен еркегі, сосын ұрғашысы, соңынан барып балпанақтары тұрады. Сөйтіп, сол күні табиғаттың қандай мінез танытып тұрғанына қарамастан, қыстай жатқан індерінің аузын, ішін толайым тазалап алып, бір-бірімен кісі сияқты көріседі. Егер күн рай жылы болса, сол сәттен бастап тіршілігін жалғастырады. Ал ауаның әліде болса қытымыр екенін байқаса, Балпақ қалыпты әдетімен күн жылынғанша қайтадан көз шырымын алуды жалғастыра береді.

Мұндай табиғи құбылыстарға таң қалуға да болмас. Мысалы, кемірушілер отрядының тиін тәрізділер тұқымдасына жататын,

Қазақстанның орманды даласы, шөлді жерлері мен таулы аймақтарында ұшырасатын, терісі аса бағалы, майы халық медицинасында әр түрлі сырқаттарға ем ретінде кәдеге жаратылатын Суыр деген сүтқоректі бар. Солардың өзарасында болатын адам айтса нанғысыз «Суырдың қыз ұзату» рәсімін аңшылықпен айналысатын ағайын білуге тиіс. Қаз қатар тізіліп тұрып ұяластарын ұзатқан сәтте Суырлар адамша қимастық танытатындарын аңшылар әңгіме еткенде оны бей-жай отырып тыңдаудың өзі мүмкін емес. Ал Қазақстанның Жайық, Сырдария, Ертіс, Іле, Шу, Тентекқара, Қобда өзендерінде кездесетін, тіршілігінің көбі суда өтетін, аса бағалы терісінің ерекше жұпар иіс шығаратын қылшықтарынан парфюмерияда қолданылатын «құндыз жұпары» алынатын, су түбіндегі Шамшырақ аталатын ерекше жарық тастың сақтаушысы да осы кеміргіштер отрядының қатарындағы Құндыз деген тышқан екен.

Сол Балпақтың әлгі ғажайып әрекеті жыл басы Наурыз келгенде ауыл-үдің айналасын тазартып, кір-қоңдарын жуып, киім-кешектерін қайта жаңартып киетін дала халқының тіршілігіне қатты ұқсайды. Олардың жылдағы осы әдетінен бір танбайтынын білетін және табиғи құбылыстарды қалт жібермей үнемі бақылап жүретін ескерімді ақсақалдар Балпақ іннен шыққан күнді жыл басы дейтін.

Бұған байланысты халық жады да көп нәрсе сақтаған. Ел арасында «байдың ұлы балпанак» деген сөз қалған. Бұл әлгі тышқан тұқымдастың май басқан, толық, балпиған, қобалақ болмысына сүйсініп айтылған теңеу болса керек. Кешегі аштық зұлматы құрық салған жылдары адамдар Балпақтың етін жеп жан сақтаған. Кіші жүз қазақтары арасында айтылатын «Төртқара, балпағынды жеп қара» деген қағытпа сөз соның белгісі. Қазір ұмытыла бастағанымен бұрын қазақ тұрмысында Балпаққа қатысты атау, есім тергеу, ойын түрлері де жиі кездесетін. Тоғыз ай мен бір жастың арасындағы топ-толық, дені сау перзентін кеміргіш тұқымдасының баласының атымен «балпанактай» деп еркелететін қазақ оның ерекше қасиетін ежелден білсе керек. Қазақ балалар фольклорында «*Бала, бала – Балпақ / Басың неге жалпақ?*» деген әзіл аралас жыр жолдары да кездеседі. Жалайырдың атақты биі, көсем, әрі әулиесінің есімі Балпық болуында да бір табиғи үйлесімділік пен заңдылықтың болуы ғажап емес.

Сонымен 13 наурызда соңғы нүктесі қойылатын көне жыл 14 наурыздан бастап жаңа белеске ауысып, ежелден Күнді қасиет тұтқан дала жұрты жаппай той тойлауға кіріседі екен. Ал 22 наурызда күн мен түн теңесіп, ақ пен қара беттесіп, әрі қарай күн ұзарып, түн қысқарып, жер бауыры бусап, тіршіліктің тамырына қан жүре бастайды. Сөйтіп көктем мерекесін тоғыз күн тойлап күрмейтін көшпенділер содан соң келесі жылдың қамына кірісетін болған. Олай болса, жыл басы – әз Наурыз мерекесі құтты болсын, мүшелдің табалдырығынан аман-есен өтейік.

Қолдан келсе бабалар сіңірген далалық білімнің қасиеті мен қадірін қашырмай, тылсымға толы ұлттық үрдістерімізді кіршіксіз тұтынғанға не жетсін.

Д.М. Мырзаханова
*«Қазақстан Республикасы
Тұңғыш Президенті -
Елбасының Кітапханасы» ММ
сарапшысы*

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ

«Өз болмай, мәз болмайды» деген екен дана халқымыз. Шын мәнінде, Наурыз – бұл күн мен түннің теңеліп, бар тіршіліктің тірілетін кезімен тұспалдасып жатқан мереке. Сондықтан да болар өз басым Наурыз мерекесін өзге мерекелерден ерекше, жоғары бағалаймын. Елбасының: «Келешекте жыл басын өзіміздің Наурыздан бастаймыз» деп айтқан сөзі бар [1, 2 б.]. Наурыз мерекесі 1991 жылы, 15 наурызда Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген атау берді [2, 10 б.].

Оған қоса ежелгі заманнан қалыптасқан осы жыл бастау мейрамын бүгінде дүние жүзі мойындап та қойды. Мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясы 2010 жылдың 10 мамырындағы өзінің 64 қарарында 21 наурызды «Халықаралық Наурыз күні» мерекесі деп белгілеп, «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатыр» деп түсініктеме берсе, ЮНЕСКО 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының тізіміне енгізген болатын [3, 6 б.]. Бұл құжаттар Наурыз мерекесінің құқықтық мәртебесін айқындап қана қоймай, оған ерекше мән береді емес пе!?

Наурыз - көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Әбу Райхан Бируни, Омар хайям еңбектерінде шығыс халықтарының наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол. Мысалы, парсы тілдес халықтар наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыны аяқты сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі; түрлі жарыстар (жамбы ату, ат жарыс) ұйымдастырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы *Қыдыр* аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған *наурыз көже* ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі - қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы - жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға *жылу* жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, теңге көтеру) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920 –1925 жылдар) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқтатылды, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады.

Наурыз қай жағынан алып қарағанда да бүкіл халық үшін ерекше мерекелі күн, маңызы үлкен сән-салтанатты оқиға. Бұл күндері Наурыз мерекесі атаулы күн қатарында аталып өтіледі.

Наурыз — жаңа жылды қарсы алатын ежелгі зороастриялық салт-дәстүр. Наурыз мейрамы ежелгі Иранда пайда болды, күнге табыну мен Заратуштра пайғамбарының есімімен байланысты. Наурыз парсы тілінен аударғанда «Жаңа күн» деген мағына береді. Бұл күні ежелгі парсы патшалары жыл мезгілдері бейнеленген Күн тәжін басына киіп, от шіркеулерінде құдайға құлшылық еткен және өзінің бағыныштыларына жомарттық танытып сыйлықтар таратқан.

Наурыз - Шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы, яғни Ұлыстың ұлы күні. Наурыз бұған дейін мыңдаған жыл бұрын шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтетін болған.

«Наурыз»- өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын. Ғалымдар оның шығу негізін дуалистік теорияға - жақсылық пен жамандықтың, жаз бен қыстың, суық пен жылының, қайырымдылық пен қатыгездіктің күрес-тартысына сүйене отырып түсіндіреді.

Наурыздың қазақ қоғамындағы рөлі кез келген астан, тойдан, басқа да шаралардан жоғары болған. Белгісіз автордың жазуы бойынша: «...Қайда

атақты бай болса, Наурыздаманы сол байға қалдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурыздаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен...».

Абай «Біраз сөз қазақтың қайдан шыққаны туралы» деген тарихи мақаласында Наурыз тарихын көшпелі халықтардың сонау «хибағи», «хұзағи» деп аталған заманға дейін апарып, «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен», - деп жазады [4, 168 б.]. Ақын Наурыз тойын дінге жалғастырмай, көктем мерекесі екенін ашық жазады да, «ұлыстың ұлы күні» деген сөздің өз заманында алғашқы мәнін өзгертіп, Құрбан айтқа байланысты айтыла бастағанын былай деп ескертеді:

*Жаз жіберіп жан берген қара жерге,
Рақметіне Алланың көңіл сенер,
Мал семірер, ақ пен ас көбейер,
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.*

Ақын көктемде жан дүниенің, жан-жануардың түлеп жаңарып, ақ мол болып, ас көбейгенін, адамзаттың көңілі өсіп көтерілгенін Наурызға арнаған өлеңінде паш етеді. Қазір біраз жұрт Наурыз мейрамы басталғалы бері «Наурыз парсы тілінде жаңа күн» деген ұғымды білдірсе, «бұл өзі бізге парсыдан, шығыстан келген мейрам екен ғой» дейді [5, 5]. Шын мәнінде солай ма? Біздің ойымызша XVIII ғ. басында қазақтар жоңғардан шегініп, ата-жұртын тастап, Бұхара, Самарқанға, Жиделібайсынға барып, енді ел-жұрт азат болып тарихи қоныстарына қайта келгенде «Наурыз» сөзін ала келген. Бұған дейін халқымыз бұл мейрамды «Ұлыс», «Ұлыстың ұлы күні» деп, соңынан «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» деп айтатын болған.

Шәкәрім бұл процесті айқын ашып көрсетеді: «Наурыз - парсы тілі: Жаңа күн деген сөз. Мұны қазақтар Бұқар, Тәшкендік қожалардан үйренген. Ескі қазақта (ескі түрікте) Жаңа жыл күннің аты – Ұлыс. Қожа-молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты Наурыз дегізген. Жыл басының Ұлыс екенінің дәлелі мынау: Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар - деген тіпті ескі мақал» [5, 3 б.].

Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесі екеніне Алаш арыстары да қалам тербеген.

Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Наурыз - қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, құтты наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында әр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың *бірінде*, екіншілері *тоғызында* келеді деседі, әр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді» [5, 3 б.].

Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе, былай деп жазады: «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол Наурыз. Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы... Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, наурыз (марттың) ескіше 9-да, жаңаша 22-де күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ деуге сияды» [5, 3 б.].

Наурыз ұлан-байтақ қазақ жерінің ауа райына байланысты әр уақытта атап өтілген. А.Байтұрсынұлы наурыз айының біреулер бірінде, екіншілері тоғызында келеді деген деректерді келтірсе, А. Диваев оңтүстік өлкеде ақпанның аяғында қар ерігенде наурызды атап өтетінін көрсетеді [5, 4 б.].

Наурыз - дүниенің ғарыштық сипатын, адам мен табиғаттың кіндіктестігін білдіретін мейрам. Қазақ ордасында Наурыз күні салт-санаға байланысты жеті саны шарт: ақсақалдар алдына 7 дәмнің 7 түрінен жасалған «Наурыз көже» таратылады. Жеті саны әрине, жеті күннен тұратын жұма, уақыт шіркіннің мазасыз мәңгі қозғалысының мезгілдік бұтағы.

Наурызды мейрамдау дәстүрін дүниеге алып келген біздің тапқан ата-бабамыз жаратылыстың буынын есептеп, дәл тапқанға ұқсайды. Әлімсақтан ата-бабамыз Күн нұрын мінажат тұтқанын біз білеміз.

Күнге байланысты жарық пен түнді салыстырып бейнелей білген. Сондықтан «Түн баласы ауыр», «Түнде кір жууға, тырнақ алуға, суға баруға болмайды. Неге? «Жаман болады» деп жауап қайырады үлкендер. Наурыз күні қыздың атын жарыққа байланыстырып Сәуле қойып жатады, үнділер Индира дейді екен.

Наурыз - халықтың жарқын көңіл-күйін, шаттығын аңғартатын, өзіндік орны бар үлкен дәстүр. Береке басы, еңбек мерекесі наурыз екендігі де сөзсіз. «Наурызда ерте тұр, ерте тұр да тілек қыл», «Үйінді, киімнің, шашыңды таза ұста», «Бұлақ көрсең көзін аш», «Бұрын бір тал ексең, наурызда он тал ек».

Мұнда мерекенің еңбекке деген ықылас-сүйіспеншілікті арттыратын тәрбиешілік жағына баса көңіл бөлген. Наурыз діншілікке де, кері тартқан көнелікке де жанаспайтын, керісінше көгерер тіршіліктің жыл басы ретінде көңілді көк жиекке көтеріп тастайтын көктем мерекесі.

Әдетте Наурыз мейрамында дайындық жұмыстары қыс кезінен-ақ үй мүліктерін ретке келтіріп, оның тазалығына кірісуден басталған. Құдықтар мен арықтар тазаланып, құрал-саймандар жөндеуден өткізілетін. Бұрын қыздар мереке алдындағы түнде ет пен уыздан «ұйқы ашу» дайындап, өздерінің көңілі кеткен жігіттеріне дәм таттыратын болған. Бұл әдет «Ұлыстың ұлы күні» ұйықтап қалмасын деген ұғымнан туған. Оның үстіне «ұйқы ашар» болашақ күйеулерге күш-қуат, махаббат, нәзік сезім әкеледі

делінген, жігіттер қыздарға әтір, иіс сабын, айна мен тарақтан тұратын «селт еткізерді» ұсынуға міндетті болған [6, 49 б.].

Халқымыз қандай жағдайда болса да соңғы жылы, жұмсағын Наурызға сақтаған. Мұның өзі «Көктемге жеттік, аузымыз аққа ілінді, күнкөрісіміз түзелді» деген ниеттен туған. Сондай-ақ, Наурыз күні ауыл тұрғындары ұлттық киімдер киіп, өнер және ойын-сауықтар көрсеткен. Бұл күні «Айқыш-ұйқыш», «Аударыспақ», «Жау қашты», «Шашбау салды», «Тартыс», «Соқыр теке», «Тоғызқұмалақ», бұдан да басқа күлдіргі, жаңылтпаш ойындар, айтыс өлеңдер ұйымдастыратын. Осыған орай халқымыздың салт-сана, әдет-ғұрып, ойын-сауық имандылық сенім дүниесі Наурыз арқылы табиғатпен үндесіп, ізгілік мұратымен байып отырған [7, 85 б.].

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттың, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері тән таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдылыққа, көрегенділікке, білімділікке баурайды. Наурызды халықтың асыға күтетіні де осыдан болса керек.

Қорыта келгенде, жоғарыда айтылғандарымыздың бәрі де сонау ғасырлар қойнауына кететін халқымыздың тарихи шежіресі мен мыңдаған жылдық тәжірибесінің бізге жеткен кәусар бұлақтың бір тамшысы ғана. «Тамшыдан теңіз құралады» дегендей, кейінгі жылдарда көмескіленіп қалса да, көмілмей жеткен халықтың мейрамымыздың нәрі мен сөлін бойымызға дарыта алсақ, - тілегіміздің ақталғаны.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Назарбаев Н. Біздің нағыз жаңа жылымыз осы Наурыз мейрамы болуы қажет //Егемен Қазақстан. - 2012.- 3 қараша.- 2 б.
2. Абдулло С. Наурыз туралы бірер сөз//Қазақәдебиеті.-2006. – 24 наурыз.- 10 б.
3. Қалжанов А. Армысың, өз Наурыз!//Астана ақшамы. - 2014. - № 29. - 15 наурыз. - 6 б.
4. Құнанбаев А. Карасөздер мен очерктер.- Алматы, 2002.- 168 б.
5. Наурыз мейрамы: Алаштың арыстары наурыз туралы не дейді: М..Дулатов, С.Дөнентаев, А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердіұлы//Егемен Қазақстан.- 1999.- 20 наурыз. – 3 б.
6. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том: біртұтастығы мен ерекшелігі/Құраст.С.Әжіғали.-Алматы: Арыс баспасы, 2005.-328 б.
7. Ерғали С. Наурыздың ырымдары мен рәсімдері //Жалын.-2008.- №3.85бет.

А.И. Исаева*т.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің қауымд. профессор м.а.***М.Т. Жумабаева***ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
3 курс студенті*

НАУРЫЗ – ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурыз – еліміздің ертеден келе жатқан көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болып келеді. Наурыз мерекесінің туу тарихы турасында талас көп. Көбі ел аузындағы аңызға жүгінеді. Аңыздың өзі сан алуан. Дегенмен, аңыздың түбінен ақиқаттың бір ұшы қылт ететіні рас... Кейбір ғалымдар бұны зороастризм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Басқаларыпарсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр. Парсы патшасы Джемшид өз елінің аумағын аралап жүріп, Азербайджан атты мекенге тап болыпты. Осы жерде уәзірлеріне күнге бетке қаратып үлкен тақ орнатуды бұйырған екен. Күн сәулесі тақпен шағылысып, айналаға ерекше нұр шашыпты деседі. Содан кейін жұрт осы күнді жаңа жыл есебінде тойлауды әдетке айналдырған екен [1, с. 13].

Қалай болғанда да, бұл мереке шығыс жыл санағы бойынша ирандықтардың жаңа жылы Наврузбен жанасады. Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтар тойлайды. Көне парсы тілінде «*нава*» – «*жаңа*», «*рәзаңһ*» – *күн*, «*жаңа күн*» мағынасын білдіреді. Бұл мейрамды тәжіктер «*гүл гардон*», «*бәйшешек*», «*гүлнаурыз*»; хорезмдіктер – «*наусарджи*»; татарлар – «*нардуган*»; соғдылықтар – «*наусарыз*», армяндар – «*навасарди*», чуваштар – «*норис ояхе*» деп түрліше атаған. Атақты Әбу Райхан Бируни, Омар Хайям еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол. Мысалы, парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн мерекелеген. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды; жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «*сумалак*» ұсынады; ескі киімдерін тастайды; ескірген шыны аяқты сындырады; бір-біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «*күн символын*» салады; үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі; түрлі жарыстар ұйымдастырады [2, с. 199-213].

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс

қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады.

Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурызкөже болған. Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалған. Наурыз көжені дайындаудың ерекшелігі қазанның төрт құлағына төрт жапырақ май қояды, оны піскенде біреуін өзі жейді, біреуін баласына береді, біреуін күйеу баласын ал енді біреуін немересіне береді. Қары жілікті үлкен қарияларға тартады, қалғанын еттерін турап көжеге салады, сонымен қатар көжеге арпа, бидай, тұз, қатық жеті түрлі дәм қосып бабалар дәстүрін жалғастырады. Су мен тұз ұрпақтарының дәм тұзы жарасып мәңгі тату тәтті өтуіне дәнекер болсын, ал айран қатық айрандай ұйып басымыздың өмірлік бір болып ақ көңіл адал ниетте болатындығының куәсі, ал қазан құлағына қойып пісірілген төрт жапырақ май төрт түлігі сай бай бақытты тұрмыс кешуінің өмірлік бастамасы екен. «Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!» - деген сенім бар. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен қауышуды білдіреді. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: «Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!», - деп бата береді. Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы.

Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады [3, с. 196-199; 4, 91-92 бб.].

1926 жылдан бастап, Кеңес өкіметінің бұйрығымен Наурыз мерекесін Еділ бойы, Кавказ, Орта Азия, Қазақстан, Алтай аймақтарында тойлауға тиым салынды. Бірақ, оған қарамастан қазақтар басым аймақтарда, елді-мекендерде, мысалы Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Жамбыл, қазіргі Маңғыстау облыстарында аталмыш мейрам тойланған. Сонымен қатар аталмыш мереке Иран, Түркия, Ауғанстан, Пәкістан, *Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономиялық өлкесінде*, Моңғолияның Баян-Өлгей және Хобд аймақтарында да өткізіледі.

Көрсетілген мемлекеттерде Наурыз діни емес, ұлттық мейрам ретінде есептеледі. Сонымен қатар бұл мейрамның түп-тамыры сол мемлекеттен екендігін көрсетуге тырысады. Осылайшы біз Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан қаласының аумағында этнографиялық-далалық

материалдарға сәйкес оның шығу-тегі туралы келесі аңыз естідік. Ерте кездерде бұл аймақта Созақ және Наурыз деген екі туған ағайындылар өмір сүрді. Үлкен ағасы көп балалы және көп немерелері болды. Ал кішкентай інісі Наурыздың балалары болған және қайтыс болар алдында ағасына үлкен өкпе-назымен былай дейді:

– Созақ, сен бақыттысың, сенің ізіңді жүз жыл, мың жылға жалғастыратын ұрпақтарың көп.

– Ал менің қаншама байлығыма қарамастан балам да, немерем де жоқ. Жылдар өтеді, мені барлығы да ұмытады. Сенен өтінемін, мен қайтыс болғаннан соң сенің балаларың, немерелерің, шөберелерің менің өмірден өткен күнімді атап өтсе екен.

Осылайша, оның өлімінен кейін наурыздың 21-нен 22-не қараған түні оның туыстары үлкен ас береді, ат жарыс ойындарын ұйымдастырады. Бұл дәстүр жылдан жылға оның туыстарымен, жерлестерімен және елімен атап өтіліп жалғасын тапты [5].

Жалпы алғанда бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін, күн мен түннің тенелген күнікөрсетеді. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды, соған байланысты осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады, кең байтақ еліміздің төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ертеден келе жатқан аңыз бойынша еліміздің сайын даласын Қызыр-баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Бүкіл Қазақстанның елі жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Наурыз мерекесі 1991 жылы, 15 наурызда Қазақ ССР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды [6, 20-21 бб.]. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын «Наурыз мейрамы» деп жариялады. Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне «Наурыз мейрамы» деген атақ берді [7].

Наурыз мейрамын әр аймақта әр түрлі тойланады. Мысалы Алматы облысы Іле ауданы Ақши ауылында Наурыз мерекесі ерте кезден тойланып келеді. Ақши ауылының тұрғындары осы мерекеге алдын-ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл – тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді [8].

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Гусейнов Р. Азербайджанский Новруз // IRS. – 2004. – № 3. – С.13-17.
2. СафарАбдулло. Магия Навруза. – Алматы: Изд-во «Атамұра», 2007. – 320 с.
3. Казахи: историко-этнографическое исследование / Редкол.: М.К. Козыбаев, Х.А. Аргынбаев, М.С. Муканов. – Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с.

4. Оразбекұлы Қ. Наурыздағы ырымдар немесе 3000 жыл бұрын тойланған мерекенің тәрбиелік сырлары хақында // Ақиқат. – 2014. – № 3. – 90-96 бб.
5. Авторлардың ел арасынан жинаған мәліметтері. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласы, Ақши ауылы, 2015 жыл.
6. Тоқтабай А. У. Наурыз // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст. С.Е. Әжіғали. – Алматы: Арыс, 2005. – 11-22 бб.
7. Мұхамедиұлы А. Наурызға – жаңаша көзқарас // Егемен Қазақстан. – 2015. – 26 қаңтар.
8. Авторлардың ел арасынан жинаған мәліметтері. Алматы облысы, Іле ауданы, Ақши ауылы, 2016 жыл.

М.А. Хамитова

*ҚР Мемлекеттік орталық музейі
жетекші ғылыми қызметкер
тарих ғылымдарының кандидаты*

Ә. МАРҒҰЛАН ЕҢБЕГІНДЕГІ «НАУРЫЗ» ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАТУЛЫҚҚА, ҚҰТ, БЕРЕКЕ- БІРЛІККЕ ҰМТЫЛУЫ

Академик Әлкей Марғұлан «Эпос тудырған орта және онымен байланысты ескілікті мұралар» атты еңбегінде ғасырлар бойы ел аузында айтылып келген ертегі-жырларды, аңыз әңгімелерді ең алғаш шығарып таратқан түрлі көшпелі түркі тілдес елдер екенін айта келіп, көне дәуірден шолып қарағанда, олардың ішінде тарихта көрнекі орын алып, із қалдырған – ғұн мен сақтар, үйсін мен қаңлылар, қырғыз бен ұйғырлар, ал басқалары тарихи дәуірлерде бүгінгі қазақ даласында тіршілік жасап, олардан тараған рулардың көпшілігі бертін келе қазақ елінің іргесін құруға негіз болған. Сондықтан, ғалым тілімен айтсақ, «бұл айтқан ескі рулар жасаған мәдениет бұйымның іздері де, оның ішінде қазақ жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері туындылары- бүгінге дейін Қазақстан жерінде жақсы сақталып, олардың жұртшылық салты, елдік заңы, барлық рухани тіршілігі де көбінесе қазақ елінің тұрмысында ашығырақ сақталды» [1,23-б].

Ә.Марғұлан өз зерттеулерінде халқымыздың салт-дәстүрі, жора-жосындарының, ырым, қария сөздерінің маңыздылығына, тарихи терең астарына, өміршеңдігіне, тәрбиелік мән-мағынасына ерекше көңіл бөлген. Осы еңбектегі ерекше көңіл аударалық мәселе – бұл *халқымыздың қашанда татулыққа, құт, береке-бірлікке ұмтылуы*. «Көне ертегі-жырларымызда салт-дәстүрмен байланысты алтын қазан іздеу салты да кездесіп отырады. Қазақ ауылдарында ертеде тайқазан, нарқазан деп аталатын үлкен қазандар болған. Қазан – сонау скиф-сақ, ғұн заманынан келе жатқан «жеті қазынаның бірі» деп жазады Ә. Марғұлан.

Ғалымның 1966 жылы жарық көрген «Ежелгі мәдениет куәлары» атты жинаққа жазған кіріспе мақаласында: «Тегінде Азия мен Қазақстанды, Оңтүстік Сібірді қоныстанған ежелгі тайпалардың өркендеу тарихы орасан қызық. Ол қола дәуірінің өзінен көріне бастаған. Ол кездегі тайпалар мыс қалайы, алтын, күміс қорытуды жақсы біліп, одан неше түрлі қару-жарақ, әдемі бұйым, әшекей дүниесін шығара білген. Бұл қола дәуірінде қалыптасқан өрнек нақыштары бергі кезге дейін ұмытылмайды, оның әуендері ежелгі тайпалар арқылы бірден бір ауысып, ең соңында қазақ халқының өнеріне негіз болып шығады», - деген [2].

Мыс пен қоладан қалыпқа құйылып, түрлі өрнекпен, аңдар бейнесімен әшекейленген қазандар алғаш рет сақ дәуірі ескерткіштерінен қазып алынғаны белгілі. Бұл кезеңде құрбан шалуға арналған қола қазандар кең тараған. Кейінірек қазан шойыннан құйылатын болған. Қазанды көтеруге ыңғайлы болуы үшін ернеу тұсына сырт жағынан 2 – 4 құлақ жасалады. Қазанның сыйымдылығы әр түрлі болған. Он екі қарыс тай қазаннан бастап, екі литр ғана су сиятын кішкене қазан да болады. Мұндай қазандарды Республикамыздың түкпір-түкпіріндегі көптеген тарихи-өлкетану музейлерінің археология залдарынан көруге болады. Бір ғана Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің археология залында осындай ғұрыптық қазандардың бірнешеуі қойылған. Бұлардың көбі дерлік кездейсоқ табылған қазандар. Мысалы, Алматы облысынан (Верный) оңтүстік батыс бағытта 5 шақырым қашықтықтан 1912 жылы табылған (б.з.б. V–III ғғ.) үш тағанды, мыстан құйып жасалған олжа қазандар бар. Олардың біреуі үлкен, биіктігі - 58,9 см, тереңдігі – 31,3 см, ернеуінің диаметрі – 40,5 см болса (ҚР MOM, инв. № 2283), екінші бір кішірек қазанның биіктігі – 35,5, тереңдігі - 27 см, ернеуінің диаметрі – 33,7 см (ҚР MOM, инв. № 2306). Пішпек уезі, Қаракөл шатқалынан (Жетісу) 1913 жылы табылған осындай ғұрыптық қазанның (б.з.б. V– III ғғ.) биіктігі – 48,1 см, тереңдігі - 30 см, ернеуінің диаметрі – 41,7 см (ҚР MOM, инв. № 2280). Осындай қазандарға музейге келушілердің біразы тек музейлік зат ретінде ғана қарап, көпшілік жағдайда руханилық жағына, мағынасына көп көңіл бөле бермейді.

Қазақ халқының ортағасырлық астанасы Түркістандағы, Қожа Ахмет Иассауи ғимаратындағы «қазандық» деп аталатын бөлмеге қойылған қоладан дайындалған (XIV ғ.), он тұтқалы, бедер сурет болып түскен өрнектері, жазулары бар тайқазан да (ҚАИК, инв. № 572) көркемдігі өз алдына, негізінде – көшпенділердің ежелден береке мен бірлігінің белгісі болып табылады. Қазан сыртындағы араптың гүлденген сульс және куфи қолтаңбаларымен жазылған үш қатар жазудың біріншісінде оны шайхылардың сұлтаны Ахмет Ясауи кесенесіне арналып жасалғаны туралы айтылады.

Қазан сыртындағы жазулардың екінші қатарындағы он сегіз рет қайталанып жазылған «Мубарак бад» деген сөз де *құтты болсын, берекелі болсын, береке дарыған орын* деген мағынаны береді екен.

Ә. Марғұлан «Құламерген» жырының желісіне ерекше назар аудара келе, қазанға байланысты “Қазан мықты болса, ел де мықты. Қазан – шаңырақ сияқты, бүтіндіктің белгісі. Ол құрыса, ел де құриды”, – деп жазады. Күнделікті тәжірибеде киелі саналатын Қазанға қатысты наным-сенім, ырым, жоралғылар халық арасында жеткілікті. Қазан культі көшпелі халықтардың бірқатарында сақталған. Марғұлан жазуында ертеде Наурыз мейрамында да «наурыз көже» ауылдың тайқазанына дайындалған. Қазанды иесіне қайтарғанда құлағына ақтық байлаған, қазанды бос қайтармаған, осылай істемесе «қазан өкпелейді» деп есептеген. Қазақ арасында екі адам ренжіссе «өкпесі қара қазандай» деп айтылатын сөз тіркесі немесе дауылпаз ақын Махамбеттің шығармаларында «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік» деп келетін жыр жолдарын оқуға болады. Атадан мирас болып келе жатқан қазаннан айрылу – құт-береке байлықтан айрылу, оны біреу тартып алса, масқарашылық саналған. Қазақта бір адам екінші адамға ашуланғанда «қазаныңды төңкеріп кетейін» деп қорқытатын болған. Көне жырларда, ертегілерде салт-дәстүрге байланысты алтын қазан іздеу салты, қазанның құлағына ақтық байлау, халық арасындағы қазанға байланысты мақал, немесе түрлі сөз тіркестері, ас бергенде, Наурызда үлкен қазан көтеру, т.б. қазанның береке мен бірліктің белгісі екенін көрсетеді. Ас беру, той өткізу секілді үлкен жабдықтар ұлттың бірлігі мен жерінің тұтастығын сақтауға, ел басын біріктіруде, ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыруда орасан зор роль атқарғанын көреміз. Бір шаңырақтың қазаны күнде кешке қайнап жатса, бұл сол елде соғыстың жоқтығы, тыныштықтың белгісі саналса, онда буы бұрқырап жілік-жілік еттің пісіп жатқаны сол елдегі тоқшылықтың, молшылықтың белгісі саналған. Халық арасында бұл түсінік әлі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Ә. Марғұлан «Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер» атты еңбегінде: «Ертедегі жыр айтысу салты түү ескі дәуірден басталуымен бірге, қырда салған эпос жырға негіз болған көбінесе әдет-ғұрып жырлары, мәселен, жаңа жыл кіргенде айтылатын календарлық жыры яғни, – Наурыз...» дей келіп, «наурыз» сөзі бұрынғы қазақ руларына Орта Азия жұртынан ауысқаны байқалатынын жазады [1]. Өйткені ескі қазақ рулары көп заманға дейін Орта Азия жұрттарымен бірге жасап, олармен тығыз қарым-қатынаста болғандықтан, олар әр жұртқа ортақ болып салт-сана түрінде ортақ пайдаланған. Сондай көп жұртқа ортақ болған салт-сананың түрі – *Наурыз мейрамы*.

Жылдың ауысып отыруына көктемгі жаратылыстың түрленуі, «көктің» шығуы ескі дәуірдегі түрік тілдес елдердің өзіне тіршіліктің үзілмей ауысып отыратын ағымы тәрізді болып көрінген. Сондықтан халық тіршілік дамуының қуанышын білдіретін салтқа айналдырып ескі жыл аяқталып, жаңа жыл кірген күнді «наурыз» не «ұлыстың ұлы күні» деп атағаны баршамызға белгілі. Бұл күні барша халық жұртшылықтың, үй ішінің амандығы, береке-бірлік, молшылық, төлдің өсуі, ауа райының

жақсы болуы. «Наурыз» күні қазан толтыра көже дайындалып, жастар қариялардан бата алуға тырысып, үлкенді-кішілі бірімен бірі құшақтасып, жаңа жылға бас аман, аман-есен шыққандарына қуанысады.

Марғұлан жазуында ол кездегі ру қауымының салты бойынша, бұл күні «кұлдарды еңбектен босатып», оларға да көпшілікпен осы халық мерекесін бірге тойлауға ерік береді екен. Аталмыш еңбекте осы жолдарға дәлел ретінде:

Ұлыстың ұлы күнінде бәйбіше шығар балпиып,
Күндіктері қасқайып.
Келіншек шығар керіліп, сәукелесі саудырап,
Қыз шығады қылшиып, екі көзі жаудырап.
Бозбала шығар бұрқырап, ақ бөкендей шырқырап.
Кұл құтылар құрықтан,
Күң құтылар сырықтан,
Керік ыдыс шөміштің буы кетер бұрқырап, –
деген Наурыз жырынан мысал келтіреді.

Ғалым еңбегіндегі «Наурыз» туралы жазбаларда көңіл аударарлық бір ерекше мысал, ол – «жұп шырақ жағу». «Жұп шырақ жағып, «аластау», не екі оттың арасынан өткізіп, «тазарту», ескі уақыттағы түрік-моңғол жұртының бір әдеті Наурыз күні жұп шырақ жағып, оның арасынан өткізу сол әдеттің бір түрі. Халық әңгімесінде «жұп шырақ біреу де үшеу де болмайды» деу де осыдан шыққан» деп жазады.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Марғұлан Ә.Х. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алатау, 2007. -Т. 3. – 488 б.; Марғұлан Ә.Х. Қазақ халқының эпикалық әңгімелері (миф, легенда, ертегі-жыр, аңызды әңгімелер) туралы тарихи-әдебиеттік зерттеулер: Ф.ғ.д. дисс. – Алма-Ата–Москва, 1945 // Академик Ә.Х. Марғұланнның жеке архиві. (Микрофильм). – 300 кадр.
2. Қадыров М., Нұрмұқамбетов Б. Ертедегі Орталық Қазақстан тайпаларының мәдениеті мен өнері // Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: Қазақстан, 1966. – 68–78-бб.
3. Марғұлан Ә.Х. Қазақтың ерлік жырындағы әлеуметтік сарындар // Ежелгі жыр- аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.; Марғұлан Ә.Х. Шығармалар жинағы. – Алматы: Алатау, 2007.Т.1. – 608 б.

С.Б. Алипова*Национальный музей РК,**Руководитель научно-методической службы,**доктор PhD***ПРАЗДНОВАНИЕ ВЕЛИКОГО ПРАЗДНИКА ДОБРА – НАУРЫЗА**

Красавица весна никого не оставляет
равнодушным: взор радуют осторожно
распускающиеся побеги деревьев
и сквозь влажную почву пробивающиеся
головки цветов, слух лелеет говорливое щебетание
пернатых – истинных певцов весенней поры...

По традиционному восточному календарю, это время наступления нового года, который наступает 22 марта, в день весеннего равноденствия.

Праздник Наурыз – особый: он разделил судьбу многих уничтоженных традиций. Этот старинный мусульманский праздник с пятитысячелетней историей в свое время отнесли в разряд «реакционных». Всем известно что в годы тоталитаризма Наурыз не отмечался вовсе и даже пресекался.

Второе его рождение на казахской земле произошло после обретения Казахстаном независимости – с тех пор этот праздник стал одним из любимейших и отмечается с особым размахом, с соблюдением мусульманских обрядов и традиций.

Слово Наурыз в переводе с персидского означает «новый день». Казахи называют день весеннего равноденствия днем великого улуса («Улус» - праздник). Наурыз - самый древний и знаменитый праздник Востока, возникший задолго до принятия мусульманства. Истоки обрядов, связанных с Наурызом, в первую очередь определялись традиционным хозяйством и должны были обеспечивать земледельцу урожай, а скотоводу – приплод. Исторические сведения о Наурызе встречаются в трудах античных и средневековых авторов. Так, древние греки называли Наурыз - «патрих», в Берлине - «праздник воды», таджиком он известен как -«гульнавруз», татарам - «нардуган», бурятам - «сагаап сара», монголам - «наркояли».

Празднование Наурыза в казахском ауле продолжалась три дня. Как правило, Наурыз начинался айтысом между девушкой и джигитом, олицетворявшим символичную борьбу зимы и весны, и заканчивался народными играми, состязаниями.

Вот некоторые традиции, связанные с Великим улусом. Считалось, что если Наурыз войдет в чистый дом, то он станет его покровителем и будет охранять от невзгод и болезней. Поэтому накануне праздника тщательно убирали юрты. А чтобы осветить дорогу Наурызу, ставили на почетное место – «төр» – две зажженные свечи. Утром 22 марта мужчины по традиции

очищали родники, сажали деревья. Аксакалы проводили обряд примирения поссорившихся родственников, соседей, друзей, сажали за один дастархан и мирили, помогали калекам и больным. Поэтому – то Наурыз считается и праздником милосердия и добра.

В ночь с 21 на 22 марта на землю ступает Кыдыр ата – покровитель нового года. Его свита – это Шопан-ата – покровитель овец, Камбар-ата – покровитель лошадей, Ойсыл-кара – верблюдов, Зенги-баба – коров и Шек-ата – коз. К их приходу в юрте должно быть все готово, а в ее украшении должны присутствовать четыре вида орнамента – растительный, зооморфный, геометрический и космогонический.

Пожилые люди облачались в одежду желтого цвета – цвета мудрости, девушки – в красную и зеленую, юноши в голубую. Обязательно доставались из сундуков украшения с малахитом и бирюзой.

Во всех домах старались встретить этот день как можно лучше, так как от этого может зависеть, по народному представлению, удача всего следующего года. Из этих соображений каждая хозяйка стремилась как можно красивее одеть членов своей семьи, она открывала сундуки и извлекала оттуда все самое ценное из одежды и предметов прикладного искусства. Красочное оформление домашней среды также было делом чести каждой женщины. Сочетание ярких декоративных пятен в интерьере с нарядной одеждой домочадцев создавало праздничную атмосферу [1].

Ближе к ночи из стойл и загонов выпускались на улицу все домашние животные – получить благословение святых, а вход в юрту открывали, чтобы вошло добро. С наступлением рассвета аульчане отправлялись в степь, чтобы очистить родники, посадить саженцы. Родниковой водой умывались, а потом выливали в него масло.

Саженцы поливались свежим молоком. После этого читали молитву: «Этому миру желаю всего праведного! Куда бы ни пошел – добрый путь! Улус пусть принесет изобилие! Все плохое пусть сгинет в земле!».

Накануне Наурыза в каждом доме накрывали дастархан, состоящий из семи видов еды (число «7» - священное для казахов). Но особым почетом в праздничном меню пользовалось наурыз коже, тоже включающее семь компонентов: вода, соль, пшеницу, просо, мясо, сметана, лук [2].

Наурыз коже по традиции ели досыта, чтобы год был сытым. В день Наурыза в любом доме вас обязательно угостят этим традиционным блюдом.

У земледельческих народов Азии, тоже готовилось подобная пища из злаков – гуджа. А в Иране, например, к Наурызу подают поднос с 7 компонентами, которые начинаются с буквы «син»: сиб – яблоки, сир – чеснок, синжид – дикая маслина, сипану – семена руты, сиях – дане – черные косточки, сирке – уксус, сабзи – зерно, проращенное на тарелке.

Узбеки, к примеру, делают сумалак – очень питательное блюдо, за 10-15 дней до Наурыза берется отборная пшеница, ей дают прорасти. Затем ее

пропускают через мясорубку, а нежный белый сок, отдельный от жмыха, увариваются с мукой в огромном котле. Чтобы блюдо не подгорело, местная детвора бросает камешки в котел.

Варят сумалак, постоянно помешивая, до самого утра. Дом где сумалак варится 7 раз, считается богоугодным, святым.

Лакомым блюдом до сих пор считается просо, из которого варили сек или тары. Из тары готовили супы (коже), но особенно вкусен майсок – каша из тары. Еще тары перемалывают – получается талкан (толокно), который употребляется с маслом.

И все же вернемся к наурыз коже. Это блюдо достаточно творческое: каждая хозяйка применяет те ингредиенты, которые есть в запасе, или те, которые едят в семье. Некоторые, например, вместо воды используют молоко (и правильно), в идеале это должно быть молоко впервые отелившейся коровы. Главное, чтобы блюдо включало 7 продуктов, главным из которых, остается просо, - будь то горох, фасоль, кукуруза, ячмень или рис. Считалось, что продукты, попавшие в котел с наурыз коже, всегда будут в доме.

Вот одно из рецептов наурыз коже. Бобовые и зерновые – фасоль, горох, кукуруза, рис, ячмень и картофель – проваривают в воде, наливают туда кислое молоко (1 л. на 5 л. супа) и гасят огонь [3].

Этот праздник, истоками восходящий к древнеиранским традициям, был популярен и в Средней Азии, и в Казахстане. В ранние времена казахи отмечали новый год три дня, хотя считалось, что можно его праздновать весь месяц – наурыз. В смысловой основе этого праздника лежат анимистические представления, связанные с культом природы. Согласно мировоззрению народов Востока в это время небесные объекты возвращаются на исходные точки, заканчивается старый год и набирает силу новый, начинается обновление мироздания. Бурно пробуждается природа, извещая об этом весенним громом. На деревьях набухают почки, появляется первая зелень, которую по поверью, нельзя срывать, чтобы не причинить боль природе.

Считалось, что дети, рожденные в этом месяце, будут счастливыми, жить в достатке, поэтому их нарекали именами: Наурызбай, Наурызхан, Наурызгуль и т.д.

Помимо наурыз коже девушки готовили для юношей специальную еду «уйкы ашар» в переводе название блюда означает – пробуждающий от спячки. Считалось, что ритуальное блюдо активизирует чудодейственным образом и физическое и эмоциональное начала мужчины, поэтому им старались угостить женихов. Ответным жестом со стороны юношей являлись небольшие подарки в виде украшения, зеркала духов и т.д.

Утро Наурыза, начиная с рассвета, жители аула старались встретить вместе. Это время дня отмечалось хозяйственной работой, содержание которой символизировало заботу о природе: растительности и воде. Все

поздравляли друг друга, тепло обнимались и желали всего наилучшего. Люди ходили друг к другу в гости, угощаясь новогодней похлебкой.

Согласно исследованиям Р.М. Мустафиной «Представления, культы, обряды у казахов» в старину у казахов это ритуальное блюдо готовили в полдень на зеленом пригорке [4]. При этом трапеза начиналась и заканчивалась молитвой в честь предков, что произносилось муллой или другим лицом старшего возраста, который в завершение к тому же давал благословение «бата».

По этнографическим данным У. Джаныбекова «По следам легенды о золотой домбре» на определенном месте селения в полдень закалывали быка и готовили из его мяса блюдо «бель котер» – выпремляющий стан [5]. По мнению автора, мясо и новогодняя похlebка, приготовленная на бульоне такого сильного животного, как бык, передавали людям силу и выносливость.

По традиции Наурыз мейрамы начинают аксакалы в белых чалмах, которые обращаются ко всем с традиционным благословением: «Этот день называется новым, великим и святым днем. Мы желаем, чтобы у вас всегда было много молока, чтобы ваши души всегда были открыты, а темные помыслы исчезли навсегда. Пусть будет дорога к народу правильной. Желаем в жизни много светлого, пути верного. Народу – кут (счастья), скоту – молока».

Символическим содержанием этого обращения определяется категорией «кут». Еще в древнетюркскую эпоху слово «кут» имело несколько уровней семантики – душа, счастье, достоинство, блаженство, достаток и другое. Сегодня в казахском языке доминирующее значение слова «кут» - счастье, богатство, благоденствие, доля. Поэтому любое обращение всегда заканчивается парным словосочетанием «кут-береке» [2, с. 404].

После этого проводились всевозможные массовые национальные игры, в которых принимали участие и стар, и млад. Всюду раздавались смех, шутки и пение, среди них звучали и обрядовые. С участием мужчин и женщин проводилась национальная игра «Айкыш-уйкыш» - «друг другу навстречу», олицетворяющая идеи плодородия. Далее проводились разнообразные спортивные игры [1, с. 75].

Праздник продолжался до появления первых лучей солнца, а к самому рассвету весь аул восходил на ближайшую возвышенность и встречал восход солнца, так как солнце символизировало плодородие и источник жизни. Об этом свидетельствуют многочисленные наскальные изображения солярного божества, они разбросаны во многих местах евразийских степей и гор. Например, в урочище Тамгалы в 175 км от Алматы имеются петроглифы, датируемые эпохой бронзы. Это образы Тенгри, Умай. Танцующие фигуры людей – физический мир. Солнце обозначает мир Великого Духа, Луна – мир

предков. Все три уровня тесно связаны и сосуществуют друг с другом в изоморфных отношениях [6].

Интересные обрядовые действия в этот день осуществлялись в традиционном быту уйгуров. Рано утром в центре селения разжигался ритуальный костер, от которого все разносили по домам огонь с помощью зажженного тонкого прутика арчи. Полагалось эту горящую веточку оставить у ворот своего дома. Делалось это для очищения своего жилища от всего негативного, а с другой стороны, с целью к приобщению к животворящему солнцу. Далее группа женщин шла к источнику умываться, что означало ритуальное очищение. После этого можно было слегка брызгать друг друга водой, приговаривая «чтобы новый год был полен воды, а урожай был обильным». Следовало также для очищения дома побрызгать водой двор и чисто подмести. Затем большую куклу наряжали в платье черного цвета, как для пожилой женщины, в результате чего создавался символический образ водяной женщины «сухатун». С этой куклой ходили по домам и пели обрядовые песни.

В заключении, можно сказать, что в традиционной культуре народов Казахстана и Средней Азии была разработана целая система новогодних обрядов, связанных с верой в силы природы, матери – земли. В них прослеживается сплав музыки, игр, спортивных состязаний, театрализованных действий, магических ритуалов, смысл которых направлен на обеспечение благополучия, стимулирование изобилия и счастья в новом году.

Приближается великий праздник Наурыз, который в старину длился почти месяц, и к нему тщательно готовился и стар, и млад. Напрашивается вопрос: является ли этот праздник этнической традицией? Если мы с вами можем дать положительный ответ на поставленный вопрос, то напрашивается еще один вопрос: так почему мы сохранили лишь кое – какие сведения об этом празднике? Это значит, что мы с вами утратили некоторые компоненты стереотипов нашего поведения. Этот обычай, как и другие, в сумме составляют стереотипы поведения народа которое меняются в зависимости от его возраста. И мы можем сказать одно, хорошо, что к нам возвращается утраченное...

Список литературы:

1. Мукушева А.Этюды месяца Наурыз. Празднование Наурыза. - «Фемида» 3/2000. – С. 74-76.
2. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней). В пяти томах. Том 3. - Алматы: «Атамұра», 2000. – С. 402-404.
3. Ел мәдениеті. Навстречу празднику. - № 05 (22). - 15.03.07.
4. Мустафина Р.М. Представления, культы, обряды у казахов. - Алма-Ата: «Қазақ университеті», 1992. – 176 с.

5. Джаныбеков У. Эхо... по следам легенды о золотой домбре. - Алма-Ата: «Өнер», 1990. – 295 с.
6. Самашев З. Петроглифы Казахстана. – Алматы, 2006. – 200 с.



С. Ерғали

этнолог, мәдениеттанушы

НАУРЫЗ – ТАРИХЫ ТҰҢҒИЫҚ ТЕЛЕГЕЙ МЕРЕКЕ


Наурыздың шығу тегі оның тарихи «тереңдігімен» байланыста. Егер парсы халқы әрі кеткенде 3000 жыл бойы қалыптасса, Наурыздың тарихы кемі 5000 жыл деуге болады. Наурызды ежелгі Мысырдың Хор мен Сет қарсыластығына қатысты жарық пен түнектің тайталасына қатысты бастауы бар екенін шамалауға болады. Парсылық наурызды паш етіп тұрған Авеста жазбасы мен одан берідегі Фирдаусидің Шахнамасындағы Наурызлама, бірақ бұл шығармалар Наурыздың тамыры парсыда деген сөз емес, өйткені ежелгі Ерен/Иран мен Тұран тіл мен этнография, таным-сенім жағынан өзара туыс халықтар болған, кейіннен хатқа өзге тілдерде түсіп, не көшіріліп, түркілік құндылықтар өгейленді, «парсыланды».

Наурыз үнділерде «холи» аталып, бояу мерекесі ретінде, ал орыстар бұны православиелік «пасха» атағанмен, тамыры – Наурызда, олар да әзірбайжан секілді жұмыртқаны түрлі түске бояйды, ал әзербайжандар - христиан емес, кім кімнен алды? Немесе Ал бүгінгі парсыларда **Ш** дыбысынан басталатын 7 тәтті тағамнан басқа өзге Наурызға қатысты айшықты этноқұндылық көзге түсіңкіремейді. Бүгінгі Иранның наурызын гүлдендіріп жүрген сондағы 30 миллион әзербайжандар, олар - түркілер. Олардың төбелерге от жағуы кәдімгі – аластау ғұрпы. Оны күні кешеге дейін отары үрке беретін совхоздың қойшы қазақтары атқарып келді.

Әзірге тарихи дәйек ретінде тікелей Наурыз мерекесіне қатысты әлемде бір ғана нақты тас жазба бар, ол – Алматының солтүс-батысындағы 170 шақырым қашықтағы Аңырақай жотасынан табылған Таңбалы қашама суреттер арасынан табылған Тәңір-Іңір жүйесі.



Түркілер көктемгі «теңесіммен» шектелмеген, күзгі теңесім (22 қыркүйек) қарсаңында Чук (шұбаш), Сабантой (қазақ, башқұрт, татар, шұбаш), Ақ ай (маңғол, қалмақ) мерекелері аталса, оған қоса қысқы Күн тоқырауы да (22 желтоқсан) «Нартуған», «Соғым басы» (қазақ, башқұрт, татар, шұбаш), «Корачун» (мажар-қыпшақтар, кейбір Сібір, Саян түркілері) түрінде аталып, жазғы Түн тоқырауына қатысты (21 маусым) мереке Ысыах (сахаларда) түрінде мейрамдалады. Қысқасы, Күн-Түн арақатысына байланысты мерекелердің барлығы Күнді қастерлеу көріністері және аса ұлы салтанаттар болып табылады. Парсыларда көктемгі және күзгі теңесімдердегі Новруз және Мизам мейрамдары ғана мерекеленген, бүгінде тек қана көктемгі нұсқа қалды.



Енді «жаңа күн» ұғымына келсек, ол бүгінгі Наурыз мерекесіне емес, обаста түркілік Нартуған (шұбаштарда - Нартукан) аталған 25 желтоқсандағы Күннің «жаңадан туылу» сәтіне қатысты болатын. Сол **күнсәби** «қызыл шақа» аталып, «жаңа күн» ұғымында болған.

Қазақтың нәрестеге қатысты «шақалақ», уақыттың бір бөлшегіне қатысты «шак» сөздері басын содан алады. Бұны маңғолтектілер «цаған», «шаған», «чаган» түрінде бүгінде ай ұғымын атайды. Сөйтіп, жылына Тәңірдің «ұлы» болып табылатын Күн құдыретті паш етуге арналған ұлы 4 мереке өзара ғұрыптық жағынан байланыста болған, оны бүгінде түркілердің төрт тарабы да атап өтеді. Қысқасы, тарихи жағынан да, этнографиялық жағынан да Наурыздың парсылық тегі мүлдем солғын.

Наурыздың парсы сөзі екендігі әзірге лингвистикалық стереотип қана. Қазақтар бұл мерекені «ұлы іс күні» атаған, «ұлыс күні» емес! Осыдан «ұлы іс таңы» деген тіркестің бар екенін Ақселеу ағамыз «Қазақ әлемі» кітабында «ұлыс таң» түрінде келтіреді. Мұндағы «ұлы іс» тіркесі бірігіп «ұлысқа» айналған. Жалпы алғанда қай мереке де, ғұрып та, дәуір сайын өзгеріп, атаулары құбылып тұрады, бірақ басты ұстыны қалады. «Ұлыс оң болсын» деген тілек ұлысқа емес, іске қатысты, өйткені ұлыстың оң-терісі болмайды, істің оңы мен терісі болады, теріс іс кері кетеді, қазақ соны болдырмау үшін осылайша тілек тілеген. Ал «Ақ мол болсын» дегені сүттің молдығын емес, ең әуелі жарықтың көп болып, түнектің аз болуын тілегені, соған арнап жерге сүт бүркуі жарықты егу ғұрпы болып табылады.

Парсылық «нов – жаңа» деген қалыптасқан ұғым да осалдануда, парсының «жаңа» ұғымы қалыптасқанша, адамзатта соны, тұмса, яғни «свежий» ұғымын берген «ну/нау» сөзі болған, «ну» - жасыл, әрі жаңа ұғымын береді; адамзат бұйым жасап оның көнеретінін ұққан соң ғана «ескі», «жаңа» ұғымдары шықты. Ендеше жаңа бұйымның ескіргеніне дейін бар табиғи құбылысқа НОУ тән бе, әлде ну/нау тән бе? Жалпы «жаңа жыл» ұғымы өте кенже ұғым, бұл тіпті XX ғасырда ғана орнықты, ал бұған дейін Рождество/Нартуған ұғымы болып келді, бұл Иса пайғамбардың емес, ең әуелі Тәңірдің ұлы Нар/Нұр есімді Күнсәбидің тууы туралы миф болатын.

Осыдан барып, «жаңа күн» ұғымы туындады. Бұны парсылар шатастырып, көктемгі Наурызға атау етіп жіберген.

Енді «нау/ну» ұғымына қатысты қазақ ұғымдарына үңілейік:

• **Нау тарту** – гүлдің, өсімдіктің жаңадан өсіп, шешектенуі;

• **Науа:** 1. үлкен, ұзынша астау; 2. Астық, көмір, т.б. заттар ағып тұратын арнаулы нәрсе; ежелгі мәні – ырыс құятын арна;

• **Науан:** үлкен, биік, өте жақсы, тамаша, әдемі. «Алдымнан ашылды бір науан есік» (Шалабаева), ақын әлдебір мифологиялық жер мен көкті жалғазан есікті айтып отыр;

• **Науғы:** арғы тек, тұқым. «нау» сөзі «жаңа» ұғымын бергенімен, ол «әуелгі», «соны» (свежий) дегенді де меңзейді; бұл жердегі «нау» сөзі осы жолы әуелгі, түпкі (первичный) дегенді аңғартады;

• **Науша** – 1. жаңа. 2. жас жігіт, бозбала. 3. Ауыспалы мағына: бойшаң, бойжеткен, сымбатты – жігіт (қыз). Бұдан артық лингвистикалық қандай қандай дәлел керек? Ал парсыда нау/нов сөзі бір ғана ұғыммен шектеліп тұр.

Наурыздың қызылала түсті нышаны жоғарыда аталған Нартуғаннан ығысқан. Негізінде Наурыздың түсі қасиетті 7 бояумен сипатталады, оны қазақ құрақ көрпемен берген, наурыз кезінде сол себепті жайнатып, айналаны түрлі түсті төсеніштермен безендірген. Мейрамның басты нышаны орта ғасырларда қызыл раушан, ал жалпы мерекеде қызыл телпекті сайқылар басты кейіпте болған, бұл - негізінен ортықшы жұрттарға тән.

Қазақ халқында наурыздың тағы бір атауы «Уыз мереке» түрінде кездеседі. Бұл шығыс өңірде сақталған атау. Қазақтың наурыздық дастарқанға **уыз қағанақ** деген тағам қоюы осыған қатысты. Бірақ бұны барлық қазақ біледі және наурыздағы басты тағамның бірі болған. Бұл бүгінгіше айтқанда жаңа туған малдың сүтінен жасалған сыр (орысша айтылуы - сыйр). Осының бәрі «жаңа күн» тіркесінің паш етпесі емей немене?

Жалпы Наурыз – тәңірлік танымның тікелей салтанаты. Ал түркілер, соның ішінде қазақтар тәңірлік құндылықты құндақтаумен келе жатқан халық, тіпті Шоқан атамыз жазғандай 19-ғасырға дейін ислам мен тәңірлік ғұрыпты қатар ұстап келді. Бар кілттипан осында! Тәңіршілдік - дін емес, жалпыадамзаттық дін дәуіріне дейінгі танымдар мен ілімдердің, Адамның Табиғатпен, Ғаламмен қатынасының ережесі, заңдылығы мен көрінісі. Кейін діндер шыққанда бұл ғаламдық таным мен ілім тек қана адамаралық қатынаспен шектеліп, тәңірлік танымның қарымы тарылды. Тәңірлік ілім ірі 4 дінге төрт ұстын болып паршаланды. Сондықтан Наурызды тек қана зоростризммен байланыстыру қателікке ұрындырады. Қазақтың ең **көне саналатын жыл басының бізде беріге дейін сақталуының мәні – халқымыздың аса ежелгі тәңірлік танымнан бас тарта алмағандығының бірден бір көрінісі.**

Жалпы, бүгінгі еброкіндікшіл идеология негізіндегі тарих та, этнография да Наурыз мерекесін «языческий», «жалаңбұт діннің» мерекесі

санайды. Шын мәнінде мүлдем олай емес, бұл барлық дінді біріктіріп тұрған діннен жоғары, жаратқандық мереке! Оның діңі: Адам – Ғалам, Адам – Адам, Адам – Табиғат секілді басты үш бұтақты өрбітеді. Наурыз осы біртұтас құндылықты паш ететін жалғыз жалпыадамзаттық мереке. Тәңіршілдіктің дін еместігі де сонда, ол барлық діннің аталық танымы мен ілімі, құндылығының басқы жыймасы. Ежелгі біздің ата-баба сенім мен танымның бұзылмаған тұмса күйін ұстанған.

Оны кейбір қазақы құндылықтарға шолу жасау арқылы танымдық қарамын аңғарайық.

Бәйтерек/Жолтерек – түркілік танымдағы ғаламдық ағаш. Ал, бәйтеректі орап жататын жылан кейіпті жеті басты айдаһар – Уақыт. Айдаһардың жеті басты болуы оның о бастан аса жетілген ғаламдық құдыретті дүлей (стихия) екендігінде. Жеті санымен түркілер құдыретті кемелдікті таныған. Ал, самұрық - Бақ құсы, адамның мұраты, Уақыттың болашақ бөлігі мен адамды соған жеткізер «көлігі»! Міне, осы миф арқаудағы бәйтерек Наурыз рәсінде **Йол** (киіз үйде бұл - бақан) ретінде кейіптелсе, ал айдаһардың рөлін «йолды» айнала тізбектелген адамдар атқарған. Бұл алтын ордалық күйреуден соң христиандық Туылыс/Рождество мейрамының ғұрпы мен атрибутына айналды. Бір қызығы, қол ұстасқан адамдар он екі айдың немесе он екі мүшелдік жылдың болмаса үш жүз алпыс бес күннің кейпінде билеп айналған. Бұны Таңбалы тасжазбасындағы он екі кейіптің биінен байқаймыз.

9 күй. Ежелгі ғұндар бас таңды 9 күй тартып қарсы алған. Күйдің тоғыз болуының өзі оның тәңірлік сипатын танытады.

Айтыс. Қазақтың бұл өнері Наурызға қатысты дуалистік бейбіт тартысты паш ету көрінісі ретінде мойындалады. Осыған лайық Өлі-Тірі, Жаз-Қыс, Қыз-Жігіт айтыстары ежелгі Күн-Түн, Тәңір-Іңір секілді дуалистік таластың көріністері.

Алтыбақан – ойын емес, өз мәні көмескіленген ежелгі жоралғы. Алты бақанды тігінен үш-үштен бастарын байлау мен жетіншісін олардың бастарын қосуға пайдалануда үлкен космогониялық таным жатыр. Бұл рәсімде ежелгі ғаламның пайда болу құбылысы орын тапқандай, бізге жеткен әфсаналар бойынша алты күн ішінде жеті планета жаралды деген мифтік ақпарат жатыр. Алтыбақан тебетін жігіт – Күннің, бойжеткен – Айдың кейпі. Сайып келгенде бұл маятник – Күн мен Түннің үйлесімін паш етеді.

Жамбы ату. Жамбы ату – Күнге табынған ежелгі адамдардың жаңа Күн ұлын таңдау ғұрыптарының бірі болған. Этнограф Т.Өмірзақ: «...Тәңірлік таным бойынша Садақ – Кеңістіктің, Оқ – Уақыттың баламасы іспетінде бірбүтін Ғаламның, Садақ – Ана тектің, Оқ – Ата тектің, Садақ – Судың, Оқ – Ағаштың (Бәйтеректің) таңбасы ретінде танылған...» - деп жазады. Жамбы дегеніміз – айға ұқсаған жылтыр металды - «айқабақты» атып түсіру үрдісі болған. Мұнда да Түнге қарай оқ ату мәні бар.

Көкпар. Ай мүйізді ақсеркені болмаса боз қасқа малды құрбандыққа шалу - Күнге табынушылардың «Айды құрбан ету» актысының көрінісі деуге болады. Өйткені, ежелгі халықтар мүйізді малды – ешкі мен сиырды Айдың нышаны ретінде қабылдаған да, Айды Күнге жығып берудің бір ісі – соның сәйкес нышаны болар малды құрбан ету болған.

Түркілерге мейлінше жақын тәжік халқы Наурызда көкпар тартып, оны «бозқашы» атайды. Бұл түркілік сөз әрі рәсім екені анық: бозқасқа құрбандығы ежелгі Күн құрметіне сойылған серке болуы керек және он екі айдың кейпіндегі топ тартысқандығын пайымдауға болады. Бұл тартыс он екі айдың Күнге таласы іспетті ойын. Бұлардың барлығы қазақтың ата-бабасының теологиялық танымы мен мифологиялық ақпаратты өмірге сыналап, дәстүрге «сіркелетіп» шебер енгізгенін байқаймыз.

Наурыз мерекесі кәзіргідей 21-22 наурызда емес, ескі күнтізбеде 1 наурыз, жаңаша күнтізбеде 14-де басталған. Неге? Наурыз айы туғанда, Күн Тоқты шоқжұлдызындағы қозғалмайтын Амал жұлдызына беттеп, «көріседі» де, оның әсері жерге беріліп, көктемгі жылыну үдерісіне ұласады. Қазақтардың көрісу дәстүрі осыдан туындайды. Яғни, тоқсан күн қыс 13 наурызбен бітіп, жылдың да, көктемнің де басы 14 наурыз болып есептеледі. Демек, Наурыз мейрамының басы Теңесімге емес, астрономиялық құбылысқа қатысты. Амал шарасының Наурызға қатыстылығын әйгілейтін әдеби жәдігерлер қыруар. Күн мен Амал жұлдызына қатысты көктемнің келуін ортаазиялық ақын Рабғұзи (Насреддин) «Көктем» өлеңінде былайша суреттейді:

Ғаламның Күні кезіктіріп Тоқтыдағы Қамалды,


Қар мен мұзды ерітіп, аласапыран басталды.

Аяз бенен қарға бөккен ел еді...

Қарашы енді: Күн келеді, Күн келеді!

Шоқан Уәлихановтың қазақы күнтізбе туралы жазып, астрономиялық кескінін келтіріп салған суретінде үш тілдегі күнтізбе сипаттамасы Наурыз айынан басталады. Суретте Шоқан Амал жұлдызына Күн жүйесінің жолығуын бейнелеген.

Сөйтіп, Наурыз айы туғанда, яғни бүгінше – 14 наурыз (ескіше – 1 наурыз) Күн Тоқты шоқжұлдызындағы қозғалмайтын Амал жұлдызына беттеп, «көріседі» де, соның әсері жерге беріліп, жыл маусымы алмасады: тоқсан күн қыс 13 наурызбен бітіп, жылдың да, көктемнің де басы 14 наурыз болып есептеледі. 14 (1 - ескіше) наурыз – түркілік жыл шеңберінің жігі, Көктемнің, мүшелдік жылдың басы. Бірақ елдің бәрі 21-



22-не ресми тойлағасын, Маңғыстаудан басқасы соған көшті, тек көрісу ғұрпы ғана сақталып қалды. «Көрісу», «амал» сөздері Наурыз мерекесінің параллелі болып кетті. Бұрын этнографияда ондай мереке болмаған, көрісу – Наурыздағы басты ғұрып, ал Амал турасында айттық. Көрісу

қазақтың бәріне тән болмаса Абай өзінің әйгілі «Жазғытұры» өлеңінде былай жазбас еді:

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.
Ақынның «Жыл құсы» деп отырғаны – «наурызек» аталатын көкала торғай.

Қорыта айтқанда, Наурыз – тамыры мен тарихы тұңғыық мереке.

Ақпарат көздері:

1. Исқақов М.Ө. Халық календары/-Алматы: Қазақстан, 1980. 318 бет.
2. ош келдің, Наурыз! «Ақ орда». «Өлке» баспасы, Алматы қаласы. 1993 жыл, 79 бет
3. Өмірзақ Т.М. Ұлыскүнкітабы. – Астана: «Руханият» орталығы», 2001, 136 бет
4. «Қазақ тілінің сөздігі». А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білім институты, Алматы, 1999 ж.
5. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», Алматы, 1961 ж.
6. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», Алматы, 2008, «Дайк-пресс».
7. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», Кенжеахметұлы С. - Алматы: Алматы кітап, 2005.- 284 с.
8. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы
9. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл. ISBN 5-89800-123-9, IX том
- 10.«Наскальные изображения Южного Казахстана», Ренато Сала, Жан-Марк Деом, 2005
- 11.Абурейхан Бируни. Памятники минувших поколений кітап ал-асар ал-бакия ан ал-курун ал-халия – Слово о празднествах и знаменательных днях в месяцах персов – http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Biruni_2/frametext10.htm
- 12.Армысың, өз-Наурыз! - Астана: "Зерде" баспасы, 2010 жыл.-357 бет
- 13.Ахметова Зейнеп. Бабалар аманаты: Естелік эссе. - Алматы, 2012. – 388 бет
- 14.Ерғали С. Нау мен ырыс: пайымдама / – Алматы: «Қазғұрт» баспасы, 2011. – 184 бет.
- 15.Жанболатұлы М. Наурызнама Семей 2009 ж. 252 бет
- 16.Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс,2004. 516-б.
- 17.Магия Наурыза. Издание первое. 2007 г. - Алматы, 2007. – 312 стр.+12стр. вклейка
- 18.Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шығармалары.8-том, Павлодар – «Эко» ҒӨФ,2007,418 б. (49-53 беттер).
- 19.Омар Хайям. Науруз-намә. Журнал "Митра" №5 2000 год - <https://zoroastrian.ru/node/1379>

20. Рүстем-дастан. Фердауси «Шаһнамасының» ізімен жырлаған халық ақыны
21. Тұрмағамбет Ізтілеуов. Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы. 1961. – 599 бет
22. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. - Алматы, «Санат», 1997.- 464 бет
23. Уәлиханов Шоқан. Таңдамалы.- Алматы "Жазушы", 1980.- 410

М.О. Макибай

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық
Университеті Ғылыми кітапханасының
кітапханашы-библиографы, өлкетанушы*

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ: ЖЫЛ БАСЫНЫҢ БАСТАУЫНДАҒЫ МӘНГІЛІК ӨМІР ЖАЛҒАСЫ

Тәуелсіз еліміздің мәдени, саяси, рухани өмірінде болып жатқан көптеген жаңалықтар легінде өмірге қайта келген ұлттық мерекеміз - Наурыз мейрамы да бұл күндері жаңа сапаға ие болып, бүкіл қазақ жеріне аралап кеткеніне 30 жылдай уақыт өтті.

Көктем мен еңбектің, дәстүр мен салт-сананың, өнер мен мәдениеттің бұл мерекесін кеңінен атап өту қайтадан халық дәстүріне енді.

Кеңестік социалистік республика одағы кезеңінде жоғала бастаған ұлтымыздың ізгі қасиеттері, асыл рухы, болашаққа сенімі мәңгілікке жоғалмай қайта жаңғырып ұлттық тәуелсіздікке ұласты. Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы ұйқылы ояу дәуірінен аман қалып өркениетті, құқылы, демократиялық, ұлттық қайта түлеу кезеңіне бағыт алды.

Тәуелсіз мемлекеттің алғашқы қадамдарының бірі ретіндегі талпыныстар ұлттық күнтізбені орнықтыру төңірегінде болды. Қилы замандар қойнауларында ұмыт бола бастаған халқымыздың жыл мезгілдеріне байланысты атаулары, табиғат пен кеңістікке байланысты тәжірибелері салт-сана, дәстүрлері, ұлттық мейрамдары төл күнтізбеден біртіндеп орын алып, жаңа заманның талабына сай өркендеуде.

2009 жылы Наурыз күні ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзі бастап, Наурыз мейрамының мәртебесін арттыру мақсатында «Наурыз – жылдың алғашқы айы. Түптеп келгенде, біздің нағыз Жаңа жылымыз осы Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз болуы қажет, алдағы жылы 3 күндік мереке ретінде белгілейтін боламыз деген болатын. Содан бірер айлардан кейін 3 күн демалатын ресми мерекеге ұласқан соң, бұл бастама халықаралық ұйымдар мен көрші мемлекеттердің тарапынан да қолдау тауып, ЮНЕСКО көлемінде

атап өтілетін Біріккен Ұлттар Ұйымының ұлы мерекелер қатарына қосылды.

Осындай оң өзгерістер ұлтымыздың санасын өсіріп, еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуына өз септігін тигізеді. Әрбір азаматтың бойына ізгіліктің алтын ұрығын егіп, қазақи қасиеттерге тәрбиелеуге көп көмегін жасайды.

Наурыз атаулының бес мың жылдық тарихы бар. Наурыз – ерте заманда отырықшы иран тілдес халықтарда қалыптасқан, егіншілік ғұрыптармен байланысты мейрам. Бұл атау қазақ тіліне Соғда мен Хорезм арқылы парсы тілінен енген. Наурыз сөзінің негізгі түбірі «Нау – «Жаңа» немесе «Жаңару» деген мағынаны білдірсе, «Руз» - «Күн» деген ұғымды айғақтап «Жаңа күн» сөзін, яғни «Наурыз» атауын тудырған.

Наурыз мейрамы күн мен түннің теңелуіне негізделген, яғни қыс қайтып көктемнің келуі, табиғаттың тірілуімен шендестірілген үлкен мейрам болған. Уақыт өте келе Наурыз түркі елдерінің төл мерекесіне айналды. Наурыздың шығу тарихы және оның Шығыс халықтары арасында тойлануы жөнінде әртүрлі тарихи басқа да деректер жеткілікті. Біздің жыл санауымыздан бұрын дүниеге келген даналықтың басы болған қасиетті «Авеста» кітабында, Қашқари Махмудтың «Диуани лұғат-ит-түрік» түрікше – арабша сөздігінде, қазақтың қиял-ғажайып ертегілерімен көшпенділердің алты ай жаз бен алты ай қысқа байланысты астрономиялық түсініктерінде кездесіп отырады. Сондықтан Наурыз мейрамының, кәзіргі аталатын мерзіміне келер болсақ, оның орнығуы 1079 жылы тәжіктің ұлы ғалымы Омар Хайамның арқасында деп кесіп айтуға болады. Ұлы ғалым мерзімдік шарттарды математикалық тұрғыда дәлелдеп, шығыстың шын күнтізбесін дүниеге әкелді [1, б.22].

Наурыздың шығу тарихын терең зерттеп, зерделі ой айтып, қалай мерекелейтіндігі жөнінде тарихи мәліметтер көне дәуір мен орта ғасыр ұлы ғалымдар Омар Хайам, Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Махмуд Қашқари, Әлишер Науаи, Ходжа Хафиз және басқалар наурыз мейрамы ежелгі заманнан бері атап келетіні туралы көне деректер қалдырды.

Наурыз мейрамы туралы халқымыздың ұлы тұлғалары Абай, Шоқан, Ә. Бөкейханов, Шәкәрім, М. Ж. Көпеев, А. Байтұрсынов, М. Әуезов, М. Дулатов, С. Дөнентаев т.б және батыс ғалымдары еңбектер жазды.

Белгілі ғалым Советқазы Ақатаевтың айтуы бойынша ежелгі рим тарихшы Квинт Курций Руф өзінің «Александр Македонскийдің жорығы» атты еңбегінде бұл мейрамды Орталық Азия халықтарының өткізу тарихына тоқтала келіп «Ұлышах заманында, оның дала тұрағының үстінде күннің бейнесі ілініп қойысымен алаңға 365 жасөспірім шығады. Олар қызыл түсті киім киетін болған. Осыдан кейін мейрам басталатын болған. 365 жасөспірім, бір жылдың 365 күні кейпінде болған».

Қазақтар 360 күннен тұратын бір жылды әрқайсысы 30 күннен тұратын 12 айға бөлген. Жыл соңында санатқа кірмей қалған 5 (б) күнді (кібесе жылдары 6 күн) қосып, жыл соңында күнтізбені дәлдеп отырған.

Осы күндерді қазақ « бес қонақ » деп атайды. Жаңа ай тумас бұрын, ескі ай батып, көк жүзінде жаңа ай көрінбейтін 2-3 күнді халқымыз «өліара» деп аталған және бұл күндер ауа райының бұзылуына әсер еткен. Қазақтар осы күндерде сақтанған, яғни бесқонақ өтпей жолаушы шықпайды, малдың бағым –күтімін мұқият қадағалап, бейуақ қашық өріске шығармаған, жиын -той жасамаған, мал сойып, қонақ та шақырмайды. Ақсақалдапр өліарада «апыр-ай қайтер екен» деп, ауыл иттерін үргізбеген. Халқымыз «өліараның» тыныш өтуін жақсыға жорып, ырым еткен. Сонымен, «бесқонақ» ұғымы қазақтың ежелгі танымының тоғысы ретінде ұлттық күнтізбенің айғағы. Қыс аяқталып, Жаз басталмақ, Түн мен Күн теңеліп өліара өткен жылылық, жарықтық мерзімі күндізгі уақыт ұзармақ. Осы мезеттен бастап жан-жануарға, өсімдікке, жәндікке жан бітіп, қар кетіп, су ағып тіршілік түлемек. Осы күнді «жаңа жылдың басы, жаңа өмірдің басы» деп тану халық даналығы дегеніміз лайық [2 Б.94-95].

Наурыз мейрамы туралы көне деректердебіздің дәуірімізге дейінгі 46 жылға дейін римлиндер жаңа жылды 1 мартта қарсы алып отырған екен.

Қазақстан мен Орталық Азияны мекендеген қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік, ұйғыр және басқа да халықтар «Наурыз» дәстүрін, оны өткізу ғұрыптарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді [3 Б.13-15].

Христиан дінін қабылдағанға дейін ежелгі Русьте жаңа жылды 1 наурыз (март) күні қарсы алу дәстүрі болған. Мейрам күндері Құт құдайының құрметіне арналған шырақтарды шиіе ағаштарына ілген.

Ағылшындар XVIII ғасырдың бас кезіне дейін Жаңа жылды 26 мартта/наурызда/ тойлап келді. XI ғасырдан бергі нақтылы тарихы бар.

Алаш ақиығы Әлихан Бөкейханов жаңа жылды март айынан басталатындығын дәлелдеп, былай деген болатын: «Мұсадан бері еврей жаңа жылы марттан басталады. Римде жаңа жыл март еді. Біздің қазақ жаңа жылы мартта басталғаны адасқандығы емес. Жаңа жыл мартта басталса күн мен түн тең болғанынан бастау керек...».[4Б.8]

Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлы: «Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күн шығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі артықша дәлелді. жыл сайын осындай қуанышпен қарсы алып, ойнап-күліп өткізу үшін, қазақ елі, ерінбей еңбек сіңіріп, мезгілін өткізбей егін егіп, пішен шауып, күн ілггері қамынды же! Жаңа жыл құтты болсын, қазақ! Дүниеге көрік берген шырайлы жылы жыл басы – Наурыз , қош келдің!»- деп құттықтапты ,1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінің 22 наурыз күнгі №75 санында.

Наурызды жыл басы ретінде атап өту жөніндегі деректер көптеп саналады. Ұлы даланы қоныстанып, жыл маусымдарының қас-қабағымен санасып, аспан шырақтарын бағдарлап, төрт түлік малды тіршілігіне тірек етіп, Тәңірге табынып ғұмыр кешкен көшпелілер есте жоқ ескі заманнан бері Наурызды тойлап келеді. Халқымыз күн мен түннің теңесер шағын жылдың басына балап, дүние тіршіліктің жаңғырар сәті екенін ұғып,

сонысын кие тұтып, Наурызды халқымыз ежелден «Ұлыстың Ұлы күні» деп атаған. Ежелгі қазақтардың Ұлыс күнді «Ұлыстың ұлы күні – жыл басы» дегені – Елдің, Қағанаттың, Хандықтың, Мемлекеттің ең ұлы күні деген сөз. Көктемдегі күн мен түннің теңесер мерзімін Ұлы Дала көшпелілері ертеден-ақ аңғарып, мұндай ұлы құбылысты Тәңірдің құдыретінен деп ұққан. Күн мен түннің теңесер мерзіміне, яғни жыл басына «мәңгілікөмірдіңбастауы» ретінде айрықша мән берілген.

Тілімізде Наурызға қатысты «жер бетіне жақсылық ұялаған күн», «ұлыстың ұлы күні – ұлыс күн», ...«жылдың жерге түскен күні», «Самарқанның көк тасы еріген күн», «Жер-Ананың тоң кеудесі жібіп, тас емшегі иіген күн», «Ұлы күн» деген ел жадында сақталған атаулар, аңыздар, ұғым-түсініктер, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер көптеп қалыптасқан.

Халқымыздың мифологиялық түсінігі бойынша жақсылықтың жаршысы, жаңа түскен Күн нұрының символы – Қыдыр ата 21 наурыз түні даланы аралайды. Қыдыр – адамдарға дәулет дарытып, бақ қондыратын, ақсақал кейпінде көзге көрінетін қиял-ғажайып персонаж. Сондықтан да қазақ халқы көне заманнан бері Наурызды күн мен түннің теңелген уақытта, жаңа күнтізбе бойынша Жаңа жылды наурыздың 22-сі күні жыл басы ретінде таңғы 3-те қарсы алып, дәл осы сәтте даланы Қыдыр баба аралап, Самарқанның көк тасын ерітсе керек.

Наурыз мейрамында танымдық мәні мол, жұмбақ сырлы өзіндік рәсімдер бар. Соның бірі Ұлыстың Ұлы күні дайындалатын «Наурыз көже» – қасиетті асы. Ол 7 түрлі дәм, тағамнан жасалуы тиіс талап бар.

«Наурыз» мейрамы таң шапағын қарсы алудан, «Бұлақ көрсең – көзін аш» деп аталатын ескі ғұрыптан басталады. Мұның мәнісі былай; таң шапағын қарсы алу үшін еркек, әйелдер мен жастар қолдарына күрек ұстап, белгіленген жердегі бұлақ басына, арық жағасына, тағы да басқа су алынатын жерге барып оның көзін «ашқан» болады. Осы кезде жастар ақсақалдардың басшылығымен үйлер мен көшелерде, ағаш, гүл отырғызады. «Адамнан мал қалғанша тал қалсын!», «Бір тал кессең, «Наурыз» күні он тал ек!» деген сөздер айтылатын болған.

Наурызды қарсы алу мерзімі Күн мен түн (қараңғы мен жарық), Қыс пен Жаз (ыстық пен суық) тепе-теңдікке келген сәттен бастап тойлануы тегіннен тегін емес. Осыған байланысты ата-бабаларымыз Табиғат пен Қоғам, Ел мен Жер және қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың ара қатынасына да ТЕПЕ-ТЕҢДІКТІҢ сақталуын талап еткен.

Өткен ғасырларға дейін әлемде адамзат пен табиғат арасында біршама тепе-теңдік сақталып келгені белгілі. Ал ХХ ғасырдан бастап ғылыммен қаруланған адамзат баласы осы тепе-теңдікті бұзып алды да, жер-жаһанға экологиялық апат төнді. Наурыз тойланбаған 62 жыл ішінде ғана емес, елде қаншама бұлақ көзі ашылмай, өзендер суалып, теңіз көлдер түптеп шайқалды, қаншама шыбық отырғызылмай, орман-тоғай жоғалды?!

Жер бетіндегі ел мен елдің, ұлық пен кішіктер арасында тепе-теңдік заңы сақталған жағдайда ғана олар бейбіт өмір сүре алады.

Наурыз күні адам атаулының арасында «хан», «қара», «әйел», «бала» деген болмай, толық теңдік орнайды. Күні бүгінге дейін тілімізде айтылатын «Құлға да бір күн азаттық», «Құлдан да бір тілек бар» деген мәтелдер, «Наурыз жырындағы»:

«Құл құтылар құрықтан,

Күң құтылар сырықтан», – деген жолдар осы бір көне салтты айғағы. Сондықтан да бұл күн – «Ұлыстың ұлы күні» деп аталған [56.26].

1988 жылы жаңа тарихымызға ұлттымызды Ұлыстың Ұлы – Наурыз мейрамымен тұңғыш рет республиканың түкпір-түкпіріне қайта қауыштырған, сол кезде Қазақстанның мәдениет министрі Өзбекәлі Жәнібеков «Наурызды елден, елді Наурыздан ажыратуға болмайды»- деп Наурыз мейрамының ерекшелігін Қазақ Елі үшін қаншалықты маңызды екенін нықтаған еді. Бүгіндері бұл - Наурыз тек қана Күн мен Түннің, қыс пен жаздың, өлі мен тірінің, бар мен жоқтың, уақыт пен кеңістіктің біртұтас үйлесімді тепе-теңдікке келуіне байланысты емес, адам баласының қуанышы мен сүйінішінің Мәңгілік елге қадам басқан Ұлы Қазақ Елінің тәуелсіздігінің ақ таңы мен алға қойған мақсаттарының көктемі мен ұлан асыр еңбегінің ұлы тойы ретінде қабылдануда. Осындайда Тәуелсіз Қазақстанның жас Астанасында құрылған қазақтың бар-жақсылық қасиетін бойына сіңіргентұлға Дархан Мыңбай мырза бастаған жаңа ҚР Ұлттық музейдің ұжымы, ашылған күннен бастап талай игілікті істердің ұйытқысы болуда, болашақ ұрпағымызды бай ежелгі тарихтан бүгінге дейінгі Наурыздан басталған, бай мұра ұлттық болмысымыз, ұлттық ерекше қасиеттер мен ұлттық құндылықтарымызды сақтауда атқарып жатқан ұжымдық тың істеріне әрқашан тәнтіміз.

Өзағаның бастап кеткен қазақ тарихы мен мәдениетіне қосқан үлгісін, қалалық, аудандық елді мекендерде жанашырлық танытқан ізбасарлары солтүстікте Ж.Сүлейменов, Семейде - М.Жанболатұлы Алматыда – Ж.Әмірханова, Торғайда - С.Кенжеахметов, Қарағандыда – К.Жұмабеков, Ақмолада – Ж.Әбдіхалық, М.Керейбаев тағы басқалар бүгінгі деңгейге жеткізуге атсалысты. Ал Мұрат Керейбай Ақмола, орталық өңірлерінде, Астана қаласы тарихында Наурыз мейрамы мен қоса Қымызмұрындық мейрамдарын республикада тұңғыш өткізіп қалыптастыруға 1974-2007 жылы қайтыс болғанға дейін үздіксіз еңбек етті. [5.Б.3] Кеңес үкіметі тұсында қазақтың салт-дәстүрлерін мәдени шараларға кіргізу жолында 2-3 рет комсомолдық, партиялық лауазымды қызметтерінде пайдаланғаны үшін талай сөгіс те алды. Ұсығылған карьералардан өзі бас тартып, тарихшы мамандығы бойынша сабақ бере жүріп, кәсіподақ комитетін тегін басқарып өз ойларын іске асырудан тайсалмады. Қазақтың салт-дәстүрлері, мезгіл мейрамдары жайында 1977 жылдардың өзінде ең алғаш 500 астам арнаулы сценарийлер, мақалалар, зерттеу еңбектерін жазып, шығарған 15 шақты кітапшалары дер кезінде тегін таратылып, республиканың түкпір-түкпіріндегі білім ордалары мен мәдени ошақтарда, әлі күнге дейін қолдануда, қолданыла береді. Мұрат Керейбай тірі болса биыл 70 жасқа

толар еді. Осы баяндаманы жазу барысында оның рухани сыңары ретінде баулыған туған қарындасы ретінде, кезіндегі маған аманат етіп қалдырған мұраларынан пайдалануға тура келді. Оның біздерге ұлт тәрбиесіне маңызы зор, деген мына жазуда: «Наурыз бен оның тарихы жайында айтқанда, алдымен Қыдыр баба мен Ұмай ана жайлы зерделеп зерттеуіміз керек. Қыдыр – қазақтың аңыз-әңгімелерінде ерекше жарылқаушы қасиетке ие әулиесі. Ол күндердің күнінде «қырықтың бірі» болып жолығып бағынды жандандырады. Қашанға жүздескендердің бәрін кемсітпей, бөліп-жармай жақсылық көрсетуің керек. Қыдыр бұл тұрғыдан адам баласын өзара жарастырушы, алыс-жақынды табыстырушы киелі тұлға. Ұмай ана – түркілердің Хауа анадан соңғы ұлы анасы, әйел мен баланың пірі, мейірім шапағат шуағын шашқан күн дидарлы әулиесі. Оған ата-бабаларымыз: «Жүрегімізді жылыта гөр, қатыгездік пен өшпенділіктен сақтай гөр» деп сыйынған.[6.Б.28] Сондықтан әлемдегі 1900 жылдары христиан дінімен келген Аяз Ата мен Акшақарды қазақтың жаңа жылынан біртіндеп аласартып, оның орнына Қыдыр ата, Ұмай ана, Балаби-бала, Данагүл-қыз бала кейпіндегі образдармен шығару арқылы ел ертеңдеріне тәлім-тәрбие беруде тарихи сана, ұлт дәстүріне сай озық үлгімен өткізу мезгілі келді», – деп жазыпты, 2006 жылғы 16 желтақсанда. [7Б. 56] Этнограф-жазушы М.Керейбай ерекшелігі бар «Наурыз» мейрамы мен басқада мейрамдардың дайындығы мен оның өткізуге, қандай іс болмасын ұйымдастырушылардың 1-2 ай бұрын нақтылы жоспар құруды талап етіп, орындататын. Бірер күндік көрсетпелік шараларды жақтыртпайтын. Ол көпшілікті нақты жұмылдыру үшін ұстаздар арқылы мектептегі оқушылар мен ата-аналар байланысы және мекемелердің басшыларыменерте келісіп, идеясын орнықтыра отырып, Наурыз – жыл басы жайында тың тапсырмалар берумен қызықтыратын. Солардың ішінде туған жерге уақыттары болмай келе алмай жүрген жерлестерін тойланар жылғы ел, ауыл, аудан тарихына қатысты Наурыз мейрамына арнайы шақыртуы ерекше болатын. Әрбір арнайы сценарийлерінде мерекелік шараның белгілі аймаққа, белгілі ұлтқа тән этнографиялық, тұрмыстық, ғұрыптық элементтерімен толықтыруын талап етуімен және әр шараның қауыпсіздігіне, санитарлық, техникалық жабдықтарына тиянақты болуына оған жауаптыларға арнайы тапсырмалар жүктейтін. Қорыта айтқанда, мерекелік той-думан дұрыс өту арқылы, ел еңбегі еселі де, қызықты, әрі жемісті болатынын халқымыз жылдан жылға дәлелдеу үстінде

Баршамыздың Мәңгілік ел болудағы, абзал борыштарымыздың бірегейі Наурыз – Жыл басы жолында ұлттық тұрмыс-салт ғұрыптары, салт-сана, халықтық педагогика, дәстүр жоралғылар, рәсім, ырымдардың ең озық үлгілерін халқымыздың тұрмыс-тіршілігіне қайта орнықтырып, жаңа қырымен жаңғырту беру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Наурызнама: Аталы ойлар. – Алматы: Жалын, 1993. – Б.22

2. Ысқақов. М. Халық календары . – Алматы: 1980.- Б. 94-96.
3. Керейбай М. Бала Мұқан. Палуан Мұқан. Қажы Мұқан. – Астана: «Фолиант», 2004. – Б. 13-
4. Керейбай Мұрат. Наурыз. – Ақмола: 1987. – Б. 6-8
5. Керейбаев Мұрат. Қымызмұрындық. – Ақмола: 1992. – Б. 3.
6. Керейбай Мұрат. Халық мұрасы. – Целиноград: 1991. – Б. 28
7. Естеліктер: Ұлағатты ұстаз, көрнекті жазушы, этнограф–зерттеуші Мұрат Орынбекұлы Керейбайды еске алу. – Астана: Фолиант, 2007.- Б. 33-34

Д.Е. Копежанова

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Журналистика және саясаттану факультеті

Саясаттану кафедрасы

PhD докторы, доцент

ӘЗ НАУРЫЗ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ МЕЙРАМ РЕТІНДЕ

Қазақ халқының, тіпті барлық шығыс елдерінің Жаңа жылы, күн мен түннің теңеліп, көктемнің алғашқы айында келетін түбі түркі халқының төл мерекесі Наурыз мейрамы ел Тәуелсіздігін алған жылдардан бері тойланып келеді. Еліміздің тәуелсіздігін алғанына 25 жыл толып отырғанда бұл мерекенің жалпы қазақ халқының қалыптасу жолында жас ұрпаққа ұлттық салт-дәстүрді дәріптейтін мереке ретінде жаңғыртылып, қайтадан ел өмірінде өз орнын алуы үлкен жетістік болып табылады.

Мемлекет тарапынан жас ұрпақтың патриоттық **сезімдерін арттыру және** халқымыздың салт-дәстүрін бойларына дарыту мақсатында атқарылып жатқан іс-шаралары өте көп. Бірақ әлі де болса Наурыз мейрамының Жаңа жыл, жылдың басы ретінде емес, тек ұлттық киімдерді киетін, ұлттық салт-дәстүрлерді еске түсіріп, ұлттық тағамдарымызды жан-жақты насихаттайтын күн ретінде ғана бірер күндік, әрі кетсе бір ғана апталық, ұйымдасқан мәдени мағынасы зор іс-шара ретінде ғана орын алып отырғаны алаңдатады және іштей қынжылтады.

2010 жылдан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының жарлығымен «Халықаралық Наурыз күні» 21 наурыз - Халықаралық Наурыз күні болып белгіленді. Осыдан бастап бұл атаулы күннің маңызы тіпті халықаралық дәрежеге дейін өскенін білеміз.

Бірақ соңғы жылдары әз Наурызға көбірек көңіл бөліп, тек қала, аудандық, не облыстық деңгейде ғана емес, республикалық мағынасы бар мереке, жыл басы ретінде көңіл бөліп, оның маңызын арттыру мақсатында мереке күндерін осы 2010 жылғы аталған оқиғадан соң, 21, 22, 23 наурыз күндерін күнтізбеге ресми түрде мәртебесін көтеріп, демалыс деп жариялап деңгейін көтеруі айтарлықтай әсер етіп отыр.

Жалпы алғанда, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланатыны белгілі. Мәселен, Иранда 21 наурызда аталып өтсе, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда – 22 наурыз күні, ал Өзбекстан мен Түркия елдерінде 21 наурыз күні аталып өтіледі екен.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Наурыз мерекесі Ұлыстың ұлы күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр ата аралайды екен. Ұлыстың ұлы күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі болып есептелгені белгілі. Адамдар таза, жаңа киімдерін киіп, ауылдың адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, құшақтасып, бір-біріне жақсы жайсаң тілектер айтады.

Ең алдымен наурыз мерекесін айтқанда, бала кезден есімізге түсетіні мерекеге арнап дайындалған ерекше ас – наурыз көже. Оған бәріміз білетіндей жеті түрлі тағам салынып, оның ішінде сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен, оның ішінде етпен қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен сүтпен, ақпен қауышуды білдіреді.

Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, бұрыннан бері араздасқандар қол алысып достасып, жамандықтың барлығы ескі жылда, жаңашылдық пен жақсылықтың бастамасы осы жаңа күн, жаңа жылдан басталуы керек деп қайтадан қуанып, үй-үйді аралайтын болған. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен.

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920-1925) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқтатылды, себебі ол кезде атеистік көзқарастың дамып тұрған кезі болатын. Бірақ Қазақстанның кейбір аймақтарында жасырын түрде сақталыпқалған болатын. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалпы халықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады [1, 224 б].

Одан кейінгі ашаршылық жылдары, Ұлы Отан соғысы, ұлт зиялылары мен ұлт құндылықтарына қарсы жасалған әртүрлі қарсы пиғылдар мен әрекеттер қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының ұмыттыруға, кеңес үкіметінің жаңашылдықтарын енгізуге тырысты. Шыныдан айтқанда, аузын ашқан ашаршылық жағадан алған тұста жарапазан айту арқылы жас балалардың нан сұрап жеуі аман қалудың тәсіліне айналғаны да тарихтан белгілі.

Еліміздің орталық, солтүстік аймақтарында жасыратыны жоқ көрісу ғұрпы санадан өшкені әлдеқашан. Ал І Петрдің жарлығымен басталған Жаңа жылды, яғни 31 желтоқсанды қыс басталғалы күтіп, бала-шағасымен қосылып, барын салып дайындалуы сол Кеңес одағының қалған сарқыншағы әлі күнге дейін ерекше аталып келеді. Мұның бәрін бүгінгі жастың кемшілігі болмаса да, оның уақыт өте келе жас ұрпаққа қалдырған

мұра мейрам ретінде емес, тарихта болған оқиға, отаршылдықтан қалған көрініс ретінде қалады деп үміттенеміз.

Әрине, мейрамның барлығы жақсы, бірақ оның ішінде отан сүйгіштікке, қазақи тәрбиеге баулитын, еліміздің тарихы мен тағылымын дәріптейтін, салт-дәстүрімізді жаңғыртатын, болашақ ұрпаққа нағыз ұлттық тәлім-тәрбие беретін, үлгі өнеге болатын ең маңызды мереке ретінде Наурыздың алатын орыны да ролі де ерекше.

Сондықтан да оның қазіргі кезде көтеріліп отырғаны өте өзекті жай ғана мәдени, тәрбиелік ғана емес, саяси мәселе ретінде де айта аламыз, оның тойланбауы, оған тыйым салынуының барлығының астарында саяси мәселе жатыр. Ол дегеніміз басқа да түркі тілдес халықпен үндестігімізді жою, олардан алыстату, болашақ ұрпақтың өз тарихын, тілін, ділін, дәстүрін ұмыттыру, ұрпақтар сабақтастығын үзу үшін жасалып келген астарлы саясат деп түйіндеуге хақымыз бар. Басты мейрамды ұмыттыру арқылы саяси санамызды өзге де ұлттар мен ұлыстардың, әсіресе жаһандандудың құрбанына айналып келе жатқан басқа да халықтардың ізімен кетіп, жастарды дұрыс жолдан тайдыру, батыстандыру шараларын жүргізіп, ұлттық мәдениет, саяси идеология, ұлттық идеологиядан алыстату жолымен азаматтық мәдениет, бұқаралық мәдениет үдерістеріне әкеліп соғу арқылы адастыру.

Бұл мақсатта мемлекеттің тарапынан жүргізіліп жатқан қолдауы «Мәдени мұра» сияқты ұлтымызды қолдауға, мұраларымызды қайта жаңартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларымыздың жүргізіліп жатқанын білеміз. Наурыз мерекесінің алатын орынын зерттей келе, әртүрлі белгілі ғалымдардың ой-пікірлеріне салыстырмалы талдау жасап өтеміз.

Айта кетсек, осы мәселе жайлы белгілі журналист, зерттеуші, ғалым Акселеу Сейдімбек: «Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың наным - сенімінде Қызыр қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыру үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді...Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қызықтар көрсетеді...», - деп жазады [2]. Ғалымның айтуынша, оны ауылдың қарттары ғана емес, жастары да ерекше күтетін болған, оған айрықша көңіл бөлініп, аса дайындықпен қарайтын болған. Уақыттарын жай өткізбей, ұлттық ойындар мен қызықты сал-дәстүрлерді жалғастырып, басқаларға да ұмыт болмауы үшін үлгі етіп отырған.

Ұлы ақынымыз А.Құнанбаев Наурыз тойын дінге жалғастырмай, көктем мерекесі екенін ашық жазады. Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесі екеніне Алаш арыстарының ішінде Ахмет Байтұрсынұлы: «Наурыз - қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып

қалушы еді. ...Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді»-деп айтып өткен екен.

Ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ **Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы** наурыз жайлы былай айтып өткен екен: «Қайда атақты, асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен». Ал Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді келтіре отырып былай деген екен: «Мұсылман жұрттарына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол – Наурыз» [3]. Осы жоғарыда айтылған қазақ ғұламаларының пікірлерін сараптау арқылы да байқағанымыз қай-қайсының да Шығыс жаңа жылы, біздің төл мерекеміз, төрт түліктің түлеп, күн жылып, Самарқанның көк тасы еріп, жылы-жылы жел соғып, жылғалардан су ағып, көктің шығып, ақтың молайған кезі өз Наурыздың мәртебесін баса айтып өткеніне куә болып отырмыз.

Соңғы кезде кейбір сарапшылардың пікірі бойынша, наурыздың өз деңгейінде өткізілмей, не болмаса атаулы мереке ретінде тойланбауы ауа-райының салқындығына, ерекшеліктеріне де байланысты деп өз ойларын ортаға салып отыр. Мұны өз басымыз жаңсақ пікір ретінде қабылдаймыз, себебі Алматы өңірлерінде наурыздың аталып өтуіне ерекше мән беріп, өз деңгейінде аталып өтуіне де куә болып отырмыз. Бұл мәселелердің барлығын ұйымдастырушылық пен жауапкершілік, ұлттық менталитет пен мәдениеттің жанашырлығының дәрежесі деп білеміз.

Осы жақында Павлодар облысының әкімі тіпті бұл мейрамды наурыз айында емес, тіпті сәуір айында да атап өтейік деп ұсыныс білдіргенін де көріп отырмыз. Ал енді осы қиыншылықтың барлығы ауа райы мәселесіне келіп тірелетін болса, онда қыстың қақаған аязында тойланатын өзге ұлттың мейрамы желтоқсанда тойланатын жаңа жылды да адамдар жиналып, барлық шараларға бір адамдай ат салысып, далада да тойлап жүргеніне не айтуға болады.

Сол үшін де осындай ұйымдастыру шараларының, әсіресе оның ішінде ұлттық мәселелер мен идеологияға, ұлттық сана-сезімге келгенде ұлт жанашырларының басы-қасында болуы бұл мәселелердің бұрмалануына тосқауыл болып, жастарды артынан ерте алатындай ұзағынан тойлап, ол үшін аста төк, шашылу емес, ұлттық ойындар, салт-дәстүр, отан сүйгіштікке жетелейтін сайыстар, ойындар ұйымдастыру арқылы дәстүр мен жаңашылдыққа бастайтын, заманауи талаптарға сай келетін акциялар, дөңгелек столдар мен, оның маңызын одан әрі арттыруға тырысатын саяси PR шараларын жасау, жарнамалық шаралар ұйымдастыру, бейне роликтер мен аудио-бейне материалдар жасау арқылы жас ұрпақтың сана-сезімін ояту, ұлтжандылығын арттыру сияқты идеологиялық шаралардың жасалуы осы мақсаттағы басты шаралар болып табылады. Оның өзінде де күштеп, қинап емес, өз еркімен, азаматтардың саналы түрде мойындап, оның

болашақ ұрпақ үшін қаншалықты маңызды екендігін түсінген жағдайда ғана бұл жасап жатқандардың тиімді болатынын сөзсіз.

Жұмыла көтерген жүк жеңіл деп, жан-жақтан жоғары оқу орындары, ұлттық мұражай, мұрағаттар, кітапханалар мен мәдени орындар мен мекемелердің көмегімен жас ұрпақты тәрбиелеу жолында қыруар жұмыстар атқарылуы тиіс деген пікірдеміз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әлемдік философия дамуының өзекті мәселелері: II Халықаралық ғылыми-теор. конф. материалдары (14-16 ақпан 2013 ж., Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2013. 224
2. <http://old.el.kz> Д.Омаров Армысың, Өз-Наурыз!
3. //Айқын газеті, Қазақ зиялыларының Наурыз жайлы айтқандары 23.03.2016

С.С. Хасенов

Қазақстан Республикасы

Ұлттық музейі

*Қазақстан тарихы бөлімінің
жетекші міндетін атқарушы*

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ

Бүгінгі күні Наурыз мерекесінің қалыптасуы мен мән-жайы турасында жазба деректер тобын негізінен ортағасырлық шығыс ғұламаларының, қазақ жеріне келген батыс, орыс зерттеушілерінің, жиһанкездерінің және алаш зиялыларының бірқатар еңбектері құрап отыр. Шығыс елдерінің орта ғасырлық мемлекеттерінде Наурыз мерекесі патша сарайларына лайық сән-салтанатпен өтсе, дәстүрлі қазақ қоғамында «наурызнама» тойы бірнеше күнге жалғасатын болған.

Осы жерде көне жазба деректеріне сүйенетін болсақ, Қытай жазбаша деректеріндегі Шаньчиянь жазған «Тарихнама ғұндар бөлімінде» наурыз жайлы «Наурыз айында Ғұндардың барлық билері Чаньйу басшылығында бір жерге жиналып, өз дәстүрлері бойынша көктем мерекесін құттықтайды десе, «Көктүрік атты бөлімінде «Жер-ананың тон кеудесі жібіп, жайлаудағы шөптер бүршік ата бастағанда бір мереке құттықтайды» деп суреттейді [1]. Махмуд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде «Көктемде судың молаюы, қардың еріп, барша әлемнің жандануы, бәйшешектің құлпыра гүл аша бастауымен түріктер көктем мерекесін тойлайды» - деп жазады [2].

Академик В.Бартольдтың айтуынша қытай саяхатшысы Чань-Чунның 1221 жылы Хорезм қаласына келген бір сапарында Сайрам қаласынан

өткені туралы мәлімет береді. Сонда Чань-Чунь 1221 жылғы 20 қарашада Сайрамда үлкен мереке өтіп жатқанын көрген. Сол жылдың 18-шы қарашасында басталған байрам мейрамында жергілікті халық «бір-бірінің үйіне топ болып көрісіп, құттықтасқан». Бұл мейрам «ораза айт» па, әлде басқа мейрам ба қайсысы екені нақты айтылмайды. Дей тұрғанмен, мұсылманның ұлық мерекесі ай күнтізбесі негізінде көктемгі Наурыз мейрамы күзгі уақытқа ауысуы да ғажап емес [3].

Британ Ұлттық музейі мен Германияның мемлекеттік кітапханасында сақталған Омар Хаямның Наурызнама туралы қолжазбалары да көне Наурыз мерекесі туралы біршама мәліметтер береді. Омар Хаям жазып алған аңыз бойынша, парсы елінің ерте дәуірдегі тәңірі Изид Күнді жаратарда оған ерекше ықылас-мейірімін төккен, Күнге үнемі қозғалыста болуды бұйырған. Күн өзінің жылдық айналымында әрбір жұлдызды бір айда басып өтеді... Он екі жұлдыздың бірі амалға күннің бірінші кірген күні, Күн мен Түннің теңелуі, көктемнің басталған күні болып есептеледі. Парсы патшалары дәл осы күнді айырықша атап өту үшін баршаға мәлімдеп, мейрам деп жариялаған. Осы аңыз желісі бойынша парсы әлемінің бірінші патшасы Каюмарс таққа отырғаннан кейін жылдың әр айы мен күніне ат қоюға, адамдар біліп отырсын деп жылнама жасауға жарлық берген. Жылдың басы деп *фарвардин айы* атаныпты.

Каюмарс патша жыл есебін жасаған соң 40 жыл өмір кешкен, одан кейін таққа Хұшаң, одан кейін Тахмұрас 30 жыл, одан соң Жәмшид бірінен соң бірі отырды. Жылдың басы мейрам күніне «наурыз» деген атауды осы Жәмшидтің кезінде берген. Оның патшалығы тұсында Иран елін қанқұйлы патша Захнақ деген атпен белгілі Баюрасп басып алады, әрі ол халыққа қатты азап береді. Кейін Жәмшид әулетінен шыққан Афридун оны өлтіріп, таққа отырады. Оны патшалығы 500 жылға созылады. Наурызды тойлау міне осы Афридун тұсында жалғасын тауып, Шығыс Түркістан, Моғолстан, Әмудария аңғары, Солтүстік және Оңтүстік Қытайға, Кіші Азия елдеріне таралады.

Осылайша Наурызды мерекелеу жалғасын тапқанымен, парсы ғалымдарының күнтізбені дұрыс бақылап отырмағандықтан наурыздың 21-і күні жылдың басқа кезеңдеріне жылжып отырған. Бұл парсы шаруаларын үлкен күйзеліске әкелген, себебі наурызға дейін заттай төленіп бітетін салықтың мерзімі келгенде егін пісіп жетілмеген, ал ертеде парсы жерінде егін наурызда пісіп, халық салықты уақытында төлейтін болған.

Содан Селджуктер сұлтаны Мәлік шах билік басына келген жылы (1072-1092 жж.) жаңа күнтізбені жандандыруға тікелей бұйрық беріліп, Хорасан ғалымдары атсалысқан, соның ішінде Омар ибн Ибрагим әл-Хайямның орны ерекше болды. Бас біріктірген ғалымдар тобы 1079 жылы жаңа күнтізбені жасап, наурызды 21-не келетіндей етіп белгілейді. Наурыздың күнтізбедегі тұрақты орны анықталып, уақыт есебі күн қозғалысына негізделіп жасалады да, бір жылда 365, 366 күн болады деп нақтыланады. Осы күнтізбені жасау кезінде аспан әлеміндегі жұлдыздардың

орнын анықтайтын жаңа астрономиялық аспап орнатылады. Оған «ұстарлаб» деген атау береді.

«Көлден ұшқан қаздаймын,

Наурыздан соң жаздаймын», – деген Қобыланды батыр жырындағы айтылған жолдар «Наурыз» парсы сөзі болғанымен, көне түріктер мен қазақтарға көне заманнан кірігіп, сіңіп кеткендігін дәлелдесе керек. Қазақтар «Наурыздан соң жаз деймін немесе жаздаймын деп наурыздың көктем мезгілі екенін меңзеген, яғни көне түріктер, қазақтар Наурыз мерекесін жыл басы ретінде ғана емес, көктемнің, жылулықтың келуі, жалпы табиғаттың жаңаруы ретінде де тойлаған [4].

Жалпы осындай біршама шығыс ғалымдарының деректері негізінде қазіргі тарихшылар мен этнографтардың біразы Наурыз - бұл парсы тілінен алғанда мағынасы *нав* – жаңа, *роз* – күн болып шығады екен, шығу төркіні парсы жұртынан тараған деген пікірді алға тартып жүр. Бұл пікірдің қате пікір екенін қазір кейбір тарихшылар дәлелдей бастады.

Ал, біздің айтпағымыз, бұл мерекенің ежелгі сақтардан бастау алатындығын ортаға салып көрелік. Наурыз қос сөзден тұрады, алғашқы «*нау*» деген не мағына береді? Қазақта *науа* деген сөз тіркесі қолданыста бар.

Оның мағынасы науадай құйылды, науа болып тасып келіп жатыр. Бұл деген зор молшылық, *рыс* деген мағынаны береді. Ал екінші сөзіміз «*рыс*» оның бастапқыда *рыс*, бертін *рыз* болып аталуы мүмкін. *Рызық* – нәсіп мағынасында, сонымен наурыз – *мол-рыс*, нәсіп мағынасында болып шығады. *Ақ мол* болсын, *рыс* көп болсын деп, наурыз күні жұрт бір-біріне тілек айтып көрісуі осыдан келіп шыққан.

Сақтар сонау б.д.б. IX-V ғғ. аралығында бірнеше ірі тайпаларға бөлінеді. Солардың бірі Массagetтер Каспий теңізі мен Арал теңізінің жағалауы, Ауғанстан, Иран, қазіргі Тәжікстан аумағына қоныс аударып, жергілікті байырғы тұрғындармен етене араласып кетеді. Сол өңірде Наурызды атап өту дәстүрі массaget-сақтары арқылы жеткен. Парсылардың жаңа күн деп атауы сондықтан болуы мүмкін. Сонау б.д.б. IX ғасырда сақ дәуірінен бүгінге дейін сақталып келген Тамғалы тастардағы (петроглиф) тасқа ойып қалдырған суреттерде Күннің бейнесі мен ғаламшар ортасындағы жердің кескіні көрсетіледі. Онда бүкіл аспан әлемі, Күн мен оның айналуы, сыртындағы самсаған жұлдыздар, ең кішкене дөңгелек жер оның өз шеңберіндегі тәуліктік айналуы, ғаламшарлар бейнеленген. Демек алғашқы сақтар, Күн жүйесімен аспан әлемі, жер және планеталар құпиясын жетік білгендіктен осыдан 27 ғасыр бұрын сақтар сол дәуірде өркениетте алдарына жан салмаған озық халық болған. Ендеше, 22 наурыздағы Күн мен Түннің теңелуін алғашқы есептеп шығарған сақтар болғаны дау туғызбайды. Бүкіл түркі тілдес, парсы тілдес халықтардың ішінде тап қазақтардай Наурызды ерекше құбылтып, сән-салтанатпен атап өтетін ұлыс жоқ. Олар – ата салтына, дәстүріне берік халық. Қазақтардың Наурызды тым әріде қалай қарсы алуы туралы нақты көрініс Қарғалыда табылған

ескерткіште бейнеленген. 1939 жылы Алматы маңында аңшылар кездейсоқ, өте құнды 370 дана түрлі алтын әшекей бұйымдармен жерленген әйелдің қорғанына тап болады. Қапсырма, сырға, жүзіктер, түйе бейнесі салынған мөр, басқа да түрлі сәндік бұйымдар бар. Соның ішіндегі ең бағалысы – *әйел сәукелесінің маңдайшасы* (диадема). Бұл жөнінде белгілі археолог К.Ақышев былай деп түсіндіреді: «Атақты «Қарғалы» диадемасы ежелгі үйсіндердің зергерлік өнеріндегі тамаша үлгі болып табылады». Қарғалы қазынасы алтын бұйымдарының топтамасын, біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырға мерзімделген үйсіндік қарғалы диадемасы көрінісінің сараптамасын құрап отыр.

Енді осы Қарғалыдан табылған әйел сәукелесінің (диадема) сюжетіне зер салсақ, онда белгісіз қанатты құбыжық жануардың үстінде оның мүйізінен нық ұстаған бозбала төңірегіне мереке басталғанын хабарлап шауып келетіндігі бейнеленеді [5].

Сондай-ақ тақ үстінде тұрған қанатты жылқыны піріндей сыйлап, оған көрсеткен ерекше құрмет пен жылқы үстіндегі салт жігіт айналасына қолын сермеп, қуанышты хабарлар жеткізіп, қос қолында сыбызғы-сырнай, көкке қарап жыр төгіп келеді. Ат үстіндегі той бастар жігіт, аузында қамыстан жасалған сыбызғы-сырнайы, қолдарымен би өрнектерін көрсетіп билеп келеді. Жоғарыда ұшып жүрген құстар, жердегі мәз-мейрам болған хайуандар кейпіндегі қуаныштарға қарағанда, мұнда наурыз мерекесінің толық бейнесі айшықталып суреттелген [6].

Омар Хайям: «365 күннің (күндіз-түнінен) ширегінен тұратын ұлы дәуірді «ұлы жыл» деп атады да оны төрт бөлікке бөлді. Үлкен жылдың төрт бөлігі өткенде үлкен наурыз болады. Бұл кезде дүние жаңаланады. Патшалардың бір рәсімі бар: жыл басында олар жақсылыққа бағыштап, әрі жыл есебін белгілеп алу үшін, тыныштық өмір үшін баршаға қатысты діни жиындар өткізулері қажет. Кімде-кім наурызды мейрамдап құшуақ жүрсе, келесі наурызға дейін тыныш, бейғам ғұмыр кешеді»[7].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – *наурызнама* ...Үйсін Төле бидің заманында наурызнаманың қадір құны астан, тойдан көш ілгері болған» [8].

М.Дулатов: «Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды күншығыс жұрттарының көбі, Ауғанстан, Бұқара, Үндістан, Иран, Кавказ, Түркістандықтар мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айырықша сыйымды, артықша дәлелді» деген [9].

Ал белгілі этнограф-зерттеуші *А.Сейдімбекұлының* пайымдауынша: «... Грек тарихшысы Квинт Руф (б.з.д. I ғ.) өзінің «Ескендір жорығы» деп аталатын еңбегінде Орта Азия көшпелілерінің ұлыс тойын қалай тойлайтынын тамсана жазады. Ұлыстың ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының үстіне күн бейнелі жалау көтеріліп, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Балалардың саны бір жыл ішіндегі тәуліктердің айғағындай болып, 365

өнерпаз бозбала тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң, бүкіл елдің батагөй абызы, Тәңірмен тілдес бақсысы ортаға шығып, қағанаттың үміт-тілегін тәңірге жеткізетін 9 күй тартқан. Бұл 9 күй міндетті түрде қобызбен тартылатын болған. Мұнан әрі, Ұлыстың ұлы күнін тойлау бүкілхалықтық қуаныш-қызыққа ұласқан» [10].

Қорытындылай келгенде, осы айтылған ғылыми деректерге сүйене отырып, Наурыз мерекесін тойлауды мұрат еткен шығыс халықтары мен әлем жұрты үшін бір ортақ мүдде жыл басын ізгі ниетпен, жақсы көңілмен қарсы алып, елімізге тыныштық пен молшылық тілеу, ал осы мерекені атап өтудегі әдет-ғұрыптарымыздағы ерекшеліктерді ескере отырып, олардың дәстүрлі шаруашылығымен, наным-сенімдер жүйесімен тығыз байланысты екендігін паш ету. Сондықтан да, қазақ халқы сонау сақ заманынан бастап қаншама жаугершілік пен зұлмат жылдарды басынан өткізсе де, наурызды ұрпақтан-ұрпаққа сақтай отырып жеткізе білді. Бұл өз кезегінде Наурыз – атадан мирас болған қазақтың төл мерекесі екендігін дәйектейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Атамәлік Жувейни. «Тарих-и жаһангушай». Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004.
2. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері /ғыл. жетекшісі Ж.Мырзаханұлы. Алматы: Өнер, 2006. 344 б.
3. Бартольд В.В. Двенадцать лекции по истории турецких племен Средней Азии // Сочинения. – Москва, 1968. Т.4.
4. Омар Хайям. Наурызнама // Мына жинақта: Наурызнама. Аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993. 112 б.
5. Акишев К.А. Искусство и мифология саков. Алма-Ата, 1984.
6. Байпаков К.М. История Алматыс древнейших времен до современности. Алматы, 2006. 340 с.
7. Омар Хайям. Наурызнама // Мына жинақта: Наурызнама. Аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993. 112 б.
8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Наурыз // Мына жинақта: Наурызнама. Аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993. 112 б.
9. Дулатов М. Наурыз // Шығармалар. Құраст.: Әбсеметов М., Дулатова М. Алматы: Жазушы, 1991. 379 б.
10. А.Сейдімбек. «Қазақ әлемі». Алматы: Санат, 1997. 464 б.

А. Хурметбек, Н.Әбдіғали
ҚР Ұлттық музейінің қызметкерлері

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ӨЗ НАУРЫЗ

Аяулы отандастарым, қадірменді қауым! Күн мен түннің теңелген, малдың аузы көкке тиген, адам аузы аққа тиген, түннің күнге бет бұрған, табиғаттың гүлденіп құлпырған қуаныш кезеңі – Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын! Жаңа жылды 1 қаңтарда атап өтуді I Петр патша Ресейге Еуропадан алып келсе, одан бізге жеткен. Қытайдың өзінде бұл мереке ақпанның ортасына таман бір апта бойы тойланады. Шығыс халықтарының барлығында дерлік солай. Түбінде біз де өз мерекемізге оралатын шығармыз. Бұл – халықтығымыздың, тәуелсіздігіміздің негізгі тамырының бірі.

Н.Ә.Назарбаев

2009 ж. 22 наурыз, «Астана-
Бәйтерек» алаңы

Наурыз – көне мейрам. Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасарди», чуваштар «норис ояхе» деп түрліше атаған. Әбу Райхан Бируни, Омар Һайям, т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол қалдырған. Мысалы, парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Олар бұл күндерде әр жерге үлкен от жағып, отқа май құяды, жаңа өнген жеті дөңге қарап болашақты болжайды; жеті ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалак» ұсынады, ескі киімдерін тастайды, ескірген шыны аяқты сындырады, бір – біріне гүл сыйлап, үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салады, үйдегі тіреу ағашқа гүл іледі, түрлі жарыстар (жамбы ату, т.б.) ұйымдастырады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір -бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді.

Әдетте, осы күні адамдар арам пиғыл, пендешілік атаулыдан тазарып, ар – ожданы алдында арылады. Ауыл ақсақалдары араларына жік түскен бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарқаннан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімдерді үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал, мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндеттеп тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген. Алтыбақан басында ән айтылып, күй тартылады. Дәстүрлі ұлттық ойындар (көкпар, аударыспақ, күрес, қыз қуу, алтыбақан, тең көтеру, т.б.) ойналады. Таң ата көпшілік биік төбенің басына шығып, атқан таңды қарсы алады [1, 26-б.].

Кеңес өкіметінің алғашқы кезеңдерінде (1920 – 1925 жж.) шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы ол «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп танылып тоқтатылды, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. 1988 жылдан Алматы қаласында, республиканың көптеген аудандарында Наурыз жалпыхалықтық мейрам ретінде қайта тойлана бастады.

Бүгінде Наурыз мейрамы – дүниенің әр тарабына түрлі этнографиялық, фольклорлық дәстүр мен ғұрыптардың, ұғымдардың шашыраған көрінісі болып отыр. Наурыз мейрамы қазіргі күнтізбе бойынша күн мен түннің теңесуі кезіне келеді.

Қазақ халқы Наурыз мерекесін атам заманнан бері Жаңа жыл басы ретінде тойлап келген. Мәшһүр Жүсіп: "Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы Наурыздама" — деген [2, 36-б.]. Негізі Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді.

Дегенмен, Наурызды мыңдаған жылдар бойы үзбей мерекелеп келе жатқан басты екі нәсіл бар: парсылар мен түркілер. Парсылық Наурызға негізінен мерекенің сипаты тән болса, түркілік Наурызға оның танымы мен мәні тән.

Наурыз мейрамының шығуы туралы И.С.Брагинский («Праздник весны – Ноуруз и отражение в нем древнейших общих культурных традиций народов советского востока»). «Легенды связывают введение этого праздника с именами мифических царей – то ли Джамшида, то ли Каюмарса. Ввиду того, что образ Каюмарса связан с представлением о первочеловеке (древнеиранское его название в Авесте – Гайа Марган, т.е. «живой смертный», иначе «человек»; позже это название превратилось в «Гайомард», «Гайомарт», «Каюмарс»), который принес людям блага культуры, то можно считать, что легенда, связывающая возникновение праздника с Каюмарсом, более древнего происхождения», -дейді [2, 27-б.]. Бұл пайымнан Наурыздың есте жоқ ескі замандағы мифтік арқауды негіз еткенін де байқауға болады. Али Акбар Деххудо Наурыздың пайда болуын мифтік тұрғыдан ғаламдық немесе жербетілік өмірдің туындауы деп, «Навруз» деген кітабында былай келтіреді: «Говорят, что Всевышний создал мир в этот день, все семь планет находились в апогее своего

движения. Считается, также, что Адам был сотворен в этот день, поэтому этот день называется Навруз» [2,19-б]. Наурыздың тарихы туралы Омар Найам: «Аптап (Күн) Ақырап айына енгенде кабиса қылуды (төрт жылда бір келетін 366 күндік жыл, мұндай жылда ақпан айы 28 емес, 29 күн болады) бұйырды. Мұның нәтижесінде Күн Саратан айына енгеннен бастап фарвардин мейрамдала бастады. Гүштасп: «Наурызды, міне, осы күні мерекелеу керек, себебі, Саратан шаруа үшін молшылық айы, диқандар мен кәріп кәсірлерге алым-салық төлеу үшін қолайлы ай», -деп, мейрамды осы күнше белгіледі. Кейін, ол жылдар анық болсын, әрі адамдар өз уақыттарын ыстықта да, суықта да біліп отырсын деп әр жүз жиырма жылда кабиса қылуға бұйырды. ... Ардашер Бабақан заманына дейін осылай болды. Ол таққа отырысымен кабисаны қайта жалғастырып, үлкен мерекелер өткізді. Бұл жайында арнайы анықтама жариялап, осы күнді Наурыз деп белгіледі. Адамдар бұл мейрамды Нушинраван Әділ заманына дейін атап өтті. Мадайын күні біткенде, Нушинраван Наурызды сол заман әдет-ғұрыптары бойынша өткізді. Бірақ ол кабисаны әрі жалғастырмады. Ол «Күн өзінің айналу кезеңінің ақырында Саратаның бірінші күніне жетпейінше адамдар бұл іспен айналыспасын, бұлай болмаса, Каюмарс пен Жәмшидтің анықтамалары арадан алынып тасталады» деді», - деген [3,33-34 б.]. Бұдан наурыз мейрамының ертеден бастап тойланғанын, күн өзінің өсін бір рет толық айналып шыққан кезде, яғни жыл басы ретінде тойланғанын көруге болады. Осы себепті, Наурыз мейрамы жыл басы аталып кеткен.

Қазақ халқында «Ұлыстың Ұлы күні» деп атаған Наурыз мейрамы жыл басы ретінде тойланады. «Ұлыстың Ұлы күні» деп аталу себебі аңызға сүйенер болсақ: *«Бір күні Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына келген сәтте жердің бетін жайлаған топан су кері қайтады. Сол сәт жер бетіне табаны тиген барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татыпты. Содан бұл күнді – Ұлыстың Ұлы күні деп жариялайды»* [4]. 22 наурыз бүкіл Шығыс халықтарының бас мерекесі. Ахмет Байтұрсынов наурыз сөзіне: «Наурыз – парсы сөзі. Бұл қазақша айтқанда «жаңа күн» - деген сөз», -деп түсінік береді [5, 35-б.]. Сонда бұл жаңа күннің, жаңа жылдың басталғанын білдіреді. Орта Азия халықтары мен Қазақ халқы Наурыз мерекесін «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп те дәріптейдi. Егер этнограф Сейiт Кенжеахметовтың деректерiне сүйенсек «Самарқанның көк тасы жібiген күн» деп аталу себебі мына аңызға негiзделген: *«Самарқандағы Ұлықбектің обсерваториясындағы аспан денелерін белгілеген үлкен көк тасқа Ұлыстың Ұлы күні күн сәулесі тікелей түскенде әлгі тас бірер сәтке ериді екен»* [6].

Наурыз күні халық таза киініп бірін-бірі құттықтап, қуаныш дастарханын мол жаяды. Адамдар бір-біріне игі тілектер айтып, қателіктерін кешіріп, татуласады, оның аяғы ойын-сауық, ән-жырға жалғасады. Халықта бұл күнге лайық салт-дәстүрлер де бар. Олар «Наурыз тойы», «Наурыз жыры», «Наурыз көже», «Наурыз батасы» деп аталады. Салт бойынша бұл айда туылған баланың аты да Наурызбай, Наурызгүл деп

қойылған. Наурыз мерекесі кезінде ажырамас бір белгісі - наурыз көже дайындау. «Наурыз көже азықтың жеті түрінен жасалады. Жеті түрлі азық халықтық дәстүрден шыққан... Қазақ тіліндегі жеті ата, жеті қазына, жеті қат жер, жеті қарақшы, жеті түн, Жеті жарғы, т.б. тұрақты тіркестер халықтың ежелгі наным-сенімдерінен, мифологиялық, астрологиялық түсініктерінен туған. Сондықтан кей жерлерде наурыз көженің құрамы өзгергенмен, ондағы азық түліктің жеті түрі болып мұқият сақталған [5,36-б]. Міржақып Дулатұлы Наурыз турасында: *«Наурыз – қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрамы етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-сінде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі»*, - дейді [4].

Халық мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Қазақ халқының ежелгі наным-сенімі бойынша, Ұлыс келер түні әр үйді Қызыр (Қыдыр) ата келіп аралайды. Бұл жайында Ақселеу Сейдімбек: «Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен дейді. Ұлыс тойының таңын көзімен атыру үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді...

Қызыр түнін ұйықтамай өткеру үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қызықтар көрсетеді...», - деп жазады [7,228-б]. Қыдыр атадан бата тілеп, бас таңды көз ілдірмей өткізу бүгінде түрлі адамзаттық гұрыпқа айналды.

«Наурыз» ел мерекесі бола тұрса да кешегі Кеңес өкіметі діни салт есебінде оны «ескілік сарқыншақ» деп танып тойлауға 1926 жылдан бастап 62 жыл бойы тиым салып келді, бірақ Қазақстанның бар аумақтарында жасырын түрде сақталып қалды. Мағжан Жұмабаев: *«Қазақ Жаңа жылы жазғытұрғы күн мен түннің теңелген күні болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен қазақ Жаңа жылы ғылым қойнына да басып кіріп қалады. Қазақ Жаңа жылын «Наурыз» дейді. Наурыз әулиенің, әнбиенің аты болмаса керек. Сондықтан қазақтың Наурызы – дін мейрамы емес, тұрмыс мейрамы...»*, - деп наурыздың діни салт емес екендігін айтады [4]. Наурыз мейрамы Қазақстанда 1988 жылдан бері қайтадан ресми тойланатын болды. 2010 жылдан бастап БҰҰ-ның Бас ассамблеясы «Халықаралық Наурыз күні» қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз» күні болып қабылданды [8]. Бүгінде Наурыз мерекесі халықаралық дәрежеде тойланады.

Наурызға бір ғана ежелгі жаңажылдық мереке ретінде қарау жеткіліксіз. Ол - ежелгі дәуірдегі бірегей және біртұтас дүниетаным мен дүниеқабылдама туындысы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қош келдің, Наурыз» Міржақып Дулатов, «Армысың өз – Наурыз» Астана 2010 ж. 26 б.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Қазақ Тарихы. 1 кітап.
3. Ерғали С. Нау мен Ырыс: Пайымдама. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2011. – 184 б.
4. Наурызнама: Аталы ойлар. – Алматы: Жалын, 1993. -112 б.
5. Исаева Ж. Наурыз қандай мереке? Ана тілі газеті, 20.03.2013 ж.
6. Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы, «Ана тілі», 1994 –80 б.
7. Әліпұлы Т.Самарқанның көк тасы ери ме? Айқын газеті, 20.03.2012 ж.
8. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этно-мәдени пайымдау: оқу құралы. - Алматы : Санат, 1997. - 464 б.
9. Бапанов Е. Қазақтың төл мерекесі. Президент және Халық газеті. 26.03.2012

А.Қ. Сайлау

*Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану
музейінің бөлім меңгерушісі*

СЫР ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҒАРЫШТЫҚ БІЛІМДЕРЖҮЙЕСІ

Қазіргі таңда Сыр өңірі ұлттық дәстүрлердің қаймағы бұзылмаған аймақтардың бірі болып табылады. Сыр өңірі қазақтарының тұрмыс-тіршілігінде, өмір сүру тәжірибесінде дәстүрлі халықтық білімдер жүйесінің алатын орны ерекше.

Қазақтар ертеден шаруашылығын ғарыштық білімдер арқылы жүргізді. Ауа-райын болжаушылары ауа-райын бақылап, күн есептеудің дәстүрлі әдістерін құпия ұстап, оны атадан балаға мұра етіп қалдырған. Сонымен қатар олар аспан денелері мен табиғат құбылыстарын бақылап, естелікке алып отыруымен бірге, өз кезегінде мал-жанға қолайлы жаңа өріс, ел-жұртқа жайлы құтты қоныс таңдауда да шешуші рөл атқарып келген.

Сыр өңірін зерттеген белгілі этнограф Т.Қартаева "Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы" атты еңбегінде Сыр өңірі қазақтарының ғарыштық білімдері жайында: "Табиғат құбылыстарын бақылай білу әкеден балаға берілетін ерекше қасиет. Аспан денелеріне қарап күн мен түннің ұзақтығын біле алады. Құс жолын таниды. Темірқазық жолға бағыт сілтейді. Шолпан жұлдызы "керуен жұлдызы" деп атап, ол көрінгеннен көшке көтерілген"[1, 227 б.] Шығыс календары бойынша әр жылға және айларға атау берді.

Сыр өңірінде жылдың төрт мезгілі де болады. Ертеден қалыптасқан түсінік бойынша әр мезгіл соңғы айдың 13-18 күндері аралығында

аяқталған. Бұл уақыт "өліара" деп аталды. Яғни, әр айдың туатын кезеңіне сәйкес келеді. Мәселен келесі айдың ауа-райын айдың туарына қарап болжаған. Ай тік тұрса жылы, ал шалқаласа суық болған. Қазіргі уақытта да өңірде жасы ұлғайған адамдар арасында жаңа айға сәлем беретін дәстүр сақталған. Сыр өңірінде наурыз айы туғанда қыс мезгілі аяқталады. Наурыз айының 13-18 аралығын жоғарыда атап өткен "өлара" шақты қыс пен көктемнің айқасы деп санайды, себебі ауа райы күрт өзгеріп отырады. Халқымыз ежелден Наурыз мейрамын сол айдың 21-і яғни күн мен түннің теңелетін күнін Ұлыстың ұлы күні Жаңа жыл ретінде тойлап келеді. Осы күні аспан денелері бастапқы орнына орналасады. Әлемді қоршаған тіршілік қайта жаңғырады. Ең басты белгісі алғашқы көктемгі күннің күркіреуі болып саналады. Мереке күні дүниеге келген балаға Наурызбек, Наурызбай, қыз балаға Наурыз, Наурызгүл деп ат қойған [2, 36 б.].

Сыр өңірі қазақтары "бесқонақ" деп сәуірдің 13-18 күндерін айтады. Осы күндері аралығында ауа-райы күрт бұзылып, жаңбыр жауып, жел соғады. Бесқонақ жайлы қазіргі кезде Қызылорда қазақтарының арасында бір аңыз сақталған: "Түннің бір уағында далаға шыққан қонақтардың біреуі аспаннан таң жұлдызындай жарқыраған жұлдызды көргенде, Шолпан жұлдызы туған екен деп жаңылып, серіктестерін ай-шайға қарамай ұйқыдан оятып, жолға шығып кетеді. Жаздың күніндей тамылжып тұрған ауа райы әп-сәтте бұзылып, алай да дүлей боран соғып, қар жауып сала береді. Жол таба алмай айдалада түнімен адасқан керуеншілердің алдымен жүк артқан қашырлары, артынан өздері суықтан үсіп өліпті" Тағы бір аңыз бойынша: "Ерте заманда 5 жігіт жеңіл киініп, тойға кеткен екен. Содан жолда осы уақыт аралығында суық болып жігіттер үсіп, қайтыс болған екен". Міне, содан бері сол түні туған жұлдыз – "Есекқырған", ал жыл мезгілі – "Бесқонақ" деп қайтыс болған бес адамның санымен аталып кеткен екен"[1,227 б].

Халқымыздың қарапайым өмір үлгісі, әрқашан табиғатпен біте қайнасып жатты. Табиғат құбылыстарын жіті бақылай отырып, көпжылдық тәжірибелері арқылы ғарыштық түсініктері мен білімдерін дәстүрлі шаруашылықта жүзеге асырып отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қартаева Т. Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы. Алматы – 2015 ж.
2. Жәнібеков Ө. Эхо Алма-Ата. – 1990 г.

Железняков Б.А., Шербаев Р.К.*Заповедник-музей «Танбал»**Магистры археологии и антропологии*

СИМВОЛИКА НАУРЫЗА. ИЗОБРАЖЕНИЯ НА СКАЛАХ И КЕРАМИКЕ ОТ ЭПОХИ БРОНЗЫ ДО ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Наурыз – праздник, прошедший с населением Центральной Азии тысячелетия. Очевидно, что глубокие традиции именно этого в узком понятии «праздника», а шире основ еще более древней традиции и скрепляют мифологически историю народов на протяжении четырех и более тысячелетий. Теперь археологи и историки искусств изучают историю этого праздника по отдельным изображениям. За это время произошло много изменений в мировоззрении, ушли безвозвратно в историю многие другие праздники, пришли или появились третьи, менялись приоритеты. Символика самого Наурыза претерпевала изменения в истории и это было заложено изначально. Теперь мы ее привычно понимаем как концентрирующуюся вокруг солнца, благопожелательной символики: зооморфной, растительной и т.д., но не только. Наиболее глубокие попытки интерпретация образов «солнце- и луноголовых» свидетельствуют о бытовании культов и распространении знаний в области астрологии и астрономии.

Один из крупнейших исследователей проблемы генезиса образов и сюжетов в традиционном искусстве Среднего Востока Л.И. Ремпель отмечал, что: «каждой эпохе, при всем различии школ, направлений и индивидуальных манер, присущ свой стиль («стиль эпохи»)… мы можем утверждать, что искусство античного мира и искусство раннего средневековья исходили из разного понимания своей задачи… в античном искусстве преобладало получение естественности, легкости и гармонии, с какой сочетались пластика, рисунок и форма вещи. Стиль эпохи был подсказан природой и одухотворен самопознанием человека. В средние же века преобладал иератизм, по С.С. Аверинцеву - стиль, очищенный от телесно-естественного» [1, с. 34-37]. О механизме развития этого процесса, Л.И. Ремпель пишет, «со временем первичный образ мышления оброс мифологией и стал формой поэтического мышления вообще [1, с. 171]. Вместе с изменениями в стилистике искусства менялись и основы мифологии и духовной культуры. Нужно отметить, что западная историография и советская и теперь уже постсоветская по вопросам взаимодействия пересекались слабо [2]. Тенденция во многом имеет продолжение. Хотя, общность мифологии в то время была значительная и это вполне отчетливо прослеживается по общим образам и сюжетам, выбитым на скалах Северной Европы и Центральной Азии [3]. В странах

Скандинавии сложилась целая школа исследователей религии бронзового времени, регулярно выдающая научные сборники по проблематике.

Практика культовых и мифологических изображений сначала на скалах, потом на предметах убранства жилищ, различных предметах культа, вооружения, обихода, одежды и, наконец, уже на стенах рукотворных дворцов и храмов т.д. имела свое поступательное развитие, в том числе и в Центральной Азии. По многочисленным анализам репертуара наскальных изображений эпохи бронзы, особенно древней и средней лидирует изображение быка. В поздней бронзе и, особенно в раннем железном веке становится преобладающим образ козла-архары. Вместе с тем уменьшается и общее число изображений. Они заменяются ювелирными украшениями, предметами упряжи и вооружения и т.д., испытав расцвет, упрощаются и в значительной мере уходят не столько благодаря запретам ислама. Солнечная символика переходит уже непосредственно на архитектуру, в том числе мы можем судить по погребальной.

Ближе к концу I тыс. до н.э. все чаще появляются изображения рыб. Особенно много подобных изображений в средневековую эпоху, причем как у кочевых народов, так и у оседлых. Это отчетливо прослеживается на территориях, значительно удаленных от моря и у народов, где рыбу не употребляли в пищу особо, как у народов Средиземноморья или Дальнего Востока. Две рыбы на подглазурной росписи чаши или рельефом выделяющиеся на зеркале прошли через всю средневековую эпоху. И были изображены на тагоре из позднесредневекового Караспана.

Мы сознательно уклонились здесь от анализа изображений эпохи своего расцвета массовости: периодов распространения «звериного стиля» и раннего средневековья до распространения в регионе ислама: живописных росписей дворцов или художественного серебра и бронзы раннего средневековья Средней Азии, тем более что анализу религиозной природы этих сюжетов посвящено огромное число исследований. Многочисленные изображения на предметах кочевников, одним из которых был «хойцегорский портрет» с явными следами «мировых» религий (манихейства, набравшегося от христианства, буддизма, переднеазиатских культов, к тому времени давно находившихся под влиянием иудаизма), также вне наших изысканий.

Если «отбросить» многочисленные привнесенные образы, то нам представляется, что линия основных персонажей искусства Центральной Азии сквозь тысячелетия представляет собой именно такую последовательность: бык/тур- олень/козел- рыба. И ее трудно объяснить «промысловым» значением последовательно сменявших друг друга этих образов.

Основные вехи истории возникновения и бытования, базовые принципы смысла и значения праздника Наурыз известны всему населению Центральной Азии. Однако каждый новый год мы снова обращаемся к этой вечной теме, поскольку его жизненная и мифологическая тематика

поистине неисчерпаема, даже, несмотря на принадлежность основной части населения этого региона к монотеизму. Мифология Наурыза – универсальна, поскольку, как считается, этот день (праздник праздновался до пяти дней) является в полном смысле основополагающим ко всему последующему году.

Как пишет В. Шуховцев, значение персидского слова Наурыз в древности было «новый свет» или «новый луч» [4, с.197]. Согласно С. Абдуло, празднование Наурыза большинство исследователей связывают с именем мифологического царя Джамшида IV из династии Пишдадидов, то есть к третьему тысячелетию до н.э. Это было время благоденствия всего Ирана, если верить Авесте [5, с. 201]. Несмотря на то, что исторических свидетельств о праздновании Наурыза мы также находим больше среди ираноязычных народов, этот праздник уже не одно тысячелетие отмечается всем населением Центральной Азии, подчеркивая его значение вне времени и национальной принадлежности.

На определенном этапе общественного развития любое общество решало вопросы преодоления хаоса, систематизации представлений о внешнем мироустройстве, благоприятном устройстве жизни общества и его групп, одним из важнейших вопросов которого было упорядочение временных циклов исходя их календаря, исчисляемый «наурызами». Временные циклы, той мифо-поэтической форме, в которые эти законы течения времени были облечены, высокой адаптивности к меняющейся жизни.

Особое значение тогда обращали на внешние условия, того же восхода на Наурыз. Взять, например, реальность того, что восход солнца в Наурыз осуществлялся «из-под» созвездия Тельца. Благодаря такому астрономическому понятию, как прецессия в последующем он смещался от Овна к Рыбам. Миф о Митре был тысячи раз представлен, в различных источниках убийством Им Небесного Быка. Был представлен во многих ритуалах, дожив до наших дней в форме испанской корриды. В Тамгалы, других памятниках этот сюжет наскального искусства в различных интерпретациях встречается неоднократно. Самый известный сюжет - «солнцеголовое» на быке, ставший эмблемой заповедника-музея «Танбалы» (рис. 1, 2). Недавно аналогичное изображение было обнаружено в Аккайнаре [6, с. 55], (рис. 3). Там «луноловое» изображено позади козла, но над быком, в окружении птиц и других животных, возможно, что это как раз переданный на поверхности камне сюжет из «жизни» астральных тел.

Изображения рыб на тагоре из раскопок гориодища Караспан [7]. В 2004 г. на городище Караспан при раскопках 2-го строительного уровня цитадели хозяйственном углу одного из жилищ была обнаружена тагора, полностью покрытая полихромной подглазурной росписью с внутренней стороны. Роспись двухцветная по белому (светло-серому) фону, основные детали и штрихи переданы черным цветом, раскрашены, синим кобальтом; в целом выполнена в традиционной для XVII в. манере, дно тагоры покрыто

в целом традиционной росписью, орнаментальными поясками разделенным радиальными линиями. Два внешних пояса заполнены по кругу спиральным орнаментом, два в центре – цветочным и растительным: во внешнем из двух центральных – десять цветков равномерно распределены по кругу. Пространство между поясками заполнено завитками, символизирующими растительность, во внутреннем – крупное соцветие на некоем дереве или кусте. Кроме того, таким же цветом, как и цветы, переданы четыре точки во внешнем спиралевидном пояске, разнесенные на 90 градусов друг от друга, также и 4 точки во втором внешнем пояске, разнесенные на 45 градусов от первых и под 90 друг от друга. Размеры тагоры: диаметр по венчику – 40 см, дна - 26 см, высота наклоненных к внешним краям стенок – 14 см (рис. 4-5, 6).

Раскопки проводились Р.К. Шербаевым на II строительном горизонте, частично вскрытого жилого квартала на южной стороне цитадели Караспана (хорошо датируемому кон. XVII – нач. XVIII вв.). Внимание привлекла роспись внутренней стороны чуть расходящихся кверху бортиков, разделенная по вертикали на три неравных пояса. Верхний пояс заполнен волнистым орнаментом, составленным из чередующихся волнистым меандром, краям пояса. Заполнение между полукругами, также чередуется, синим или черным цветом волнами. Основной же, средний пояс (шириной 6 см), фактически занят изображениями двух крупных живописных стилизованных рыб, с длинным, прижатым в средней части хвоста полукружьями сверху и снизу, и потому растянутым хвостом (общей длиной около 20 см), расположенными друг напротив друга, плывущими против часовой стрелки, соответственно против хода солнца.

Обращают на себя внимание такие вещи, как время и место распространения изображений рыб и по-сути, факт того, что на смену скифо-сибирскому звериному стилю, который вырастает, в частности из анималистического же по преимуществу наскального искусства степной Евразии приходит черед стилей ювелирного искусства и одним из излюбленных предметов для изображений стала рыба. Рискнем предположить, что и в те времена люди уделяли крайне важное значение календарным и зодиакальным циклам. Как известно, любые календари страдают «погрешностью», даже самые древние и проверенные. «Каждый год солнце проходит весь Зодиак и возвращается к точке с которой начинало свой путь, - весеннему равноденствию, и каждый год ему не хватает немного для завершения полного круга. Как результат, оно пересекает экватор немного позади... и поскольку солнце теряет около одного градуса каждые 72 года» [8, с.174], то за чуть больше чем за две тысячи лет оно перемещается вдоль всего знака. Это возвратное движение называется прецессией равноденствия. В этом процессе далеко не только древние астрологи усматривали поистине глубинный смысл того знака, который приносит солнце в Наурыз. Примерно две тысячи лет назад из созвездия

Овна солнце перешло в созвездие Рыб (две Рыбы), а в настоящее время перешло или переходит (точные подсчеты затруднены) в Водолея.

Истоки празднования Наурыза теряются в древности. В регионе Среднего Востока, в раннем средневековье это был веселый шумный праздник, который, судя по произведениям Аль-Бируни, понравился пророку Мухаммеду, и первые арабские халифы широко распространили его в своих владениях, отмечая его очень пышно [9, с. 225]. У земледельческих народов Средиземноморья Передней и Центральной Азии Наурыз связывался с пробуждением природы; его понимали как ежегодное воскресение погибающего зимой божества растительности [10, с. 365].

Новый год (Наурыз) был важным событием для древнего населения региона, притом как для оседлого, так и не меньшее значение имел и для населения, занимавшегося разведением скота. Месяц Хут, растягивавшийся на 40 дней, предшествовавший Наурызу, был самым тяжелым с точки зрения сохранения скота от холодов и бескормицы, поэтому легенда о рождении Весной Наурыза разделялась всеми, вне зависимости от той или иной хозяйственно-культурной принадлежности. Существует легенда, что некогда один из жителей кишлака Дербент увидел Весну в тонком розовом платье, шагавшую над садами и полями. На голове у нее был венок из листьев и цветов. В руке она держала веточку, покрытую розовыми цветами и когда прикасалась этой веточкой к какому-нибудь дереву или растению, на нем распускались цветы... А над ее головой кружилась постоянная ее спутница, птица счастья Лайлатулкадр (арабск.) [11]. Поливная керамика с изображением птиц достаточно распространена для золотоордынского времени, в отдельных чашах (например, из коллекции ЦГМ) легко угадывается поясная орнаментация повторяющимся схематичным изображением рыб [12, с.266]. Распространена подобная символика повсеместно.

Версия смены образов животных, входящих в древнюю систему Зодиака, символизирующих Наурыз была высказана также ранее в популярной версии статьи, там же представлены фото и прорисовка [13]. Далее, при работе с литературой, при интерпретации материала нами была встречена обоснованная с такой же зодиакальной точки зрения аналогичная же смена символов образа Огня и Солнца – Агни [14, с.62].

Таким образом, нами выдвигается версия зодиакальной причины распространенности изображений рыб на керамических предметах, распространенных в течение двух тысячелетий, имеющих непосредственное отношение к празднику весеннего равноденствия – Наурызу. В предшествовавшую эпоху бронзы на скалах выбивались жертвоприношения быка или «солнцеголовые» с быком. Судя по всему, праздник Наурыз сохранял и значительный мифологический подтекст и в исламское время, наряду с широкими торжествами. Несмотря на запрет на изображения живых существ, изображения рыб были достаточно

распространены не только в раннеисламское время. Кроме того, в исламе, по авторитетному мнению, были весьма распространены мифы о звездах и, даже культ звезд (в доисламскую эпоху): «звезды воспринимались как живые существа, которые оказывали влияние на людей и животных, а особенно – на природные явления». Изучению звезд арабами придавалось крайне важное значение, в том числе уже после принятия ислама [15, с.59]. Видимо, глубокие арабские корни культа звезд в Центральной Азии «синтезировались» с древней традицией Наурыза, имеющую глубокую мифологическую зодиакальную основу.

Тем самым, можно предположить, что одним из самых древних и устойчивых культов, оказывавших воздействие на сложную систему мировоззрения в культурной жизни Центральной Азии являются аспекты учения о зодиакальных циклах. Мы не знаем доподлинно о хронологии проникновения, скорее всего проникали лишь «обрывки сути» учения. Общеизвестными являются сведения о глубоких астрологических знаниях в Вавилонии в эпоху бронзы. Также мы можем судить и о том, что и под властью ислама тема зодиакальных календарных циклов имела свободное существование, поскольку не была соотнесена с лженаукой или ересью.

Литература:

1. Ремпель Л.И. Цепь времен. – Ташкент, 1987. – С. 34-37.
2. The Handbook of Religions in Ancient Europe//Edited by L. B. Christensen, O. Hammer and D. A. Warburton. – Durham, 2013. – 453 p.
3. Kristiansen K. Rock Art and Religion. The sun journey in Indo-European mythology and Bronze Age rock art/ Adoranten. – Tanum, 2012. – P. 69-86.
4. Шуховцев В. Что такое Наурыз?// Магия Навруза. – Алматы, 2007. – С. 196-198.
5. Абдулло С. Появление Навруза// Магия Навруза. – Алматы, 2007. – С. 199-213.
6. Херманн Л. Петроглифы Аккайнара// Древности Жетысу. Памятники археологии Жамбылского района. Сб. статей. – Алматы, 2016. – С. 52-72.
7. Железняков Б.А., Шербаев Р.К. Семантика изображений рыб на Тагоре из городища Караспантобе // Родной край. Историко-краеведческий и архивный журнал. – Алматы, 2010, № 1-2 (15-16). – С. 38-43.
8. Мэнли П. Холл Энциклопедическое изложение Массонской, Герметической, Каббалистической и Розенкрейцерской Символической Философии. – СПб, 1994. – С. 574.
9. Аль-Бируни Избранные произведения. Т. 1. –Ташкент, 1957. – С. 525.
10. Фрэйзер Д. Золотая Ветвь. – М., 2003. – 523 с.
11. Устаев Ш.У. Новый год (Навруз) в мифологических воззрениях таджиков и узбеков // СЭ, 1985, № 6. –М. – С. 97-100.

12. Торежанова Н.Ж. Чаши с изображением птицы из городища Сарайчик XIII-XIV вв. // МНК «Кадырбаевские чтения – 2007» – Актобе, 2007. – С. 263-267.
13. Железняков Б., Шербаев Р. Мифологические сюжеты Наурыза // NOMAD Kazakhstan, 2008, № 2. – Алматы. – С. 78-84.
14. Смирнова И. Тайная история креста. – М., 2007. – 249 с.
15. Ал Харири-Вендель Т. Символы ислама. – М. - СПб, 2005. – 230 с.


Подписи к рисункам:

Рис. 1, 2. Наскальное изображение «солнцеголового» на быке, представлявшее осмысление небесного события, означавшее приход весны в день Наурыза. Тамгалы, III группа петроглифов, эпоха бронзы (фото и прорисовка).

Рис. 3. Композиция с «луноголовым» над быком, позади козла, с птицами и другими животными. Аккайнар, эпоха бронзы (прорисовка А. Железняков).

Рис. 4, 5. Фото: общий вид и деталь (стилизованное изображение рыбы). Тагора, подглазурная роспись.

Рис. 6. Прорисовка тагоры из Караспана, профиль, развертка росписи.





Ә.Ә. Жұмабеков
ҚР Ұлттық музейі
Тарих магистрі

НАУРЫЗ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ МЕЙРАМЫ

Наурыз – адамзаттың ең ежелгі мейрамдарының бірі. Қазақ халқы наурызды сан ғасырлардан бері мерекелеп, оны жаңа жылдың, жаңарудың басы ретінде санап келеді. Ол қазақ халқының салт-санасына, діні мен дәстүріне барынша сіңген төл мейрамы. Жалпы наурыз мейрамының шығу тарихына қысқаша тоқталатын болсақ, ол туралы өз еліміздің ғалымдары түрлі пікірлер айтады. Олар наурыздың пайда болуын табиғат құбылыстарынан, күн мен түннің теңелуінен, кітаптарда қалған Заратуштра, Нұх пайғамбардың есімдерімен байланыстырады. Наурыздың қазақпен, оған бауырлас Шығыс халықтарының ықылым замандарда отқа, күнге, айға, суға табынған кездерінде пайда болған, яғни табиғаттың қойнынан, күн мен түннің теңелуінен шыққан маусымдық (календарлық) мейрамы екені даусыз [1, 11 б].

Наурыз мейрамының тамыры тереңде екендігін оны атап өтетін халықтардың тарихы мен мәдениетіне, географиялық аймағының кендігіне қарап байқауға болады. Қазіргі кезде наурыз мерекесін қазақ халқынан басқа Орталық Азия, Ауғанстан, Иран, Түркия, Балқан түбегінің халықтары атап өтеді. Наурыз бізге парсы тілінен енген жаңа күн (ноу – жаңа, руз – күн) деген мағынаны білдіреді. Қазақ халқы наурыз мерекесін – Ұлыстың Ұлы күні деп төл атаумен атайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы былай деп жазады: «Қазақта «Наурыз» деген де кісі аты болған. Келін-кепшектер атай алмай: «Ұлы күн» - деп, «Ұлыстың ұлы күні!» – деп кеткен. «Ұлыс» – Түркінің ата-бабаларынан қалған ескі тіл. Біздің қазақта: «Ұлыстың ұлы күні» – Наурыз...

«Елді, жұртты оңға бастаймын! Ілгері басуына, мал басы өсуіне тілеулес боламын!» – деушілер...осы наурызды құрметтеп: «Ұлыстың ұлы күні» – атандырып, той-тамаша қылдыруға тырысуы керек [2, 56 б].

Наурыз көктемнің алғашқы айы. Наурыздың ең басты белгілерінің бірі күн мен түннің теңелуі осы айда болады. Бұл айда ұзаққа созылған алты ай қыстан, даланың табиғаты қайта тіріліп, бүкіл тіршілік атаулыға жан бітетін кез. Әсіресе, табиғатпен етене араласып көшпелі өмір салтын ұстанатын халықтар үшін бұл ерекше жыл мезгілі саналады. Көшпелі өмір сүрген қазақ халқы осы кезде қыстан аман-есен шыққанына қуанып, бір-бірімен көрісіп, ел ішінің, отбасы мүшелерінің аман-есендігін сұрасады. Төрт-түлік мал төлдеп, ақтың көбейетін сәті.

Наурыз қазақтың ең басты мейрамы болған. Мәшһүр Жүсіп: «Қазақтың қазақ болғанда, өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – наурыздама. Ол күні қожаларға оқытатұғын, наурызға арналған кітап болды. Наурыз жайын ұқтыратұғын, ол кітаптың атын: «Салдама» - дейді. Ол күнде тілі орамды, сөзге шешен шалдардың батасы болады. Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда, жұрт жылап, шулап: «Амин!» - деп отырады. Сонан соң олардың айтқаны айтқандай келіп халық, жұрт ілгері басып, малы да өсіп, басы да өсіп берекелі болады» [2, 56 б].

Бұл туралы алаш қайраткерлерінің бірі Міржақып Дулатов та “Қош келдің, Наурыз” атты мақаласында былай дейді: «Жер жүзіндегі жұрттардың бәрінің де түрлі-түрлі мейрамдары болады. Мәселен, дін мейрамы, ұлт мейрамы, мемлекет мейрамы секілді. Өзгелерді былай қоя тұрып, өзіміздің сыбайласымыз орыс жұртын алсақ, бұл туралы қазақтың мақалы да бар: «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп».

Біздің қазақ айранға бай болғанмен, мейрамға жарлы екендігі осыдан да көрінеді. Жалпы мұсылман жұрттарына ортақ жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, біздің қазақ-қырғызда жалғыз-ақ мейрам бар, ол – Наурыз» [3, 22 б].

Мейрам – жалпы халықтар мен ұлттарды, елдерді біріктіреді. Олардың бір-бірін танып-түсінуіне қолайлы жағдай туғызады. Жұмыр жердің бетіндегі барша халық өзінің төл мерекесімен мақтанады. Мереке дегеніміз бір ауыз сөзбен айтқанда, уыздай ұйып отырған халықтың берекесі болып табылады. Мереке мейрам – халықтың ұлттық сана-сезімін оятады. Көңілін көтереді, жанын желпіп жадыратады, демалдырып тынықтырады. Бір-біріне болған барыс-келісін күшейтеді, ынтымағын нығайтады. Өткен ғасырдағы ата-бабаларының салт-дәстүрлерін есіне салады. Жақсы ғұрыптарын жаңғыртады, өткенін жанартады, өлгенін тірілтеді, өшкенін жандырады, бүгінін тойлатады. Болашақ ұрпақтарына қор жиып қалдырады. Сол арқылы арттан ілесіп, еріп, өсіп келе жатқан, көгенкөз ұрпақтарымызға ата мұрасы арқылы терең тәрбие береді [4, 3 б].

Наурыз өз бойына бүкіл жақсылық атаулыны жинаған мейрам. Наурыз күні адамдар бай есеп, пендешілік атаулыдан тазарып, ар-ұжданы алдында арылуы керек. “Ұлыс күні алдыңа келсе, атаңның құнын кеш”, “Жақсылыққа жақсылық – жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер жігіттің ісі”, “Тас атқанға – ас ат” секілді нақылдарды өзек етіп, ту көтерген билер ақсақалдар ат құйрығын кесіп араға жік түскен бауырлас ел, руларды,

ағайын, дос-жарандарды бір дастарханнан дәм татып, табыстырған, осылайша ел бірлігін күшейткен [5, 387 б].

Ұлыстың ұлы күні наурыздың елдік, бірлік, берекелік сипатын былай қойғанда, оның инабаттылыққа, иманжүзділікке, ізгілікке баулитын жақтарын аша түсу қажет-ақ. Өйткені ол, жұмыр бастыдан от басы-ошақ қасының күйбелеңімен ғана шектеліп қалмай, ой-өрісін, дүние танымын өзгертуді, ілгеріден үміткер болуды талап етеді. Көрші-қолаңмен, жора-жолдастармен тату-тәтті қатынаста болуға шақырады [6, 137 б].

Наурыз - құт-берекенің айы. Қазақ халқы наурызда әрбір үйге Қызыр ата келіп, дәм татады деп үйді тазалап, ақ дастархан жайған. Қызыр атаның келуімен бірге сол үйге құт-береке қонады деп санаған. Құт-береке қонған үйде, отбасында әрқашан ынтымақ пен бірлік, отбасы мүшелерінің амандығы, дәулет сақталады деп санайды. Сондай-ақ, наурызда жасы үлкендер өсіп келе жатқан жас ұрпақтың амандығын, саулығын тілейді, олардың тәрбиелі, иманды, елін сүйетін, адамгершілігі мол азамат болып өсуін тілеп ақ батасын береді. Наурыздың ең басты тағамы – ол наурыз көже. Оған жеті түрлі дән қосылады. Балалық шағымызда үлкендер наурыз көжені тойып ішсең, сол жылы тоқ жүресің деуші еді.

Наурыз ынтымақ пен бірліктің, татулықтың мейрамы. Наурыз мейрамы адамдары бір-біріне кішіпейіл болуға, ренжіскен адамдарды бір-біріне кешірімді болуға, туыстар мен көршілер бір-біріне көмекке келіп, бітпей тұрған істі асарлатып бітіреді. Қазақ халқы үшін наурыз ынтымақ пен бірліктің, ырыстың, татулық пен бейбітшіліктің, қуаныштың мейрамы.

Наурыз мейрамы қазақ халқымен сан ғасырлардан бері бірге жасасып келеді. Кеңес үкіметі қазақ халқының тарихи санасынан айыру мақсатында 1926 жылы наурыз мерекесін тойлауғашектеу қояды. Алайда, 1988 жылы кеңес үкіметінің қабырғасы сөгіле бастаған тұста халқымыз өзінің төл мейрамымен қайта қауышты. Еліміз егемендік алғаннан кейін наурыз мерекесін ел болып тойлау қайта жанданды. Наурыз мерекесі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздегі халықтар арасындағы достық пен сыйластықтың, түсіністік пен татулықтың нышанына айналып, елдегі тұрақтылық пен тыныштықты сақтауға өз үлесін қосты деп айтуға болады. Наурыз мереке ретінде елімізде тұрып жатқан әртүрлі халықтарды біріктіріп, мемлекетті құрып отырған қазақ халқының айналасына топтасуына ықпал етті.

Елбасының бастамасымен 1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы деп аталатын еліміздегі бірегей институт құрылды. Ассамблеяның басты мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық отансүйгіштік, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру үдерісінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету. Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргі күнге дейін еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің сақталуына маңызды рөл атқарып келеді.

Наурыз тек қазақ халқының ғана емес, елімізде тұрып жатқан басқа да түркі тілдес халықтардың да ұлттық мерекесі саналады. Тәуелсіздіктің 25 жылдан астам уақытында наурыз мерекесі арқылы халқымыздың тарихи санасының қалыптасуына, рухани мұраларымызды қайта жаңғыртуға, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, адамгершілік, имандылық, кішіпейілділік қасиеттерді сіңіруге айтарлықтай қол жеткіздік. Наурыз мерекесі болашақта елдігіміздің қалыптасуына, ұлт болып ұйысуымызға да ықпалы мол болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары. 1 том: біртұтастығы және ерекшелігі/Құраст. С. Әжіғали – Алматы: «Арыс» баспасы. 2005. – 328 б.
2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 455 б.
3. Армысың, өз-Наурыз! – Астана: «Зерде» баспасы, 2010 жыл. – 357 бет.
4. БопайұлыБ. Қазақы наурызнама. Алматы: «Бастау» ЖШС. 2005 ж. – 72 б.
5. ҚалыбековаА. Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы. Алматы: БАУР, 2011. – 488 б.
6. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. – Алматы: Жазушы, 1992. – 192 бет.

Д.Б. Елемесова

Қазақстан Республикасы Бейбітшілік және келісім музейінің ғылыми қызметкері

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ

Қазақ халқының таным-түсінігінде Наурыз – табиғат пен қоғамның бір-бірімен біте жарасқан рухани дүниесі, яғни табиғаттағы құбылыстың қоғамдағы моделі іспетті. Наурыз мейрамының туу тарихы турасында таластар өте көп. Көбі ел аузындағы аңыздарға жүгінеді. Аңыздың өзі сан алуан. Дегенмен, аңыздың түбінен ақиқаттың бір ұшы қылт ететіні рас... Кейбір ғалымдар бұны зороастризм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырса, кейбіреулер Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр.

Ал, мәдениеттанушы Серік Ерғалидың зерттеуінше «Наурыз – әлем халықтары арасындағы ежелгі және жылдың жаңаруын алғаш әйгілеп, адамзатқа дәстүрлеген бірден-бір әуелгі мереке. Бұл дәстүрдің аталуы мен «наурыз» сөзінің таралу аумағына қарағанда, оның адамзаттық жыл мерекесі екенін мойындауға тура келеді. Наурыз айымен байланыстыра жаңа жылды атап өту Алтын Орданың қирандысында пайда болған патшалық Ресейді былай қойғанда, Рим империясында да қасиетті мерекеге айналып келген».

Одан әрі Наурыз тарихын саралай отырып, отырықшы өркениетті елдер шаруашылыққа қолайлы оның күнтізбелік қана мәніне назар аударып, ал көшпелі түріктер Наурыздың теологиялық – мифологиялық мазмұнын барынша маңыз еткен. Оған дәлел, ежелгі парсылық жазбалардағы Наурыздың күнтізбелік шежіресінің хатталуы болса, ал көшпелілердің Наурызды мерекелеуі сол отырықшы өркениет өкілдерінің таңданысын жасыруға мұрша бермей, олардың барлық ғұрыптық, жоралғылық рәсімдерінің қағаз бетіне түсуі еді. Бұл олардың Наурыз мерекесіне деген теологиялық мәнді жоғары қоюының дәйегі болатын деп тұжырады [1].

Ал, қазақ даласында Наурыздың қандай сипатқа ие болғандығын этнограф-ғалым А.Сейдімбек былайша сипаттайды: «Байырғы салт-жора бойынша қазақ арасында Ұлыс тойы түн ортасы ауа басталады. Бұл түн «Қызыр түні» деп аталады. Халықтың наным-сенімінде Қызыр қасы көзін жапқан қарт адам болса керек. Қызыр атаны Бақ жетелеп жүреді екен. Ұлыс тойының таңын көзімен атыруы үшін Қызыр ата түн ортасы ауа дала кезеді...

Қызыр түнін ұйықтамай өткізу үшін ауыл жастары алуан түрлі ойын ұйымдастырып, Қызыр атаның назарын аударып бақытты боламыз деп, небір тосын тамаша-қызықтар көрсетеді... Осынау қызық-думанның ішінде «жандықуыршақтың» жөні бөлек. Ол үшін жастар ауылдағы ноқта көрмеген ең асау тайыншаны ұстап, ең ескі ашамайды салып, ашамай үстіне ең ескі киім-кешек пен құрым киізден жасалған қуыршақ орнатып, тайыншаның құйрығына ескі шелек байлайды да: «Ұлыс таң атып қалды, бар елге хабар бер!» деп, шабына шыбық жүгіртіп, сауырға бір салып қоя береді. Асау тайынша өкіріп-бақырып жөнеледі. Ит үреді, қотандағы мал үркеді, үй-үйден шал-шауқан ербиіп шығады, жастар жағы маз-мейрам болысады...»[2].

Түріктік наурыздың мәні мен аталымын аша түсу үшін, оған қатысты қазақта тағы екі түрлі аталатын, бірақ наурызбен мәндес екі мерекелік атауды қарастыруымыз қажет. Себебі, Шәкәрім Құдайбердіұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазуларында қазақта жаңа жыл мейрамын бұрынырақта *Ұлыс* деп атаған. Алайда, бұл сөздің Шыңғыс хан дәуірінен бері келе жатқан қазақтағы хандықтың әкімшілік бөлініс бірлігін білдіретін «ұлыспен» қаншалықты байланысы бар-жоғын тап басып айту қиындау. Бұл екі ұғымның бірінен бірі шығуы да мүмкін болмаса мүлде бөлек мағыналы сөздер болуы да ықтимал.

Осы «ұлыс» сөзі турасында Тоқтасын Өмірзақовтың дәйекті пікірін келтірсек, онда ғалым ескі түрікше «*ғаламдық жаратылыс күні*» деген ұғымға жауап беретін болар деп тұжырады. Бәлкім, жалпы «ұлыс» сөзі біз ұғып жүргендей «ел», «аумақ», «облыс» дегенді білдіретін мемлекеттік бөліністің атауы емес, «*Көктің не Жаратылыстың бұйырымы*» деген ұғымға да жауап беруі мүмкін. Сонда «*Жошы ұлысы*», «*Шағатай ұлысы*» деген тіркестер «Жошы мен Шағатайға Көктен түскен бұйырым» деген мағынада кіші ханның қарауына бір қауым елді теологиялық жолмен

бекітуден шыққан құзыр болар. Ал, Наурызға қатысты «ұлыстың» мәніне келсек, Наурыз – «әрбір пендеге Көктен бір жылдық ырыздық бұйыратын күн» деген мағына шықпай ма?! Ендеше оның ерекше ұлы істің жүзеге асатын жана күн екендігі де сонда емес пе?! Демек, «ұлыс» сөзі – Наурыздың тео-мифологиялық мәнін аша түсетін ұғым. Ал, «ұлыс» сөзінің шығуына тоқталсақ, бәлкім, ол бүгінде мәнін жойған ежелгі сөздің жұрнағы болуы ықтимал деп Серік Ерғали пайымдайды [3].

Алаштың зиялы азаматтары «Қазақ» газеті шығып тұрған уақытында әр жыл сайын 9 наурыз күні Наурыз мерекесінің мән-мағынасы туралы өз ойларын жазып, халықты құттықтап отырыпты. Соның бір жарқын мысалы: «Наурыз – қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде әр елде наурыз туғанда мейрам қылып, бас асып, қазан-қазан көже ішіп ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп кәрі-жас, қатын-қалаш бәрі де мәз болып көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, наурыздың қай айда, қай күні болуы хақында әр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілер тоғызында келеді деседі, әр жұрттың белгісі күнде жаңа жыл туады, ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «іс жаңа жыл қайырлы болсын, жаңа бақыт кәсіп болсын» – деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді. Рустың жаңа жылы қыс ортасында, нағыз сақылдап тұрған суықта келеді, біздің Жаңа жылымыз – Наурыз марттың басында болсын, ортасында болсын, әйтеуір мартта келетін болса, шын мағынасымен Жаңа жыл деп айтуға лайық. Күн жылынып, қар еріп, жан-жануар жаздың жақындағанын сезіп көңілденген кез. Шаруа адамдарының бейнеттен қолы шешіліп, алты ай баққан арықтарын үмітті күнге жеткізіп демалып отырған кез. Ағаш, шөптер қар астынан сілкініп шығып, гүлденіп жасаруға даярланып, күн де қыстай бір бүйірлеп жүруін қойып жоғары көтеріліп, бүтін ғаламға нұрын шашып үйсізді үйлімен теңгеріп, бай мен жарлыға бірдей сәуле беруге тұрған кез. Міне, табиғаттың осындай көңілді өзгерістерінің кезеңінде біздің Жаңа жылымыз Наурыз туып, ата ғұрпымызды ұмытпай, белгілі бір күнді басы қылып алсақ ұнамды іс болар еді. Осы туралы білетін адамдар «Қазаққа» жазса екен, біздің Жаңа жыл – Наурыз анық жылдың қай айында һәм қай күнінде басталады. Біз оқушыларымызды Жаңа жылмен құттықтауға Наурыздың анық қай күні туатынын біле алмадық, ғафу өтінеміз – деп наурызға осындай баға беріліпті.

Осындай жазба деректерге сүйенсек, ертеде жұлдыз есебімен санағанда қыс пен жаздың ауысатын уақыты 9-шы наурызға сәйкес келген және де қазақтар осы есепті Қазан төңкерісі орнағанға дейін берік ұстап келген және ескі жылдың шығып, жаңа жылдың кіруін сегіз күн бойына тойлаған [4].

Енді мына дерекке көңіл бөлейік. Арғынның айдабол руынан шыққан Едіге би Баянауылдан қасына жүз кісі ертіп, «наурызнама» жасатамыз деп Қызылтауда Сәті қыстауында отырған Сәті мырзаның ауылына барады. Сәті мырза қансонар кезі болған соң, бүркіт салып, аң аулауға кеткен екен. Баяу

атты бәйбішесіне «наурызлама» деп кісі келе қалса өзін жоқтатпайтынын тапсырған. Баяу бәйбіше «жолаушы емессіз, әдейі наурызлама жасатам деп келдіңіз» деп сегіз күнді бірінен бірін асырып науырызлама жасаған екен. Қансонардан келген Сәті мырза едіге тамырына бұл наурызлама Баяу бәйбішенікі болды, мен оған ортақтаспаймын, менің наурызламам сыймен болсын деп, Едігенің өзіне түйе бастаған тоғыз (қазақта түйе бастаған тоғыз – үш түйе, үш жылқы, үш ірі қара малдан тұрған, оның үстіне бұл аталған малдар ұрғашы болып, әр қайсысы бір-екі жасар төлімен берілген), қалған жүз кісісінің бірін қалдырмай біріне түйе, біріне ат мінгізіп еліне қайтарған екен

Наурыздың аса ерекшелігін көрсететін салтты М.Ж.Көпейұлы: «Қазақтың қазақ болғанда өзіне арналған, сыбағасына тиген жалғыз мейрамы – ол наурызлама. Ол күні қожаларға оқытатұғын наурызға арналған кітап болады. Наурыз жайын ұқтыратын ол кітаптың атын «Салдама» деп атаған. Ол күнде тілі орамды, сөзге шешен шалдардың батасы болады. Қожа кітап оқығанда, шалдар бата қылғанда жұрт жылап, шулап «Әумин» деп отырады. Содан соң олардың айтқаны келіп, халық-жұрт ілгері басып, малы да өсіп берекелі болады» деп жазады. Бұл Наурыз мерекесі кезінде болатын транстық сипаты бар дұға оқу ғұрпы болса керек [5].

Ал «Бабырнама» жазуы бойынша 1504 жылдан 1506 жылға дейін Наурыз мерекесі Бабыр өз әскерімен Гумал өзенінің бойында Дашта жазығындағы Газниге барар жолындағы сапарына тура келген. Бабыр осы жерде мерекелік оқып, «газал», бата-тілек айтқандығын жазған [6].

Алғашқы авторлардың наурыз тойы хақындағы тұжырымдарын негізге алатын болсақ, наурызды төл мерекесі ретінде тойлайтын шығыс халқының қайсысы болмасын, бұл мерекеге ерекше мән беріп отырғандығын көреміз.

Қазақ халқы наурыз мерекесін қазақ жерінің қай өңірінде болмасын сол уақытында күн мен түннің теңесетін, жаңа жылдың басталар уақытында, жыл басында көктемнің алғашқы күндерінде тойлаған. Жұлдыздар теңеседі, яғни Сүмбіле, Үшарқар-Таразы, Үркер және Сұлу Сары бір түзудің бойында тізіле орналасады. Есепшілер жұлдыздардың теңесуінен күн мен түннің теңелуін байқаған. Жаңа күннің жарығы мен жылуы қытымыр қысты ығыстырып, жер бетін жылылық жайлап, көк қаулайды. Күн өткен сайын Күн белдеуі жоғарылай түседі. Есепшілер наурыздың келгенін, күн мен түннің теңелгенін жан-жануарлардың қылығынан да байқап отырған. Еліміздің Батыс өлкесінде наурыздың 14-інде сарышұнақ інінен шығады, күн суық болса, ін аузынан ұзамайды, күн жылы болса, ұзағырақ жерге барады. Сырдың төменгі ағысы бойы, Үстірттегі таза көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен қазақтар қыстаудан көктеуге ерте көктемде наурыздың 1-нен бастап-ақ көтерілген. Қазақ жерінің оңтүстік шығысы, шығысы мен солтүстігіндегі қазақтар болса, наурыздың басында қыстауда

отырған, олар көктеуге сәуірдің басынан, кей ауылдар сәуірдің 10-20-нан көтерілген. Әрине бұл ауылдар наурызды қыстауда өткізген.

Қорыта келгенде, біз келтіріп отырған деректеріміз жыл басын мерекелеуді Наурыз айында өткізу дәстүрін адамзаттың алты мың жылдық тарихын ұйыстырған батысаялық ежелгі Месопотами жерінің тұрғындары қолға алғандығы тарихшылар арасында дәйекті пікірге айналуда. Ал қос өзен мәдениетінің пайда болып орнығуына еуразиялық көшпелілердің арғы бабалары болып табылатын метал өндірісін игерген ежелгі тұрандықтардың тікелей қатысы барлығы да байсалды ғылыми тақырыпқа айналды. Бұған қазіргі қазақтардың ата-бабаларының тікелей қатысы болып отыр. Егер де ол өзінің тіршілігі мен рухани дүниесіне сай келмесе, сахара жұртының қалауы да басқа болар еді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Серік Ерғали. Наурыз: жаңажылдық ұлттық думан. Астана:Зерде, - 2009. 64 б.
2. Ақселеу Сейдімбек. Қазақ әлемі. Алматы: Санат, 1997. 464 б.
3. Тоқтасын Өмірзақов. «Ұлыс күн кітабы». Алматы, 2001.
4. Наурыз // Қазақ газеті, 1913. №5. 9 наурыз.
5. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Наурыз // Мына жинақта: Наурызнама. Аталы ойлар. Алматы: Жалын, 1993. 112 б.
6. Бабур-наме. Записки Бабура. Перевод М.Салье. 2-ое издание. Ташкент: Глав.ред.энциклопедий, 1993. 463 с.

М.С. Шағырбаев

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ магистрі

А.К. Турсунбекова

Алматы қаласы

№6 мектеп-гимназия мұғалімі

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ТОЙЛАНУЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Наурыз мерекесі көне замандардан қалыптасқан жыл бастау мерекесі. Наурыз мерекесі қазіргі күнтізбе бойынша күн мен түннің теңелу сәтіне сәйкес келеді. Жалпы наурыз сөзінің түп төркіні көне парсы тілінде «жаңа күн» деген мағынаны берітіні белгілі. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының қаранына сәйкес, 22 Наурыз Халықаралық Наурыз күні болып 2010 жылдан бері аталып келеді. Бұл шараны Бас Ассамблея былай деп түсіндірген болатын: «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 млн адам тойлап келе жатыр» [1, 86 б.]. ЮНЕСКО

2009 жылдың 30 қыркүйегінен бастап наурыз мерекесін адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне кіргізді [2, 235 б.].

Наурыз мерекесіне қатысты ырымдар мен тыйымдардың арасында Ислам дініне дейінгі Заратуштра дінінен бері келе жатқан жоралғылар да кездеседі [3]. Бұл Наурыз мерекесінің ең көне мейрам екенін дәлелдейді. Наурызды негізінен қай заманнан бастап тойлаған? Мұны болжауға болады. Ол үшін біз Заратуштра туралы деректерге назар аударымыз қажет. Заратуштра адамзат тарихындағы тұңғыш пайғамбарлардың бірі. Ол адамзаттың алғашқы діни және философиялық танымының негізін қалаушы ғұлама, ақын. Платон оны бақсылардың ұстазы деп санаған. Заратуштраны зерттеуші орыс ғалымы Л. Лелеков: «Гректер өз жүйелерінің Заратуштрадан бастау алатынын мақтан еткен. Заратуштраның туған жері, өскен елі, ілімінің мән-мазмұны мен таралған аймақтары, кіші «Авеста» кітабындағы жыр үлгілерінен шамалауға болады. Заратуштра тарихта шын мәнінде болған тұлға деген тұжырым жасалады. Тарихи деректердегі Заратуштра Виштаспа сарайына солтүстіктен келді деген мәліметтер Бойстың «Заратуштра Еділдің шығыс беткейлеріндегі азиялық далада өмір сүрді» деген тұжырымдарына сәйкес келеді [4, С.12]. Соңғы ғылыми пікірлер бойынша, Заратуштра осыдан 3000 жылдай бұрын, Еділ өзенінің шығыс жағалауындағы Ұлы Тұран жазығында, яғни, қазіргі Батыс Қазақстан аумағында өмір сүрген болуы мүмкін. Ол киіз туырлықты сипаттама ұлысында, Поурушаспа деген малшының отбасында дүниеге келген. Кез келген көшпелі жұрттың өкілі тәрізді Заратуштра да табиғат құбылыстарына табынып, бала күнінен адам мен ғаламның, болмыстың сырын ұғуға, абсолюттік ақиқатқа (Жаратушы иеге) жетуге талпынады. 30 жасқа толған шағында, көктемгі теңесу сәті – Наурызды қарсы алған күннің ертесіне Заратуштра әлемді жаратушы құдірет иесі – Ахура Мазда құдайға жолығады, деген әңгіме айтылады. Содан кейін Заратуштра ақыл-білімге кенеліп, жаратушы Жалғыз Иенің ақиқат сөздерін жұртқа тарата бастайды [5, 43 б.].

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрі дүниежүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан бар. Бұл мейрамды гректер «патрих», бирмалықтар «су мейрамы», тәжіктер «гүл гардон», «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктер «наусарджи», татарлар «нардуган», буряттар «сагаан сара», соғдылықтар «наусарыз», армяндар «навасрди», чуваштар «норис ояхе» деп атаған [6, С. 184.]. Дәстүрлі қазақ қоғамында Ұлыс күні жыл басы саналған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз күні түнде даланы Қыдыр ата аралайды. Ұлыс күні халық таза киініп, ауылдағы ер кісілер бір-бірімен төс қағыстырып, тілектер айтқан. Мерекеге арналған наурыз көже ішуге шақырған. Наурыз көжеге ет салып пісіруі қысқы тағаммен қош айтысу болса, ақтың қосылуы жаз тағамдарымен қауышуды білдіреді. Ауыл ақсақалдары арасына жік түскен ауыл адамдарды, бауырлас ел, руларды, ағайын, дос-жарандарды бір дастарханнан дәм таттырып, табыстырған, жалғыз жарым жетімектерді

үйлендіріп, жеке отау еткен. Кембағал мүгедектерді жақын туыстарының қарауына арнайы міндетті тапсырған. Жұтқа ұшырап қиналғандарға жылу жинап берген.

Көктемгі дала жұмыстары наурыз айында, қараторғай ұшып келгенде (наурызек, наурыз торғай), бір сәтті күні басталған. Ондай күндерге сәрсенбі, бейсенбі, сенбі жатқызылған [7, С. 281.].

Кейбір аймақтарда наурыз мейрамы кезінде жерді жырта бастаған. Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында бұл күні Диқан бабаға арнап, қос көже дайындаған. Көжені ішкенде, егін шаруашылығы пірінен «Диқан баба бізді қолдай гөр!» деп бата тілеген [8, С. 28.].

Көктемгі алғашқы малды саууға, қымыз және жалпы сүт тағамын дайындауға байланысты наным-сенімдер мен ғұрыптар көп. Малдың төлдеу кезеңінен кейін ауылда кішігірім той жасалған. Бұл мерекелік дастарханға сүттің уызы, соғым еті қойылған [9, С. 132.].

Кеңес өкіметі кезінде 1920-1925 жылдары шығыс халықтары бұл мерекені атап өткенімен, 1926 жылы «діни мейрам», «ескіліктің сарқыншағы» деп танылып, тоқтылады. 1988 жылы Алматы қаласында наурыз жалпыхалықтық мереке ретінде қайта тойлана бастайды [1]. Наурыз мерекесімен қазақ халқының қайта қауышқан сәтін белгілі ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов былай деп еске алады:

– «Бұл бір қызық жағдай болды. Біз сол жылы Наурыз мерекесін үш-ақ жерде Алматы қаласында, Алматы облысының Жамбыл ауданында және өзге ұлт өкілдері көп шоғырланған Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында өткізелік, келесі жылдан бастап республика бойынша тойлай жатармыз деген шешімге келдік. Ол ұсынысымыз далада қалды. Қалың ел баба салтын қатты сағынып қалғаны соншалық, Наурыз мейрамы республикамыздың бірнеше облыстарында, аудандарында, колхоз-совхоздарында, зауыт-фабрикаларда, жоғары оқу орындары мен мектептерде де атап өтілді» [10].

Наурыз мерекесі жоғарыда айтқандай түркі халықтарының көпшілігінде тойланып өтеді. Мәселен:

Қырғыз халқы. Қырғаз елінде жылдың алғашқы күнінде «нооруз кәджә», «ауз кәджә», «кавут» ұлттық тағамдарын дайындап, жаңа жылда бір-бірін көтеріңкі көңіл-күймен құттықтайды. Бұл күні алыс-жақын туыстар кең жайылған дастархан басында жиналып, бір-біріне ізгі тілектер айтады. Наурыз мерекесінде көпшілік қауым ұлттық киімдер киіп, қала көшелеріндегі мерекелік серуенге қосылады.

Өзбек халқы. Көрші өзбек елінде, Самарқанда, Бұқара, Андижан қалаларында Наурыз мерекесін тойлау 21 наурызда бастау алып, бір аптаға созылады. Бұл күндері өнерпаздардың қатысуымен мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Мерекенің алғашқы күнінде өзбек халқы бір-бірінің үйіне қонаққа барып, ұлттық тағамдардан ауыз тиеді. Қала көшелері мен алаңдарда ұлттық ойындар ұйымдастырылып, сахналық қойылымдар көрсетіледі.

Түркімен халқы. Түрікмен халқы жыл басын «Невруз» деп атайды. Мереке қарсаңында үй-іші тазартылып, ұлттық тағамдар әзірленеді. Бұл күні дайындалатын тағам неғұрлым көп болса, соғұрлым келер жыл ырысқа толы болады деп болжайды. Невруз күніне орай түрікмен халқы «семени» деп аталатын ұлттық тағамдарын дайындап, келген қонақтарға ұсынады.

Әзірбайжан халқы. Наурыз мейрамы немесе сол тілде айтқанда Новруз байрамы – Әзірбайжан халқының да ең сүйікті мерекелерінің санатында. Бұрындары осы мейрамның құрметіне жергілікті халық 6 күн қатарынан жұмыс істемей, молынан берілген демалыс күндерін әзірбайжандықтар көңіл көтеріп, асыр салып, тойлатумен өткізетін болған. Тәуелсіздік алған соң бұл мереке ресми түрде аталып өте бастаған. Бірақ бұл жайт демалыс күндерінің мерзімін қысқартып, мейрамды 21-і мен 23 наурыз аралығына қойған екен. Десе де қазіргі таңда да елдің Оңтүстік өңірінде сол баяғы ескі дәстүр сақталып қалған екен. Бұл елде наурыз мерекесіне дайындық біздегідей бірнеше күн бұрын басталады. Дәлірек айтсақ, ескі жылдың соңғы сәрсенбісі, яғни «ахыр чершенбе» күнінен бастап, Жаңа жыл қамына кірісетін көрінеді. Сол күні үй мен ыдыс-аяқтарын тазалап, қайтқан туған туыстарына дұға етеді. Ал Жаңа жыл кірген күні ерте тұрып, өзенге немесе бұлақ басына барып, шомылады. Солайша жаңа жылдың бірінші күнін таза ниетпен, ақ пейілмен қарсы алады. Сондай-ақ бұл Жаңа жылдың бірінші күнінде әзірбайжандықтар оразасын балмен немесе қантпен ашады. Бұл өмірі бал мен шекер сынды тәтті болсын деген ниеттері. Тағы бір айта кетерлік жайт, олар сол күндері үйін жұпар иісті түтінмен тазалап шығады. Солайша үйді жын-шайтаннан, өздерін теріс пиғылдан тазалайды. Артынша тәтті-дәмділерін қойып, бір-бірін қонаққа шақыра бастайды. Мерекенің қуанышымен-ақ өтіп кететін Жаңа жылдың алғашқы күні олар да түрлі ас қойылған ақ дастарқанмен қарсы алады. Ас мәзірінен «йеди-левин» тағамы да қалыспайды. Бұл тағамның біздің наурызкөжемізге ұқсастығы бар. Оған да жеті түрлі дәм қосылады. Сондай-ақ бұл елдің дастарқанынан «с» әрпінен басталатын дәстүрлі сумах тағамы, скед – яғни сүт, сірке суы мен бидай мен ұннан жасалған семени ботқасын көре аласыз. Дастарқанға айна мен балауыз және боялған жұмыртқа міндетті түрде қойылады. Өйткені айна мен жұмыртқаның бұл күні атқарар рөлі ерекше. Әзірбайжан халқының ежелден келе жатқан аңызы бар. Ол аңызға сенсек, жер үлкен өгіздің мүйізінде тұр. Жаңа жыл кіргенде бұқа жерді бір мүйізінен екінші мүйізіне ауыстырады. Дәл сол кезде жер қозғалып, көптен күткен Жаңа жыл да кіреді. Міне, сол жердің қозғалған сәтін қалт жіберіп алмау үшін айнаның үстіне боялған жұмыртқаны қояды. Жұмыртқа орнынан сәл қозғалса немесе қимылдаса – Жаңа жыл кірді деген сөз. Әзірбайжандықтардың салты Иран жұртының дәстүріне ұқсас. Иран халқы үшін Наурыз басты мереке. Яғни олар біз секілді Жаңа жылды екі рет тойлап, әуреге түспейді. Көктемнің бұл айын ирандықтар Фавардин атап кеткен. Жаңа жыл кірмес бұрын ирандықтар жасамық, бидай сынды дәнді дақылдарды өсіріп, солардың өскінімен үйлеріне әшекей жасайды. Бұл – үйден тоқшылық кетпесін дегені.

Сондай-ақ өсіп-өркендеудің нышаны іспетті. Дәнді-дақылдардың өскіні үйде 13 күн тұрып, содан кейін өзенге тасталады. Бұл елде де ескі жылдың ақырғы сәрсенбісі ерекше күн. Сәрсенбінің сәтінде Иран жұрты үлкен от жағады. Бұл жаңаруды білдірсе керек. Сонымен қатар жаңарудың белгісі ретінде бұл күнде қандай да бір жаңа киім алуы міндетті екен. Ирандықтар Наурыз мейрамының тағамын жеті жаңғақ түрлерінен жасайды. Бұл ас түрімен бірге дастарқанға Құран қойылады. Бұл дін беріктігінің нышаны болар. Жаңа күн туғанда ел ақсақалдары жасы кіші балаларға күміс немесе алтыннан жасалған тиын табыс етеді. «Аиди» деп аталатын бұл дәстүр келер ұрпақ аталарының жолын қуып, жасына-жас қосылып, үбірлі-шүбірлі болсын дегенді білдіреді. Түркияда да бұл күндері ұлттық тағамдар дайындалып, мол дастарқан жайылады. Бұл айды түріктер «Сұлтан невруз» атаған. Мереке күндері олар да бір-бірінің үйін аралап, амандық сұрасып, Жаңа жылмен құттықтайды.

Түрік халқы. Ежелгі түрік аңызына сүйенер болсақ, бұл күні түрік халқы қоршаудан аман-есен шыққан. Сондықтан да, Наурызды түрік халқы «Жыл басы» деп есептейді. Түркияның әр аймағында Наурыз мерекесін тойлаудың өз дәстүрі болғандықтан, бұл мерекенің ел арасында «Айдың соңы», «Сұлтан неврузы», «Невруз сұлтан» деген басқа атаулары бар. Мереке қарсаңында ұлттық тағамдар пісіріледі. Күллі жамағат таза киімдерін киіп, бір-бірлерінің үйіне барып, мерекемен құттықтайды. Бұл күні бейіт басына барып, дұға оқытылады. Қала көшелерінде мерекелік іс-шаралар өткізіледі. Мереке күндері қалың жұрт көңіл көтеруге міндетті. Араздасып қалған жағдайда, дереу татуласып, бар өкпе-реніштерді ұмытуы тиіс.

Иран халқы. Ирандықтар көктем мерекесін «Жаңа жыл мерекесі» деп атайды. Бұл мереке 13 күн бойы үздіксіз тойланады. Алғашқы бес күнінде алыс-жақындардың үйіне қонаққа барып, қыдырады. Мерекенің 13- күнінде көпшілік таза ауаға шығып, серуендейді. Наурыз қарсаңында үй-іші тазартылады. Ирандықтар жаңа жылды жаңа киіммен қарсы алуы тиіс. Жылдың соңғы сәрсенбісінде үлкен алау от жағылады. Ирандықтар «Бәле-жала шаңырағымнан, ауру-дерт бойымнан кетсін» деп оттың үстінен секіреді. Мереке күні әулеттің үлкен жандары кішілерге күміс не алтын тиын-тебен береді. Бұл рәсім «аиди» деп аталады.

Татар халқы. Татарстан мен Башқұртстан Ұлттық тағамдарға толы үлкен дастархан басына алыс-жақын ағайындар бас қосып, бір-бірлеріне жақсы тілектер айтып, жыл басын бірге қарсы алады. Наурызда мерекелік іс-шаралар өткізіліп, ұлттық ойындар ұйымдастырылады.

Ауған халқы. Ауған жерінде Наурыз мерекесі ежелден бері аталып өтілетін мереке. Алайда, ауған халқының мерекені тойлауына талибтер «діни мереке емес» деп біраз уақыт рұқсат етпеген. Бірақ, елдің жаңа билігі мерекеге оң көзбен қарап, оны тойлауды жөн деп шешкен. Бұл күні барлығы қала көшелері мен алаңдарға шығып, көктем мерекесін қарсы алады.

Ұлттық ойындар ұйымдастырылып, өнерпаздар өз өнерлерін ортаға салады [11].

Қорыта айтқанда, наурыз мерекесі бүкіл түркі тілдес халықтардың көпшілігінде ұлттық мереке ретінде тойланады. Бізде де, қазіргі таңда шама-шарқымызша наурыз мерекесін тойлап келеміз. Жаңа жыл мерекесін қызықты өткізуде соңғы он шақты жылда біршама тәжірибе жинақтала бастады. Алайда ойласып шешер, көп болып кеңесіп пішер олқы тұсымыз әлі де бар. Біз Наурыз мерекесін төл Жаңа жылымыз дейміз де, әлі күнге дейін Жаңа жылды григориандық жыл санау бойынша тойлап жүрміз. Егемендігімізді алғанымызға 20 жылдан асса да әлі де бұл мерекеге жағдай жасап, ұмыттырмауға дем беріп жүрміз. Тәуелсіздік мерекесін тойламай жатып, қала көшелері мен ғимараттарды безендіріп, шырша жаға бастаймыз. Біз үшін ең ұлық мереке - Тәуелсіздік пен Наурыз мерекесі болуы керек. Осы жерде «Наурыз мерекесіне дайындық қыстағы жаңа жыл секілді бір жарым ай бұрын басталмайды, неге бір ай бұрын Наурыз нақышында безендірілмейді?» - деген заңды сұрақ туады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: 2007. 1 том.
2. Қазақ Ұлттық энциклопедиясы. Т-5. 2005 ж.
3. Сарианиди В.И. Задолго до Заратуштры М.: Старый сад, 2010 – 200 с.
4. Бойс М. Зороастрицы. Москва: 1993.
5. Оразбекұлы Қ. Ақиқат. 2014.
6. Исаева Е.Л. Средняя Азия. – М.: «Мир книг». 2009. – 224 с.
7. Төлеубаев Ә.Т. Шаруашылыққа байланысты ғұрыптар мен наным-сенімдер // Қазақ этнографиясының мәселелері. – Алматы: 2013.
8. Кармышева Д.Х. Земледельческая обрядность у казахов // Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX вв. – Алма-Ата. 1980.
9. Аргынбаев Х.А. народные обычаи и поверья казахов, связанные со скотоводством // Хозяйственно культурные таридиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: 1975.
10. Шаханов М. Наурыз – береке-бірліктің, теңдіктің, жақсы тілеудің, қайта түлеудің мерекесі // <http://www.inform.kz>
11. Искаков А. Суеврия и религиозные обряды. Алма-Ата: 1968. – 284 с.

Малдыбекова Л.Ж.

*Международный казахско-турецкий
университет имени Х.А.Яссави
Научно-исследовательский
центр археологии, г.Туркестан*

ЛЕГЕНДЫ О ЗАРОЖДЕНИИ НАУРЫЗА

Наурыз с древнейших времен был источником радости, возрождения, надежды. Согласно концепции мифологического времени, все явления в природе рассматриваются как циклически повторяющиеся через определенные промежутки времени и подчиняются строгому ритму, отмеченному ежегодными праздниками. В соответствии с такой концепцией борьба противоположных сил обеспечивает равновесие в природе. Наурыз же символизирует победу порядка над хаосом, света над мраком, плодородия над бесплодием, победу, некогда одержанную Богом или мифическим родоначальником.

Исторически Наурыз восходит к III-II тыс до н.э. Наурыз часто воспринимается как национальный праздник того или иного этноса, либо ассоциируется с исламом, поскольку большинство отмечающих его народов исповедует, в основном, эту религию. Между тем, история Наурыза восходит к временам «Авесты» – священной книги зороастризма. Согласно учению «Авесты», люди должны каждую весну отмечать появление жизни на земле, зародившейся «в шести видах» (небо, вода, земля, растения, животные и человек) [1,35-40, 46-48].

Подробные детали празднования Наурыза приводятся в различных источниках: "Наурызنامه" Омара Хайяма, «Дары древних народов», «Гануди-масуди» («Законы счастья»), «Ат-тахарим» Абу Райхана Бируни, в трактате арабского историка XI века Низамульмулька «Сиясетنامه» («Книга о политике»). Факт празднования Наурыза в древности нашел отражение и в «Шах-наме» Фирдоуси. В книге «Искандер наме» («Книга об Искандере») Низами Гянджеви Алишера Навои отмечается, что за 350 лет до н.э. Наурыз считался самым значительным народным празднеством.

Во всех источниках Начало празднования Наурыза связывают с именем Джамшида - одного из центральных героев мифологической и эпической истории Персии, с мифом о его возвышении.

Средневековый арабский историограф Макдиси приводит следующую легенду. Джамшед, шах из династии Пешдадидов, велел построить для него колесницу, и когда он сел на нее, это был первый день месяца фарвардин (соответствует 21-22 марта), проявившийся в своем полном блеске и сиянии, и тот день назвали Наурызом [2]. И Бируни начало традиции празднования Наурыза тоже относит ко времени правления Джамшеда, но связывает его с избиением Ахримана и поисками изобилия. Он приводит такую легенду. Нечистый и скверный Ахриман лишил людей

изобилия, и их постиг голод. Не было дождей, наступила засуха, в поисках Ахримана Джамшед отправился на юг. Оставался там, пока изобилие не вернулось. Когда Джамшед вернулся обратно, высохшая трава позеленела, и люди воскликнули: "Вот, вот, новый день!". В другом источнике зарождение традиции празднования Наурыза связывается с добродетельностью Джамшеда: "Джамшед собрал ученых и мудрецов и спросил их: "Что сохраняет и укрепляет государственность?" Они ответили: "Справедливость и доброта к народу". Тогда Джамшед распространил добро и справедливость и повелел ученым: "В дни моего правления вы укажете на все то, что справедливо, и я поступлю так, как вы скажете". И этот день совпал с первым днем месяца фарвардин. И был назван Наурызом" [3]. Фарвардин в переводе означает «спустившееся». Это персидский праздник поминовения усопших. Считается что в первые пять дней празднования Наурыза духи предков спускаются на землю и посещают своих родственников, если в домах чисто и в доме порядок и покой, то духи возвращаются на небеса со спокойной душой. Этот мотив сохранился и в казахских сказках и легендах. По мифологическим представлениям казахов накануне этого дня землю обходит Кыдыр ата, символ Нового года, который заходит в те дома, где царит чистота, доброта, щедрость, мир и покой. Он сажает деревья и посылает людям счастье и благоденствие. Под его взглядом земля становится плодородной, камни плавятся, превращаясь в живительную воду. Отсюда очень важных два ритуала Наурыза: во-первых, перед праздником принято навести порядок в доме, на улице, во-вторых, навести порядок в делах, рассчитаться со старыми долгами, примириться враждующим, забыть старые обиды. По восточному преданию, в праздник Наурыз из-под земли возвращается полуденный дух, несущий исцеление слепым и немощным, мир –воюющим. Таким образом, празднование Наурыза у казахов обнаруживает традиции не только ираноязычных народов, но и кочевого и полукочевого населения степей. Кочевники-скотоводы во время Наурыза обращались к духам предков, совершали им жертвоприношения.

Согласно иранской мифологии «Лучи света распространились на весь мир от золотой короны Джамшеда». Поэтому они представляли Землю в виде Солнца, в форме головного убора. Об этом писал А.Акишев писал: «Известно, что в мифологии индоевропейцев Солнце фигурирует как знак всего Космоса; оно «описывает» те пределы, в которых происходит синтез локусов Космоса. Соответственно поэтому правление царя у всех индоевропейцев уравнивается с блеском и светом: в ир. Cihr, ав.Cista «правление порядка». Общеиндоевропейское слово «царь»-санскр. Rajan, лат. Rex , англ.Gis - означало также и правду (англ.Right., санскр. Rj) и светоносность и блеск (Raj, греч. Argos, argentum, др.инд. Svah heu). Не исключена связь с солнцем титула усуньского властелина (гуньмо), тох.Наум-др.тюркск.Run) и возможно, хунну. В тиаре иранского царя материализована эта же идея [4,77].

По древней иранской легенде во время возникновения мира со стороны Тебриза возник яркий свет с ослепительными лучами. Оказалось, что это золотой трон царя Джемшеда. Джемшед собрал народ и воссел на престол. С тех пор среди персидского народа появилась традиция торжественно отмечать праздник «наурыз», т.е. «новый» день [5,105].

Подобная легенда встречается и у Фирдоуси. К примеру, в средневековом «Шахнаме» Гайомарт с внуком Хушангом собрал силы добра и света и начал борьбу против сил зла и убивает сына Ахримана. Во время восшествия на престол Хушанга зимой традиционно проводилось празднование праздника «сада»- врата солнца. В эти дни повсюду разжигались костры и таким способом люди пытались помочь восходу солнца. Эта традиция имела продолжение и при сыне Тахмурасте, сыне Хушанга (по перс. Престол - тахт) [6,61]. После Тахмураста на престол взошел Джемшед. Иранцы объясняют начало празднования «наурыза» с началом правления Джемшеда.

Омар Хайям в "Наурыз наме" зарождение празднования Наурыза также относит к эпохе Джемшеда, но связывает его с началом весеннего возрождения природы и днем весеннего равноденствия. Создатель самого точного (по сей день!) календаря пишет: "...Причина установления Наурыза состоит в том, что, как известно, у солнца имеется два оборота, один из которых таков, что каждые 365 дней и четверть суток оно возвращается в первые минуты созвездия Овна в то же самое время дня, когда оно вышло, и каждый год этот период уменьшается. Когда Джемшид постиг этот день, он назвал его Наурызом и ввел в обычай праздник. Цари и другие люди последовали ему..." Существует еще одна легенда, повествующая, как Джемшед после восшествия на трон назвал этот день Наурызом и велел широко праздновать его. И говорят, что в этот день в руках Джемшеда сломался сахарный тростник и из него посыпались крошки, вылился сок, из которого впоследствии создали сахар. Поэтому в день Наурыза есть сахар стало обычаем. Из него готовили халву, и эта традиция сохранилась до наших дней [7].

Свои легенды о происхождении и начале празднования этого праздника есть и у нашего народа. Так в Южном Казахстане широкой известностью пользуются легенды о происхождении и названии Наурыза. Так, по одной легенде, Наурыз – это имя предка казахов. Жили были два брата Наурыз и Алаш. На зависть другим дружно жили. У Наурыза детей не было, зато у Алаша – шестеро сыновей. Алаш не раз предлагал брату усыновить одного из племянников, да тот всё отказывался. Пролетели годы. И вот однажды на склоне лет Наурыз пригласил всю родню к себе и, обращаясь к Алашу, сказал: «Спасибо тебе большое, брат, за то, что предлагал мне одного из своих сыновей. Не справедлив я был к твоему благородному поступку. Но раз Аллаху не угодно было дать мне наследника, пусть так и будет. Теперь я прошу тебя, твоих детей, внуков, правнуков, весь твой род будущий, чтобы чтити день моей смерти дали

этому дню моё имя- Наурыз. Но этот день не должен быть поминальным, а должен быть днём любви, мира, равенства.» Алаш и все его родственники поклялись Наурызу исполнить его желание. Такова одна из легенд. Смерть Наурыза пришлась на начало нового года, совпадающего в древности с днём весеннего равноденствия».

В этот день готовится жертвенная трапеза в память о своих предках Наурыз-коже-ритуальная пища являет собой символ гармонии природы и человека. В этом блюде заложен глубокий смысл. По преданию, когда-то очень давно было нарушено единство казахского народа, хозяйства пришли в упадок, нищета и разруха пришли в степь. Собрались тогда аксакалы, велели принести самый большой в степи казан, в день Наурыза приготовить в нем коже. Отведав еду, люди решили: «мы попробовав еды из одного казана стали близкими словно братья». И забыли они о прошлых обидах, снова стали жить дружно. Именно отсюда идет традиция сообща варить Наурыз коже в больших котлах и угощать друг друга. А семь ингредиентов наурыз-коже тоже имеют символическое значение: зимнее вяленое мясо олицетворяло уход зимы, пшеница, просо, кукуруза означают пробуждение природы), молочные продукты означают встречу лета. Этим ритуальным блюдом угощали всех, ели досыта. Отведав, это угощение люди возлагали надежды на достаток, хороший урожай в новом году. Считалось, что запах этой еды отгонял далеко от дома невзгоды и печали.

Суть праздника как символа весны и обновления передает следующая легенда: «Зима не хотела уступать свои права Весне. Люди устали от зимней стужи и холодного ветра, а Весна все никак не приходила. И тогда люди обратились к мудрецу. Мудрец подумал и сказал: «Очистите свои жилища от снега, соберите и сожгите весь мусор. Огонь костра растопит лед и снег и побегут ручьи. Они пробудят Землю, зацветут цветы. А когда в вашем ауле родится девочка, назовите ее Наурыз. В честь дня ее рождения устройте праздник, и чары Зимы исчезнут навсегда». Так люди и поступили. И весна не заставила себя долго ждать, засияло солнце, прилетели птицы, зацвели цветы. С тех пор, люди соблюдая традицию, встречают весну праздником Наурыз».

Тема борьбы зимы и лета, добра и зла нашла отражение в сказке, в которой говорится, что в мрачных далеких странах в мрачных холодных горах жил свирепый дед Буран, две дочери и внучка были у него. Очень любил старый Буран свою внучку, которая была красивой, умной, веселой. Стоило ей спуститься с гор, как таял снег, расцветали цветы, прилетали с юга птицы. Однажды встретила внучка Бурана, сына солнца и они сразу полюбили друг друга. Узнав об этом, свирепый дед пришел в ярость, и чтобы влюбленные не могли встретиться, послал на землю свою старшую дочь-стужу, а затем и вторую-вьюгу. Внучку же спрятал у своего брата морского царя. Страшные дела творили на земле дочери Бурана. От холода на лету замерзали птицы, а вьюга намела много снега.

Собрались аксакалы и решили послать на помощь внучке Бурана батыра по имени Наурыз. Поскакал Наурыз на своем могучем, быстром скакуне на поиски девушки. Приказал дед Буран своим братьям остановить батыра. Но Наурыз победил морского царя. И в это время ярким светом вспыхнуло солнце. Это внучка Бурана выглянула из морской пучины. Растаял снег, запели птички, зацвели цветы. Убежали на север Буран и его дочери. А люди, увидев Наурыза и девушку, закричали: «Наурыз идет, Наурыз идет!».

Традиции Наурыза складывались тысячелетиями, многие конечно же изменились, но некоторые сохранились по сей день. Это время окончания зимовки и подготовки к летнему сезону. В это время исполнялся необычный ритуал, который исполняется начиная с 14 марта и сейчас, но характерен он для западных регионов Казахстана. Это традиция «амал», его обязательным элементом является обряд «көрісу», когда все должны приветствовать друг друга рукопожатиями, женщины обнимаются, мужчины также заключают друг друга в объятия, произнося «Жыл құтты болсын». Откуда берет начало этот ритуал? Как известно казахи зимние месяцы проводили на зимовьях и подолгу не виделись с родных. А после того, как растает снег, поднимется трава, они немного освободившись от хозяйственных хлопот по уходу за приплодом скота, начинали обходить своих родных и близких, чтобы справиться о здоровье.

Наурыз особенный праздник. Праздник, возникший еще в дописьменную эпоху и раньше и сейчас отмечается как праздник обновления и очищения от грехов, очищения одежды, дома, очищения от зла, и ненависти. Неизвестно Наурыз действует или это Солнце вступает в свои права, но люди действительно становятся добрее, светлее, радуются обновлению природы.

Литература:

1. Ард-Яшт 17:42. «Авеста» в русских переводах (1861-1996). СПб., «Летний сад», 1998.
2. Фирдоуси. Шахнаме. (Серия «Литературные памятники») В 6 т. Т.1. М., 1957.
3. Мифы народов мира /Под редакцией С.А.Токарева. М., Советская энциклопедия.-т.1.-671с.
4. Акишев А. Искусство и мифология саков. Алматы, 1984.176с.Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.-Л.,1948.328с.
5. Бертельс Е.Э. История персидско-таджикской литературы. М.,1960.556с.
6. Ондасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы,1974.384 б.;Әбжет Б. Түркі тілді және Иран халықтары ертегілеріндегі мифологиялық кейіпкерлер.Түркістан, 2008.-258б
7. Омар Хайям. Навруз-наме : [Перевод] / Омар Хайям ; [Вступ. ст. А. Самада]. - Ташкент : Мехнат, 1990. - 77с.

А.А. Жұмашова

т.ғ.к., «Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы» РМҚК этнография ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚЫН САДУАҚАС ЖАҚАШҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ

Қазақ халқының бала дүниеге келгеннен бастап салт-дәстүріміздің барлығы ұлттың келешегіне байланысты өнеге. Бұның барлығы ұлттың қадір-қасиетін құрайды.

Қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырым-тыйымы, киген киімі, тіпті күнделікті ішетін тамағының өзі ұлттық қасиеттікөрсетеді.

Өзәдет-ғұрпымызды салт-санамызды, мәдениетімізді сақтап қалу үшін жеткіншек ұрпақтың патриоттық санасын жоғары етіп тәрбиелеуіміз қажет.

Қандай халықтың болмасын салт-дәстүрлері сол халықтың мінез-құлқын, қасиеттерін таныта алады. Мысалы: қазақтарға тән бауырмалдылық, ақжарқындық, қонақжайлылық. Әрине, бұл қасиеттер әр халықта әр қырынан көрініс береді [1, 3б.].

Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы Х.Арғынбаев, Қ.Тәкежанұлы, Б.Әлімқұлов, С.Қасиманов, Ж.Дәуренбеков, С.Кенжеахметұлы, Б.Уахатов, Н.Сәрсенбаев, Д.Шоқпарұлы, Ж.Боранбай, Б.Нұржекеұлы т.б. еңбектерінде жазылған.

Оңтүстік өңіріне белгілі ақын Садуақас Жақашұлының бізге жеткен қолжазбалары қазақ халқының салт-дәстүріне, ғылымына, мәдениетіне байланысты аса құнды дерекнама болып табылады.

Садуақас Жақашұлы 1883 жылы қазіргі Отырар ауданындағы әлемге әйгілі Отырартөбе археологиялық ескерткішінің батыс жағындағы Жантақты ой деген жерде туылып 1951 жылы қазан айында сонда қайтыс болады. Бұл бұрынғы Сырдария губерниясы Түркістан уезінің 24 ауылы.

Жас кезінде Оспан Әжі Дәуренбек және Өскенбай секілді молдалардан ескіше сауатын ашып, араб әрпімен жазылған кітаптарды оқи алатын дәрежеге жеткен соң 1930 жылдары латын әрпімен сауатын ашқан. Кезінде ауылдағы жиын тойларда өлең айтып өнерімен көзге түскен Жақаштан, бүкіл оңтүстік өлкесіне белгілі болған Молда Мұса, Айтбай сынды өнер иелерінен үлгі алып, өлең жыр жаза бастайды. Оның бірлі – жарым шығармалары болмаса көбісі баспа бетін көрген жоқ. Тек 1906 жылы аудандық Социалистік Шәуілдір газетінде «Құттықтау» деген өлеңі облыстық «Оңтүстік Қазақстан», «Түркістан аудандық», «Қызыл Түркістан» газеттерінде «Құмкөл серіктігі» деген өлеңдері басылды.

Қазақ әдебиетінің тарихында Садуақас шығармашылығын тұңғыш зерттеп ғылыми жүйелеген, заманалап үлкен оқиғаларға үн қосқан, тарихи тақырыпқа да қалам тартқан ғалым, Ұлттық Ғылым академиясының

академигі Рахманқұл Бердібай. Садуақас шығармаларының негізгі тақырыптарына тоқталатын болсақ, «Мақсат», «Еңбек батыры», «Екпінді еркіндік», «Егіс уақыты», «Шабық», «Бәрекелді», «Суреттеме», «Арық», «Мақтамен айтыс», «Колхоз өміріне жыр», «Беташар», «Қазақ халқының қысқаша шежіресі», «Оңтүстік Қазақстанның өткен өмір тарихы»

Ақынның «Оңтүстік Қазақстанның өткен тарихы 1800-1930 ж.ж.» деген тарихи еңбегі «Рулық қауымдар», «Билік уақыттары» «Ырым рәсімдері», «Діннің жайы», «Кәсіп», «Неке», «Ойын-сауық», «Өлең ойыны», «Тартыс ойыны», «Ұсақ ойындар», «Билік өлшеуі» «Байлық әдісі», «Топ саясаты», «Тамақ түрлері», «Күн заманы», «Мәдениет, киім үлгісі» сияқты тақырыптарға бөлінген.

Садуақас Жақашұлы еңбектері әлі зерттеле қоймаған тарихи тақырыптағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті, салт-дәстүрі, діні жайында жазылған құнды деректер болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетін көрсететін «киім үлгісі» туралы қыздар мен әйелдердің жас жігіттердің той думандарда және күнделікті киетін киімдерінің ерекшеліктері жайында былай деп жазады: Ересек қыздар құндыз бөрік киетін, бота белбеу дейтін ардақты белбеуді өте толық етіп беліне оранатын келіншектер ұзатылып келгендегі сәукелесін тастап, бетіне күмістелген кимешек киетін. Ол кездегі аяқ киім былғарыдан істеген Ақшоқай деген аяқ киім болған.

Некеге байланысты да бірнеше деректер жазған. Қазақтардың неке жөніндегі келе жатқан салт-санасы бойынша бір ру өз ішінен қыз алыспайды. Және алысқан күнде жеті, он атадан асу керектігі жайында жазады.

Қазақ салтында ұлдың немесе қыздың шешесі емізсе туыс болып есептеліп, бұларға неке жүрмейтін дейді, және ислам діні шариғат бойынша қыз 9 жас, бала 12 жасқа келгенде некелескен деп неке заңына тоқталады. Қазақ халқының өмірінде ойын-сауық үлкен орын алған, себебібұл ойындар мереке мейрамдарда той, ас сияқты жиындарда ойналып күй шерту, ән тарту, билеу, өлең айтысу, дастан қиссалар айтысу түрлері болған.

Ескі уақытта халықтың ең қадірлі ойын жасайтын тілекті күніайт күні, той істелінген күн болушы еді. Айт күндері бар киімін киіп, бар тамағын істеп, жастар ойын ойнап, сауық сайран құратын.

Құда түсу дәстүрінің қазіргі кездегімен бірге байланысы бар, әсіресе ұн сүйкеу, құйрық май жегізу сияқты дәстүрлерінің қазірге дейін жалғасы бар, бірақ біраз өзгеріске түскен.

Мысалы, құдалар үйге кіре бергендеәйел адам табаққа ұн салып, келген құдалардың бетіне ұн жағып тұратын.

Сондай-ақ жастардың сол кездегі ең қызықты ойыны «Өлең ойын деп аталады» бұл шілдехана айт күні, қыз ұзатар тойда қыз-жігіт болып айтысады.

Қазақ халқының тағамдары XVIII ғ. дейін малдың сүті мен еті болған. XIX ғасырдан бастап бидай, тары көп қолдана бастаған деп тағам түрлеріне

тоқталады. 1800 жылға дейін бидай, тары, тамаққа көп пайдаланылса ал 1870 жылдан кейін ет жеу ұлғайған. Осыларды айта келе Садуақас Жақашұлы қазақтың басқа да тамақ түрлеріне рет-ретімен тоқталған.

1. Бауырсақ, қант, шай.
2. Қазақ үшін ең ұнамды тамақ ет пен қымыз
3. Май сөк тарыны жібітіп май мен араластырған
4. Сөк көже – түйенің, сиырдың сүтіне жібіген тарының сөгі
5. Жұқпа нан қазанға жұқалап қаттап пісірген нан
6. Үзбе нан
7. Көжеге тураған таба нан
8. Ұн мен сөкті қосып азырақ май шыжғырған көже
9. Быламық – азырақ май қосып суға қайнатқан ұн көже.
10. Умашмай – шыжғырып, суға құрғақ ұнды ылғалдап алақан мен умаштап қайнатқан ұсақ түйірлі көже.
11. Салма нан
12. Жент - сары май, ірімшік, мейіз сияқтыларды қосып, қорытып, қарынға жайланған ас
13. Бидай көже - бидайдың қабығын келіге түйіп, тазартып істеген көже
14. Жүгері көже жүгерінің қабығын келіге түйіп, тазартып істеген көже
15. Қонақ көже – бұл да жүгері көже тәрізді
16. Қуырма жүгері – құмға қосып қуырған, қазанға қыздырып батыратып жейді
17. Пәтір нан

Бұл деректер Садуақас ақынның «Оңтүстік Қазақстанның өткен өмір тарихы» атты еңбегінде келтірілген.

Қазақ халқының тұрмыс-салт дәстүріне қазақ халқының ұлттық киімі енеді. Қазақы киімі көненің көзі. Оны ескерткіш ретінде болашақ ұрпаққа сақтау керек, этнографиялық экспедициялар арқылы көненің көзі ұлттық киім үлгілерін жинастыру қажет. 1800-1930 ж.ж. Оңтүстік Қазақстанның өткен тарихын жазып қалдырған ақын Садуақас Жақашұлы өз еңбектерінде (билік уақыттары) киім үлгісі туралы деркестер жазған. Қариялардан сұрастырып, өзінің көргендерін қағаз бетіне түсіріп келер ұрпаққа жазып қалдырған. Ол былай деп жазады: Сіргелі руларында болған ересек қыздар құндыз бөрік киетін, бота белбеу дейтін ардақты белбеуді өте толық етіп беліне оранатын болған. Келіншіктер ұзатылып келгендегі сәукелесін немесе қосабасын тастап бетіне (шытыра) күмістеген кимешек киетін. Жалпы әйелдер көйлекті өте шұбатып, жеңіл киетін.

Кейбір уақытта көйлектің етегін жеңінің аузын тапса жібекпен таппаса жіппен жөрметоз кестелеп көк, сары, қызыл түрлермен оймыштап мәнер беріп сәндеп киетін. Бұл әдет сиректеп 1927 жылға дейін кейбір руларда рәсім болып келеді.

Сыпайы киімді бір ауыл киген мысалы, бір ұрпақтан өрген 40-50 шаңырақтың үйленетін жігіті сол киімді кезек киіп барып үйленіп қайнынан келген соң негізгі егесінің үйіне сақтап қояды. Бұл әдет 1850 жылға дейін келген. Кедейлердің киетіні жылқы терісінен тігілген ақшоқай дейтін аяқ киім болған. Ақшоқай 1900 жылға дейін сиректеп жалшылар аяғында киіліп келді. Өте қадірлі көн көк сауыр. Сондықтан «Көк етікті келмей, көн етікшіге бермей» - деген мақалдар ел аузында осы уақытқа дейін бар. Киім-кешек тігуге қазақ әуелде Үндістаннан әкелінетін шытты, батсайыны, Қытай, Орта Азия Жібегін, барқытты, зерлі бедерлі көздемерлерді, мәуітіні, масатыны, шұғаны жаратқан [2, 58б.]. XVII-XVIII ғғ. Жібек Жолындағы сауда арқылы келе бастады.

Ұзатылғанда киетін бас киімнің бірі – сәукеле болды. Сәукеле – ең ертеректегі жас келіншектердің, ұзатылған қыздардың киетін бас киімі. Сәукеле туралы XIX ғ. И.Георгий, Г.И.Спасский, П.И.Небольский, Ш.Ш.Уәлиханов, И.И.Ибрагимов еңбектерінде жазған. Сәукелені күйеуге шыққанда ең алғашқы жылдары 1 жылға жуық киген, одан кейін де тек мерекелерде ғана киетін болған. Оны 4 немесе 5 жыл киген [3, 117 б.].

Үйлену тойына қалыңдық кейде сәукеленің орнына көнетүркі бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңірген қосабаны (алтын зерлі деген мағына береді) да киген [4, 61б.]. Қосаба тұрпаты дөңгелек, желкесіне қарай ойыңқылау, биіктігі әр түрлі болып келетін бас киім. Төбесіне үкі тағып жан-жағын әр түрлі етіп безендірген. Ең қымбат сәукеле XIX ғ. 1000 сом болған немесе 100 атқа тең келген. Оның металдан, алтын немесе маржан тастармен де безендіргені болған [5, 117 б.].

Қазақ халқының салт-дәстүрлері, дәстүрлі киім үлгілері туралы келер ұрпаққа насихаттау мақсатында бірнеше деректер жинастырдым, ақын Садуақас Жақашұлының қолжазбаларын пайдаландым.

Олай болса дана халықтың өзі жасап қалдырған осы әдет-ғұрып пен жөн-жосықты біліп, үйрену және өмірде қолдану ағайынды адастырмас сара жол болып табылары анық [6, 14 б.].

Қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрпының ұрпақ тәрбиесінде мәні зор болып табылады. Ұлтымыздың қазіргі күні ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрлерін келер ұрпаққа насихаттап отыру біздің парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. –Алматы:Көшпенділер баспасы, 2004. – 3 б.
2. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. –Алматы. 1992. - 58 б.
3. Маргулан А. Кахакское народное прикладное искусство. –Алма-ата. 1986. - 117 с.
4. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. –Алматы. 1992. - 61 б.
5. Маргулан А. Кахакское народное прикладное искусство. – Алма-ата. 1986. - 117 с.
6. КенжеахметұлыС. Жеті қазына.-Алматы: Ана тілі, 2007. - 14 б.

Қ.Ғ. Күзембаев
ҚР Ұлттық музейі
ғылыми қызметкері

АСАДАЛ, КЕБЕЖЕ, КЕБЕЖЕАЯҚ

«Қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі заманда-ақ тұлпарлардың тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түркілердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық» деп Елбасымыз айтқан еді. Сол қара шаңырағы, атажұртта - кең даланың төсінде құлашын кеңге жайып, өрісін өркендетіп төрт түлік малының қамымен тұщы, тұнық, мөлдір, мол сулы, жері шұрайлы, қыраты құйқалы, шөбі шүйгін, ащылы-тұщылы, малға жайлы өріс іздеп жазда жайлауға, көктемде көктеуге, күзде күзеуге (күзекке), қыста қыстауға мал қамымен Алтайдан Атырауға дейін, Сыр бойынан Тобылға дейін созылған ұлан байтақ жерді, жазиралы кең даланы еркін жайлап, көшіп-қонып жүріп, көшпелілікпен өмір сүріп - Ұлы дала ұрпағы атанды.

Ата-бабаларымыздың қай-қайсысы болса да негізгі күн көріс кәсібін аңшылық пен мал өсіруден бастаған. Баққан малдары мінсе көлік, жесе тамақ, ішсе сусын, кисе киім, сатса қаражаты еді. Сондықтан малдың терісін, жүнін пайдаға асырып, олардың сүйегінен, мүйізінен көптеген мүліктер мен қару-жарақтар жасаған. Көшпеліліктің арқасында табиғатпен бірге туған егіз қозыдай қатар өсіп, біте қайнасып, табиғаттың құбылысы мен тосын мінезін, жердегі өсімдіктің қыр-сырын жетік меңгеріп, тігісін жатқыза білді. Көшпелілікке байланысты көшкен кезде алып жүргенге қолайлы, бұзылып-құралмалы баспанасы киіз үй еді. Сол киіз үйдің ішіне көшпелі қазақ ауылының шеберлері ағаштан күнделікті тұрмысқа қажетті жүкаяқ, ағаш төсек, адалбақан, келі-келсап, ағаш тегене мен ет табақ, шөміш, кіршомбал, ағаш астау, мүйіз ожау, сандық сияқты т.б. заттар жасаумен қатар малдың сүйегін де қажетке жарата білген. Ас үйге нанды қадірлеп, асты құрметтеп, ыдыс-аяқты бағалай білген қазақ тамағын, ас-сусындары мен ыдыс-аяқтарын сақтап қоюға ыңғайлы жиһаздар жасады. Ол жиһаздары арнайы киіз үйдің ішіне қойғанға ықшам, көші-қон кезінде алып жүргенге қолайлы, түйеге артқанға ыңғайлы, атарбаға тиегенге тиімді болған.

Ата-баба өнерлерінің қай түрі болсын тарих қойнауынан бастау алатын көне мәдениетіміз бен әдебиетімізден сыр шертетін «Көненің көзіндей, тарихтың өзіндей болған» көне әрі құнды дүниені қасиеттеп, қадірлеп, пір тұтып, көздің қарашығындай сақтап, аялай білген халықпыз.

Қазақ қолөнері көне тарихымызбен біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылып, әртүрлі материалдарды пайдаланып, олардан тоқу, өру, есу, тігу, кестелеу,

мүсіндеу, құрастыру, шабу, сыру, бейнелеу тәсілдері арқылы орындалатын өнер жиынтығын айтады. Қазіргі таңда ата – дәстүрін дәріптеп, құрметтеп, бабадан қалған өнерді өзінің ата кәсібі ретінде түсініп, қолөнер шеберлері оларды дамыта отырып қайта жаңғыртып гүлдендіру үстінде. Халық қолөнері түрлеріне әдет - ғұрып жабдықтарымен бірге аң аулауға, мал өсіруге, егіншілікке қажетті құрал - жабдықтар мен қару - жарақтар жасау өнері де кіреді. Киіз үй сүйектері мен жабдықтары қазақ халқының қол өнерінің ішіндегі көне әрі күрделісі. Өнер туындыларына жататын, ағаштан дайындалған бұйымдар: сандық, жүк аяқ, ағаш төсек және азық-түлік, ыдыс-аяқ сақтауға арналған ас үй жиһаздары - асадал, кебеже, кебежеаяқ, жүннен дайындалған үй бұйымдарына: киіз үй киіздері, кілем, алаша тоқу, құрақ құрау, киіз басу, сырмақ сыру, текемет теру, тұскиіз тігу, қайыстан таспа тіліп қамшы, жүген өру, ши тоқу, ағаштан: бесік жасап құрау, келі-келсап, ыдыс-аяқтар шауып жасау сияқты тағы басқаларды қолөнер шеберлері әртүрлі ою-өрнектермен нақышына келтіре нақыштап, әдемілей әрлеп, сәніне келтіре сәндеп, көз жауын алатындай безендіре білген.

Солардың ішінде ас үй жиһаздары асадал, кебеже, кебежеаяқтарды тақтайша ағаштан жасап, әдемілік үшін шебер адамдар алдыңғы бетін ғана оюлап, бетіндегі оюларды әртүсті бояулармен бояп, қалған бөліктерін өсімдіктерден жасалған бір түсті бояулармен бояп қояды. Ою мотиві зооморфтық, яғни қошқармүйіз ас үй жиһаздарының бетіндегі ою-өрнектің композициялық тұтастығына ерекше сәнділік береді. Бетіндегі ою-өрнектер, әдетте ашық түсті, адам көзіне бірден түсетін ақ, көк, қызыл, жасыл бояулармен, ал қалған жерлерін тұтастай қына, охра сияқты күрең, қоңыр, ашық қоңыр түсті бояулармен бояп, ою-өрнектің көзге анық көрініп, ерекшеленіп тұруына мән береді. Мұндай бояулы жиһаздарды сырына қарай сырлы кебеже, сырлы асадал, сырлы кебежеаяқ, сырлы сандық деп атайды. Кей хас шеберлер асадал, кебеже, кебежеаяқтың қас беттерін ірі қара малдың (түйе, жылқы, сиыр) жақ, жауырын сүйектерімен оюлап безендіреді. Ағашты ырып отырып сүйекті орнатады. Ыру деп ағаштың бетін ұзынынан тік ойып шығуды айтады. Сүйекті бетіне сұғынды, ыру деп аталатын тәсілмен бекітеді. Ырылған сүйек бетіне де түрлі ою түсіріледі, кейде сүйекке күміс шабылады (жапсырылады). Ол оюланған сүйекті сән беретін, әшекейленген, басы бүркенішті, қалпақты күміс, жез мық шегелермен бекітіп орнатады.

Сүйектелген жиһаздарды сүйекті асадал, сүйекті кебеже, сүйекті кебежеаяқ, сүйекті сандық деп атайды. Бұл ас үй жиһаздарының атқаратын міндеттері, қызметтері, сырт пішіні, жасалу әдістері әр түрлі және әр алуан болып келеді. Олардың әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктері бар.

Асадал – аты мензеп тұрғандай «Ас және адал» деген екі сөзден құралған. Астың адалдығын, мұсылман тілімен айтқанда халал деген ұғымдағы тағамның жеуге жарамды және тәтті-дәмді екенін білдіреді. Көп деректерде «ас және адал» деген сөзден құралған деп түсінік береді де, өз сөздеріне өздері қарсы пікір жазып, асадалға ас емес, ыдыс-аяқ сақтайды деп

керіғар, қате түсінік-ұғым білдіреді. Қазақ асы мен ыдысын, адалы мен арамын еш уақытта шатастырмаған. Ыдыс-аяқтарын сақтап қою үшін, арнайы ыдыс-аяққа арнап жасаған «кебежеаяққа» қояды.

Асадал қазақтардың арнайы тәтті-дәмділерін сақтайтын жиһазы. Ерте кезде асадалға шақпақ қант, кәмпит, өрік, мейіз, бал, шекер, науат сияқты тәтті-дәмділерін, сонымен қоса үнді, қытай, қоспа, қағаз шайларын да сақтаған. Бұл тәтті-дәмділер қат, қасқалдақтың қанындай таптырмайтын тапшы болды. «Қонақ болжаусыз» аяқастынан үйге ескертусіз, шақырусыз ұятты адамдар, сыйлы кісілер, құдайы қонақтар, құда-жекжаттар келгенде дастарханға салатын тәтті-дәмді болмай қалып, қысылып, қымтырылып, ұят болып қалмас үшін, қолына аздаған тәтті-дәмді, біруыс кәмпит түссе осы асадалға салып, сақтап қояды.

Қаймана қазақ халқы қонақ күткенге қолы ашық, мейманжан, қонақжай халық. Үйіне қонақ келсе құрдай жорғалап, үкідей ұшып, иіліп-жастық, жазылып төсек болып жылы жүзбен, дархан көңілмен, жазирадай кең ақ пейілмен қарсы алады. Қонақтың да түрі көп: құдайы қонақ, құтты қонақ, мәртебелі қонақ, сыйлы қонақ, мезгілсіз қонақ т.б. Өздері жемесе де, өзі мен бала-шағасы аш отырса да, бала-шағаларының ауызынан жырып, келген қонағы ашықпасын деп еттің сүбелісін, тағамның тәбеттісін, бауырсақтың жұмсағын, тоқаштың жақсы көтеріліп, үлбіреп піскенін, сары майының дәмдісін, ірімшік пен құртының майлысын, жентінің тәттісін, қаймағының балқаймағын келген мейманының ауызына тосып, қонағын құдайындай күтіп, жемеген асын жолда жерсіз немесе үйдегі бала-шағаға сарқыт деп салып беретін жомарт, мәрт халық.

Қазақтың талай темірден түйін түйген ұсталары, он саусақтарынан өнер тамған шеберлері, алтын мен күмісі шауып, алтынмен аптап, күміспен күптеп, асыл тастармен безендіріп жасайтын қолдары епті, саусақтары икемді шеберлері болды. Бұл күнде осы шеберлердің қолдарынан шыққан асадал, кебеже, кебежеаяқ сияқты ас үй жиһаздары мұражайларда сақтаулы.

Бір қараған адамға жиһаздар бір-біріне ұқсас болғанмен жасалу жолдары (технологиясы) әралуан. Әр шебердің өзіне тән өнер стильдері бар.

Асадалды сандықшалап, сандықшасының ұзындығы 60-70-80 см, биіктігі 40-50 см, көлденең ені 30-40 см шамасында, төбесін жартылай қақпақты етіп жасайды. Қақпағы топсамен бекітіледі. Топсалы қақпақ артына қарай шалқасынан ашылады және қақпағының ауызына міндетті түрде құлып салма орнатып, ұзын төрт аяқты етіп жасайды. Аяқ ағаштары төрт қырлы, биіктігі біржарым метр, кейбірі оданда биік болып келеді. Аяғынан басына дейінгі тігінен орнатылған төрт қырлы, артқы екі аяқ жақтау қазық, алдыңғы екі тігінен орнатылған төрт қырлы екі аяқ босаға қазық деп аталады. Ал үстіңгі, қақпақтан асып тұратын бөлігін қазық басы деп атайды. Асадалдың төрт бұрышында тігінен орнатылған төрт қырлы ағаштарға асадалдың алдыңғы, артқы және екі жанындағы тақтайлар ырып бекітіледі. Астына қойылатын тақтайлар төрт қабырға жасап тұрған тақтайлардың астыңғы шетіне таман ырылып, саңылау болмайтындай

жымдасып тұрады. Жақтау қазықтар қабырғаларынан ұзынырақ болып, төменгі және жоғарғы жағынан асып тұрады. Қазықтардың астыңғы ұзындау бөлігін асадалдың аяғы дейді. Аяғы жерден бір метр биік. Қазық басы көбінесе асадал аяғының төрттен біріндей, кейде қақпақ бетімен бірдей болып тұратын мөлшерде жасалады. Қазық басын кертіп, жұмырлап оймыштайды, кейде шаршы, дөңгелек пішінде үстін тегістеп жонады.

Асадалдың қазық басын биіктеу етіп жасаудың өзіндік себебі болған. Көш кезінде салтанат беру үшін, сәнді әрі әдемі көріну үшін ұзындау қазық бастарына жыға үлгісінде құс қауырсынын байлап қойған. Кейбіреулер тұмарланған үкі іліп қояды. Тағылған мұндай қарқара, жыға, үкі салтанатты көшке сән берумен бірге тосын жағдайдан, көз сұғынан сақтайтын т.б. ырымдық қызмет атқарған.

Асадалдың төрт аяғын биіктеу жасап, қақпақ аузына құлыпсалма орнату себебі; біріншіден - тәттіге балалар өш келеді. Жас балалардың бойлары мен қолдары жетпесін деп. Екіншіден - ересек балалардың бойлары мен қолдары жетсе де асадал ішіндегі тәтті-дәмдіні ұрлап алмас үшін биік етіп жасап, қақпақ аузына құлып салма орнатқызған. Алдыңғы бетіндегі тақтайша ағашты оюлап, бояп, әшекейлесе, кей шеберлер сүйектен ою ойып ыру арқылы орнатып, қалпақты бүркеніш жез, күміс, мық шегелермен бекітсе, енді бірі күміс шауып, күміске шертіп ою-өрнек салады. Бұл асадал бетіндегі оюлар асадалға өзіндік сән беріп, қазақтың қолөнер шеберлігін паш етіп, асымыз адал болып, ырзық-несібе ортаймасын, өміріміз тәтті болсын деген мағына береді.

Кебеже – қазақ халқының қол өнерінің ішінде, өнер туындыларына жататын, ежелден тамақ, ішіп-жем, азық-түлік, кепкен ет сақтауға пайдаланған ас үй жиһазы бұйымдарының бірі. Кебеже Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі және сонымен қатар кеңінен таралған. Кебеженің көлемдері жағынан да, сыртқы сәнділік жағынан да бірін-бірі қайталамайтын сан-түрлері бар. Тіпті кебеже жасауда да Қазақстанның әр өңірінде қалыптасқан дәстүрлі өз мектептері болған. Олардың жасалу тәсілі, сыртқы пішіні көп жерлерде ұқсас болып келеді. Кебежелердің бір-бірінен ерекшелігі олардың алдыңғы бетін көркемдеу тәсілінен байқалады. Кебеже әдетте абажа, абдыра, сандықаталатын мүліктерден кішілеу болады және ол төрге қойылмайды. Сол жақ деп аталатын, ас үй жиһаздары орналасқан қазанаяқ жақта тұрады. Оюлы кебежелердің боялған, боялмаған түрі және сүйекпен безендірілген түрілері де ұшырасады. Сүйекті кебежелердің бетіне геометриялық пішіндер мен ою-өрнектер түсіріледі, кейбір сүйекті кебежелерге күміс шабылады. Кебежеге көбіне шексіздіктің белгісін білдіретіншет ою, ағын суды тұспалдайтын ирек, ирексу, қошқармүйіз, сыңар мүйіз, тышқан із, сол сияқты өсімдіктер мен олардың бөліктерін тұспалдайтын ағаш, гүл, жапырық, шырмауық өрнектері мен ұшқан құс, құстұмсық, құс қанаты т.б. бейнелейтін оюлармен өрнектеліп, сүйекпен, күміспен әшекейленіп жасалады. Бұл ою-өрнектер шексіздіктің, тоқтықтың, ырыс пен берекенің, молшылық пен шашудың белгісі ретінде ырымдалып

салынады. Кебежені орта есеппен алғанда ұзындығы 70-90 см, ені 40-60 см, биіктігі 50-70 см, аяғы 10-15 см болып келеді яғни осы аралықта, түбі қалың тақтайдан жасалады.

Құрылымына қарай кебежелердің сырлы кебеже, сүйекті кебеже, күмістелген кебеже, ағаш кебеже сияқты түр-түрлері кездеседі. Кебежелердің қақпағының көпшілігіне топса орнатылады. Оның қақпағы сандықтың қақпағы сияқты, кейде жармалы да болып келеді. Кебеже үстіне ашылып-жабылатын, топсалы қақпақ жасалады. Топсалы қақпақ артына қарай шалқасынан ашылады. Кебеженің аяғы болғандықтан, астына жүкаяқ қоюды қажет етпейді.

Кебежеге көбіне сүрі ет сақтаған. Кебежеге етті сақтар алдында, сойылған семіз соғым малының етін алдымен жақсылап, мүшелеп бұзады, қазы-қартаны айналдырады. Одан кейін арнайы сарымсақ (чеснок) қосылып дайындалған тұзбен тұздайды да бойындағы қан, сөл ағып, ет кебу үшін, етті адалбақанға іліп кептіреді және тобылғымен түгін салып ыстайды. Тобылғымен ыстайтын себебі, тобылғы өсімдігінің өзіне тән иісі мен дәмі тұздалып, сарымсақталған етке өзіндік ерекше дәм береді. Сүрі ет дегеніміз тұздалған, бойына әбден тұз бен сарымсақ сіңген, желге кеуіп, түтінге ысталып, ысқа қақталып, түтіннің иісімен иістелген, сары мейіздей кепкен ет. Сүрі ет бұзылмайды және ұзаққа сақталады. Сүрі етті ұнның арасына тығып қойыпта, ұзақ уақытқа сақтайды. Қымыз ашытарда саба ішіне сүрі қазы салып, қымызды ашытып, піспекпен баптап піседі.

Ұлыстың ұлы мерекесі «Наурыз» күні кебеже түбінде сақталған, әбден тұз бен ыс сіңіп сарғайып қақталған, бабына келіп, мейіздей кепкен сүрілерді шығарып, жылы-жұмсақ, қазы-қарталарды қазанға салып ет асады. Жас ет пен үйтілген қой етіне сары-ала сүрілер өзіндік бір рең беріп, табаққа салып ет тартқанда, ерекше жарасым тауып сән береді. Ал, көбінекей төңкерген қазандай сапсары болған жаядан «Наурыз көже» дайындайды.

Қазақта «ұзынсары» деген көнеден, ықылым заманнан құлаққа сіңісті болған сөз бар. Осы күнде бұл сөзді бірі түсінсе, екіншісі түсінбейді.

Ұзынсары деп көктем басталған шағында (наурыз айы) күннің ұзарып, түннің қысқарып, ұзынның қысқарған, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағымен дөп келетін, өзектің талып әлсіреген кезі яғни мал-жануардың ауызы жердегі көкке, жас төлдердің ауызы желіндегі аққа жарып тоймаған шақты қазақ тұтасымен ұзынсары дейді. Демек наурыз айының соңынан, сәуір айының соңына дейінгі кез 21 наурыз бен 21 сәуір аралығы. Бұл уақытта күн ұзарып, қыстың саршұнақ аязынан бүрісіп, арып-ашып, ақ түтек боранынан жүдеп-жадап шыққан, жүндері үрпиген, жабағыланып киіздей ұйысқан, малдың бәрі жүдеу әрі буаз, арық-тұрық кезі. Және төл басталған кез, союға келетін, пышаққа ілінетін мал жоққа тән. Әрі ырымшыл халық төл кезінде мал соймайды. Сондықтан қысқы соғымынан, мал тойынғанша деп жиған қорынан қаужалай тұратын кепкен сүрі ет, бүйен, қарынға салынған сары май, дорбадағы құрт-ірімшіктен

ірткіп, іріктеп алып қалып, ұзынсарының аяғы, сәуірдің соңы мен жаздың ортасына дейін талшық етіп жеткізеді.

Ұзынсарымен ұштасып, жең ұшынан қол жалғасқандай, шұбылған шұбалаң шақ, ұзынсарының аяғына ұласқан «Сәуір болмай, тәуір болмас» деген мақал және бар. Бұл мақал кең байтақ даламыздың бәріне емес, кейбір қысы қатты, қаһарлы келетін және қыс соңы ащы ішектей ұзаққа созылатын аймақтар, әсіресе солтүстік, шығыс және Сарыарқаның төңірегіне айтылса керек. Себебі оңтүстік пен батыста қар ерте кетіп, жер қарайып, жер аяғы кеңіп көк шыққанмен солтүстік, шығыс пен Сарыарқаның қысқы ызғары кей жерлер де сәуірдің ортасына дейін созылады. Сәуір келіп, тәуір болған кезі - қыс көрпесін құлаштай серпіп, түре ашып, жер ана емірене иіп, жер беті ерекше бояуға еніп, құлпырған шақ – сәуір айының соңы. Жаңа көктеп шыққан жусан, ермен, жуаның ащы, кермек иістері мұрынды қытықтап, малдың ауызы жарып көкке тиіп, өзен-көлде құстар шулап, өрісте қозы-лақ секіріп ойнақтап, үйірдегі құлындар шұрқырай жарыса шапқылап, арқаларынан күн өткен малдар маужырай күйіс қайыра күншуақтаған, табиғаттың ерекше мамыражай кезі.

Ұлы Абай Құнанбаев көктемнің осы кезін былай суреттейді:

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,

Масатыдай құлпырар жердің жүзі.

Жан-жануар, адамзат анталаса,

Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Үлкен әже-апаларымыз ұзынсары келген шақта өзек жалғап, көже-қатық етеміз деп, соғым етінің шұрайлы келген сүбелі жерлері қазы-қарта, жал-жая, белдеме, майлы ет, ұзын омыртқалар сияқты жылы-жұмсағынан сақтап қоятын. Солармен бірге сыйлы қонақтар келгенде, одан бөлек алыстағы ағайын-туған соғымнан дәм татсын, сыбаға деп арнайы қазының телшесінен, қартаның майлысынан және қабырғаның сүбелісінен, жамбас, белдеме сияқты мүшелерден т.б. сүрі еттер сақтап қояды. Осы сүрі еттермен қатар қарындағы сарымай, дорбадағы құрт-ірімшік т.б. тағамдарының барлығын кебежеге сақтаған. Кебеженің сырты тақтай болғанымен ішіне майлы, сүбелі, барлық шұрайлы жылы-жұмсақ сақталған. Кебеженің басқа жиһаздардан артықшылығы осында болса керек.

Кебежеаяқ – арнайы ыдыс-аяқ жинап қою үшін жасалған, «кебеже» және «аяқ» деген екі сөзден құралып, ыдыс-аяққа арналған яғни ыдыс-аяқ қоятын жиһаз деген ұғым береді. Кебежеаяқ тік төртбұрышты, алдыңғы бетінде топсалы, екі жаққа ашылатын екі есігі болады. Кейбір кебежеаяқтардың екі есігінің үстінде, енді бірінің екі есігінің астында суырмалы, тартпалары барыда кездеседі. Төменгі жағында 10-15 см. шамасында аяғы бар, іші ортасынан бөлінген, екі қабатты, астылы-үстілі болып келген тақтайдан жасалған жиһаз. Қас беті оюланып боялады, кей бірі сүйекпен безендіріліп күміс, жез мық шегелермен бекітіледі. Сүйекті әшекейлеп, зергерлікпен қиюластырып, бетіне сан алуан өрнекті зор шеберлікпен қырып, сызып, шертіп салып, әр жерінен беріктік үшін

қағылған мық шегелер сүйек бетіндегі өрнектерімен үйлесіп, бір-бірімен жымдасып, ерекше сәндік беріп тұрады. Биіктігі бір метр, ені 60-70-80 см. көлденеңі 70-80-90 см. Кебежеаяққа кесе, шыныкесе, керленкесе, қасық, тостаған, шараяқ, тәрелке сияқты ыдыстар мен ыдысқа салынған тағамдар: тәрелкедегі құрт, ірімшік, кеседегі талқан, жент, қатық (сүзбе), балқаймақ, сары май сияқты т.б. қояды.

Осы ас үй жиһаздары таза табиғи заттардан яғни ағаш, сүйек, күміс және жезден жасалған. Таза табиғи заттардан жасалуында үлке құпиялы мән бар. Ас үй жиһаздарының таза табиғи заттардан жасалуы, бұл жиһаздарда сақталған тағамдар бұзылмайды және өзінің табиғи дәмі мен бойындағы құнарын жоғалтбай жақсы сақталады.

Қазақ шеберлері көбіне әшекейлеу үшін күміс пен жезді көп пайдаланып, күміс пен жезге үлкен мән беріп, ерекше бағалаған. Оның себебін қазір бүкіл әлем ғалымдары дәлелдеген, күміс-89 пайыз, жез-76 пайыз өзінің бойындағы зиянды, зиянкес заттарды (микробтарды) өлтіреді. Демек бұл дегеніміз - гигиеналық тазалық. Тазалықты жоғары бағалаған бабалар салған сара жолдан адаспай, көздің ағы мен қарасындай болып қалған құнды мұраларымызды бағалайық!

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Абай энциклопедиясы». Атамұра баспасы 1995. 720 бет.
2. Бейбіт Сапаралы «Байшөгел». Ер-Дәулет. Алматы-1995ж.
3. «Шаңырақ» Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы. 1991ж.
4. Қазақ тілі терминдер сөздігі. I том.
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. Бас редактор Ә.Нысанбаев-Алматы «Қазақ энциклопедиясы». Бас редакциясы, 1998ж.
6. Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы: Қаз. Сов. Энцикл. Бас ред., 1990.
7. «Дәстүр» ұлттық-этнографиялық журналы. №3(34) мамыр-маусым 2014.

С.Қ. Газимова

*Атырау облысы тарихи-өлкетану
музейінің ғылыми қор бөлімінің
сектор жетекшісі*

АТА САЛТЫҢ – ХАЛЫҚТЫҚ ҚАЛПЫҢ

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан бері екі нәрсеге қатал қараған. Оның бірі – тіл. Қазақ ойды әдептемей, мақал-мәтелді, нақыл сөзді араластырмай сөйлемейтін. Екіншісі, салт-дәстүр. Біздің халқымыз өз ұрпақтарын қасиетті салт-дәстүрмен, өнегелі әдет-ғұрыппен, ырым-тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл мен инабатты қызды теріс жолға түсірмей тәрбиелей білген. Сондықтан болса керек «Ұлың өссе - ұлы

жақсымен ауылдас бол, қызың өссе - қызы жақсымен ауылдас бол», – деп кейінгі ұрпаққа өсиет қалдырған. Өкінішке орай, қазіргі күні халқымыз халық болғалы бір ұрпақтан келесі ұрпаққа жалғасып отыратын дәстүр-салтымыз, әдет-ғұрпымыз, ырым-рәсімдеріміздің көбі ұмытылып бара жатыр. Осындай бір кездегі өзінің нақты ұлттық нақышынан айырылып барып, қайта өз бояуын тауып жатқан дәстүрдің бірі – қыз ұзату және үйлену тойлары.

Екі жастың үйлену тойы, екі жас адамның таныстығынан басталатын қазіргі кездегідей емес, сонау ерте заманда - елші ретінде құда жіберуден басталатын болған. Құдалықтың байырғы қазақ салт-дәстүрінде мұраты біреу ғана болған: ұлды үйлендіріп, келін түсіру, қызды күйеуге беріп құтты орнына қондыру. Қазақта құданың үш түрі бар. Олар бел құда, бесік құда, қарсы құда. Бел құда дегеніміз екі көңілдес, дос-жаран адам әйелдері аяғы ауыр кезде егер менен ұл, сенен қыз туса құда болысайық деп келіседі. Мұның ауыз әдебиетіндегі үлгісі «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырындағы Қарабай мен Сарыбай құдалығы. Екіншісі бесік құда деген бала туған соң, екі дос адам осы балаларымыз өскен соң, құда болысамыз деп уәде байласып қойған және мұндай құданың әрі құрметті, әрі сыйлы, әрі балалары арасында байланысы берік болған. Қазір бұл екі құдалықта ескінің сарқыншағы делініп келмеске кеткен. Үшінші құдалық – бұл қарсы құдалық. Бұл қыз берген құдаға қарсы қыз немесе қарындасын береді. Құдалықты бастау әдетте күйеу жігіт жақ тарапынан болады. Әр жақтың өзді-өзіне тән орындауға тиіс ғұрыптары, онда атқарылатын жөн-жоралғылары, жол-жорағыларда берілетін кәде-сыйлар болады.

Күйеу жігіт әкесі тарапынан орындалатын ғұрыптар – қыз айттыру, құда түсу, қалыңмал, ұрын келу, қалыңдық ойнау, өлтірісін беру, құда шақыру (есік-төр көрсету тойы), келін түсіру тойы. Осы ғұрыптарда берілетін кәделер үш түрлі болады: 1) мінгізері – мінт, 2) кигізері – киіт, 3) ұстатары – сыйт.

Ал, қыз әкесі тарапынан орындалатын ғұрыптарға – құда түсер тойын өткізу, қыз жасауын беру, күйеу жігіт пен қалыңдықтың некесін қидыру, қыз ұзату тойын өткізу.

Қалыңмал – күйеу әкесінің қалыңдық үшін қыз әкесіне беретін малы. Қалыңмал, яғни қалыңдық үшін берілетін мал, байырғы қазақ тұрмыс-салтында бірнеше кезеңнен тұратын құдаласу үрдісінің алғашқы және аса маңыздысы болып саналады. Құдаласудан бұрын әуелде жігіт әкесінің сенім білдірген адамдары – жаушылары қыз әкесінің қарсы емес екені, қалыңмалдың мөлшері мен құда түсетін уақыт жөнінде хабар алып келеді. Құдалыққа дәнекер болғаны үшін жаушыға «құдаластық шегедей мықты болсын» деп шеге шапан жабады. Қыз әкесінің мақұлдаған ойын білгеннен кейін, оның аулына құда түсушілер келеді. Алдымен, бірінші кезеңде қалыңмалдың мөлшері, бөлігі, берілетін уақыты нақтыланып анықталады. Сырт қарағанда, әкесі қызын малға сатқан тәрізді көрінеді. Қазақ тұрмысын білмеген сырттан келушілер әуелде қызды «тауар» ретінде тұтынған деп те

түсінген. Алайда қалыңмалды қыздың ата-анасы ең алдымен оның жасауына жұмсаған. Қыз жасауы берілген қалыңмалдың құнынан төмен болса, қыздың әкесі ғана емес, әулетімен сөзге қалады, қыз әкесінің беделі мен абыройы сынға түседі.

Ұрын келу – қыз әкесі қалыңмалдың ілу деп аталатын бөлігін алған соң алғаш рет қалыңдығын көріп, танысуына күйеу жігіттің келу мүмкіндігі. Бұл ғұрып бойынша күйеу жігіт қалыңдығының ауылына екі-үш жолдасымен келеді. Қыз жеңгелері ауылдан оқшау жерге күйеушатыр құрып, ұрын той жоралғысын жасайды екен. Қыз жеңгелері керегенің көзінен ақ жібек орамалдың сыртынан қалыңдықтың қолын ұстату, шашын сипату жоралғысын жасатып, күйеу жігіттен қолұстатар, шашсипатар кәделерін алатын болған.

Қалыңдық ойнау – ұрын тойдан кейін жолы ашылған күйеу жігіт қойны-қонышын толтырып қалыңдығының ауылына қыз жеңгелеріне беретін ұсақ-түйек кәде сыйлықтарымен келіп-кетіп жүретін жоралғының түрі.

Өлтірісін беру жоралғысы – күйеу жақ қалыңдықты әкетер алдында өлтіріге қой, оған қоса жетекке жылқы әкеледі. Өлтіріге сойылған қойдың еті қалыңдықтың туысқандарына таратылады. Қалыңдыққа өлтірінің етінен ауыз тигізбейді, себебі іш ауруына шалдығады деседі.

Есік-төр көрсету ғұрпы (құда шақыру тойы) – құда түсер тойынан кейінгі өз кезегінде күйеу жігіттің ауылында болатын той. Күйеу жігіттің әкесі құдасын есік-төр көріп, елдегі ағайын-туыстарымен танысуға шақырады. Құда шақыру тойында жасалатын жол-жоралғы, кәделер қызды ауылда өткен құдатүсердей болады. Әр түрлі *құдатартар*, *құда жүгірту* сияқты ойын-сауық жоралғылары өтеді.

Қазақта қыз ұзатудың да кәделері мен жөн-жоралғылары бар:

Көпшік қыстырар – күйеуді алып келу үшін жеңгесі күйеудің атына балдыздардың бірін мінгізерде ат көрпенің астынан көпшік қыстырарын алады. Бұл кемінде көйлектік матадан кем болмауы керек.

Шашу – күйеу бала келісімен ауылдағы ең аяулы бәйбіше, көбінесе қыздың шешесі, табаққа құрт, ірімшік, тәтті салып ап, оны күйеудің алдынан шашады. Бұны жұрт теріп жейді. Шашу қазақта жалғыз тойда ғана емес, игіліктің бәрінде де істеледі.

Киім ілу – құда-құдағилар келісімен алдын-ала дайындалған адамдар (көбінесе әйелдер) оларды бір-бірден иемденіп, киімдерін шешіндіреді, іледі, күтеді, кетерде киіндіреді. Күтіліп жүргендер киінерде оларға зат не ақша береді.

Табалдырық кәдесі – құда-құдағилардың бірі құданың үйіне кірерде бір әйел оларды жібермей тосады. Мұны қазақ «табалдырық аттар» дейді. Құда-құдағилар ырымын берген соң әлгі әйел оларға есік ашады.

Сыбаға асу – құдалар орналасқан соң «Есіңе алсаң, ескіден сақта» деп сүрі еттен сыбаға асады. Бұған тойға сойылған малдың еті қосылады. Мұнда құдалардың сыбағасы жамбас міндетті түрде болады. Соғымнан құдаға

сыбаға сақтау – қазақта бұлжымайтын заң. Қыста келе алмаса, ұнның ішіне ашытпай сақтап, жайлауда береді, келе алмаса үйіне арнайы жібереді.

Малға бата жасау – сыбаға желініп, шай ішілген соң құдаларға арнайы мал әкелініп, бата жасатады. Мұны кейбіреулер ерте, кейбіреулер жатарда қояды. Өйткені құдалар таңды атызып қайтуға тиісті. Оған дейін ішіне күріш егіп қойғандай шай ішулері керек. Қарындарына сиғанша тамақ жеуі шарт. Ежелдің ең күнінде барған үйінің тамағын тап бір ақшасын өткізіп қойғандай бауыздаулығына шейін кептейтін қазақ мұндайда күпті, сасық кеңірдек болып ұйқыдан қалмаса болама? «Құда болсаң, шыда!» деп, күтушілер де көнбейді. Малға бата жасаған адам алдына табақ келген соң бас пен жамбасты міндетті түрде өзі ұстайды, балаларға құлақ үлестіреді. Ет желініп болған соң, бата жасап, табаққа ырым салады.

Құйрық-бауыр – құдаларға сойылған малдың етін берместен бұрын құйрық бауыр асатылады. Үстіне айран құйылған құйрық-бауырды, уыс-уыс қып асатып-асатып, ауызға симағанын бет-аузына жаға салады. Құйрық-бауыр желініп болған соң келгендердің бірі ырым салады.

Суға тоғыту – бұл көбінесе жағдайға, табиғатқа, қолдың ұзын-қысқалығына қарай болады. Құйрық-бауыр асатылғаннан кейін ауылдың біреуі: «Ойбай-ау, мына құдалардың үсті басына не болған? Осы ауылдың құдағилары мен құдашалары қайда? Бұл ұят. Дереву шомылтып тазалайық!», - дейді. Осыдан соң құдаларды бөгеуге құлату басталады. Мұндайда құдалар жағы құлатуға келгендерді ала кетуге хақылы. Бұл кәде жазда, көбінесе табиғаты қолайлы жерде өтеді.

Киім тігу – қазақ салты бойынша барған құда-құдағилар сол түні ұйықтамауы керек. «Жақсы тамақ қалғанша, жаман қарын жарылсын» деп, құдалардың бергенін жей беру керек, іше беру керек. Егер ұйықтап кетсе, құдағилардың бірі оның киімін білдіртпей тігіп тастап, айып төлеттіреді. Сол үшін жеуге де, ұйықтамауға да, ән салып, айтысуға да шыдауы шарт. Пиғылы дариядай, дастарқаны даладай қазақ мұндайда ірку дегенді, есептеу дегенді керек етпейді.

Босаға аттар – құйрық-бауыр асатудан кейін күйеулер үлкен үйге шақырылады. Бұл – «босаға аттар» деген кәде. Күйеубаланы ата-енесі алдына шақырады, маңдайынан сүйеді. Бірақ көп отырмай, бұрынғы орындарына қайтады. Орындарына барған соң, асықты жілік, төсі тартылады. Бұл арада күйеубалаға басқа еттен бұрын асықты жілік пен төстің тартылатын өз мән-мағынасы бар. Асық – қазақта балалар ойнайтын ұлттық ойыншық. Ол арқылы мергендікке, «хан» ойнап, есеп-қисапқа жаттықтырылады. Сондықтан осындай ойын ойнайтын балаларың болсын деп, асықты жілікті әдемі ырыммен таңдайды. Ал, төс – адамның ең аяулы жері. Қазақ та бұны «төсекте төстерің, дастарханда бастарың айырылмасын, бірге болсын» деп әдейі таңдаған.

Неке қию ғұрпы–ертеңіне той болады деген күні күн ауған шақта неке қию рәсімі жасалады. Некені молда оқиды, ол жиналғандардың ішінен үш адамның қуәлік беруге шығуын сұрайды. Бұлар екеуінің қосылғанына

куә. Сондықтан бұлардың бәрі неке суынан ауыз тиюлері керек. Неке суы үлкен кеседе болады да, оған су, тұз, қант, сақина салынады. Су екеуінің бір-біріне пәк болуына, тұз – егер келешекте екеуінің бірі осы некеге опасыздық жасаса «дәм атадыға», қант – екеуінің тату-тәтті өмір сүрулеріне, сақина некенің ескерткішіне бола салынады. Ыдыстағы неке суын қыз бен жігітке ішкізеді, қалған судан басқалар да ауыз тиеді. Жиналғандардан «куәсіндер ме, куәлікке жүресіндер ме» деп сұрайды. Олар бірауыздан куәміз деп жауап береді. Некеаяқты, ішіндегі күміс тиындарымен, некеқияр кәдесі деп алады. Молда неке қию рәсімінен кейін қалыңдықты жігіттің некелі ақ әйелі, күйеу жігітті құдай қосқан ақ некелі жары деп жариялайды.

Қыз ұзату ғұрпы – некелесу ғұрпы, оның жоралғылары мен ырымдары жасалып болғанша күн айналып кеш болады. Осы кеште ауылда бір үй әзірленіп, қызқашар ойын-сауық жоралғысы жасалады. Аталған жоралғы бойынша жиналған жұрт екі топқа бөлінеді: күйеуден кәде-сый алған күйеуді жақтаушы топ және қалыңдықты жақтаушы топ. Бұл ойын-сауық жоралғысында әжептәуір тартыс болады, қызды әкетудің әртүрлі айла-тәсілдері қолданылады. Соңында жігітті жақтаушы топ «жеңіп», қалыңдықты қымбат матадан шымылдық ұсталған, көрпе-төсек төселген үйге әкеліп кіргізеді. Күйеуді қалыңдық отырған үйге кіргізерде бір қартаң әйел есіктің алдында жатып алады. Оған күйеу ит ырылдатар кәдесін беріп құтылады. Үйдің ішінде, төсек маңына таман, өлген болып тағы бір қартаң әйел жатады. Оған күйеу кемпір өлді кәдесін беріп, «өлген кемпірді тірілтіп» жібереді. Бұдан соң қыз жеңгелері қызды көтерген болып, төсегіне апарып, шымылдық ашар, қыз көтерер кәдесін алады.

Қоржын сөгу – құдалық кезінде күйеу жігіт жақтың қалыңдық ауылына әкелген қоржынын ашу жоралғысы. Күйеу жігіт жақтан дайындалып әкелінген қоржынның екі басын ашуға қалыңдық ауылының әйелдері жиналады. Жолы кесілмесін деп ырымдайтындықтан, қоржынның аузы байланған бауды қайшы, пышақпен кеспей, қолмен шешеді. Қоржынның бетінде бағалы шапан, қымбат кездеме, басқа да мата, тайтүяқ, қойтүяқ күміс, алтын жамбы салынады. Қоржын ішінде буылып-түйілген сый-кәделік заттардан басқа, өрік, мейіз, қант, шай сияқты дастарханға керек-жарақтар салынады. Қоржын әкелген құдағи (жігіт шешесі) әкелген киіттерін кімдерге екенін атап-атап, жиналғандарға көрсетіп, құдағиға (қыз шешесіне) тапсырады.

Мойын тастау – қыз жақтың ұзату тойында арнайы сойылған малдың мойнын күйеуге беретін салт. Бұл асықты жілік, төске мүлдем ұқсамайды, Қазақта мойынды бала-шаға, малшы жейді. Бұл арада күйеуге мойын мүжітуді «сен енді бала шағасың, саған ендігі сыбаға осы» деп, көбінесе жеңгелері, балдыздары қалжыңға бола шығарған. Сол күні күйеу мойынды таза мүжи алмаса, түндіктегі кішкене тесіктен сыртқа лақтыра алмаса да қарқылдап күліп, мазақтайды. Егер мойынды мұнтаздай ғып мүжи алса, тесіктен күлдіреуішке тигізбей сүйікті лақтыра алса, «келіншегінің бетіндегі мөр мәңгі тозбайды екен, мойныңды тап-таза мүжи алдың. Сүйекті

сілтей алуына қарағанда атқан оғың құр кетпес» деп қалжыңның отына жеңгелерінің май құйып, көңіл ашқаны. Ал сүйекті шаңырақтан шығара алмаса күйеу айып төлейді.

Заман ағымына қарай қазіргі күні бұл айтылған салттың, жөн-жоралғылардың біреулері ұмытылып, біреулеріне тыйым салынған. Біз музей қызметкерлері жылма-жыл белгілі дәуірлер мен кезеңдердегі тарихты құраған салт-дәстүрді Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мерекесінде жаңартып, жаңғыртамыз. Ондағы негізгі мақсатымыз келешек ұрпаққа қазақтың салт-дәстүріне деген қызыушылығын қалыптастыру, қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының тәрбелік мәнін ұғындырып, олардың бойына адамгершілік, имандылық қасиетін қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б.Әлімқұлов, Е.Әбдірахманов Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. Алматы. Санат, 1994.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы, 2012.
3. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалар жинағы. Алматы: Ғылым, 2001.
4. Таңдамалы мақалалар. «Көкжиек» газеті. №3,14. 1992.

А.Ж. Серикова

*«Болашақ» академиясы, 3-курс студенті
(Қарағанды)*

БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ БЕСІКТІҢ АЛАТЫН РӨЛІ, АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСЫ

Қазақ халқы жас нәрестенің дүниеге келген сәтінен бастап жер қойнауына тәнін тапсырғанға дейін көптеген салт-жоралғылар мен әдет-ғұрыптарды ұстанады. Оның әрқайсысының адам өміріндегі маңызы зор құбылыстар, себебі әрбір салт, әрбір дәстүр сонау ықылым замандарадан бері уақыт таразысынан өтіп, бала тәрбиесіне өзінің тигізер үлесін дәлелдеп келеді. Ата-бабамыздан мұра болып қалған салт-дәстүрлеріміз жаңадан қалыптасып келе жатқан баланың эстетикалық тәрбиесін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қоса оның анатомиялық тұрғысынан дұрыс жетілуіне және баланың психикасына жағымды әсер беретіндігіне, бір сөзбен айтқанда, толыққанды дені сау тұлға қалыптастыратындығына отандық және шетел ғалымдары мойынсұнды. Халқымыздың кемеңгерлігі де сол, ешқандай зерттеулер мен тәжірибесіздер-ақ болашақ ұрпақтың дұрыс тәрбие алуына қолайлы ортаны қалыптастыра білген. Бір ғана бесікке бөлеу жоралғысының негізінде бірнеше ұлттық және діни даралығымызды айғақтайтын әдет-ғұрыптар іске асады. Жапонның әлем мойындаған

медицина ғалымы Гау Щияу Иде Илаң қазіргі заманғы озық технологияларды пайдалана отырып зерттеу жүргізген. Оның зерттеуі бойынша, «кішкене шақалақ өмір есігін ашпас бұрын, ана құрсағында жүріп тербеліске түседі. Алайда өмір есігін ашқан соң жарық дүниеге бірден үйлесе алмайды, яғни қолайсыз ортаға тап болады. Сондықтан оны ана құрсағындағыдай әлдилеп, тербетіп отыру керек» деген қорытынды жасайды, яғни жатырдағы бала дүниедегі құбылыстардың барлығын анасының денесі арқылы қабылдайды. Ал туғаннан соң өздігінше жүріп бейімделгенге дейін, оның денесі табиғи түрде қажетті тербеліске түсіп отыруға тиіс. Мұны іске асыратын нәрсе – тек қана бесік. Емшектегі бала бесікте жатса, оны қоршаған кіші кеңістікте өсіп-жетілуіне керек барлық физикалық жағдайлар, соның ішінде, ең негізгісі – жылу тұрақтылығы сақталып, заттар алмасу үдерісі қалыпты деңгейде өтеді. Сондықтан, дені-қары сау болуы үшін бөбек бесікке бөленуі қажет [1, 235-237-б].

Міне, қазақ халқының ұлылығы, осы үрдістерді өзінің өміріне пайдаланып, бала жарық дүниеге бейімделгенше, бесікке бөлеп, тербетіп отырған. Өкінішке орай, бүгінгі күні баланың қалыптасуына қаншалықты маңызды екендігіне қарамастан бесікке бөлеу салты құрдымға кетіп бара жатыр десек те болады. Оның орнына күнделікті теледидарлардан барынша жарнамаланып, барлық дүкендер желісіндегі сөрелерді лық толтырып тұрған, қазіргі жас аналарымыздың арасында кең қолданысқа ие «памперс», яғни бір реттік синтетикалық жөргектер белең алып, бесікті екінші орынға ысырып тастады. Ал бұл өз кезегінде біздің болашағымызға үлкен қауіп-қатер төндіріп тұр. Памперсті үнемі киіп жүретін бала соған сеніп алып, дәретін астына жібере салуға үйреніп кетеді. Ал бұл әдеттің бала тазалығына нұқсан келтіретіні өз алдына, сәбиді ауру қылатыны тағы бар. Дәрігерлердің айтуынша, памперс жас баланы «түнгі энурез» деген науқасқа шалдықтырады екен. Яғни баланың памперске үйреніп кететіні сондай, кейін өсе келе ол дәретін өздігінен игере алмай қалатын көрінеді. Осыдан келіп, баланың жүйке жүйесі нашарлап, неврологиялық ауруға шалдығады. Қазіргі таңда памперсті үнемі киген балалардың дені осындай сырқатпен ауырады екен. Ал мұндай жағдайдың баланың мінез-құлқының қалыптасуына теріс әсерін тигізетіні айтпаса да түсінікті. Оның үстіне памперс балалардың жыныс мүшелерінің жетілуіне кері әсерін тигізеді деген де бар. Шетелдіктердің демографиялық дағдарысқа ұшырауының бір себебі осында жатыр. Бесіктің осындай пайдасынан зияны көбірек бір реттік жөргектерден артықшылықтарына тоқталып кетсек:

Біріншіден – қол-аяғын ербендетіп бос жатқан сәбидің ұйқысы тыныш болмайды. Ұйқысы қанбаған баланың зердесі толық жетілмейді. Бесікте болса, баланың қол-аяғы дұрыс орналасып, мықтап маталып, оның тыныш ұйықтауына жағдай жасайды.

Екіншіден - баланың тыныш ұйықтамауына байланысты шектен тыс мазасызданады, баласының мазасызданғаны жас ананың психикасына кері

әсерін береді. Яғни бесікке жатпаған баланың сабырмыз болатыны салыстырмалы түрде байқалады.

Үшіншіден – баланы бесіктен шешкен кезде сәби керіліп-созылып, рахаттанады. Денесінің әртүрлі күйде болуы оған демалыс сыйлайды. Анасы немесе әжесі ұйқыдан тұрған баланың денесін уқалап, қатаймаған сүйектері бір-біріне жабысып қалмас үшін «Өс-өс» жасайды. Бұл да қазақ үшін өз алдына бір салт болып есептеледі.

Төртіншіден – сәбидің тұлабойы таза болып, тазалыққа бойы үйренеді, яғни осыдан-ақ бесіктің әрбір жабдығы: шүмегі, түбегі, жөргегі мен жаялығы – бәрі де баланың асты құрғақ һәм таза болуын қамтамасыз етеді.

Бесіншіден – бесіктегі баланың денесіне дымқыл, сыз дарымайды. Құрғақ болады. Ол – мықты денсаулық кепілі. Әрі қол-аяғы сыптай болып өседі. Ал бір реттік жөргектерді пайдаланғанда бала дәрет сындырғанда оны анасы байқағанша дымқылда жатып қалады және әр ауыстырған сайын баланың мазасы кетеді, сонымен қоса жиі-жиі денесін жалаңаштаған сайын салқын тиіп, ауырып қалу ықтималдылығы да жоғарылайды.

Алтыншыдан – жоғарыда келтіріп кеткенімдей, бесік бір ритммен ғана тербеледі. Сәйкесінше баланың жүйкесі белгілі бір жүйеге, тәртіпке түседі, мінезінде сабырлылық пен салмақтылық қалыптасады.

Жетіншіден – бесіктегі балаға ана әлдиі әбден сіңеді. Қайырымды мінез қалыптасады. Бесік жырын тыңдаған баланың қанына ұлттық қасиет дариды. Бесік жырының айтылуы баланың психологиясы ерекше әсер етеді. Сұлтанмахмұттың: «Бесігімде жатқанда-ақ берген білім» деп ана тіліміз туралы айтатыны бар. Бесік жырында айтылатын сөздердің бәрі - тұнып тұрған дұға-тілек. Адам бол, жақсы бол, денің сау болсын деген сөздер айтылады.

Сегізіншіден – көп уақытын бесікте өткізетін бала сырт көзден тыс болады. Ал бұл не болса, сол үйір келетін сәбидің тіл-көзден аулақ болуына септігін тигізеді.

Тоғызыншыдан – бесік жаңа туылып, өсіп, қалыптасып келе жатқан баланың физиологиясына өте пайдалы. Бесіктің төсек салынатын, түбек орналасатын тақтайлары баланың омыртқасы түзу болуына септігін тигізеді. Ал омыртқаның бүкіл денеге қаншалықты әсер ететіні бүгінгі ғылымға белгілі [2, 9-11б].

Бұлар бесіктің көп пайдасының бернешеуі ғана. Бесіктің осыншама пайдасына қарамастан, бала тәрбиесінен алшақтатылуы – біздің сан ғасырлар бойы қалыптасып, атадан балаға жалғасып келе жатқан бірнеше дәстүріміздің ұмытылуына алып келеді. Енді осы дәстүрлерімізді еске түсіріп, қайта жаңғыртсақ.

Қалыптасқан дәстүр бойынша, қызы ұзатылып, келін болып түсіп, жүкті болысымен оның ата-анасы нәрестеге «Бесік алып бару» салтын орындауға кіріседі. Ол бесікті арнайы жасатса да, базардан немесе дүкеннен алуға да болады. Осымен қоса, жасауын да өзі жасайды. Және осы бесікті

де, оның жасауын да қыздың анасы жасап, күйеу баласының шаңырағына алып барады. «Бесік алып бару» салты бойынша, қыздың анасы бесік, оның жасауымен бірге китін, «Бесік тойы» дастарханына қойылатын тәттілерді, т.б. алып баруға тиісті. Ол китке тоғыз түрлі заттар салынады. Бұл тоғызға бағалы киімнен бастап, ұсақ заттарға дейін кіреді. Бұл – бір жағынан, құда-жекжат арасындағы үлкен сыйластық. «Бие құлындамаса, ат болады, ағайын-туыс алысып-беріспесе, жат болады» дегендей, бұл – екі жаққа дәнекер ғана. Бесік әкелу құда-құдағи арасындағы көңіл сыйлау болса, екіншіден, жас босанған келіннің көңілі көтеріліп, сағынышы басылады әрі енесіне айта алмағанын анасымен бөліседі, көңілі өседі.

Бесік туралы айтқанда, қазақ халқының бесікке салу ырымы жайлы айтпай кетуге болмайды. Себебі, ата-бабаларымызға кез келген салт-дәстүр мағыналы болған. Бесік тойда көрші-көлем, туған-туыстар жиналып бесікке салу дәстүрін орындайды. Құдағилар алып келген бесігін ортаға қояды, жиналғандарға оны өздерінің әкелгендіктерін айтады. Беті жабық тұрған бесікті ашар алдында сол үйдегі келіндер көрімдік сұрап, бесікті ашатын әйел көрімдігін береді. Осы тойға жиналғандар оған байғазыларын ұстатады, кит үйлестіреді. Үй иелері бесік әкелген құдағиларына сый-сияпат жасайды. Алып келген тәттілер, ұсақ ақшалай сыйлықтар «Тышты ма» ырымын жасау үшін араластырылып, арнайы ыдысқа салынады. Міне, осылай «Бесік тойы» басталады.

Осында келтірілген «Тышты ма» ырымы бүгінде ұмытылуға айналған, тіпті еліміздің кейбір аймақтарында бұл салтты орындауды ерсі санайды. Дегенмен бұл салттың маңызы зор. Бұл дәстүрде тәттілер үлестірілетіндіктен үйдегі және көрші-қолаңның балалары жиналып, бесікке бөлеу салтына куә болып, халқымыздың салт-дәстүрлерін еріксіз бойына сіңіріп өседі де оның жалғастығына себепкер болады. Ал енді баланы бесікке бөлеу дәстүрінің алгоритміне тоқталайық.

1. Бесіктің жабдықтарын орын-орындарына қою

Кіндігі түскен баланы бес күннен кейін бесікке салады. Бұл томалаққа жиналған ауылдың көрші-қолаң әйелдері шашуларын ала келеді. Баланы бесікке салардан бұрын ауылдың жасы үлкен, беделді әйелі бесік жабдықтарын орын-орындарына қояды. Содан кейін бесікті адыраспанмен аластап шығады.

2. Адыраспан түтінімен бесікті аластап шығу.

Баланың ұйқысы тыныш болу үшін және жын-шайтанды қуу мақсатымен адыраспанды отқа жағып, түтетіп, баланы бөлерден бұрын бесікті айналдыра ырымдайды. Кейде бесіктің бел ағашына қыздырылған темір көсеумен тигізіп, те ырымдайды. Бұл ислам дініне дейінгі отқа табыну кезеңінде қалыптасып, сіңіп кеткен жоралғы. Бұл ырымды «Бесік кертпе» деп те атап жатады.

3. «Тышты ма» ырымын жасау

Баланы бесікке бөлерден бұрын тыштырма ырымы жасалады. Бесіктің түбек тесігі арқылы бауырсақ, кәмпит және басқа тәтті дәмдер жапа

тарамағай астына тосылған алақандарға тасталады. Басқарушы әйел, «тышты ма» дегенде, қасындағы әйелдер іле-шала «тыштым» деп шу ете түседі. Әрбір жақсылықты үнемі шашу шашумен қарсы алатын халқымыздың бұл дәстүрі балаға бесік құт дарытсын деген ниетпен туған рәсім.

4. Бала бөленген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабу.

Алдымен бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдармен жабады. Тон, шапан жабу ержеткенде халықшыл болуына, жүген тез өсіп, ат үстіне ойнақ салсын, кебенек пен қамшы – ел қорғайтын ер болсын деген тілек.

5. Иткөйлек әкелу. Бесікке салатын әйел күні бұрын белгіленіп қойылатындықтан, кісі нәрестеге арнап «иткөйлек» тігіп әкеледі. Қазақтың ырым, салты бойынша, иткөйлектің жағасы болмайды, жеңдері өңірімен тұтас қиылып алынады. Екі бүйірінде ғана тігісі болады. Иткөйлектің тігісі нәрестенің денесіне батпас үшін сыртынан жөрмеп қана тігіледі.

Халқымыздың киелі бесігіне жас нәрестені кез келген адамға бөлетпейді. Керісінше халыққа абыройлы, бесіктің құрылысын жақсы білетін, көп балалы ана, тәжірибелі бәйбішеге сенеді. Себебі баланы дұрыс бөлемесе, баланың дене бітімі дұрыс болмайды және нәзік терісіне түрлі зақым келуі мүмкін. Яғни баланы дұрыс бөлеу үшін, бесіктің құрылысын жетік меңгеруіміз қажет [3,155-156-б].

Қазақтар бесікті негізінен қарағайдан, қайыңнан кейде тіпті талдан иіп жасайды. Мұндай бесіктер күнделікті тұрмыста жеңіл, ықшам әрі ыңғайлы келеді. Бесіктің құрылысы төмендегідей болады:

1. Арқалық (арыс, белағаш) – ұзындығы 70-75 сантиметр, ұстап тұруға ыңғайлы, бесіктің ең үстіңгі, көлденең, жұмыр бел ағашы.

2. Бөген (алдыңғы бас, артқы бас) – негізінен жас тал мінсіз жонылып, жақсы әрленіп, морға қыздырылып, қыртысын сыртына қарай иген бесіктің екі басы.

3. Жақтау. Ол – төртеу. Екі үлкен жақтаудың ұзындығы арқалықпен бірдей, қос бөгеннің аңғарларын керіп тұратын екі қысқа жақтаудың ені бесік еніне тең.

4. Шабак. Бұл да – төртеу. Екі бөгеннің аяқтарын қосып тұратын ұзын жақтауларға біркелкі қашықтықта көлденең қашалып бекітілген бесік еніндей тақтайша.

5. Сабау. Ол – екеу. Екі бөгенді қосып тұратын екі ұзын жақтаудың астына түсетін, бесік ұзындығына тең жұмыр ағаш.

6. Жорға. Бұл да екеу. Бөгендердің иілген басына қарама-қарсы бекітіледі, оның астыңғы қыры қайқы – бесіктің табаны. Табанның қайқылығы бесіктің бірқалыпты жеңіл тербелуін қамтамасыз етеді. Бесіктің осы бөлігі – жорғаны қазақтар табан деп те атай береді.

7. Тақтай. Бесіктің түбек орналасатын, төсек салынатын ортасындағы бөлігі.

8. Шүмек. Бесіктегі сәбидің кіші дәреті үшін қойдың асық жілігінен бір басы тесіліп, екінші басының төменгі жаны ойылып жасалған түтікше. Кейде айрықша аппақ болуы үшін оны алғаш пайдаланар алдында сүтке қайнатып алады.

9. Түбек. Сәбиді бесікке бөлегенде жаялығы былғанбас үшін бесіктің ортасындағы тақтайды тесіп орнататын алмалы-салмалы киіз қалта. Шағын шыны құтылар (банкілер) пайда бола бастасымен содан түбек жасалатын болды. Шүмектің ұшы түбекке сұғынып тұрады.

Бесіктің құрылысынан бөлек оның жабдықтары болады. Бесіктің жабдықтарын барынша әдемілеп жасаған. Түбегі мен шүмегінен басқа, қолтық жастық, тізе жастық дегені болады және олар ешқашан сүреңсіз сұр түсті маталардан тігілмеген. Кішкентай көрпешелері де мүмкіндігінше ашық түсті маталардан тігіледі. Бесіктің басына үкі тағады. Өйткені бала әсемдікке, әдемілікке бесікте жатқан кезден бастап үйренуі керек [4, 237-237-б].

Бесік жабдықтарын орналастыру.Ең әуелі бесіктің жабдықтары түгенделіп алынады.

1. Ши.Бесік жабдықтарының үстінен ұзынынан жайылатын түбек бекітілетін тұсы ойық тоқылған ши төсеніш.

2. Жөргек.Шидің үстінен төселеді, түбек тұсы ойық болады, бұл – жұқа киіз немесе арасына мақта, жүн салынып сырылған көрпеше.

3. Құс төсек.Түбек тұсындадөңгелек ойығы бар, жөргектің үстінен төселетін, арасына құс мамығы салынып, қабылған жұмсақ төсеніш.

4. Жастық.Бесік енімен бірдей етіп жасалады. Арасына құс мамығы толтырылады.

5. Көрпе.Бесіктің бұл жабдығы жаздық, қыстық болып екіге бөлінеді. Жұқа матадан тігілгені – жаздық, арасына мақта, түйе жүні салынып, қабылғаны – қыстық көрпе.

6. Жаялық.Сәбидің денесін орайтын жұмсақ шүберек.

7. Кепіл.Түбек ойығын төңіректен төселетін, сәбидің жалаңаш тәнін қажамас үшін жамбас тұсына, тізесіне қою үшін арнайы тігілетін кішкене жұмсақ жастықшалар.

8. Қолбау, тізе бау.Оны таңғыш (тартпа) деп те атайды. Ұштары бесіктің екі жанындағы сабау ағаштарға таңылады, біреуі бөленген сәбидің көкірек тұсынан, екіншісі тізеліктің үстінен түседі. Ол биязы жүннен тоқылады немесе екі-үш қабат матадан сырып, кеуде, тізеден оралатын тұстары жалпақтау етіп жасалады. Тартпаның екі ұшы арқалыққа байланады.

9. Тіреуіш.Матадан ұзынша қалта тігіледі де ішіне шүберек салынады. Жууға ыңғайлы болуы үшін шеті бітелмей, ашық қойылады. Тіреуіш қолдың, аяқтың екі жағына салынады. Оны қолданғанда сәби қолы босамай, берік байланады, дәретті жаймауға септігін тигізіп, сәби аяғының тұзу қалыптасуына әсер етеді.

10. Бесік жапқыш. Бесікке бөленген сәбиді маса, шыбыннан, желден, күн көзінен, суықтан қорғау үшін үстіне жабылатын кестеленіп тігілген, сәнді матаны осылай деп атайды [5,111-117-б].

Халқымыздың ұлттық дүниетанымы мен мағлұматының, нәрестенің жастайынан құлағына құйып өскен тағылымының бірден-бір айнасы есептелінетін жырларының бірі – бесік жыры. Сәби тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда бесік жырының орны мүлде бөлек. Ол баланың көкірек көзін ашады, жан-жүйесін тербейді, сезімін сергітеді, көңіл-күйін көтереді. Тәуелсіздігімізді алғалы бері ұмыт болып келе жатқан көптеген салт-дәстүрлеріміз мемлекеттік бағдарламалар мен ұлт жанашырларының арқасында қайта жаңғырып келеді. Сол сияқты бесіктің қолданысын ұлғайтудың нәтижесінде біз дені сау, эстетикалық талғамы жоғары тұлғаны қалыптастырамыз. Яғни ұлт болашағы – әрқайсымыздың қолымызда.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. / М.Қойгелдиев, Ә.Төлеубаев, т.б. — Алм: «Мектеп» баспасы.
2. Өмешұлы Ә. Бесікке бөлеу зиян ба? Парасат, №7.
3. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» С.Қалиев 1993 ж, Алматы.
4. «Тәрбие құралы» журналы №4, 2005 жыл.
5. Ж.О.Артықбаев, Ә.Ә.Сабданбекова, Ә.Қ.Елемесов, Е.Н.Дауенов. Дәстүрлі қазақ этнографиясы. Оқу-әдістемелік құралы.

Н.Т. Ырсымбет

«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық – мұражайы» РМҚК аға ғылыми қызметкері

ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕР

«Ең әдемі киім – ұлтыңның киімі», - деген ұлы адамдар. Қазақ халқының ұлттық киімдерінің түрі де, үлгісі де еш халықтан кем болған жоқ. Оның көркем үлгілері әлемнің этнографиялық мұражайлары мен көрмелерінен орын алған. Ерте заманнан бастау алатын киім кию дәстүрі бүгінгі күнге дейін жалғасып келе жатса да, ұлттық киім кию мәнеріміз, өзіндік бітім-болмысымызды айқындайтын өз бас киіміміз қандай болғанын ұмытпау керек. Бас киімдер ұлттық киімдердің мәнерлі және ерекше бөлігі болып саналады, және адамдар жас ерекшеліктеріне қарай киген, сонымен бірге жүздің рудың ерекшеліктері жақсы сақталған. Мысалы, ұлы суреткер М.Әуезов еңбектерінде сегіз сай уақ тымақ, үш құлақты керей тымақ, қаракесек, адай бөрік, арғын тымақ, қыпшақ тымақ, сырмаланған алты сай найман тымақ, төрт сай аласа тобықты тымағы деген біртекті баскиімнің сан алуан түрлері аталатындығын, осы суреткер мұрасын зерттеген доктор

Е.Жанпеисов еңбегінде атап өтеді. Бұған қоса аймақ ерекшелігіне қарай Жетісу, Арқа, Қоңырат үлгісіндегі тымақтар деген түрлері де ел арасында айтылады. Есенберлиннің «Көшпенділер» тарихи трилогиясында осы ерекшеліктер бойынша суреттелген: «Батыс қазақтарына тән киімдер Арқа өңірінен басқаша... Бастарына кигендері кеуделеріне дейін жабатын түйе жүн далбағай, етек жағы айбалтаның жүзіндей қайқайып келген. Әшекейлене кестеленген оқшима қалпақ... Тымақтары да бөтен. Үстін барқытпен тыстап, етегін терімен көмкерген. Шошайған төбесінің құлақ тұсынан бастап жоғары қарай алты салалы етіп оқа ұстаған. Жарғақ шалбар, түйе жүн шекпен, кең қоныш етік, ақ тандақ арша не болмаса тобылғы түстес етіп боялған жұмсақ тонның, шолақ сәнді бешпеттердің өңіріне зер салған...». Қазақта бас киімді ерлер де, әйелдер де киеді. Ерлер мен әйелдердің бас киімдері әр түрлігімен ерекшеленеді. Қазақ қауымының әдетінде әйелдердің бас киіміне ерекше назар аударылған. Олардың әртүрлі жас мөлшеріне қарай өзіндік жеке ерекшелігі, әсемделуі өзгеше болған. Бұлар көбінесе іштік жеңіл матадан, ал қатипа тақия, құндыз бөрік, шашақ бөріктер ең қымбат аң терілерінен тігілген. XIX-XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың ұлттық киімдерін зерттеген Захарова И.В. мен Ходжаева Р.Р. әйел адамдардың бас киімдерін төмендегідей түрлерге бөледі: бөрік, жаулық, сәукеле, кимешек, тақия т.б. [1, 67- 71 б].

Бөрік – қазақтың ертеден қалыптасқан ұлттық бас киімі, оны бағалы аң терісінен және жас төлдің елтірісінен тігеді. Оның жаздық және қыстық түрлері болады. Терінің түріне қарай бөрік әр алуан аталады. Оны ерлер де, қыздар да киеді. Бөріктің төбесі көбінесе алты сай (қиық), төрт сай болып келеді. Оны тіккенде алдымен өлшеп алып, жұқа киізден төрт не алты сай етіп пішеді. Әр сайдың төбеде түйісетін ұштары үш бұрыш тәрізді, етек жақтары тік төрт бұрыш болады. Осы қиындылардың бір бетіне шүберектей астар, екі арасына жұқа матадан бидай шүберек салып, жиі етіп сыриды. Одан соң жеке-жеке сайларды біріне-бірін өбістіріп ішінен де, сыртынан да жермен тігеді. Оның сыртын асыл матамен (барқыт, пүліш, қамқа, т. б.) болады. Бөріктің іші сай болса, оның тысы да сонша сай болады. Бұдан кейін бөріктің төбесінің етегін жай матамен астарлан тігеді де төменгі жағын төрт елідей терімен (қылшығын сыртына қаратып) көмкереді. Бұрын қыздар киетін төбесіне үкі, жібек шашақ тағын, зер жіппен, жібек жіппен кестелеген, меруерт, маржан тізбелер, алтын, күміс түйме қадаған. Кейде бөріктің етегін жауып тұратындай етіп айналдыра зер не жібек шаш ақтар ұстаған. Аң мен мал терілері иленіп, тазаланып болған соң далаға жайып, иіс-қоңысын кетіріп, бөрікке сәйкестендіріп пішіп, астарлап тігеді. Бөріктің төбесін қымбат күрең, қызыл, жасыл, көк, қара өнді бұлдан тігеді. Қыздар киетін бөрік дөңгелек төбелі, конус тәрізді биіктеу болып келеді. Қыстық бөрік ішіне жүн, немесе мақта салып тігілсе, жаздық бөрік ішіне мақта салынбай, қос астарланып тігіледі. Қыз балалар мен келіншектердің бөріктерінің төбесінің тысы ашық өнді келеді. Сәндік үшін төбесіне үкі, жиегіне моншақ, шашақ, түрлі асыл тастар, түйме, оқа, зер, күміс тағылады.

Тысына маржан тағып, әшекей-сәндік үшін ою салады. Төбесіне шоқпардай үкі тағып, оның түбіне асыл тас маржан тағады. Оқалы бөрік құндызбен жиектеліп қызыл немесе көк масатымен тысталады. Бөріктің төрт сайының тігісін бастыра отырып оқа ұстайды. Сайларының арасы алтын, күміс жіптермен безендіріледі. Қыздардың бөрікінің түрмесі көбінесе жалпақ, төбесі төрт сайлы, биіктеу болып келеді. Алтын, күміс теңгелермен, асыл жіптермен безендіріледі, үкі де тағылады. Дөңгелек бөрік төбесі киізден, не мақта тартылып, сырылып, қатырылып, астар, тыс қапталып тігіледі. Дөңгелек бөрікке үкі тағылады және оны тек қыз балалар киеді. Етегі сусар, құндыз, түлкі, қарсақ, мәлін, қоян терілерімен көмкеріліп жұрындалады. Бөріктің етегі жалпақ төбесінен 2-3 елі төмен болса жақсы жарасады. Қыс, жаз, көктем мезгілдерінде көп киіледі.



Сәукеле – ұзатылатын қыз-қалыңдық киетін ғұрыптық бас киім. Оның күмістен төбесіне үкі тағылып, маңдайына жақұт қондырылады. Өне бойы алтын, күміс сияқты қымбат металдармен өректкіліп маржан гауһар сияқты асыл тастармен безендіріледі. Екі шекесіне моншақтан салпыншақ өріледі, төбесінен жерге дейін төгілген ақ желек жабылады. Сәукелені ұзатылатын қызға арнап шеберлерге дайындаттырады. Сәукелені қыз ұзатыларда әкесінің үйінде, оң жақтағы үкілі тақиясының орнына кигізеді. Келін болып түскеннен кейін сәукелені шешіп алып қояды да жас келін бір жыл бойы желек жамылып жүреді. Сәукеле екі бөліктен тұрады: басқа киетін бөлігі астар салынып, сырылған, биіктігі 25 сантиметрдей конус тәрізді, кейде оған маңдайлық және желкелік тігіледі. Сыртқа қамқа, дүрия, торғын сияқты асыл маталармен қапталады. Сәукеленің басты құрамды бөлігі – жеңіл матадан жасалған желек. Ол сәукеленің ұшар басына бекітіледі. Сәукеле ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде беріліп, ол әйелдерден гөрі қалыңдықтың тойға киетін бас киіміне айналды.

Тақия – екі бөліктен тұрады, төбесі және басқа тиіп тұратын бөлігі, жиегі. Тақия 4, 6, 8 сай болып тігіледі. Үстіңгі және астары жеке - жеке пішіліп тігіледі де, біріктіреді. Астарлық мата саржа, атлас, шытты пайдаланады.

Орамал – ұзатылған қыз өзіне таяу сіңілісіне басына тартатын орамалын береді. Бұл «ендігі кезек сенікі, бақытыңды тап» деген тілек.

Мұны «шарғы салу» деп атайды. . Ол пішіміне сәйкес шаршы, қиықша болып бөлінеді. Орамалды (парсы, араб, румал) жаулық деп те атаған. Арзанқол матадан да, қымбат матадан да жасайды.

Қыздардың тақиясы міндетті түрде үстіндегі қамзолға, бешпентке сәйкес келуге тиісті. Етегі, жоғары бөлігі алтын немесе күміс паршамен оюланып, сәнді жіптермен тақияға зер төгіледі. Қазақтың «үкідей үлбіреген», «тотыдай таранған» деп қыздарды әспеттеуі содан шыққан тәрізді Тақия екі бөліктен тұрады, төбесі және басқа тиіп тұратын бөлігі, жиегі. Тақия 4, 6, 8 сай болып тігіледі. Үстіңгі және астары жеке-жеке пішіліп тігіледі де, біріктіреді. Астарлық мата саржа, атлас, шытты пайдаланады. Тақияның түрлері көп: зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа. т.б түрге бөлінеді. Етегі аласа төрт сай болып келетін, кестелі шошақ тақиялар онтүстікте кездеседі. Тегеріш тақиялар орта жүзде көбірек кездеседі. Ал жалпақ төбелі, биік, тостаған сияқты қаптама тақия кіші жүзге тән. Сондай –ақ, қазақ жерінде қазақы, ноғайша оқалы тақия, оқа шекке тақия, сырма тақия, тікше қатипа тақия, шошақ төбе тақия тәрізді тақия түрлері кең таралған.

Кимешек – қастерлі, ел арасынан үзілмей келе жатқан әйел адамның бас киімі. Кимешек ақ бұлдан тігіліп, жиегін астарлайды. Кимешектің иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жағын “шықшыт” дейді. Кимешекті жас ерекшелігіне сәйкес әшекейлейді. Егде әйелдердің кимешегінің әшекейі аздау, ою-кестесі жеңіл болады, сары, ақ жіппен сырылады. Жас әйелдердікі қызыл, жасылмен әшекейленеді. Кимешектің алдын “жақ” деп атайды. Оны қол кестесімен кестелейді. Кимешек-шылауышты жас келіншектер, орта жастағы әйелдер, кемпірлер тартып киеді. “Кимешек кию, шылауыш тарту” деген сөздер арқылы бұл бас киім айқындалады. Кимешекті басқа сәйкестіріп пішіп тігеді. Кимешектің адамның арқасына түсер жері ұзыншақ келеді. Мұны “құйрықша” деп атайды. Адамның белінен төмен түсіп, шашты жауып тұратындықтан осылай аталғанға ұқсайды. Кимешек кеуде, иық, жонды жауып тұратын тұйық болады. Тек адамның бет-әлпеті шығып тұратын жер “ойық” болады. Ойықтың екі жағы, кеудеге келер тұсы кестеленіп әшекейленеді. Жылтыр жіптермен бастырылып, сырыла тігіледі. Ойықтың жиегін өңді жіппен “шалып” тігеді. Мұны “алқым шалу” деп атайды. Алқым шалудан кейінгі “жадағай” тігісті “су” деп атайды. Судан кейін “қиықшалап” тігеді. Қиықшадан кейін су “жүргізіп”, “құман бау” деп аталатын әшекей тігіспен тігеді. Құман баудан соң “Күрең кесте” деп аталатын ою-өрнек салынып тігіледі. Күрең кестеден кейін “сағат бау” тігісі жүріледі. Сағат бау кей жерде “ағақ бау” деп те аталады. Кимешектің кеудедегі бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл кимешекке сән береді, әрі төмен қарай басып, жазып тұрғанға әсері болады. Кимешектің бір мәні әйел адамдардың шашын шаң-тозаңнан сақтап, додырап шықпауына септігін тигізеді. Бұл да діни наным-сенімнен туындап, мұсылман әйелдерінің шашын жасыруларына көмегі тиеді. Кимешекті Қазақстанда кестесіне қарай қызыл жақ, сары жақ, ақ жақ деп үшке бөледі. Ақ жақты

қарт әжелер, қызыл жақты келіншектер, сары жақты жастар киеді. Кимешек кейде күміспен, тана, моншақтармен шеттіктеледі. Әр тайпа мен рудың кимешектерінің пішімінде, түрінде және сырт көрінісінде өзіне тән ерекшеліктері болған. Ерлердің бас киімдеріне:

Айыр қалпақ – аса қымбат матамен ішіне жұқа киіз немесе қалың мата салынып тігілетін ер адамдардың киімі. Сыртына өсімдік тектес өрнек салынып, алтын жіппен зерленді. Оны ертеде негізінен хан – сұлтандар салтанатқа киетін болған. Ол – киіз бас киімдердің ішіндегі ең көнесі. Қазіргі өндіріс мүмкіндігі молайып, материалдар көбейген заманда оны қалың драптан да тіге береді. Қазақта қалпақтың екі түрі бар. Олар ақ қалпақ және айыр қалпақ деп аталады. Ақ қалпақтың айналасы тұтас дөңгеленіп тұрады. Оны ақ киізден тігілуіне байланысты «ақ қалпақ» деп атаса керек. Айыр қалпақтың аты айтып тұрғандай, оның етегі екі айыр болып келеді.



Бөрік – ерлердің бас киімі көбіне кәдеге жаратылған аң терілерінің атымен: құндыз бөрік, сусар бөрік, пұшпақ бөрік деп аталған. Оңтүстік аймақтарда қой терісінен тігілген, түрмесі үлкен бөрік киеді. Бөріктің неғұрлым жүнді де жылы түрлері Батыс Қазақстан, Атырау жағында жиі кездеседі. Жетісу, Семей, Өскемен жағында жалпақ және биік түрмелі үлгілері көп. Бөрікті балаң жігіттер, орта жастағы адамдар киген. Екі бөліктен тұрады. Төбесі бағалы матамен, шеті құндызбен жұрындылған. Бөрік үшін міндетті түрде қымбат терілер қажет.

Тақия – шағын сәтен, шұға, барқыт тәрізді маталардан тігіледі. Ол зерлі, үкілі, оқалы, сырма, шошақ төбе, тікше, қатипа тәрізді бірнеше түрге бөлінеді. Қытайдағы Шыңжан қазақтарының найман тайпасындағы қызай руында «Қызай тақия» бар. Егде жастағы ер адамдар дөңгелек тақиясын басынан тастамаған. Сыртқа шыққанда оның үстіне бөрік, тымақ, қалпақ киетін болған. Тақияның ең қарапайым әшекейі — шеңберінің айналасына берілетін иректелген сызықша. Жастардың тақиясы күмбезінің төрт жағынан жібек немесе зерлі жіптермен шұғыла, гүл тағы да басқа өрнектермен көмкерілетін болған.

Тымақ – аңның, малдың терісінен тігілген қысқы баскиімдердің жылысы. Тымақ – екі бөліктен тұрады, төбесі 4 сай, шеті бағалы аң, түлкі терісімен жұрындалған. Жылы, әр сәнді, аязда киеді. Биік төбелі, маңдайы,

екі құлағы бар, артқы етегі желке, жотаны жауып тұрады. Әрқайсысын “арғын тымақ”, “үйсін тымақ”, “найман тымақ” деп немесе “ұлы жүз үлгісі”, “орта жүз үлгісі”, “кіші жүз үлгісі” деп түр-түрге бөліп айтады. Жекей тымақ деп – жаз бен күзде киетін әрі сәнді, әрі жеңіл елтірі тымақты айтады. Жекей – сәнді деген сөз [2, 13 б]. Тымақты қасиетті баскиім деп санаған, оны айырбастамайды, аяқ тигізбейді. Қазақта шала туған баланы тымаққа салып асырайтын дәстүр бар, біреуге бас ұрғанда да аяғына тымағын тастайды. Тымақ тастап кешірім сұрау бітімге шақырудың ең үлкен белгісі. Бас киімге байланысты тиым түрлері көп болды. Баскиімді іліп қояды, кез – келген жерге тастай салмайды, астыға басып отырмайды. Олай жасаса, бастан бақ таяды. Ер адам әйелдің жаулығын басына салмайды. Олай жасаса, еркектіктен айырылады. Қыз бала басына ақ, қара орамал тартпауға тиісті. Ақ – жаулықтың, қара – қайғының белгісі. Жалаңбас отырып бала емізбейді, ас-су әзірлемейді. Баскиімнің төбесін басып кимейді, оны айырбастамайды, ешкімге сыйламайды, сатпайды. Тек сыйлыққа киілмеген, жаңа баскиім алып беретін болған. Біздің заманымыздан бұрынғы қиян дәуірлер шежіресі бүгінгі таңда тек қана мұражай мұрағаттарында сақталған мұрағаттар мен тарихи әдеби еңбектерде, мерзімді ұлттық мерекелі жиындарда ғана елес беріп қалады.

Біздің ел басы Н.Назарбаевтың біз кешегі бабаларымызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды ойлауымыз керек деген сөзінен ғибрат алуымыз керек [3, 29 б]. Қазақ киімдері қазіргі уақытқа, заманға сай жаңа әдіс-тәсілдермен тігіліп, өзіндік бұрынғы сюжеттік элементтерін ұмытпау керек. Қазіргі уақытта қазақ киімдерінің қорларын көбейтіп, әртүрлі жаңа үлгідегі ұлттық киім киім тігу үйлері ашуымыз қажет. Қай қоғамда болмасын киім тігу тәсілі, ерекше орын ала бермек, күнде өзгеріс болып жатқан дәстүрімізді, тарихи байлығымызды қадірлей білуіміз керек. Бүгінгі мен кешегімізді қастерлеу – қоғамның парызы. Сол қоғамды дамытушы жас ұрпақ ертеңгі қоғам иесі. Қоғам иелері ата - әжелеріміз көз майын тауысып тіккен ұлттық киімдерімізді, оған салынған ою-өрнектерді көздің қарашығындай сақтап, ұлықтай білуі керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Шаңырақ: Үй-тұрмыстық энциклопедиясы. Алматы: Қаз Сов энцикл. 1990
2. Ханият Б, Сужикова А. Қазақтың ұлттық киімдері энциклопедиясы. Алматы: 2007.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна. 2005

Л.Е. Салихова*Атырау облысы тарихи-өлкетану
музейінің сектор жетекшісі*

ЖАҢҒЫРҒАН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ МУЗЕЙДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ

Жүректерге жылуын таратқан көктемнің сыйы – Наурыз көп ұлтты еліміздің бірлесе тойлайтын достық мерекесі. Қазақстанда ресми түрде Наурыз мерекесі алпыс екі жылғы үзілістен кейін 1988 жылдан бері тойланып келеді. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болады, осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады. Сондықтан да наурыз – парсы тілінде «нау»-«жаңа», «руз»-«күн» деген ұғымды білдіреді.

(Қазақ елі Наурызды қалай қарсы алған? Қызыр түні жаңа жыл табалдырық аттап, үйге енгенде, «жалғыз шала сәуле болмас», деп төрге қос шырақ жағылып қойылады. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сеніммен наурызға шейін үй ішіндегі дүние-мүліктің шаңы қағылып, жуылып тазартылады. «Береке жыл басынан басталады» демекші «жыл басы жақсы басталса, аяғы да жақсы болады». «Жыл бойы ақ мол, дән тасқын-тасқын, жауын-шашын көп болсын» деп Қызыр түні ырысқа (бидай, тары, арпа, сұлы, жүгері, т.б) ыдыс атаулыны аққа (сүт, айран, шұбат, шалап, уыз т.б) және кәусар бұлақ суына толтырады.

Бұл түні ауыл бойжеткендері өздері ұнатқан жігіттерге арнап соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқы-ашар» деп аталатын ерекше дәм дайындайды. Ал жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қолақысының қарымтасына айна, тарақ, иіссудан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады. Бұл дәстүрлі сыйлықтағы айна-пәктік пен жастықтың, тарақ-әдемілік пен сұлулықтың, иіссу (бүршігін жаңа жауған жауқазындай) құлпырудың жайнай түсудің белгісі.

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Ол күні қар не жаңбыр жауса «нұр жауды», «туар жыл жақсы жыл болады» деп қуанған. Наурыз айында жауған қар басқа қарларға қарағанда ерекше аппақ, үлпілдек, ұлпа болады да, «ақшақар» аталады. Осыған орай тілімізде мінезіне балдай сұлу қызға айтылатын, «наурыздың ақша қарындай» деген теңеу бар. Ұлыс күні туылған сәбилерге Наурызбай, Наурызбек, Мейрам, Мейрамгүл, Кіріс, т.б аттар қойылып, оларға бір жас қосылады) [1, 14 б.].

Дала дәстүрі бойынша Наурызда айтыс өткізіледі. Ол жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы. Мереке қызған кезде жастар алтыбақан жанында ұлттық ойындар ойнап, көкпар, бәйге, қыз қуу, жамбы ату ойындары аса бір қуанышпен өтеді. Көңілді өткен наурыз күні әр адамның есінде көпке дейін сақталады.

Ұлттық сана мен ұлтжандылықты халықтың бойына дарыту үшін Ұлы дала тарихын ұрпақ санасында тірілту қажет. Осыған орай, Наурыз мерекесінде Атырау облысы тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері

қазақ халқының салт-дәстүрлерін жас ұрпаққа кеңінен насихаттап, мәдени – шаралар өткізуді дәстүрге айналдырған. Атап айтсақ көрермен жадына «Бастаңғы», «Төркіндеу» дәстүрін жаңғыртты, отбасының ұйытқысы бола білген зерделі, мейірімді әжелердің өнегесін, өнерін жұртшылыққа таныту мақсатында «Әжелер сайысын», ізетті, ибалы келіндерді көпшілік алдында үлгі ету, қазақ келіндерінің инабаттылығын, тапқырлығын көрсету мақсатында «Келіндер сайысын» өткізді.

(Бастаңғы – қазақ жастарының дәстүрлі сауықтарының бірі. Ауыл жастары үйінің үлкендері жолаушылап кеткен үйге жиналып бастаңғы жасайды. «Қызға қырық үйден тыйым» деген берік қағиданы ұстанған қазақ қыздары мұндай басқосуға жеңгелерімен немесе інілерімен бірге келетін болған. Кейде жиын қызықты өтуі үшін сал-серілер де шақырылған. Бастаңғыға жиналған қыздар үйлерінен құрт-май, қант-шайларын әкеліп, ортақ дастархан жайған. Бастаңғының екі түрлі тәрбиелік мәні бар. Алғашқысы баласының үйде отырып томаға-тұйық болып қалмауына, елмен араласуына, замандастарымен жақын танысуға жол ашу, қонақ күте білуге баулу. Енді бірі – қызды қазан-аяқ ұстауға, дастархан жасай білуге үйрету. Сондықтан бастаңғыны көбіне қызы бойжете бастаған үйлер жасаған. Бірақ бастаңғы рұқсатсыз, бақылаусыз өтпеген. Өйткені «шешесі қыдырмашы болса, қызы бастаңғышыл болады» деген сөз бар) [2, 42 б.].

Бастаңғыдағы басқосу барысында музей жастары әзіл-оспақ айтысып, ұлттық ойындар ойнап, ән салып, күй тартып, әр түрлі өнерлерін ортаға салды.

Төркіндеу – қазақ халқының ұлттық салт - дәстүрі. Мұның негізі «төркін» деген сөзден шыққан. Ұзатылған қыздың төркін жұртына арнаулы түрде баруы «төркіндеу» деп аталады. Мұндай жағдайда қыздың барлық туған – туыстары оны қонаққа шақырып, құрмет көрсетіп, қалаған затын беріп риза етіп аттандыруға тиіс.

Қазақ салты бойынша ұзатылған қыз бір жыл өткеннен кейін ғана төркініне барып қайтады. Ерекше өлім – жітім, той – томалақ, ас бергенде болмаса жыл аунамай төркіндеуді жаман ырымға балайды.

(Қазақтың төркіндеу дәстүрі Ділдә Матайқызының «Айналайындарым, менің» кітабында былайша суреттеледі: «.. Бір күні тұрмыс құрып, оңаша түтін түтетіп кеткен Үміт деген қарындасы ағасының үйіне бір-екілі жаман жиендерін ертіп төркіндеп келмей ме? Ол заманда қазіргінің келіндеріндей екі күннің бірінде өзі шыққан әке-шешесінің шаңырағына шауып бара беру қайда? Іргелері жақын болса жылына бір мәрте онда да ата-енесінің рұқсат батасымен барып, көрісіп, аунап-қунап, мауқын басып қайтады. «Ойбай, қызымыз келе жатыр, төсектің тазасын төсеңдер, сақтаған сыбағасын асыңдар, қабағына қаяу түспесін, көзі түскен дүниесі болса қолын қақпаңдар» десіп, бүкіл ауыл мәре-сәре болысады. Жеңгелері болса «Көзжақсымның бойы таралып, кәдімгі келіншек болыпты, күйеубалам мырза қол көрінеді, барқыттан киген көйлегін қарашы, көк былғарыдан тіктірген шоқайма кебісін көрдіңбе, алтынның буынан емес, нуынан соқтырған білезігінің өзі бір қаралық»-десіп, ой несін айтасың,

қыздың төркіндеп келуі мен кері аттануы бір ауыл аймақты сезіктірмес, алты ай жазға қырғын әңгіме.») [3, 12-13 б.].

Осы оқиғаны негізге алған музей ұжымының ұзатылған қызы «төркіндеп келіп», жиенін көрді, қалағанын беріп, бір марқайып қалды.

«Шаңырағым – шуағым, ақ жаулығым тұмарым!» атты әжелер сайысына музей қызметкерлері қатынасып, өз өнерлерін ортаға салды.

Сайысқа қатынасқан әжелер «Мен анамын-ұрпағын әлдилеген» - (өзін-өзі таныстыру), «Өнер тамған – он саусақ» (қол өнерін көрсету), «Қонақжайлылық–ата дәстүріміз» (үйден ұлттық тағам дайындап әкелу), «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» (сұрақ жауап), музыкалық сәлемдеме немесе қойылым шарттары бойынша өзара сынға түсті. Байқау талаптарының салмағы әрбір қатысушыға көрермен аса үлкен жауапкершілік жүктеді. Сайыс барысында салт-дәстүрге байланысты қойылған сұрақтарға мүдірмей жауап берген әжелер ән айтып, би билеуде де қабілет-қарымдарын байқатты. Сайысқа қатынасқан әжелерді «Дана әже», «Абзал әже», «Мейірімді әже», «Тапқыр әже», «Жайсаң әже» номинацияларымен марапаттап, естелік сыйлықтар табыс етілді. Шара барысында асыл әжелердің немерелері де жүрекжарды тақпақтарын айтып, көңілдерін бір серпілтті.

Музей қызметкерлері халқымыздың әдет – ғұрпы мен дәстүрін, тарихын біліп, оны қастерлеп, бүгінгіміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыруды азаматтық борышы санайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ділде Матайқызы. «Айналайындарым, менің». «Дайк-Пресс», Алматы, 2002.
2. Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. Алматы. 1991.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. ҚР Мемлекеттік Орталық музейі, Алматы. 2011.

Атырау облысы тарихи – өлкетану музейінде ұйымдастырылған іс – шаралардан көріністер:



Музей қызметкерлері арасында ұйымдастырылған «Бастаңғы» шарасынан көрініс



«Төркіндеу» шарасынан көрініс



«Әжелер сайысы» шарасынан көрініс

А.Тулегенов
магистрант 1 курса КазНУ
им. аль – Фараби

ЮРТА–ТРАДИЦИОННОЕ ЖИЛИЩЕ КАЗАХОВ

Казахская юрта – традиционное жилище, существующее с древности, используется до настоящего времени. Юрта казахов своеобразный тип переносного жилища, характерный для насельников Великой степи. Юрта с оригинальным архитектурным решением, со сложным семантическим смыслом отражает уровень культурного развития тюрко – монгольских племен, их сложную идеологию. Неповторимость этого типа жилища, архитектуры, созданной из войлока и гибкого ивового прута, стала сегодня для каждого казаха емким символом Родины, древней культуры народа. Говоря о казахской юрте, можно с уверенностью сказать, что как жилище она была, не только точно рассчитана и продумана с учетом потребностей быта кочевников, а ее убранство отличалось орнаментальным изяществом декора, но и сам принцип построения юрты был отражением их взглядов на окружающий мир.

Юрта – один из древнейших типов передвижного жилища, приспособленного жилища, приспособленного к кочевому образу жизни. Она широко распространена в среде кочевых и полукачевых народов Евразийских степей и сохраняет свою древнюю форму до наших дней [1,

с. 1]. Древнейший прототип юрты сохранился в росписи Крымского склепа Анфестерия и на некоторых наскальных рисунках Казахстана и Сибири.

Юрта казахская – жилище переносного типа кочевых и полuosедлых народов Центр и Средней Азии. Состоит из деревянного решетчатого остова, покрытого войлоком с конической или полусферической крышей [2, с. 123]. Яркий вещевой материал, воссоздающий обстановку древней кочевой юрты, обнаружен при раскопке знаменитых Пазырыкских курганов на Алтае и Ноин – улинских в Манголии. Войлочные ковры из больших Пазырыкских курганов по технике изготовления и орнаментации изумительно сходны с современными казахскими войлочными ховами.

О существовании у древних народов Евразии передвижных жилищ сообщают и письменные источники, прежде всего античные и средневековые мусульманские писатели. Усуньский гуньмо (хан) имел «круглую кибитку, обтянутую войлоком». Помимо войлочной юрты отмечается существование и «войлочных тюркских повозок», яркую характеристику которых мы встречаем еще в записках Земарха. Данные о таких повозках можно найти и других авторов: у Плано Карпини, Рубрука, Ибн–Батуты и т.д. [3, с. 47]. Юрты кочевых тюркских народов упоминаются географами и историками мусульманского Востока VIII – XIV вв. Еще Ибн – Фадлан (X в.), проезжая через р. Эмбу, писал: «Я находился целые дни в куполовидной тюркской юрте из войлока» [4, с. 112]. Великолепное описание юрты сохранилось в народном эпосе: «Огузнаме», «Китаби Коркут», «Манас» и «Козы-Корпеш и Баян-сулу».

С XVIII в. юрта стала предметом внимания многих географов и путешественников. Ученых интересовало своеобразное устройство юрты, ее происхождение, ее культурно-бытовое и утилитарное значение в жизни тюрко – монгольских народов. Некоторые географы и искусствоведы относят юрту к лучшим достижениям культуры кочевников. Значение юрты довольно ярко обрисовано в трудах известных географов Оскара Пешеля [5] и Бронислава Залесского [6].

В литературе XVIII–XIX вв. очень мало описаны юрты простого казахского народа; путешественники, естественно, обращали внимание на богатые, красиво украшенные парадные юрты казахских феодалов, среди которых выделялись ставки ханов. Значение слова «орда» сильно искажено в трудах европейских ученых, это в свое время отмечал Ч.Ч. Валиханов. По его верному определению, «слово орда имело и прежде в Золотой орде такое же значение, как иеперь у киргиз–кайсаков и означало в обширном смысле место столицы хана, в тесном – его ставку» [7, с. 48-52].

Интересное описание юрт-ставок мы находим в трудах ученых и путешественников XVI–XVIII вв., например, бухарского ученого Рузбехана, а позднее–участников академических экспедиций – И. Фалька, Х. Барданеса, Г. Георги, П.С. Палласа, П.И. Рычкова и других. По словам академика Фалька, ставка султана Али, внука хана Абулхаира, была весьма

обширна, состояла из множества кибиток, «между которыми его юрта самая большая и покрыта белым войлоком» [8, р. 20-21].

Юрты из Дешт-и-Кыпчака в начале XVI в. описал Ф. Рузбихан: «... некоторые юрты с окошками и разноцветными войлоками были установлены прямо на арбах... юрты делали продолговатой формы с полным мастерством и изяществом. Спереди и сзади этих домов делали оконца, чтобы обитатели их могли выглядывать... Степень достоинства жилища доводили до терема небес. Какие преогромные шатры я увидел, поставленные на колеса!» [9, с. 110].

Юрты как предмет быта казахов широко экспонировались на различных выставках. На Парижскую выставку 1861 года была отправлена юрта Алмаза. Юрты Ш. Уалиханова и Арынгазы Ханкожина были показаны на выставке при Московском университете в 1867 году, юрта Мейрама Жанайдарова, присланную в Петербург на выставку третьего конгресса ориенталистов 1876 г. [10, с. 89]. Все они относятся к типу роскошных юрт, покрытых снаружи цветными сукнами (додэге) и внутри красиво убранных коврами, разными вышивками, узорной ковровой тесьмой. Истории существования юрты в казахской степи по времени достаточно внушительна не менее трех тысячелетий. Одной из ранних форм была войлочная, с жестким деревянным каркасом, кибитка-повозка, бытовавшая в Казахстане вплоть до XVIII в. Рациональны и ограничены структуре животноводческого хозяйства конструкция и убранство юрты, полностью базирующиеся на продуктах животноводства – шерсти, коже, кости и т.д., и лишь каркас, отдельные виды мебели, посуда изготовлялись из древесины березы, ивы, карагача. Юрта снаружи благодаря эластичности и мягкости войлочных покровов – купольный монолит, внутри геометрические объемы членятся более четко на купол и цилиндр основного объема. Производством деревянных частей юрты (суйек), ее каркаса – скелета занимались особые мастера (уйши). Каркас юрты составляют следующие четыре части: кереге, уык, шанырак, есик.

Кереге – опорно-раздвижное основание юрты, которое состоит из отдельных секций деревянных решеток (канат – крыло), соединенных друг с другом, при этом образует круговую стенку юрты. От числа канатов зависит размер юрты – чем больше их, тем больше диаметр внутреннего помещения, больше площадь жилища. Канат представляет собой скрипленные по диагональным осям планки (саганак), что и позволяет растягивать или стягивать их (по принципу мехов гармонии).

Уык – купольная жердь, их несколько, они образуют крышу юрты. Чем больше канатов по основанию (стенке), тем больше уыков, длиннее их размеры, они более массивны.

Шанырак – деревянное полусферическое навершие юрты. Он служит окном, а в хозяйственных юртах – отверстием для выхода дыма. Диаметр шанграка (3-5 м) пропорционально соответствует примерно 1/3 части круглого основания юрты. Он сделан из взаимнопересекающихся березовых

реечек, выгнутых кверху, проведенных по центру круга строго под прямым углом и закрепленных концами в круге. Крестовины из реечек называются кульдреушэ, и за их счет собственно образуется форма полушария и красивый силуэт венчающего вырха юрты [11, с. 69].

Шанырак казахской юрты считается священной деталью, защищенной от дьявола. Форма шанырака, его части, материал, качество – все это непосредственно связан с понятием «кут» – защитником блага семьи [12, с. 12].

Есик (сыкурлауык) – двустворчатая дверь. Все детали двери типа сыкырлаук тщательно разработаны тонкой резьбой, или заполнены костяной инкрустацией.

Внешний покров юрты состоит из трех частей: боковые кошмы – туырлык (их бывает две или четыре в зависимости от величины юрты), верхние купольные – узук (их четыре или шесть) и квадратный кусок кошмы – тундук, при помощи которого закрывается верхнее отверстие [13, с. 45]. Все части каркаса юрты соединяются при помощи веревок, тканых ремней – тангыш, опоясываются широкой ткаными полосами – *керегебас*, *баскур*, *уык бау* с несколькими рядами узлов и кистей из разноцветных шерстяных нитей. Закрепленные на купольных жердях и свисающие с них узорные ленты с кисточками шашак, бау создают дополнительную красочность интерьера юрты. Под куполом свисают различные тканые полосы, плетенные или тканые узорные тесьмы в случае сильного ветра, внутри юрты укрепляли ими – привязывая к вбитым в землю копьям. Декоративные ленты: *ак баскур* – ворсовые, с цветным узором на гладком белом фоне и *баскур* – безворсовые, ткались особым образом на станке для украшения парадных юрт. *Баскур – керегебас* – это широкая узорная тканая лента стягивает снаружи решетку вместе с креплениями и уыками, являясь, таким образом, конструктивно важным элементом в архитектуре юрты. Важнейшим признаком юрты является ее внутреннее урбанство. Шерсть была сырьем для производства многочисленных предметов. Из нее валяли войлочные ковры, сумки, чехлы, покрывала различного назначения, шили нити, шедшие на ткание ковров, лент, подвесных сумок, и многого другого. Из дерева делали мебель различного назначения: кровати (тесагаш), шкафы для посуды (асадал), лари для продуктов (кебеже), сундуки (сандык) для вещей, различную посуду (для мяса – астау, табак), для питья – пиалы, тостаганы, кумысные наборы – шара, ожау и т.д. В Казахстане доминирует в основном кипчакский тип юрты, отличающейся своей четкой округлой формой и сферическим сводом. По своему хозяйственному и культурному значению казахские юрты делились на три основных типа: юрты, служившие жилищем для казахского населения в летнее время, юрты парадные, предназначенные для торжественных случаев, для приема гостей, и юрты походные. Кроме этих основных типов были юрты кухонные и юрты, служившие в качестве складов и сараев.

Походные юрты отличались от основных своим небольшими размерами и конструкцией; их можно отнести к типу специализированных юрт, предназначенных для военно – походных целей или для пастухов – табунщиков. Устройство этих юрт преследовало только практическую цель, поэтому они очень простые, не имеют нарядного урбанства.

Военно – походные юрты были двух видов: более просторные назывались аблайша, другие – жолым уй (дорожный дом) – термин, переделанный русскими в «джуламейка». Они состояли из трех кереге, с короткими палками (уук) и миниатюрного шанрака. В XIX в. среди русских путешественников и военных юрты были признаны лучшей защитой от непогоды, более удобными, чем брезентовые палатки. Впервые об использовании юрты в полевых условиях писал профессор Харьковского университета А.И. Якоби: «Юрта чрезвычайно хорошо для лагерной чели, особенно летом она положительно удовлетворяет всем главным условиям летучего военного госпиталя» [14, с. 96]. Главное отличие юрты – ставки от других – ее размеры. Такая юрта состояла минимум из 12, в среднем из 18 и самая большая из 30 отдельных решеток (канат).

Из парадных юрт особо выделяется серия юрт, предназначенная для подарков или выставок. Наиболее уникальной и роскошной по отделке была юрта, выполненная по заказу хана Внутренней орды Джангира и преподнесенная им Николаю I во время коронации. Это была юрта средней величины, но блиставшая своим урбанством и тонкой отделкой. Мастер работали над этой юртой около двух лет. Описание этой юрты сохранилось в Оренбургском архиве и частично опубликовано П. Столпянским в «Тургайской газете» [15, с. 12].

Казахская юрта всегда устанавливалась на открытом солнечном месте. Это было связано с тем, что вся хозяйственная и бытовая деятельность кочевника связана по времени с круговоротом солнца. Дверь юрты располагалась строго на юг. По углу падения лучей солнца, попадающих в юрту через верхнее отверстие, по постепенному переходу лучей с одной части юрты в другую кочевник определял время и строил свой распорядок дня. Поэтому и расположение мебели и разделение казахской юрты на части имело строгий порядок.

Посередине казахской юрты отводилось место для очага. Такое его расположение создавало наилучшую тягу для огня и способствовало более равномерному согреванию помещения. В конце XIX – начале XX вв. огонь разводили прямо на земле или делали для него в земле небольшое углубление. Над костром устанавливали железный треножник для котла или «мосы» с крючком для подвешивания чайника. Весь пол казахской юрты, то есть земля, за исключением места для очага, застилалась домотканиной и кошмами. Против двери за очагом – самое лучшее место, там у стенки юрты устанавливали горку, то есть складывали основное имущество. Обычно вниз ставили особую деревянную подставку, на ней располагали сундуки, кошомные футляры или тюки с запасной одеждой и другими вещами,

сверху укладывали свернутые одеяла, подушки и т.д. Иногда это горку покрывали орнаментированным войлочным ковром или матерчатым покрывалом с вышивкой.

Место перед горкой называли «тор» – самое почетное место в юрте: здесь обычно сидели глава семьи и наиболее почетные гости. Поверх обычной кошмы его застилали специальными подстилками для сидения, стеганными на шерсти, меховыми (корпе, бостек), орнаментированной кошмой или ковром.

Пространство казахской юрты возле входа (босага) предназначалось для хозяйственных целей, направо от входа была женская половина, тут размещали различные пищевые припасы, посуду, на стенке развешивали вяленое мясо, здесь же стоял кожаный сосуд для кумыса на деревянной подставке, шкафчик для самых ценных продуктов (чай, сахар, сладости). Нередко этот угол отделялся ширмой. Слева от дверей размещали вещи, связанные с мужской работой: седла, сбрую, оружие и др. Зимой, в сильные холода здесь могли поместить больного или преждевременно родившегося ягненка, другое слабое животное.

По обе стороны от дверной рамы размещали постели хозяев юрты – справа старших, а слева младших членов семьи. На ночь постели расстилали, а днем свертывали и укладывали у стенки. Довольно распространенным элементом убранства юрты стали деревянные кровати производства казахских ремесленников. Постель завешивали пологом из красной ткани. За постелью висел настенный ковер из орнаментированной кошмы или вышитой ткани, нашитой на войлок. Даже снаружи богатая казахская юрта выглядела очень нарядно, так как для ее крепления использовались тканые орнаментированные шерстяные ленты. Кереге были обставлены узорными циновками, на такой же циновке была подшита кошомная дверь. При перекочевках казахскую юрту разбирали на составные части и перевозили вьюком.

Казахская юрта легко собирается и разбирается. Она хорошо сохраняет тепло, защищает от ветра, а летом от жары. Чиевая прокладка препятствует проникновению сырости, если покровные кошмы промокали от дождя. Летом в жару нижние войлоки поднимают для прохлады, а прокладка из чия предохраняет от проникновения пыли и сора. На зиму юрты утепляли: накрывали двойными кошмами, обкладывали снегом, обставляли снопами камыша, окапывали землей. Аулы ставили в местах с естественными укрытиями от ветров и буранов. В морозные дни в юрте постоянно горел костер, но, несмотря на это, ее обитатели не снимали одежды, а в морозы одевали и меховые шубы. «...казахская юрта, в своих принципиальных конструктивных решениях была единой для всего этноса, расселившегося на огромной территории от Каспия до Алтая, от Южно – Сибирской равнины до окраин Средней Азии... Большая часть жизни кочевника проходила в его микрокосмосе – вюрте. Она была одной из доминант жизнеобеспечения казахов, она же была показателем искусства и

достатка владельца юрты» [16, с. 115]. Казахская юрта, исконное жилище кочевников – скотоводов, представляет собой одну из ярких разновидностей тюркского типа юрта. Она вобрала в себя все наиболее ценные конструктивные и художественные достижения поколений народных мастеров, совмещая легкость и прочность, рациональность и символизм, функциональность и красоту. Юрта – это шедевр степной архитектуры, в котором достигнута идеальная гармония всех начал, составляющих подлинное произведение искусства. Блестящий знаток кочевых культур Евразии этнолог С.И. Руденко писал о казахской юрте, что она «с точки зрения конструктивной не превзойдена ни одним из кочевых народов и является самым совершенным из переносных жилищ» [17, с. 32]. Таким образом, юртой была связана вся жизнь казаха, поэтому она занимала особое место в быту казахов. Шанырак была семейной реликвией, передавался из поколения в поколение, кара шанырак юрты отца почитался сыновьями как святыня. В серьезных случаях казах клялся, глядя при этом на шанырак. Большое внимание уделялось свадебной юрте (отау), ее качество и красота убранство должны были обеспечить счастье новой семье. Казахская юрта является не только элементом материальной культуры народа, но и содержит символику, в которой сосредоточена самая разнообразная информация о религиозно – мифологической картине мира. В народной картине мира казахов и их предков моделью служили, во – первых, доступные обыденному сознанию внешние признаки окружающего мира (ср. макрокосмос – юрта), во – вторых, человеческое общество.

Список использованной литературы:

1. Маргулан А.Х. Казахская юрта и ее убранство. – М., 1964. –12 с.
2. Хашимов М. Памятники Центральной Азии. Алматы: Сага, 2001.-249 с.
3. Маргулан А.Х. Мир казаха/ Институт развития Казахстана-Международный фонд им. академика Алькея Маргулана. Алматы, 1997. -57 с.
4. Ибн-Фадлан. Извлечение из "Записки"// Материалы по истории туркмен и Туркмении (МИТТ). Т. I.-Л., 1939.
5. O. Peshel, Volkerkunde 6-te Auflage, Leipzig, 1885
6. B. Zaleski. La vie des Steppes Kirghises descriptions, recits et contes. Paris. 1865
7. Ч.Ч. Валиханов. Собр. соч., Т. I. Алматы. 1968.-265 с.
8. J. Falk. Beitrage zur Kenntnis des Russischen Reiches. ST. Peter. 1785-1786, Vd I, P. 20-21
9. Ибн Рузбихан. Воспоминание участников о походе Шейбани хана в Туркестан. В Кн. /Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Алматы, 1972. Сб.1. С. 110
10. Востров В.В., Захарова И.В. Казахское народное жилище.-Алма-Ата, 1989. -180 с.

11. Муканов М. С. Казахскаяюрта: книга-альбом. -Алма-Ата: Кайнар, 1981. - 224 с.
12. Шаханова Н.Ж. Мир традиционной культуры казахов. –Алматы, 1998. –212 с.
13. Декоративное искусство СССР. 1980. №5 (280). 48 с.
14. Якоби А.И. Поездка в Киргизскую степь Западной Сибири/ Сборник судебной медицины. М. 1874. Т. I. -265 с.
15. Столпянский П. Киргизская кибитка при высочайшем дворе Николая I. Тургайская газета. М. 1903, №25
16. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов: Очерки теории и истории.-Алматы: Ғылым, 1998.-234 с.
17. Руденко С.И. Очерки быта северо-восточных казахов. Материалы комиссии экспедиционных исследований. Л., 1930. Вып. 15.

И. Бекзатқызы

ҚР Ұлттық музейі

«Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институты

САРЫАРҚА ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

Қазақ топонимдерін этномәдени тұрғыдан қарастыру барысында этнографиялық факторларға соқпай, сөз етпей өту мүмкін емес. «Этномаркерлі топонимдер» дегеніміз – өзінің құрамында этнографизмі бар мәдени-этнографиялық ақпаратқа ие топонимдер [1, 20]. Себебі әрбір атау – тарихи, ал топонимика түгелдей тарих айнасы іспеттес. Географиялық атаулар, әсіресе көне атаулар тарихи ескерткіштер секілді. Өйткені онда өткен дәуірдің әлеуметтік жағдайы, тұрмысы, этнографиялық ерекшеліктері көрінеді. Кез-келген мәдени этнобелгілер белгілі бір дәрежеде материалдық және рухани мәдениет жиынтығынан құралады. Ұлттық мәдениеттің аталған екі саласы қоғамдық формацияда қатар дамып, бірін-бірі толықтырып отырады. Мәселен, А.Е.Жартыбаев Орталық Қазақстан топонимдерін этномәденилік тұрғыдан тарихи және рухани мәдениетке қатысты топонимдер деп екіге бөліп қарастырады. Әрі олар іштей сараланып, зерттеу мақсаттары мен талаптарға сәйкес бірнеше топтарға бөлінеді:

1. *Материалдық мәдениетке байланысты топонимдер.*
2. *Рухани мәдениетке байланысты топонимдер.*

Материалдық мәдениетке байланысты топонимдер іштей төмендегі топтарға бөлінеді:

- а) Мекен, тұрақты білдіретін топонимдер.
- ә) мал шаруашылығына қатысты топонимдер

б) егін, бау-бақша шаруашылығына қатысты топонимдер

Рухани мәдениетке байланысты топонимдер:

а) төрт түлік түрлеріне қатысты мифонимдер

ә) көшпелі тұрмыс-салт дәстүріне қатысты топонимдер

б) қоршаған ортаны қабылдау барысындағы танымдық топонимдер.

- өсімдік атауларына қатысты топонимдер.

- аң, құс атауларына қатысты топонимдер [2, 218-219].

Қазақ халқының көшпелі өмірі, әдет-ғұрпы, мәдени материалдық ерекше белгісін айқындайтын атаулар жер-су аттары құрамында айтарлықтай орын алады. Кез-келген алғашқы қауым өкілдерінің мәдени таным-түсінігі күнделікті тұтыну құралдары (ыдыс-аяқ, қару т.б.) мен мекен-тұраққа ие болуынан басталады. Қарқаралы ауданындағы *Ошақтас* – тау қойнауы, ошақ пішіндес жартаc. *Ошақты* – бұлақ. Екі атау да ошақ апеллятивінен жасалған. Ошақ пен ошақта жағылатын отты киелі санау дәстүрі көне дәуірден белгілі. Көш барысында көш пен малды жағылған екі от ортасынан өткізу, от жағылған жерді аяқпен баспау, отқа май тамызу дәстүрлері мен от ағасы, от басы тіркестерінің қолданылуы тұрмысымызда бар құбылыс. Жоғарыдағы топонимдер туралы жергілікті тұрғындар арасында төмендегідей аңыз айтылады: Белгісіз бір тойға жер ошақ қазылып жатқанда ол жерден су шығады да, тойға арналған тамақ сол жердегі ошақ пішіндес таста даярланады. Халық содан бері бұлақты *Ошақты*, ал қазан көтерген тасты *Ошақтас* деп атап кетіпті. Сан ғасыр бойы халқымыздың негізгі баспанасы болған киіз үйдің шаңырағы мен түндігіне қатысты атаулар да мекен-тұраққа қатысты ұлттық мәдениетімізбен тікелей байланысып жатады [3, 191-192]. Осы ұғымдарға қатысты жергілікті топонимдерге тоқталсақ: *Шаңырақтас* – биіктігі 893,7 м болатын киіз үйдің төбесіне ұқсас, домалақ келетін тау; *Шаңыраққойған* – Бүркітті тауындағы үңгір мен тау бөктері. Көне түркі тайпаларында шаңыраққа белгі соғылып, ол уақыт мерзімін ажырататын сағат есебінде пайдаланылған. *Түндіктас* – Боқты тауындағы тау қойнауы; *Түндікті* – Қарқаралы жеріндегі өзен. Шаңырақ апеллятивіне сәйкес атаулар ол топообъектінің киелі, биік ұғымында қолданылғанын білдірсе, түндік апеллятивіне қатысты атаулар ұқсату мен өзен бойына жаз айларында көп киіз үй тігілуіне байланысты аталған. Оны аталған жер көрінісі де растай түседі. Жер қарау барысында Асан Қайғының өзі Түндік өзені туралы «Ой түндік, маңырап жатқан қой түндік» депті деседі. Яғни, Түндік өзенінің мол суы мен ол өңірдің құнарлы да бітік өсетін шөбі қой мен жылқыға жайлы, жұғымды болатындықтан өзен бойына көп ауыл қонып, түндіктің көптігіне байланысты *Түндікті* аталыпты.

Халқымыздың ұлттық ерекшелігін бейнелейтін топонимдер Павлодар облысы аумағында да кеңінен көрініс тапқан. Құрамында үй, үй мүлкіне, киім-кешекке қатысты сөздері бар қазақ орографиялық терминологиясы ұқсату, теңеу (метафора) арқылы қалыптасқан. *Сандық, кебеже, кереге* т.б. сөздерімен орографиялық нысандарға ат қою (номинациялау) қазақ

орография терминологиясының ұлттық ерекшеліктерін көрсетеді. Мұндай этнографиялық реалий басқа, мысалы славян халықтарында жоқ болғандықтан, басқа ұлттық орографиялық терминология құрамында бұл тәрізді сөздер кездеспейді. Этнографиялық топонимдердің ұлттық және аймақтық ерекшелікте қалыптасуына сол өлкені мекендеуші этностың тұрмысы, кәсібі, шаруашылығы, әдет-ғұрпы, наным-сенімі әсер етеді. Мысалы: *Керегетас* – оқшау біткен екі жалпақ биік, тік тас. Тасты керегеге, яғни киіз үйдің қабырғасына ұқсатып атаған. Беткейлері тік, созылып жатқан иілген пішінімен ерекшеленетін тастар. *Кереге* сөзі ежелгі түркі тілінде *Керегу* түбірі *кер* және монғолша «*кэр*», генетикалық тұрғыдан қазақ тілімен байланысын анықтап, бұрынғы киіз үйдің мағынасын қалыптастырады. Кереге сөзімен *Керегежал* (тау), *Керегетас* (қоныс) атаулары қалыптасты.

Сандықтас, Сандықтау – тау, атауы жотаның мен мұндалаған жеке, дара шыңдары жоқ, төбелері тегіс, жайпақ болуына байланысты аталған; *Кебежетас* қоныс атауы төбесі тегістелген домалақ, дөңес келетін аласа тауларға ұқсайтындықтан аталса керек. *Қоржын, күбі, қазан, қақпақ* сөздері арқылы қалыптасқан географиялық атаулар өткен тарихымызға үңілуге мүмкіндік туғызады. *Қоржынтау* – таудың екі жарылған (дөңгелек) көрінісіне қарай қойылған. Қоржын шын мәнінде әртүрлі нәрсе салуға арналған жүннен тоқылған екі басты қап. Қазақтар географиялық нысандарды қоржынға ұқсату арқылы атау берген деп топшылаймыз. *Қоржынтүбек* (қоныс), *Қоржынкөл, Қоржынқамыс* атаулары осы мағынада айтылады. Күбі – айран, іркіт, қымыз пісуге, май түсіруге арналған ағаштан жасалған, ауыз жағы тарлау келетін піспегі бар ыдыс. В.Н.Попова *Майкөбен* атауын, *Майкүбі* – күбіде май мағынасында қарастырып, жергілікті қазақтарға сілтеме береді [4, 138-141].

Сарыарқа өңірі тұрғындарының ежелден-ақ көшпелі және жартылай отырықшы өмір салтын ұстанғандығы белгілі. Жергілікті халықтың егін шаруашылығымен айналысуына байланысты өңірде *арық, тоған, шығыр, бөгет, егін* сөздеріне қатысты топонимдер ұшырасады. *Арықты* – Ақтоғайауданы жеріндегі өлке, жазық жер. *Тасарық* – Қарқаралы ауданы Қу тауының шығысындағы өзек. Арық термині арқылы жасалған атаулар республикамызға кең таралған құбылыс. Бұл геотермин арқылы ойконимдер мен түрлі топонимдер жасалады. Аталған өңірдегі *Жартоған, Қаратоған, Бастоған, Көлтоған, Бестоған* гидронимдері де егістік жерлерді суландыру жүйесіне қатыстылықты білдіреді. Тоған тек егін шаруашылығына емес, мал шаруашылығын дамыту мақсатына да пайдаланылған. *Шығырлы* – Ұлытау ауданының Жезді өлкесіндегі құдық; *Шығырадыр* – Ұлытау ауданындағы ескі өзен арнасы; *Солтыбай шығыры* – Ерейментау ауданындағы құдық. «Егін» сөзінің қатысуымен Сарыарқа өңірінде *Егінсай, Егінді, Егіндікөл, Егіндібұлақ, Егінағаш, Егіндіқоңыр, Егінқарасу, Егінтомар, Егінжол* топонимдері кездеседі.

Қазақ халқының әдет-ғұрпы төрт-түлік, соның ішінде жылқы түлігімен тікелей қабысып жатады. Мысалы: дүниеге келген сәбидің атын сұрау (Жылқышы ма?, Ат байлар ма?), оған бәсіре ат дайындау, баланы атақты адамның үзенгісінен өткізу және т.б. наным-сенімдер мен әдет-ғұрыпқа байланысты топонимдер Сарыарқа аймағында мол ұшырасады: *Ашамайлы* – қазіргі Жаңарқа ауданындағы шатқал. Ашамай – атқа мініп жүре алмайтын жас балалар үшін жасалған арнайы ер. Халық дәстүрі бойынша сәбиді ашамайлы ерге отырғызудың үлкен мәні, бұзбай атқаратын ережелері бар. Сарыарқа өңірінде бәйге мәресін кейде сөре (ат сөреден өтті) деп те атай береді. Аталған жердегі кейбір топонимдер осы дәстүрді бейнелейді: *Сөрелі* – Ақтоғай ауданындағы төбе, елді-мекен; *Бәйгетам* – Ұлытау, Жезді өңіріндегі бейіт. *Бәйгетөбе* – Жыланды өзені бойындағы төбе, төбе етегінде үлкен қорым бар [2, 260-274].

Қазақ арасында мұндай ас, тойларда бәйгеге қосатын жүйріктерді арнайы баптайтын оңаша жерлер болған. Сондай жайға қатысты атаулардың бірі – *Атсуытқан*, Жаңарқа жеріндегі шатқал. *Көкатсойған* – Шет ауданындағы бұлақ, жазық. *Атбасар* – Балқаш көлінің солтүстік-шығысындағы аласа төбе, дала. Алғашқы атау үлкен жиындарда жылқы, ат сойылатынын көрсетеді. Атбасар қаласының номинациясын Е. Қойшыбаев мал саудасына байланысты қарастырған [5, 41]. Тарихи деректер XVIII ғасырға дейін Ақмола облысындағы Атбасар жерінде отырықшы халық болмағанын, ол жерді оңтүстік қазақтарының жазғы жайлау ретінде ғана пайдаланғанын айтады. Біздіңше, бұл атау ерте кездегі қазақтардың қашықтықты ат жүрісі мүмкіндігімен шамалау, есептеу дәстүріне қатысты қойылған. «Ат тұяғы қалған жер», «ат баспас» тіркестері осыған дәлел. Атау қашық жер, қашық жердегі жайлау, алайда ат тұяғы жетер жер ұғымын білдірмек.

Орталық Қазақстанда түрлі себептермен тау тастарында ат тұяғы бейнеленіп, таңбасы түсіп қалған жерлер киелі саналып, *Тұлпартас* аталып кеткен. Ә. Марғұлан Бегазы тауында Манас батырдың Аққұла атының ізі қалғанын жазған. «...Изображения человеческой ступни и лошадиного копыта зафиксированы в Улутауском районе, в горах Аргынаты, в долине Сарысу и в Каркаралинских горах. Камни с изображением лошадиного копыта повсюду называют «тулпартас» - камень скакуна...» [6, 21]. Халық ұғымында мұндай жерлер киелі саналып, ауырған жас балаларды ондай жерлерге аунатып алу дәстүрі сақталған. *Тұяқ* – бейіт, Қорғалжын өлкесінде; *Тұяққалған* – дала, жайлау, Ұлытау ауданында. Қазақ жерінде басқа малдың сүтіне қарағанда жылқы (бие) сүті қашан да жоғары, сапалы саналған, оны негізінен үстем тап өкілдері ішкен. Сауын айтып шақырылған той мен асқа саба-саба қымыз апаратын болған. Сондықтан қымыздың басқа сүт тағамдарына қарағанда түрі мол: саумал қымыз, түнетпе қымыз, қулық қымыз, құнан қымыз, дөнен қымыз, бесті қымыз т.б. Халықтың қымызға деген құрметі топонимдерден де орын алып отырған. *Саумалкөл* – Ереймен өңіріндегі көл; *Саумал* – құдық, Ақадыр жерінде. Екі гидроним де судың

тұщылығын саумалға теңеу мәнінде қойылған метафоралық атау. Сондай-ақ халқымыз қымыз күтімі мен оны даяулауға қажетті ыдыс-аяққа да қатты көңіл бөлген, бұл жай топонимдер жасалымынан да көрінеді. *Көнек* – Жаңарқа жеріндегі төбе, елді-мекен, көнек – бие саууға арналған шелек. *Қосторсық* – Ерейментау жеріндегі құдық, торсық – сусын, қымыз құятын ыдыс. Қойылу себебі – құдық суының көлемін білдіреді. *Сабажарылған* – Нұра ауданындағы өзек. Саба – қымыз даярлайтын және баптайтын, сақтайтын ыдыс. Үлкен ас-тойларға сабамен қымыз апару ұлттық дәстүрімізде бар.

Мінекей, жоғарыдағы мысалдардан ұлттық топонимиямыздың бойындағы ұлттық ерекшеліктерді, жер-су атауларының мәдени, рухани, тұрмыстық сипатының жалпы бейнесін, яғни, Сарыарқа өңірін мекендеген халықтардың материалдық және рухани мәдениеті ұлттық топонимикамызда көрініс тапқандығын айқын аңғаруымызға болады. Топонимдер – қоғам дамуы мен өзгеруі сияқты құбылыстарды бастан кешіріп, әр дәуірдің куәгерлері ретінде талай ғасыр бойы этноспен бірге өмір сүріп келе жатқан тарихи жәдігерлер. Сондықтан, ұлттық мәдениетіміз бен салт-дәстүріміздің көрсеткіші болып табылатын жер-су аттарына аса ұқыптылықпен қарап, ұлттық құндылықтарымызды бағалай білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б. М. Тлеубердиев. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттары. Канд.дисс.колж. Алматы, 1994. -153 б.
2. А. Е. Жартыбаев. Орталық Қазақстан аймақтық топонимиясы. Қарағанды, «Болашақ-Баспа» РББ, 2008. -379 б.
3. С. Кенжеахметұлы. Ұлттық әдет-ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу құралы. Алматы, «Санат», 1998. -256 б.
4. Қ. Т. Сапаров. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі. Павлодар, «ЭКО» ҒӨФ, 2007. -308 б.
5. Е. Қойшыбаев. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, «Мектеп», 1985. -256 б.
6. Очерки по истории народной медицины Казахстана. Алма-Ата, 1978. -195 с.

Бокижанова Г.К., к.п.н., доцент
Ибраева Б.М., к.ф.н., профессор
Шутенова С.С., магистр
старший преподаватель
Академия «Болашақ»
(г. Караганда)

ТРАДИЦИИ КАК СРЕДСТВО НРАВСТВЕННО-ДУХОВНОГО ВОСПИТАНИЯ

Формирование духовно-нравственных и этических принципов личности, ее моральных качеств и установок, согласующихся с общечеловеческими ценностями, нормами и традициями жизни казахстанского общества - важнейшее условие развития и процветания Республики Казахстан.

Патриотичная, образованная, обладающая здоровьем, ответственная и энергичная, успешно работающая в условиях инновационной экономики, владеющая казахским, русским и английским языками, впитавшая ценности и культуру казахстанского народа, толерантная, узнаваемая и уважаемая в мире – такой видится казахстанская молодежь будущего.

В этой ситуации как никогда возникает необходимость основательного, более глубокого знакомства подрастающего поколения с духовными ценностями своего народа, с его нравственной культурой, в потенциале которых заложено духовно-нравственное начало. Духовно-нравственное воспитание подрастающего поколения – тема актуальная во все времена, но особое значение она приобретает в настоящее время.

Содержание духовно-нравственного воспитания личности определяется базовыми национальными ценностями и приобретает определённый характер и направление в зависимости от того, какие ценности общество разделяет, как организована их передача от поколения к поколению. Оно неотделимо от жизни человека во всей её полноте и противоречивости, от семьи, общества, культуры, человечества в целом, от страны проживания и культурно-исторической эпохи, формирующей образ жизни народа и сознание человека. Значительным педагогическим потенциалом и эффективным средством духовно-нравственного воспитания обладает система традиций и обычаев казахского народа. Система традиций и обычаев любого народа – результат его воспитательных усилий в течение многих веков. Через эту систему каждый народ воспроизводит себя, свою духовную культуру, свой характер и психологию в ряду сменяющих друг друга поколений. В литературе, посвященной исследованию обычаев и традиций, эти явления чаще всего отождествляются. Обычай, традиция в своем статическом состоянии – это своего рода «пакет», содержащий соответствующие идеи, духовные качества и обрядовые акты, которые старое поколение передает молодому в

совместной с ним деятельности, чтобы направить действия, мысли и чувства молодого поколения.

Наука рассматривает традиции как исторически сложившиеся и передаваемые из поколения в поколение обычаи, нормы поведения, взгляды, вкусы. Достижение согласия между традицией и современностью все более становится животрепещущей проблемой науки. Традиция содействует восстановлению теряемого сейчас наследия. Такое восстановление может быть спасительным для человечества [1].

В настоящее время содержание исследований в данной области вызывают несомненный интерес общественности и представлены научными трудами отечественных ученых Ж.Ж.Наурызбай, К.Б.Жарыкбаева, С.К.Калиева, С.А.Узакбаевой, А.А.Калыбековой, К.Ж.Кожаметовой, К.Б.Болеева, Р.К.Дюсембиновой, М.Х.Балтабаева, М.С.Сарсенбаева и др.

На протяжении длительной истории жители степных просторов накопили богатый опыт в области обучения и воспитания подрастающего поколения, выработали своеобразные обычаи и традиции, правила, нормы и принципы поведения человека. Множество национальных традиций и обычаев, связанных с вопросами духовно-нравственного воспитания сохранились и до наших дней. В семьях, где сохранились прочные связи с традиционной национальной культурой, у детей эффективнее формируются духовно-нравственные ценности. Необходимость использования прогрессивных национальных традиций в духовно-нравственном воспитании объясняется, прежде всего, тем, что они связаны со многими сторонами мировоззрения и взаимоотношений людей; в них наиболее ярко и своеобразно отражен накопленный и умноженный тысячелетиями опыт, человеческая мудрость, выражается характер и душа народа, лучшие черты истории семейно-бытовой жизни общества.

В духовно-нравственном воспитании казахского народа особое внимание уделялось детям. Личным примером с ранних лет прививались духовно-нравственные убеждения. Например, уважение к старшим внедрялось в сознание подрастающего поколения как высший принцип, следуя которому можно было достичь успехов в жизни и завоевать авторитет народа.

Ослушаться, высказать пренебрежение, спорить, пререкаться со старшими и, тем более, грубить считалось в высшей степени недостойным и непозволительным. Казахская поговорка гласит: «Долго будешь жить, если родителей уважаешь, если не уважаешь, то сам страдаешь. Ата-ананды сыйласаң, көп жасарсың, сыйламасаң жан қинарсың».

Дети должны с особым уважением относиться к родителям и старшим «Возгордится лев — на луну кидается, возгордится дурень — на мать свою задирается. Арыстан асқынса, айға шабар, ақымақ асқынса, анасын сабар». Малейшее проявление непочтительного отношения или невнимания к матери не только осуждается окружающими, но и должно тут же

пресекаться. Эти правила очень строго соблюдались в быту и в процессе воспитания становились привычкой.

На основе традиций, воспитывающих уважительное и почтительное отношение к старшим, авторитет родителей в глазах детей приобретал устойчивый и значимый характер. В казахской народной педагогике особенностью воздействия примера родителей и старших на подрастающее поколение являлось понятие «намыс», составляющее основу духовности. Слово «намыс» в переводе с казахского означает честь, достоинство, совесть, порядочность. Умелый показ образцов нравственного поведения и примеров нравственных поступков не только родителей, но и окружающих взрослых — родственников, знакомых — положительно влияет на становление таких нравственных добродетелей, как доброта, отзывчивость, уважение к окружающим.

Одно из важнейших черт в народных традициях казахов занимает гостеприимство. Традиция уважительного отношения к гостям строго соблюдалась в семейном укладе жизни казахов. Родители всячески стремились привить детям навыки гостеприимства, считая это своим долгом. Все самое вкусное казахи всегда хранили для гостей. Гости делили на три вида. «Арнайы қонақ» - специально приглашенный или приехавший, «қудайы қонақ» - случайный путник, «қыдырма қонақ» - специально ждавший и пришедший на угощение. Человека, не давшего «қонақасы», штрафовали (штраф – лошадь, верблюд и т.д.). За гостем ухаживали и заботились вплоть до его отъезда. В казахской семье гостеприимство считается неотъемлемой частью человечности, а кто не уважает гостя, тот не пользуется уважением окружающих. Несомненно, в этом проявляется высоконравственный принцип гуманности. Об этом свидетельствуют такие обычаи и традиции, как «сыбага»: для почетных гостей и родных всегда хранится часть (муше) мяса, каждому приезжему, останавливающемуся на ночлег у кого-либо, положен «сыбага», в противном случае он имеет право осудить хозяина, обидеться на него.

У казахского народа любой путник мог свободно зайти в аул и быть гостем. Смысл заключался в следующем. Ученый А. Сейдимбек в работе «Казахский мир» пишет о «неразделенном наследстве». Слово «енші» в тюркских языках проходит как «инчу», главное значение которого можно передать словом «наследство, наследие». В толковом словаре казахского языка указано: «Енші — скот и имущество, выделяемое родителями детям, выходящим на отдельное проживание» [2]. «Неразделенное наследство» — это специальный обед в честь прибывшего гостя. Определенная часть наследства, выделяемого либо оставляемого родителями ребенку, считается «неразделенным наследством», принадлежащим гостю, поэтому предоставлялась в виде угощения при встрече гостей. Это стало непререкаемой традицией казахского общества. То есть эта традиция сформировалась в форме морально-этического эталона. Уставшие путники были полностью уверены в наличии принадлежащего им «неразделенного

имущества» в любом доме, встретившемся им по дороге, поэтому свободно перешагивали порог и пользовались гостеприимством хозяев.

Каждый казах стремится выполнять пять основных заповедей предков, одна из которых – встретить гостя как посланника бога. Это подтверждается поговоркой: «Один из сорока гостей – Қадыр (имя пророка), один из тысяча – Уәли (имя пророка) Казахи говорят: «Если гость придет, беги к двери, не опоздай.. Қонақ келсе есікке, жүгіріп шық, кешікпе.» Отсюда следует, что хорошо принять гостя – не только обязанность, но и священный долг хозяина. Эта традиция зародилась в древности и прочно укоренилась в сознании современных казахов.

Одной из важнейших традиций семейного воспитания у казахов является знание своей родословной, своего генеалогического древа — «жеті ата», что всегда было характерно для кочевников в их стремлении продолжать род, развивать традиции своей общины. Понятие «родственник» у казахов толкуется достаточно широко. Все потомки одного деда до седьмого колена считаются близкими родственниками, поэтому, согласно древнему обычаю, положено знать своих предков до седьмого колена и существует запрет на браки внутри своего рода. Ребенок с детства воспитывался на почитании и уважении своих предков и своего рода: «Пока живы знавшие отца — жива и память о нем», «Незнание своей родословной до седьмого колена — признак сиротства»[3].

Казахи в своем отношении к жизни культивируют гостеприимство, почитание старших, скромность, благородство, правдивость, честность, смелость, душевную щедрость. дружбу и любовь, поддерживают добрые отношения с соседями. Есть множество народных поговорок на эту тему: «Когда сосед по душе, в тесном дворе просторно. Көршің қолайлы болса, қораңкең.», «Доброе соседство прочнее родственных уз. Туысы жақын жақын емес, Қонысы жақын жақын.», «Где нет дружбы, там нет успеха. Достық жоқ жерде табыс жоқ».

В воспитании особое место уделялось формированию нравственности во внутрисемейных отношениях. Заботливость отца, великодушные матери, уважение сына, добросердечность старшего, сына к младшему и вера младшего в старшего обеспечивают спокойствие семьи. Каждый член семьи имел свое место, свои обязанности и долг перед остальными.

Таким образом, народные традиции казахского народа являются одним из эффективных средств духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения. Воспитательный потенциал народных традиций казахского народа выражается в том, что он основан на общечеловеческих ценностях, что не ограничивает их использование в рамках сугубо одной национальности. Достаточно доступен для восприятия, что не требует для их усвоения и осмысления специальной педагогической подготовки, а также позволяет решать достаточно широкий спектр задач духовно-нравственного воспитания в повседневной жизни.

Список литературы:

1. Волков Г.Н. Этнопедагогика – Москва.: Издательский центр «Академия», 1999-с 139-140
2. Сейдимбек А. Казахский мир. — Алматы: Санат, 1997. - 464с.
3. Турманжанов У. Казахские пословицы и поговорки. Алма-Ата: Знание, 1980. – С. 82-86

М.Ү. Момынов,
*«№19 орта мектеп» ММ
тарих пәнінің мұғалімі*

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНДЕ ОЙНАЛАТЫН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ

Қазақтың ұлттық ойындары бес түрге бөлінеді. Олар: аңға байланысты, малға байланысты, түрлі заттармен ойналатын, зеректік, ептілікті және икемділікті қажет ететін, соңғы кезде қалыптасқан ойындар. Олардың негізгілерінің өзі жүзден астам. Бұл ойындардың көбісінің ежелден қалыптасқан арнайы өлеңдері бар. Өлеңдер ойынның эстетикалық әсерін арттырып, балалардың өлең – жырға деген ыстық ықыласын оятып, көңілін көтереді, дүниетанымын арттырып, еңбекке баулиды, ширақтырып, шынықтырады.

Этнограф – ғалымдарының пайымдауынша, ата – бабаларымыздан бізге жеткен ұлттық ойындарымыздың тарихы Қазақстан жерінде б.з.б 1 мыңжылдықта – ақ қалыптасқан. Олардың ішінде тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтармен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тарады. Біздің қоғамымыздағы ұлттық ойындардың негізі, шығу тегі халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылық әрекеттерінен бастау алады.

1. Аңға байланысты ойындар: ақсерек – көксерек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас – құлақ, ордағы қасқыр;

2. Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, көксиыр, соқыр – теке, түйе мен бота;

3. Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, ауакүшік, алтыбақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыр таяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды атам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, қамалды қорғау, қимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің даусы, таяқ жүгірту, тепе -теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік;

4. Зеректілік, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағанаға өрмелеу, балтамшап, бөріктастамақ, бұғыбай, бұқатартыс, бұрыш, жасырбақ, жарыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қындық – сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ – жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи – тымпи, ұшты – ұшты, шымбике;

5. Соңғы кезде қалыптасқан ойындар: әріп таңдау, бригада, мейрамхана, нөмер, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады.

Оқтау тартыс (арқан тартыс) – ойынды ойнау үшін де ортаға екі бала шығады. Алдымен жерге сызық сызындар және сол сызықтың екі жағына тұрындар. Енді оқтаудың екі ұшынан ұстап тартындар. Қайсысың сызықтан өтсең, жеңілесің. Ал күшің басым болып тартып алғаның жеңіске жетесің.

Көтермек – ортаға екі бала шығындар. Бір-бірлеріңе арқаларыңды тіреп тұрып қолдарыңды шынтақтастырындар. Жүргізушінің белгісінен кейін жерден қайсысың бұрын екіншіңді көтеріп алсаңдар, ұтқан болып есептелесіңдер.

Тақия тастамақ – ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар шеңбер жасап отырындар. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреулерінің артына тақияны тастап кетеді. Егер сезіп қойсаңдар, жүргізушіні қуып жетулерің керек. Ал жүргізуші қуған баланың орнына келіп тұруға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.

Сақина тастамақ – жігіттер мен қыздар орындыққа отырады, отырған ойыншылардың арасынан қырынан бір кісі өтетіндей бос орын болуы керек. Ойын жүргізуші ортаға шығып, алақанын қапсыра, қолын созып отырған ойыншыларға сақинаны тастай бастайды. Сақинаны кімге тастайтыны оның еркінде, әйтеуір кімнің алақанына салып жібергенін білдірмеуі керек. Тиынды алған ойыншы білдірмеуге тырысады. Сөйтіп ортадағы отырғандардың бәріне тастап шығады. Сақинаны тастап болған соң қайтадан ортаға келіп «сақинамды бер» деп дауыстайды. Осы сәтте сақинаны алған ойыншы «менде» - деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншының міндеті өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Егер сақинаны алған ойыншы орнынан тұрып кетсе, жазаны сол жағындағы ойыншы тартады, ол тұра алмай қалса, сөз жоқ, жазаны өзі тартады. Оның жазасы – көпшіліктің ұйғаруымен өлең айту, би билеу, домбыра тарту, әйтеуір өнер көрсету. Жазаланушылар көпшіліктің ұйғаруына қарсыласып ән сала білмеймін, тақпақ айта алмаймын деп айтуына болмайды.

Алтыбақан – жастардың кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, қыздар, жігіттер болып айтысып, бір – бірімен әзілдесіп көңіл көтеретін ойын – сауығы. Қазірде алтыбақан құрылады. Алтыбақанды құру

мынадай тәсілмен жүзеге асырылады. Алтыбақанды сырықтың екі басын үш – үштен қосақтайды да, мосы тәрізді етіп байлап тастайды. Бақанның аша тармағы сыртқа кигізіліп тұруға тиісті. Алтыбақанды құрастырып болғаннан соң оның екі басына 3 қатар арқан байланады.

Арқан тартпақ – оны арқан тартыс деп те атайды. Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан көп болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Ал қыста 10 – 15 бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайды ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай құлату үшін тартады.

Аударыспақ – қазақ – қырғыз халықтарының арасында кең тараған ойын. Атқа мінген екі жігіт жекпе – жекке шығып, бірін – бірі аттан аударып, тасатуға тырысады. Аударыспақта үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалады. Оған 18 жастан асқан қарулы жігіттердің қатысқаны жөн. Аударыспақ ойынының ережесі бойынша сайысқа қатысушылар салмақтарына қарай үш топқа бөлініп, күш сынасады. Ептілікті, күштілікті, тапқырлықты, батырлықты талап ететін спорттық ойын.

Ат сайысы – спорттық ойын. Оның түрлері: ат омыраластыру, аударыспақ, жорға жарыс, көкпар тарту, теңге алу, қыз қуу, қыз жарыс, сайысу т.б. Бұл ойындар көбінесе үлкен тойларда ұйымдастырылады. Сайысқа түсетін аттар алдын ала дайындалады. Ат сайысындағы кейбір ұлттық ойындар олимпиада ойындарының жоспарына енгізілген.

Аламан бәйге – мұнда жүйрік, жарыс аттар, 20 – 100 шақырымдық қашықтыққа шабады. Оның жолында айналып өтетін көл, сай – сала, бел – белестер тәрізді кедергілі жерлер болуға тиісті. Аламан бәйге үлкен тойда, үлкен аста, торқалы тойлармен зор мерекелерде жарияланады.

Алтын қабақ – мергендер сайысы. Жігіттер садақ жебесін нысанаға әрі тез, әрі дәл тигізуге тиісті. Бұл сайыс үлкен тойларда арнайы жүлде тағайындалып өткізіледі. Алтын қабақ сайысының түрлері: жаяу немесе ат үстінен сырық басындағы теңгені аттап түсіру, жоғары лақтырылған қалпақты, басқа да заттарды атып түсіру, ат үстінде шауып келе жатып нысанаға дәл тигізу. Мергендер сайысының тағы бір түрі жамбы ату, садақ тарту.

Жамбы ату – биік сырықтың басына тая тұяқ не күміс ілінетін болған. Жамбыны алу үшін белгіленген межеден (70-100 м шамасында) садақ атып, қыл арқанды қиып түсіру керек. Кейде ойынның шарты бойынша жамбыны шауып келе жатқан аттың үстінен атқан. Бұл ойын асқан мергендікті, ат құлағанда ойнайтын шеберлікті қажет етеді.

Теңге алу – жерде жатқан теңгені атпен шауып келе жатып іліп алу үлкен ептілікті, ат құлағанда ойнайтын шабандоздық тәжірибені талап етеді.

Теңгені жерден іліп алғандарға бәйге беріледі. Бұрындары қазақ жігіттері атпен шауып келе жатып, қолындағы қылышымен жерде жатқан тезекті түйреп алып көкке лақтырып жіберіп, оны жалма – жан қылышымен екіге бөліп шауып түсіреді.

Қыз қуу – ұлттық ат спорт ойыны. Қазір бұл ойынның ережесі жасалып, бір жүйеге келтірілді. Қазақстанда қыз қуудың алғашқы спорттық жарыстары 1923 жылы өткізілді. Содан бері мерекелік бағдарламаларға енгізіліп келеді. Қыз қуу жарысында атқа мінген жігіт айналып қайтатын жерге дейін алдында атпен шауып бара жатқан қызды қуып жетіп, оның бетінен сүюге тиісті. Бұл – жігіттің ойынды жеңгені. Қуып жете алмаса, қайра шапқанда қыз жігітті, оның атын қамшының астына алады. Бұл – қыздың жеңгені.

Көкпар – ұлттық ат ойыны. Этнографтардың айтуынша әуелгі атауы «Көкбөрі» сөзінен шыққан. Бұрындары мал баққан көшпелі халықтар көкберіні соғып алғанда өлігін ат үстінде сүйрелеп, бір-бірінен ала қашып, маз-мейрам болған. Кейін ол ұлттық ойынға айналған. Көкпар Орта Азия халықтарының да сүйікті ойыны. Көкпар шаппай тартыс және дода тартыс болып екіге бөлінеді. 1949 жылы елімізде көкпар жарысының жаңа ережесі бекітілді. Алаң көлемі қатысушылар санына сәйкес жасалады. Егер әр команда да 5 адамнан болса, алаңның аймағының ұзындығы 300 метр, ені 100 метр; 10 адамнан болса 500x200 метр; 15 адамнан болса 700x300 метр; 20 адам болса 1000x500 метр болған. Көкпарда басы кесілген серке тартылады.

М.Ш. Карикүлова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университетінің тарих ғылымдарының магистрі
Көлік және коммуникация колледжі
«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер»
оқытушысы, аталмыш колледждің
мұражай меңгерушісі*

АРМЫСЫҢ ӘЗ-НАУРЫЗ!

Наурыз – шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы. Наурыз бұған дейін мыңдаған жыл бұрын шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланған. Қазақ халқы да наурыз мерекесін айрықша бағалап, оны жыл сайын атапөтуді әдетке айналдырған. Шығыстық данышпандар: Махмұт қашқари, Әбу Райхан Бируни, Ә.Фердоуси, Ә.Науаи, О.Хайямнан бастап, қазақтың А.Құнанбайұлы, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, С.Сейфуллин, М.Дұлатұлы сынды ғұламалары да еңбектер, өлеңдер, жақсы сөздер жазып қалдырған.

Наурыз – қазақ халқының төл мерекесі. Парсының «нау»-жаңа, «руз»-яғни жаңа күн деген сөзінен шыққан. Бұл қазіргі күн есебі бойынша Наурыздың 22 жұлдызына сәйкес келеді. Қазақтар да бұл күнді жаңажыл, ырыс, береке, мереке күні деп – ерекше қарсы алады. Ұлыстың ұлы күні наурыз айы – шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы, Григориан күн есебінде де күн мен түннің ұзақтығы теңеседі сол себепті жыл басы делінген. [1, 2 б.]. Сонымен бірге қыстан аман-есен шығып, көктемді қарсы алатын мезгіл уақыты.

Самарқанның көк тасы жібиді. Бұл да наурыз күніне байланысты сөз. Оның бірнеше мәні бар. Бірінші, аңызда әйгілі астроном Ұлықбек (1394-1449) обсерваториясындағы көк тасқа дәл 22 наурыз күні күн сәулесі түсетін болған. Сол сәуледен түскен жылу тасты жібітетін болған. Екінші, бұл күн әр адам қателігі болса кешірім сұрауға және ол кешірім беруге тиіс. Кешірмесе «бұл күні Самарқанның көк тасы жібиді, сен тастан қаттысың ба?» деп - айтқан екен [2, 5б.]. Ренжігендер болса, төс қағыстырып, қол алысып амандасып, өткенді ұмытып бір-бірінен кешірім сұрап жатады. Күн жылынып, қар еріп, жыл құстары келе бастайды. Сондықтан бұл мезгілді жылдың «құт» мезгілі есебінде де, жылдың алғашқы айы есебінде де, төл басы есебінде де, түркі халықтары ерекше құрметпен бағалаған. Сол сияқты бұл күннің әлемге жылулық әкелетін сәтін де бейнелеп айтқан.

Наурыз қазақ халқының төл мерекесі. Наурызда қазақтар қысқы соғымнан қалған сүрленген етті қосып көже пісіреді. Наурыз көжеге жеті түрлі дәмнен: ет, сүт, арпа, су, тұз, тары, құрт тағамдары қосылады. Сонымен бірге дастарханға қазақ халқының ұлттық тағамдары (қазы-қарта, жал-жая, қымыз, шұбат, ірімшік, құрт, сүзбе, айран, көже, бауырсақ, жеміс-жидек т.б.) қойылады.

Наурызнама – осы күні қазақтың ұлттық киімдерін киіп үлкен болсын, кіші болсын мерекеге келіп, алтыбақан ойнап, ойын сауықтарға қатысып көңілдерін көтереді. Тойға ат жарыс, палуан күрес, айтыс, тоғыз құмалақ, асық, арқан тартыс сияқты түрлі ойындар ойнап, көңілді жұмбақтар жасырып, ән, өлең, наурыз жырларын айтып ерекше атап өтеді. Наурызнамада қыз-жігіттер бас қосып - «ұйқыашар» әзірлейді. Ол ет, уыз, сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз-келіншектерге «селтеткізер» ойнап, сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді.

Наурыз жыры – Наурыз мерекесінде айтылатын халық ауыз әдебиетінің түрлерінің бірі. Жыр-өлең, мадақтау, тілек, бата, әзіл түрлеріде айтылады.

Ұлыс күні қазан толса,
Ол жылы ақ мол болар,
Ұлы кісіден бата алсаң,
Сонда олжалы жол болар [3, 3 б.].

Наурыз бата – қазақ халқында батаның түрлері көп. Соның бірі – осы наурыз бата. «Наурыз көжеге» шақырғандарға, мерекеде өнер көрсеткен, ақын, әнші, палуандарға тағы да басқа өнерпаздарға, жас талапкерлерге

ақсақалдар мен әжелер, ел ағалары бата береді. Бата жалпы жұртшылыққа, көпшілікке, бүкіл жиналған қауымға да беріледі. Бұл күні жастар бата алуға тырысады және бұл күнгі батаның орыны бөлек.

Уа,құдайым, оңдасын.
Жаманшылық болмасын.
Аруақ біткен жар болып,
Қыдыр баба қолдасын.
Аман сақтап төл басын,
Еккен егін солмасын.
Орта толып ырысқа,
Бейбіт өмір орнасын.
Бостандықтың ордасын
Періштелер қорғасын.
Бесіктегі бөбектің
Бақайшығы тоңбасын.
Ұлыс күні ұл мен қыз
Тайпалдырсын жорғасын.
Көш бастаған көсемдер
Өрге тартсын арбасын.
Сөз бастаған шешендер
Әділдіктен танбасын.
Көл жиналып тамшыдан
Теңіз толсын қаңсыған.
Атамекен тазарып
Ағысы түссін алшыдан.
Құт береке кетпесін
Диқаншы мен малшыдан.
Бақыт ашып қақпасын,
Мәңгі бақи жаппасын.
Пәле-жала елімді,
Іздесе де таппасын!
Әмин! - деп бата беріп жатады [4, 8 б.].

Наурыз жұмбақ – табиғатқа, аспан әлеміне, ауа райына, күн мен түнге байланысты айтылған жұмбақтар осылай аталған. Ақындар, қыз – жігіттер осы күнге тән құбылыстарды жұмбақтап, өлеңдетіп айтысатын да болған.

Наурыз тілек—әр адам өзіне, отбасына, туыс—туғандарына, жақындарына құшақтасып амандасып,

Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!
Пәле—жала жерге енсін!
Төрт—түлік ақты болсын!

Өрісің малға, үйің жанға толсын деп құттықтап, жақсы тілек тілейді. [5, 4 б.].

Наурыз төл – наурыз айында мал төлдей бастайды. Оны «наурыз төлі» деп атайды. Бұл айды төл басы деп санап, малды ерекше күтіп бағады. Төл басын ешкімге сыйға бермейді немесе сатпайды.

Наурызкөк – наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Осы құсты шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер «наурызкөгім келдің бе?» деп шақырып, жем шашады. Наурызкөкті ешкім қумайды, үркітпейді.

Наурыз есім – наурыз күнінде немесе осы айда туылғандарды халық бақытты, ерекше адамдар деп ұғынған. Сол себепті оларға Наурыз есімі берілетін болған. Мысалы: Қазақ халқында Наурызбай атты әйгілі батырлар мен хандар болған.

Наурыз шешек – наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түрлі гүлді, шөпті, бәйшешекке де ерекше көңіл бөледі. Наурызшешек «Қызыл кітапқа» енген өсімдік. Ол сирек кездесетін өсімдік.

Наурызша – наурыз айында жұп-жұқа, қиықшақырбық қылаулап жауған жұқа қар. Оны халық «наурызша» деп атайды [6, 5 б.].

Отамалы – 15 наурызда кіріп, 17 наурызда шығатын амал. Бұл амалдың жақсылық пен жамандыққа бағынуына қарай хақымыздан: «Отамалы от алғанша, керегенің басынан шот алғанша», «Отамалы, отамалыдан қалған ата малы» деп берген мінездеме мәтелі бар.

Үт – саңылау, тесіктен үйге түскен күн сәулесінің тозандануын қазақ үйге үт кірді деп есептейді. «Үт кірді, үйге құт кірді» деген қазақ мәтелінде күн нұрының жердегі тіршілікке жасар игі әсерін бейнелейтін үлкен мәні бар [7, 13 б.].

Қорыта келгенде, Наурыз қазақтың төл мерекесі, жыл басы. Наурыз киелі мейрам. Күн мен түннің теңелуі «Самарқанның көк тасы еритін күн, суықтың ызғары кетіп, күннің жылуы – көктемнің бірінші айы. Халықтың да жүрегі жылынып, қуана қарсы алатын күні. Бұл мерекенің халық үшін үлкен тәрбиелік маңызы бар. Мереке, шаттық, оған дайындалудың өзі – үлкен той. Сәлемдесу – үлкен кісілердің сәлемі, жастардың сәлемі, әкешенің балалармен, келіндермен, қыздармен үлкен әжелермен сәлемдесіп, сыйлық апарып беруі, жастардың сәлемдесуі, құшақтап көрісуі ерекше жүрекке жылу сыйлайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жыл басы – Наурыз. Ақтөбе, 2013 ж. *Л 2015. 1480 к.*
2. Шуақты Наурыз. Талдықорған 2008 ж. *А 2009, 15993 к.*
3. «Ақиқат» № 3. Астана, 2015 ж.
4. «Қазақ әлемі», Ақселеу Сейдімбек, «Санат», 1997.
5. «Ит дүние. Нұқ, Наурыз тарихы», Мәшһүр жүсіп, Алматы, 2008.

А.Т. Таубек

«Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-мұражайы» РМҚК-ның археология және тарихи ескерткіштерді қорғау бөлімінің аға ғылыми қызметкері мәдениет саласының үздігі

НАУРЫЗ ҰЛТ МЕРЕКЕСІ

Мыңдаған жылдан бері қазақ Наурызды Ұлыстың ұлы күні-Жаңа жыл ретінде мерекелеп келді.

Қазақстан Кеңес үкіметі орнағаннан кейін түп тамырына балта шабатынның бірі-дін болды емес пе. Сол кезде «түйені боран ұшырса, ешкіні көктен көретініміздей» мешіт шағылып, молда айдала бастағанда дінмен ешқандай қатысы жоқ қазақтың ұлттық мейрамы – Жаңа жылы Наурыз өз-өзінен ғайып болды [1, 15 б].

Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандығының үстіне оның тарихи маңызының тереңдігі бар [2, 24 б.].

Наурыз-өте көнеден келе жатқан мейрам. Күні бүгінге дейін жер шарындағы көптеген халықтардың дәстүрлі мейрамына айналып отырған бұл мерекенің қашаннан бері тойланып келе жатқанын дөп басып айту қиын.

Көшпелілердің байырғы астрономиялық түсінігі бойынша әрбір жыл алты ай жаз («йас») бен алты ай қысқа («қыш») бөлінген. Тіліміздегі «алты ай жаз бойы», «ала жаздай», «алты ай қыс бойы», «ала қыстай» секілді сөз оралымдарын осы бір түсініктің жаңғырығы десек болады. Жаз айларында дүние кеңіп, шаруадан мойын босып, жер бетін қуаныш, шаттық жайлайтындықтан - «жағымды», ал қыс айларында суық, аштық, жұт болғандықтан - «жағымсыз» саналған. Әуелі адамдардың жақсылық пен жамандыққа жан бітіріп, адам бейнесінде айтыстырып, күрестіргені туралы қызықты мәліметтер көне жазбаларда көптеп сақталған. Мәселен, біздің жыл санауымыздан бұрын дүниеге келген қасиетті «Авеста» кітабында, XI ғасырдағы түркі тілдерінің энциклопедиясы – «Дивани лұғат-ат-түрк» сөздігінде, сондай-ақ қазақ халқының қиял-ғажайып ертегілерінде осындай ұқсас сюжеттер қайталанып отырады. Соғдалықтар жақсылыққа «Ахуромазда», жамандыққа «Ахирман» деп ат қойса, бұрынғы қазақтар жақсылықты «Кие», жамандықты «Кесір», қысты «Зымыстан», жазды «Табысқан» деп атаған.

Қазақтар бір жылды әрқайсысы отыз күннен тұратын он екі айға бөлген. Жыл соңындағы санатқа кірмей қалған 5/6 күн – «бес қонақ» деп аталады. Мұны фарсылар «фэнджи», сотистік календарда «эпагоменай» (шолақ ай) дейді. Ежелгі сенім бойынша жақсылық пен жамандықтың жан алып, жан берісіп өмір үшін күресуі санатқа кірмей қалған осы уақыт аралығында сәйкес келеді. Осы бір «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің

үзілер, өлінің әрі тартар, тірінің бері тартар»қиын, қысталаң күндері халық тілінде «өліара»деп аталады. Қазақтар осы 5/6/ күнді өткізіп жібермей, жолаушы шықпайды, қоныс аудармайды, жиын-той жасамайды, мал сойып,қонақ шақырмайды. Ақсақалдар өліарада «апыр-ай, қайтер екен» деп ауыл иттерін үргізбеген.

Қыс бен жаздың халық санасындағы осы көрінісі кейбір ғалымдардың Наурыз мейрамының шығу тегін дуалистік теорияданіздеп, Жақсылық пен Жамандықтың, Қыс пен Жаздың, Суық пен Жылының, Қайырымдылық пен Қатігездіктің күресінен туған деген ой қорытындылауға себеп болды.

Малдар төлдеп, қой қоздап,

Сүттен бұлақ ағызған.

Жаңа жылдың сипаты

Молшылыққа аңыз боп,

Басталыпты наурыздан, – деп халық ақыны С.Оңғарбаев жырламақшы, көшпелілер жыл басын Наурыздан бастайды.

Қазақ елі осы күнді «Ұлыстың ұлы күні – ұлыс күн» деп атаған. Григориан календары бойынша ескіше 9 март, жаңаша 21-нен 22-не қараған түн осы күнге сәйкес келеді.

Наурыз сөзі иран тілінің ноу – «жаңа», руз – «күн» деген сөздерінен қалыптасып, жылдың бірінші күнін білдірген. Ал қазақ тілінде «наурыз» сөзі-біріншіден, жыл басында тойланатын думанды халықтық мейрам, екіншіден, март айы, үшіншіден, ұлыс күні жасалатын көжеге қатысты айтылады.

Наурыз мерекесін тойлау дәстүрлі дүние жүзі халықтарының көпшілігінің тұрмыс-салтында бағзы замандардан бері орын алған. Бұл мейрамды ежелгі гректер «Патрих», бирмалықтар «Су мейрамы», тәжіктер «Гүл гардон», «Бәйшешек», «Гүл наурыз», хорезмдіктер «Наусарджи», татарлар «Нардуган», буряттар «Сагаан сара», соғдалықтар «Наусары», армяндар «Навасарди, чубаштар «Норис ояхе»деп түрліше атаған.

Шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлайтындығы жайындағы көне деректер бізге Әбу Райхан Бируни, Ибн Балхи, Омар Хайям еңбектері арқылы жетіп жатыр.

Ежелгі түркілер болса, ұлыс күндері жаңа киімдерін киіп, сақал-мұрттарын түзеп, шаштарын алады, алты күн садақ тартып машықтанған соң, жетінші күні алтын теңге-жамбы атып жарысады. Егер кімде-кім бірінші болып, жамбыны атып түсірсе, сол адам бір күн елге патша болып, билеуге ерік беріледі. Наурыз жырында;

Құл құтылар құрықтан

Күн құтылар сырықтан,-деп жырлағандай, осы күні ертедегі гректердің патшасы да алтын тағынан түсіп, қол астындағы өзіне ұнаған құлына бір күн ел басқартқызған. Наурыз күні ертедегі Иран патшасы қол астындағы адамдардың біріне патша шапанын сыйға тартады екен деген де деректер бар.Тіліміздегі күні бүгінге дейін айтылатын «құлға да бір күн азаттық»,

«күлдан да бір тілек бар» деген мәтелдер осы бір көне рәсімге қатысты болса керек.

Христиан дінін қабылдағанға дейінгі ежелгі Русьте Жаңа жылды 1 март күні қарсы алу дәстүрі болған болса, ал ағылшындар да XVIII ғасырдың бас кезіне дейін Жаңа жылды 26 мартта тойлап келді.

Совет өкіметінің алғашқы жылдарында, 1920 жылы жас Кеңес өкіметі Наурызды халыққа қайта тарту етті. Мәселен, 1925 жылы 22 март күні «Еңбекші қазақ» газеті бұқара халықты наурыз мейрамымен құттықтап, өзінің бірінші бетіне ірі әріптермен;

«Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп.
Шаруаның кенелгені
Мейрамы ежелден

Құтты болсын бұл Наурыз» – деп жазды. Осылайша Қазақстанда тойланып келген Ұлыс күні асыра сілтеушіліктің салдарынан 1926 жылы күрт тоқтатылды. Одан кейінгі жылдары Наурыз мерекесінің бағы ашылды деп айта қою қиын. Ол бірде «діни мейрам», бірде «ескіліктің сарқыншағы» деген жалған жаламен қуғынға ұшырады. Халық жадында еміс-еміс, үзік-үзік болып сақталған Наурыз Қазақстанның кейбір өңірлерінде мүлдем ұмытылып та кетті. Бір халыққа тиесілі ұлттық мереке ғана емес, жалпыхалықтық интернационалдық мейрам-Наурыздың қайта тіріліп, жаңғырып, халқымен қауышуына кешегі қайта құру уақыты, демократия мен жариялылық салтанаты ғана мүмкіндік берді. 1988 жылғы көктемде Алматы қаласы мен астаналық облыстың кейбір аудандарында 62 жылдан соң тұңғыш рет Наурыз тойы тойланды. 1990 жылдан бастап ежелгі Күн мейрамы-Жыл басы тойын жалпыхалықтық болып қарсы ала бастадық [3, 36 б]. Наурыз мейрамы Елбасымыздың 1991 жылғы Жарлығымен елімізде ресми мереке ретінде тойланып келе жатыр. Наурыз мерекесі 2009 жылы ЮНЕСКО-ның адамзаттың мәдени құндылықтары тізіміне енгізіліп, БҰҰ Бас Ассамблеясы шешімімен 21 наурыз Халықаралық Наурыз күні деп жарияланды. Мұның өзі Наурыз мейрамының мағынасы мен мазмұнының жыл өткен сайын артып келе жатқандығын көрсетеді [4, 2 б]. Ал еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Наурыз мейрамына мемлекеттік мән берілгені белгілі. Бұл күнді елімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстар татулық пен ынтымақтастық мерекесі ретінде тойлап келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Жүнісұлы. Наурыз. Ана тілі № 8-9, 1995ж. 15 б.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. Алматы: 2005 ж. 7 том, 24 б.
3. А.Балажанов. Биылғы мейрам өзгеше. Оңтүстік Қазақстан, №23 (16 662) 1997 ж. 36 б.
4. Дәстүр. №2, 2014ж. 2 б.

М.А. Дулат

«Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-мұражайы» РМҚК
Этнография ғылыми-зерттеу
бөлімінің таныстырушысы

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ӨЗ НАУРЫЗ

Наурыз мейрамы қазақ елі үшін қасиетті. Наурыз күнін береке мен мерекенің, қуаныш пен шаттықтың күні және қара жердің иіген қасиетті күн деп есептеген. Наурыз мерекесін шығыс халықтары бағзы замандардан бері тойлап келеді.

Ежелгі түркілер ұлыс күніне жаңа киімдерін киіп, сақал-мұрттарын түзеп, шаштарын алдырып зор мереке сияқты дайындалып, қала сыртына шығып алты күн садақ тартып машақтанып, жетінші күні алтын теңге жамбы атып жарысқан [1, 3 б.].

Әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі бар. Осы ерекшеліктерді Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамында көре аламыз. Олар - ән, би өнері, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз, ұлттық тағамдарымыз т.б. Бұлар қазақ хақының қасиеттерін көрсетеді. Мысалы, ұлттық ою-өрнектермен сәнделген қазақтың дәстүрлі киім кешегін, киіз үйін, ұлттық музыкалық аспаптарды Наурыз мейрамында көре аламыз. Сондай-ақ мереке күні Қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарымен айтылатын халық әндері де орындалады. Келер ұрпақ халқымыздың өткен жолын, мәдениетін, дәстүрлі өнерін көріп тәлім-тәрбие алады.

Халқымыздың амандасу салты, қонақты қарсы алу мен күту рәсімдері, тұсау кесу, бесікке салу дәстүрлері осы мейрамда көрсетіледі.

Наурыз мейрамы үстінде аузы дуалы шежіре қариялар мен ел басқарған көсемдер ұрпақтары ұмытпай айта жүретіндей аталы, ұлағатты сөз қалдыруға тырысады екен [2, 6 б.]. Үлкендер ризашылықтарын білдіріп, баталарын беріп, ал келген қонақтар жүректен шыққан құттықтау сөздерін арнап, басқалары өз өнерлерін ортаға салған.

Мысалы, Ұлыстың ұлы күнінде берілген тілек-батада жылдан-жылға аман-есен жетуі, ұрпағының өсіп-өнуі туралы айтылады.

Балаңның көңілі жай болсын,

Мың жылқылы бай болсын.

Айдағаның қой болсын,

Шайнағаның май болсын.

Тәңірі берген несібең,

Тепкілесе кетпесін

Бұл күні адамдар бір-бірімен табысқан. «Ұлыс күні алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», «Жақсылыққа жақсылық жай адамның ісі, жамандыққа жақсылық ер жігіттің ісі», «Тас атқанға ас ат» секілді нақылдарды өзек етіп, ту көтерген ел басшылары, ақсақалдар ат құйрығын

кесісіп, араға жік түскен бауырлас ел, руларды, туысқан, ағайын дос жарандарды бір дастарханнан дәм таттырып, табыстырған, осылайша ел бірлігін күшейткен [3, 7 б.]. Наурыз мейрамының үлкенді, кішіні сыйлауды, құрметтеуді үйретудегі тәрбиелік мәні зор болып табылады.

Қазақ халқының мереке-тойларының барлығы ұлттық ойындарсыз өтпеген. Әсіресе Наурыз мейрамында ойындардың көптеген түрлері өткізіліп отырған. Ересектер мен балаларға арналған ойын түрлері мерекелерде өткізіліп отырса, олардың мән-мағыналары ұмыт болмас еді.

Халқымыздың ертеңі мен болашағы үшін Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамбетұлы, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев т.б. баспасөздің аса қажет екеніне халық назарын аударды. Қазақтың ертеңі мен болашағы халықтың асыл азаматтарын үнемі ойландырып келген. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық ойындардың маңызы зор. Наурыз мейрамында әр түрлі ойындар ойналып, күй шертіліп, билейді, өлең айтысатын болған. Қазақ ойын - сауықтарының бір сыпырасы балалар мен жасөспірімдердің ойындары. Бұлар «Әйгөлек», «Белбеу тастау», «Саққұлақ», «Шешеке», «Бұрақотан», «Ақсүйек», «Соқыр теке», «Тымпи», «Ауыл үй», «Алты бақан», «Әлпеншек» т.б. [4,398 б]

Ұлттық ойындар адамның ақыл-ойын, дене-бітімін дамытуға, іскерлігін, шеберлігін, шапшаңдығын қалыптастырған. Қазақтың ұлттық ойындары жас жеткіншіктерді икемділікке, ширақ шешім қабылдауға, шымыр болуға тәрбиелейтіні ақиқат. [5, 38 б.]

Балалар ойынына келер болсақ. Қазақ халқы шыр етіп дүниеге келген баласының өсуіне, салт-дәстүрлі тәрбиелеріне, денсаулығына үлкен мән берген. Бала өмірдің жалғасы. Халқымыз «Бала – бауыр етіңнен жаралған», «Дүние қызық, бала бал», «Балалы үй - базар» деген. Бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Бала тәрбиесі, ұлтжанды азамат тәрбиелеу, барлық уақыттарда ізденіске толы болған. Балаларға арналған тәрбиелік маңызы зор түрлі ойындар үйреткен. Соның бірі асық ойынына келетін болсақ. Бұл балалардың сүйсініп ойнайтын ойыны болған. Оның түрі көп болған, ұсақ малдың асығымен шиіріп ойнау, хан талапай, асықты тігіп ойнау т.б. түрлері бар.

Қазақ халқының қай дәстүрінің де тәрбиелік мәні зор. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлттық дәстүр, мереке-мейрамдарымызды, мәдени мұраларымызды насихаттау арқылы, ақпарат көздері арқылы жастарымыздың санасына сіңіре білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Рүстемов М. Дәстүріңді сақтай біл. –Шымкент. 1993. 3-7 бб.
2. Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. –Алматы: Жалын. 1994. -398 б.
3. Г.Мәуліт. Дәстүр. Ұлттық этнографиялық журнал. № 3(40) 2015 ж.

Г.Т. Моминова
КАЗГЮУ Университеті
тарих ғылымдарының магистрі

МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ-ӘЗ НАУРЫЗ

*«Наурыз-достық пен бірліктің
және туған Отанға деген
сүйіспеншіліктің ұлы мейрамы»*
Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан сияқты жер көлемі жағынан әлемде тоғызыншы орында тұрған, табиғи байлығы мол, өзіндік даму жолын таба білген елдің ең жаңа тарихы, әсіресе оның бастапқы кезеңі, атап айтқанда жаңа мемлекет ретінде дүниеге келіп, қалыптасу және даму тарихы кімді де болса қызықтырары даусыз. Ең алдымен ол ұлт тағдыры үшін шешуші рөл атқарған аса маңызды тарихи құбылыс ретінде, осы елдің қазіргі және келешекте дүниеге келер жас ұрпағы үшін қымбат. Уақыт озған сайын қайта құрылған мемлекетіміздің алғашқы қалыптасу кезеңіне, яғни ірге тасының қайта қалану кезеңіне деген қызығушылықтың арта түсуі бұл егемендікке қол жеткізген мемлекеттің жетістігі деп білгеніміз жөн. Бүгінгі таңда елбасымыздың көреген саясатының арқасында еліміз көптеген салт-дәстүріміз бен ұлттық құндылықтарымызды сақтай білді.

Жер бетіндегі барша адамзат баласы өздерінің жеке төл мерекесі мен мақтанады. Мереке деген сөздің астарының өзінде терең мағына жатыр, яғни ата-бабасынан қалған жақсы әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерін жаңғыртып, болашақ ұрпаққа үйрету мақсатында, белгіленген күнді мереке күні деп атап өткен. Қазақтың ұлы даласында сан ғасырлар бойы тойланып келе жатқан, ұлы мерекенің бірі – Наурыз.

Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе былай деп жазады: «Мұсылман жұртшылығына ортақ, жылына екі рет келетін ораза, құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол Наурыз» [1].

Наурыз сөзінің өзі парсы тілінен аударылғанда «нау» - жаңа, «руз» - күн деген мағына береді. Қазақша «жаңа күн», «жаңа жыл», «көктем мерекесі», «ұлыс күн» [2] деген мағына береді. Жалпы алғанда түркі тілдес халықтардың бәрі тойлайтатын бұл ұлық мереке де халықтың алдан күтері көп болады. Көктем мезгілі жаңару мен жаңғыру маусымы екені бәрімізге тайға таңба басқандай анық. Сол жаңару мерекесін ерекше тойлайтын қазақ елі, жыл сайын өзінің барлық салт-дәстүріндегі ойындар, ырым-тиымдар, қыз ұзату, сырға салу, бесікке салу, көкпар тарту секілді ырымдарды өткізеді.

Наурыз мейрамында дәстүрлі атрибуттарымен (көрісу, ұйқыашар, самалық айту, дір еткізер, сілт еткізер, т.б.) қатар әр аймақта өзіндік сахыналық рәсімдер өткізілген. Барлық аймақтарда киіз үй тігіліп, алтыбақан

құрылып, наурыз көже жасалып, дастарханнан дәм татып, ауыз тиеді. Сондай-ақ наурыз мерекесінің ерекшелігі сол, күн мен түннің теңелетін кезіде осы мереке қарсаңында болады. Сол себепті де жаңа күн, Ұлыстың Ұлы күні деп қазақ атамыз босқа айтпаса керек. Наурыз мерекесі қарсыңында барша табиғат атаулының гүлденіп, жасылданып, ағаштар бүршіктеніп гүл ашып, жанауарлардың төлдеп, көбейіп, сай-салада жылғалардан су ағып, бұлақ көздері ашылып жататын ерекше кезең.

Қазақ халқы наурыз мейрамынан бір күн бұрын үйлерінің бәрін тазалап, мереке күні сәнді киім киген. Сондай-ақ мерекенің бір ерекшелігі – сол күні бір – бірімен жолыққан адамдар төс қағысып, жылы жүзбен сәлем беріп, ренжіткендер болса бір-бірімен кешірім сұрап татуласатын болған.

Жоғарыда келтіргеніміздей Наурыз мейрамында ұлттық ойындардың алар орны ерекше. Өте ертеден келе жатқан ойынның бірі – көкпар тарту. Қара ешкіні сойып, додаға салған. Ойынның өзіне тән ережелері бар және оны басқарып жүретін төреші болды. Келесі бір ерекше ойынның бірі - аударыспақ. Топ-топ болып жиналған жігіттер аламаннан суырылып шығып, бір-бірін аттан аударып тастауға тырысқан. Кімде-кім қарсыласын ерден жұлып алса, халқы қошеметтеп, жеңілгенін қыран – топан күлкімен шығарып салған. Күрес – ер жігіттер арасындағы күрес. Кейбір жағдайларда қыздарды ортаға шақырып, екі жігіт күрескен, жеңгені ортаға шыққан қызға үйленетін болған. Қыз қуу – әдемі сәнделген сәйгүлікке мініп, жігіт қызды қуады [3]. Бұл табиғатынан ұяң болып өскен қазақ қызының өзіне ұнаған жігітке деген көңіл білдіруіне арналған ойын. Сол секілді айта берсек, қазақ елінің көптеген салт-дәстүрі бүгінгі таңда қайтадан жаңарып, жаңғыртылып келеді. Қазірде елімізде «Ұлттық ойындар федерациясы» жұмыс жасайды. Олардың мақсаты – салт-дәстүріміз бен ұмыт болып бара жатқан ойын түрлерін дамыту.

Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаев бірнеше мәрте қолдау білдіріп, түптің түбінде Наурыз ресми жыл бастауы деп жариялау қажеттігін айтқан болатын. Елбасы: «Тарихы тереңде жатқан Наурыз мерекесі қазақ жерінде әр қашан тойланған, алайда бір замандарда халқымыз оны жоғалтып алды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін төл мерекемізді біз қайтадан жаңғырттық. Бұл мереке әр уақытта халқымызда іргесі сөгілмеген бірліктің, еңселі ерліктің, ырыс пен бақ-берекенің мерекесі болып саналатын..... Түбінде біздің нағыз жаңа жылымыз осы Наурыз мейрамы болуы қажет.....» [4] деген болатын.

Әрине, мерекені атап өтудің өзіндік ерекшеліктері бар. Еліміздің әр бір облысы өз деңгейінде, үш күнге созып, кейбір аймақтарды он күнге созып тойлатып жатады. Алайда басқа мерекеге қарағанды қарттарымыз бен жастарымыздың сайран салып, әңгіме дүкен құрып, жақсы сөздерімен жастарға өсиет айтатын мерекесін барлығы дерлік қуанышпен қарсы алады деп айтуға негіз бар.

«Наурыз – қазақша жыл басы. «Наурыз қазақтардың ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа күншығыс жұрттарының көбі мейрам етеді.

Мағжан Жұмабаев: «Қазақ Жаңа жылы – жазғытұрғы күн мен түннің теңелген күні (22 март) болады. Жаңа жылдың ертеңіне жарық, жылы күн қараңғы суық түннен ұзара бастайды. Бұл реттен қазақ жаңа жылы ғылым қойнына да басып кіріп қалады. Қазақ Жаңа жылын «Наурыз» дейді.

Тәуелсіздігімізбен бірге қайта оралған тамаша мереке. Бүгінгі күнді біздің бабаларымыз Ұлыстың Ұлы күні, деп санап, алысты жақындатып, жақынменен қауышып, бір-бірінен кешірім сұрап, болашаққа қарай ұмтылатын кез.

Қорыта келе, еліміздің тойлар мерекесі таусылмасын. Наурыз мерекесіндегі аталып өтетін салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрыптарымыз жастар жадында мәңгі сақталуы үшін игі шараларды қашан да қолданыста ұстағанымыз жөн болар. Әр бір егемен елдің өзіндік мерекесі бар. Сол секілді бізде де ұлттық мереке болып Наурыз мерекесінің қалғандығын қалаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том: біртұтастығы мен ерекшелігі/құраст. С. Әжіғали – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.-328 б.
2. Бопайұлы Б. «Қазақ наурызнама». Алматы. ЖШС «Литера-М», 2015 -92 б.
3. Өмірзақов Т.М. Ұлыс күн кітабы. –Астана, 2001. -136 бет.
4. Н.Ә. Назарбаев. Ұлыстың ұлы күнінде. //Егемен Қазақстан. 2013. -23 наурыз.
5. С. Салқынұлы. Тұңғыш Президент және Қазақстан Республикасының тарихы. Алматы «Қазақ энциклопедиясы», 2007 ж. – 240 б.
6. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы. 2006. - 284 б.

Н.С. Өмірбекова

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық-мұражайының жетекші ғылыми қызметкері

НАУРЫЗ – ХАЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрыпында ерекше орын алатын, ертеден мерекеленіп келе жатқан мейрамның бірі – Наурыз күні. Наурыз – парсы сөзі, қазақша айтқанда «Жаңа күн» деген ұғымды білдіреді. Бұл мереке жыл сайын наурыз айының 22-ісінде мерекеленетін болған. Сондықтан Наурыз күнін ертедегі адамдар жаңа жылдың басы – «Ұлыстың ұлы күні» деп есептеп, зор қуанышпен қарсы алған. Жұрт жақсы киініп, ауыл аралап, бірін-бірі жаңа жыл – наурызбен құттықтап, сағынышты

көрісулер, ыстық құшақ қауышулар үстінде бір-біріне игі тілек тілесіп, адал ниетпен, ақ бата беріскен.

Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі санаған. Ол күні қар не жаңбыр жауса, «нұр жауды», «туар жыл жақсы жыл болады» деп қуанған. Наурыз айында жауған қар басқа қарларға қарағанда ерекше аппақ, үлпілдек болады да, «ақша қар» аталған.

Шығыс халқының аңыз-апсаналары мен ертегі жырларында да, Шығыс классиктерінің шығармалары мен халқымыздың кемеңгерлерінің еңбектеріне Наурыз тойы жөнінде біршама деректер бар. Халқымыздың сана зердесіне сіңген «Ұлыстың ұлы күні» деген дүниетанымдық түсінік елімізге мұсылманшылық уағыз тарамай тұрғаннан-ақ болғанын ұлы Абай өзінің қара сөзінде жазған. Наурыз туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы: «бүгін ескіше 1-наурыз, қазақша жаң жыл, ұлыстың ұлы күні дейді. Ал, жаңа жылдың бұрынғы аты Наурыз – бұл парсы тілі. «Жаңа күн» деген сөз. Қожамолдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, Құрбан, Ораза айттарын – ұлыс күні дегізіп жіберген. Жаңа жыл басының ұлыс екенін мынандай дәлел бар – «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар, ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» деген тіпті ескі мақал. Және Ұлыстың ұлы күнін қалай қарсы алатындары туралы айтылған мынау жыр қазақтың арғыдан келе жатқан мұрасы:

Ұлыстың ұлы күнінде, бай шығады балбырап,
Қасында жас жеткіншек тұлымшағы салбырап,
Бәйбіше шығар балпиып, сәукелесі саудырап,
Қыз шығады қылмиып, екі көзі жаудырап,
Бозбала шығар бұрқырап, ақ бөкендей сырқырап,
Құл құтылар құрықтан, күн құтылар сырықтан,
Кетік ыдыс шөміштің түтіні шығар бұрқырап.

Ұлыс күні құлды, күнді азат етіп, ескі ыдыстарды отқа жағатын салт болған.

Сол Ұлыс күні көрісіп, амандасу туралы бұрын былай десетін болған:

«Амансыз ба? Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын! Қайда барса жол болсын!». Кейбіреулер: «Ұлыс бақты болсын! Төрт түлік ақты болсын! Ұлыс береке берсін! Пәле-жала жерге кірсін! – деседі.

Және бір жыр:

Ұлыс күні кәрі –жас, құшақтасып көріскен,
Шалдар бата беріскен, сақтай көр, терістен.
Кел, таза бақ, кел! – десіп, Ием тілек бер! – десіп,
Көші Қайрақан, көші-десіп.

Және ескінің бір өлеңдерінде Ұлыс күнін қосады:

Есік алды қара су бойлағаным.

Жалғанның қызығына тоймағаным.

Көмілсем де кетер ме көкейімнен

Қалқамен Ұлыс күні ойлағаным», - деген. (Ахат Шәкәрімұлының «Менің әкем, халық ұлы- Шәкәрім» естелігінде)

«Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлт мейрамы. Наурызды қазақтан басқа Күншығыс жұрттарының көбі, мәселен, Үндістан, Иран, Ауған, Бұхар, Кавказ, Түркістандықтар да мейрам етеді. Бірақ бұлардың бәрін салыстырғанда Наурызды біздің қазақтың мейрам етуі айрықша сыйымды, артықша дәлелдеді. Неге десеңіз, марттың ескіше 9-ында, жаңаша 22-інде күн мен түн теңеледі, қыс өтіп, жаз жетіп, шаруа кенеледі. Қыс бойы ақ кебінін жамылып өлім төсегінде жатқан табиғаттың жанды, жансыздың, тірілуі кімнің болса да көңіліне шаттық беретін анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтың артық тілектес, қазақтың артық қуанатын ел жоқ деуге сыяды» деген ақын, қоғам қайраткері Міржақып Дулатов.

Ғылыми болжамдар бойынша бес мың жылдан артық тарихы бар Наурыздың астарлы сыры, құпия құдіреті мол.

1925 жылдан кейін Наурыз мейрамы тойланбай қалған еді. Қарап отырсаңыз, сол кездегі Голощекиннің келуімен сәйкес келеді екен. 1925-1933 жылдар арасында жүргізілген саясат біздің ұлттық негізімізді жойып үлгерді. Әсіресе, елдің байлығына айналып отырған малды тәркілеу, соның кесірінен болған ашаршылық халқымыз үшін, тіпті қиынға түсті. Өзінің салт-дәстүрінен айрылып қалған жұрт халықтық негізін жойып, жай ғана тобырға айналып қалғандай болды. Сат-дәстүрді бұзудың үлкен қасірет екенін осыдан-ақ байқауға болады. Қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларға байланысты заңдар өзгеруі мүмкін, ал дәстүрдің өзгеруі өте қиынға түседі.

Халқын ортақ ұлттық ынтымаққа ұйытып отырған, ұрпағын ата-бабаларының дүниетанымдық үлгісінен жерітіп елді ішінен ірітуді баяулап бастап, аршындап жүзеге асырған самодержавиялық Ресей саясаткерлерінің шовенистік әрекетін халықтың рухани құндылықтарына қырғидай тиген коммунистік идеология өзінің ұлт саясаты деген «қызыл тумен» бүркемелеп бақты. Соның кеселінен кеңес Одағы деген алып державаға күшпен енгізілген талай халық өзінің тілінен, дінінен, ұлттық ерекшелігінен айрылып қалды. Бар тақыметті басынан кешіре отырып ертеңінен үміт үзбеген халқымыз ақыры азаттыққа қолы жетті. Бұл ата-бабамыздың аңсай күткен ғасырлар бойғы арманы, бүгінгі ұрпақтың көзі көріп, қолы жетіп отырған өмір шындығы. 1986 жылғы желтоқсанның жүректі қарып өткен қаһарлы ызғарынан селк етіп оянып, бойын жиып, бодандықтан-бостандыққа, егемендіктен азаттыққа қол жеткізбей тынбасқа серт еткен халқымыздың ат жалын тартып мініп, тәуелсіздік тұғырына шықты.

Содан бері 1991 жылдың желтоқсанының айының 16-шы жұлдызы халқымыз үшін орны бөлек. Өйткені бұл күні ғасырлар бойғы арманымыз жүзеге асып, дербес Қазақ елі тәуелсіз Қазақстан Республикасы дүниеге келді. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи құжатқа қол қоюын иісі Алаштың бір-біріне құтты болсын айтысқан ақ тілектері жалғастырып жатты.

Елбасымыз бен халқымыздың ерен еңбегінің арқасында мемлекетіміздің берік негізі қаланды. Тәуелсіздік бізге жоғалтқанымызды

табуға, тарихта кеткен есемізді қайтаруға, бар-жоғымызды түгендеуге мол мүмкіндік туғызды. Еліміз еңсе тіктеді. Алтын қазығымыз – тіліміз бен дініміз қайта оралды. Тарихымыз, салт-санамыз, ұлттық дәстүрлеріміз жаңғырды.

Ұлттық жаңғыртуды жүзеге асырып, жаңа құндылықтар қалыптастырдық. Ғасырлар қойнауынан асылдарымызды аршып алдық. Тағдырдың бұл тауқыметінен қазақ халқының жоғатқаны аз емес. Сол асылының бірі осы Наурыз мерекесін қайта тойлап болашақ ұрпаққа насихаттай бастадық. Бұл – күн мен түннің теңдік теңдік табатын, ешкімнің ықылас, еркімен емес, жыл уақытында айналып келіп отыратын сәтіне орай өткізілетін мереке. Қыстың қытымыр ызғары қайтып, қардың көбесі сөгіліп, сай-салалардан су жүріп, тоң жібіп, жер бусанып, наурызгүл, сарғалдақ шешек атып, ағаш бүрленіп, көк тебіндеп, көген басы төл туа бастаған табиғаттың жомарт құбылысына сүйсіне, құрметтеуге тырысқан. Табиғат тағылымына орай адам да өз өмірін жаңартуды, тазартуды, түлетуді мақсат еткен. Өткен күндерден ағаттығы болса еске алып өкініп, одан енді бой тартып, әлде қандай күнәсін, ағайын-туыспен кешірісіп арылуды, өтелмеген борышын қайтара алмаған қарызынан құтылуды міндет тұтқан. Мереке қарсаңында өзінің үй-жайының ішкі-сыртқы бейне-болмысын ғана емес, өзінің рухани жан-дүниесін тазартуға тырысатын болған.

Наурызда әр адам бір-біріне болған ескі өкпе-араздықтарын міндетті түрде кешірісіп, төс соғыстырып көрісіп, қайта татуласатын болған. Сондықтан бұл мереке ынтымақ-бірліктің де мерекесі болып есептеледі. Бір-бірін кешіріспегендерді көрсе: «Бұл күні Самарқанның көк тасы да жібіді, сен тастан қаттысың ба?, - деп татуластырады екен.

Бар табиғат еміреніп, жан-жануар түлеп, жапан дала жаңғыра бастағанда олармен бірге жасарып, бірге қуанған адамзат баласы да ұлыстың ұлы күнін ақ жарқын мерекеге айналдырған, оны барша ағайын-туыс, алыс-жақын, дос-жаран – айналаның бәрі құшақ жая қарсы алып, төс түйістіріп мәз-мәйрам болысқан.

Наурыз – діни мереке емес, халық мейрамы. Бұл күні «аурулар сауығамыз деп, аштар тойынамыз деп, жалаңаштар киінеміз деп күн көреміз» дегендей жұрттың бәрінде келешектен үлкен үміт, жылы шырай сезіліп, «бәріміз де табиғаттың перзентіміз, оның бергеніне риза болайық дегендей ой-пікір өзекті орын алған.

Қазақ халқы бұл мерекені атап өту соңғы елу жыл ішінде аяқсыз қалып келген еді. 1988 жылдан бастап наурыз мерекесі аталып келеді. Ежелден келе жатқан, тамырын ғасырлардан алатын, солай бола тұра бүгінгі күнмен жарасымды үйлесімін тапқан айрықша мейрам. Уақыт жағына келгенде, күн мен түннің теңелетін кезеңі. Жыл бойы адамдар қарбаласта жүріп, бір-бірімен кездесе алмай, тіпті, бір-бірімен келісе алмай жүрген кезде бір-бірін кешіретін, ізгі тілегін білдіретін мейрам.

Наурыз – халықтың көңілін көтеріп, қуанышқа бөлейтін, ізгі тілектер айтылып, елді жақсылыққа үндейтін мереке.

Тендік пен бүтіндіктің мейрамына мемлекеттің дәрежесінде мән беру өзімізді даралау емес, барымызды бағалау, асылымызды саралау, ескірмейтін ескі салтты жаңалау. Ұлыстың Ұлық тойы жаратылыспен жарасу, Ұлылықпен үндесу, жақсымен сырласу, алыспен сыйласу, ғаламмен үйлесу. Ежелден табиғатпен етене араласқан, айдың амалын, күннің қабағын баққан ұлы даланың ұлық мерекесі, қазақтың төл тойы, Ұлыстың ұлы күні баршамызға бақ береке әкелсін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кұнанбаев А. шығармасы. – Алматы: «Ғылым», 1977.
2. Құдайбердіұлы А. «Менің әкем, халық ұлы Шәкәрім». «Жұлдыз» 1992ж. №11.
3. Дулатов М. Бес томдық шығармалары. –Алматы «Мектеп», 2003.
4. Жанболатұлы М. Таным. Талғам. Тағылым. - Алматы, «Шартарап» 1997.

Ғ. Ақпанбекова
ҚР Ұлттық музейі
Қазақстан тарихы бөлімі
Ғылыми қызметкер
Тарих магистрі

НАУРЫЗ БАТАСЫ

Сөз құдіретін терең түсіне білген ата-бабамыздан қалған қастерлі дәстүрдің бірі бата беру.Әрбір атқан таңына шүкір айтып жаратқаннан тек жақсылық тілеген халқымыз батаның әр сөзіне мән беріп шын ниетпен айтылған тілектерінің орындаларына кәміл сенген. Бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келе жатқан осы бата беру дәстүрінің пайда болу тарихын жіктеп дәлелдеп беру әрине мүмкін емес.

Бата - ақ тілек, ізгі ниет, береке-молшылық, аман-саулық тілеп жалбарыну түрінде айтылады. Қазақы ортада ерекше қасиетті саналады. Бата маңызды бір іске кіріскенде, басталған іс нәтижелі аяқталғанда, өзіндік рәсімімен орындалатын тілек айтудың ерекше формасы. Бата бергенде дәм-тұздың болуы шарт. Ерте заманда батаны көптің алдында да, жеке адам алдында да жасайтын болған. Топ алдында батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақал жиналған көпшіліктің атынан үй иесіне немесе той, ас иесіне берген және батаны сондағы қауымға да арнаған. Ал жеке айтылған батаны нақты бір адамға беріліп, оған игі тілектер тіленіп жақсы сөздер айтылған. Дәстүрлі ортаның эпостық жырларында әкенің баласына бата беру сюжеттері айқын көрініс табады /1/. Ата-ананың ақ батасын алған баланың жолы ашық болады, ақ батамен бастаған әрбір істе береке-бірлік бар деген сенімді қазақ халқы ғасырлар бойы жоғалтқан жоқ. Жақсы сөзді

жарым ырыс деп қабылдаған ата-бабамыздың бата беру сәті көптеген тарихи деректерден де көрініс тапқан. Бата беру құрметті іс деп саналады, және өз жоралғысы бар. Сондықтан бата айтыларда бата тілеуші адам немесе жамағат қос қолдап алақан жайып, «Әмин» деп ишарат білдіреді. Сол кезде бата беруші әуезді де мәнерлі үнімен тақпақтатып бата береді. Бата аяқталғанда жиналған қауым бір ауыздан қуаттап «Әумин, айтқаныңыз келсін!» - деп бет сипап ырым қылады. Сыр, Шу бойы Маңғыстау қазақтарының тілінде бата бәте, пәте түрінде дыбысталып айтылады. Бұлай айтылу себебі құранның бірінші сүресі «Фатихадан» ауыстырылғандығынан болса керек. Мұны бата мәтіндерінен де аңғаруға болады.

Менің берген фатихам
Жаман қатынды алмаңыз деп
Өтінемін, асылан ...
...Алла жар болсын,
Фатихам қабыл болсын.
Кеткенің келіп,
Кемтігің толсын /2/.

Қазақ халқында батаның түрлері өте көп мысалы: балаға берілетін бата, тұсау кесер батасы, жас талапкерге бата, ас батасы, ас қайыру батасы, жол батасы, көші-қон батасы, жол батасы, жаңа айдың батасы, соғым батасы, жас отау иелеріне арналған бата, рамазан батасы, биебау бата, наурыз батасы және тағы басқа түрлерімен жалғаса береді. Жаратақаннан мал-жанының амандығын сұраған ата-бабамыз Зеңгі баба, Қамбар ата, Шопан ата аттарын атап олардан бақ-дәулет, молшылықпен ырыс дарытуын сұрап ниет еткен. Сөздің құдіретіне немесе магиясына сену қанымызға сіңген әдетке айналған десек артық айтқандық емес, қазірде күнделікті өмірде жаратушы иеден шарапат күтіп, әулие-әмбиелерден тілегінің орындалуына жәрдем сұрап кесір-кесапаттан сақтап қорғаныш болуын тілеу біздің санамызда қалыптасқан жақсы үрдістердің бірі.

Түркі халықтарының ежелгі замандардан қазіргі күндерге дейінгі сөз өнері мұраларының құрамында наурыз батасы да – ұрпақтан ұрпаққа жалғасып ұмытылмай келеді. Көрнекті жазушы, Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихы» (1927) кітәбінде наурыз жырларына негіз болған шығыс халықтарының, «солардың ішінде, әсіресе, көшпелі түріктер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған» наурыздың бақташылық кәсібіндегі халыққа мол қуаныш, жаңалық, кеңшілік әкелген мейрам екендігін атап көрсетеді: «...Наурыздың кірген күні – жаңалық күні. Ескі ауыртпалықтың барлығы қыспен бірге кетіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылған күн. ...сондықтан қазақ елі ұлы істің ұлы күнін көтерілген қуанышпен қарсы алатын». Академик Мұхтар Әуезов наурыз баталарының бірнеше үлгілерін назарға ұсынған. Оларда наурыз батасының маңызы, кеңшілік, жылылық ықпалымен болған халықтың масайраған, қуанған

көңіл-күйлері, бір-біріне жақсылық тілеген ақпейіл адамдардың ризалыққа толы ойлары бата-тілектерінен аңғарылатыны көрсетілген:

Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алсаң сонда олжалы жол болар. Амансыз ба, ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын! Ұлыс бақты болсын төрт түлігі ақты болсын! Ұлыс береке берсін, бәле-жала жерге енсін! /3/

Ұлыстың ұлы күнінен үлкен үміт күткен халқымыз қыстан аман-есен шыққан туған-туысымен, көрші-қолаңымен, жақын-жуығымен көрісіп ақ тілектерін жаудырған. Осындай қуанышты мерекеде аузы дуалы ақсақалдың батасын алу наурыз мейрамында міндетті түрде орындалатын дәстүрдің бірі.

Ұлыс күні кәрі, жас құшақтасып көріскен жаңа ағытқан қозыдай, жамырасып өріскен. Шалдар бата беріскен «сәқтәй көр, – деп – терістен». «кел таза бақ, кел!» десіп, «ием, тілек бер!» – десіп, ...«көш, қайрақан, көш!» десіп, «көз көрместей өш!» десіп...» - деп басталатын белгілі өлең жолдарынан наурыз мейрамында бата беру ертеден қалыптасқан үрдіс екенін көруге болады. 1925 жылы 22 наурыз күні «Еңбекші қазақ» газеті бұқара халықты Ұлыс тойымен құттықтап, өзінің бірінші бетіне ірі әріптермен:

Қыс өтіп, қар кетіп,
Шырайлы жаз жетіп,
Шаруаның кенелген,
Мейрамы ежелден,

Құтты болсын бұл наурыз! – деп жазған екен. Бұл өлең жолдарынан наурыз өте ертеден бастап жалғасын тауып келе жатқан көне мейрамдардың бірі екенін байқауға болады. Көптеген деректерде осынау көне мерекенің 3000 немесе 5000 жыл бойы аталып келе жатқанын және оның бастауы Орталық Азиядан екенін жазады. Наурыз сөзі Парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» деген ұғымды білдіріп, XVIII ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Римде, Ұлыбритания елдерінде де аталып өтілетін болған.

Өткенімен бүгінгі күнге деген алғысын, ертеңгі күнге деген сенімін бата-тілектермен өрнектеген қазақ халқы қара сөздің құдыретін қашанда бағалай білген халық.

Ұлыс күні қар кетті,
Ақ қар, көк мұз жұтатқан,
Шаруа елінен зар кетті,
Ұлыс күні жаз кірді,
Жаз періште әз кірді.
Күнеске тосып арқасын,
Жан біткенге наз кірді...
Ұлыстың ұлы күнінде
Бақытты ас берсін,
Ұзағынан жас берсін
Ұлың ұяға қонсын,

Қызың қияға қонсын,
Малың өріске толсын.
Дәулетіңді асырсын,
Дұшпаның басылсын,
Менің берген бұл батам,
Ұлыс күнге сақталған сүр батам,
Тәңірдің құлағына шалынып,
Қабыл болсын! – деп айтылар Наурыз тойына арналған ақ батаның өлең жолдарынан-ақ қазақ халқының кең пейілі сезіліп тұрғандай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия 1 том. А-Д. DPS, 2011, 429 б.
2. Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия 1 том. А-Д. DPS, 2011, 429б.
3. <http://www.elarna.com/video.php>

А.Ш. Искаков*«Ұлытау» қорық – музейі**«Макен Төрегелдин атындағы**Жезді кентіндегі тау-кен балқыту ісі тарихы музейі»**ғылыми қызметкері***«ТЕРІСАҚҚАН «КӨКТЕМІ» ЭТНОФЕСТИВАЛІ ҰЛЫТАУ
ӨҢІРІНІҢ ТУРИЗІМІН ДАМУДЫҢ ТУРА ЖОЛЫ**

Музей туризмі - туризмнен ерекшелігі, музейге тиселі аумақтардағы мүмкіндіктерін туризм бағытында пайдалану. Музей және туризм бағытындағы жұмыстарды арттыру үшін тарихи-мәдени және табиғи мүмкіндіктерді жүйелі түрде негізге алу керек. Сонымен қатар сол музей территориясында орналасқан мәдени мұраларды туризм бағытында қолдануға болады. Бұл бағыт жаңа табыс көзін ашуға мүмкіндік береді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің жолдауында ел экономикасының басты бағыттарының бірі ретінде туризмді дамыту қажеттігін ерекше атап өтті. Бұл мәселе мемлекет басшысының соңғы жылдардағы басты назар аударған бағыттарының бірі болып отыр. Дүниежүзілік туризмде, белгілік бір аумақта пайдалану үшін басты факторлар ретінде оның табиғи жағдайларымен табиғи ресурстары қарастырылғанын байқауға болады. Өйткені табиғи ресурстар туристердің сұранысын қанағаттандыратын өнім ретінде туристік саланың әрекет етуіне тікелей әсерін тигізеді. Дәл осындай жағдайлар Европа, Азия, Америкада туризм орталықтарымен көптеген курорттың қалыптасуында шешуші фактор ретінде қалыптастырылған. Ал соңғы кезде айрықша табиғи жағдайлармен, ресурстармен ерекшеленетін

жана туристік аймақтарды қалыптастыру үрдісі қызу жүріп жатқанын да байқауға болады.

Елбасының өз жолдауында туризмді дамытуды үлкен мәселе етіп қоюының өзі дәлел. Мемлекет басшысы айтып өткеніндей, біздің елімізде туризмді дамытуға лайықты орындар за емес. Басқаны былай қойғанда қазақ халқы үшін, тұтас Қазақстан үшін орны ерекше саналатын Ұлытаудың өзі туризмді дамытудың нағыз ошағы. Күрделі таулы рельеф, көптеген айрықша табиғи-тарихи нысандар, ескерткіштер, жергілікті ландшафтылардың сантүрлілігі, алуан түрлі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, түрлі туристік бағыттарды, демалып-сауықтыру, танымдық бағдарламаларды, альпинизмді бір сөзбен айтқанда туристік кластерлерді дамытуға мүмкіндік береді.

«Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы республикалық маңыздағы мұражайлардың бірі. Тарихи-археологиялық ескерткіштер мен табиғи ландшафттарды қорғап сақтау мақсатында Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 29 қарашадағы № 466 қаулысымен «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы құрылды.

Қазіргі таңда «Ұлытау» қорық-мұражайына қарасты 25 тарихи-мәдени кешен бар. Олардың жалпы қорғау аймағы 147246 гектарды алып жатыр.

2008 жылы қабылданған «Мәдени мұра» жобасының нәтижесінде Ұлытау ұлттық нысандардың, біздің мемлекетіміздің алтын қазынасының қатарына кірді.

Ұлытау ауданында туристік кластерді дамыту мақсатында, «Ұлытау» ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы республикалық мемлекеттік мекемесі, «Ұлы тағзым» Ұлытау аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімімен бірлесіп ұйымдастыруымен, жыл сайын әр-түрлі іс-шаралар өткізіліп келеді. Атап айтсақ, жарнама-ақпарат басылымдарын шығару, туристік бағыттар құру, кәдесыйлар дайындау, туристік көрмелерге және туристік іс-шараларға қатысу, демалушыларды қабылдауды ұйымдастыру, сонымен қатар, этнофестивальдер өткізу.

Олардың ішінде қазақ тілін үйрену жөніндегі лагерь, облыстық туристік жастар форумы, журналистерге арналған ақпарат-тур және «Терісаққан көктемі» этнофестивалі ерекше көзге түсіп, республикалық БАҚ-да кеңінен таралып келеді. 2012 жылы өткен «Терісаққан көктемі» этнофестиваліне 14 республикалық және облыстық БАҚ өкілдері қатысты. Ал, 2013 жылы осы фестивальге Ұлытау тарихында алғашқы рет АҚШ, Франция, Ресей елдерінен шетелдік туристер қатысты.

«Терісаққан көктемі» этнофестивалі жыл сайын (демеушілер есебінен) Ұлытау ауданы орталығынан солтүстікке қарай 130 ш. жерде орналасқан Терісаққан ауылында 2 мамырда өткізіліп келеді. Бұл фестиваль – Еуразия даласы кеңістігінде ерекше құбылыс болып табылады және сақталып қалыптасқан.

Этнофестивальдің мақсаты мен міндеті: Қарағанды облысы Ұлытау ауданында туризмді дамыту, отандық және шетелдік туроператорлармен және туристік агенттіктермен тығыз қарым-қатынас орнату, туроператорлар, турагенттіктер және БАҚ өкілдерінің Ұлытау ауданына келуін ұйымдастыру, Тарихи-мәдени кешендерге туристік бағыттар дайындау, облысқа қатысты елді-мекендерді фестивальге қатыстыру

Фестивальдің негізгі іс-шаралары: «Бие байлау» көне дәстүрі, «Күбі ыстау», Шебер-сыныптар: «Ши тоқу», «Киіз басу», «Бау тоқу», ұлттық ойындарға қатысу: «Асық ату», «Садақ ату», «Найза лақтыру», ауыл көркемөнерпаздарының концерттік бағдарламасы, құрт түрлерінің көрмесі (көшпелілердің дәстүрлі тағамы – кептірілген ірімшік), ат-әбзелдерінің көрмесі, көшпелілер ыдыстарының көрмесі, асауды үйрету, ат жарыс.

Терісаққан ауылында 600 тұрғын 56 түтін бар. Қалааралық байланыс орнатылған. Ұялы телефон байланысы – билайн. Автобустар қатынамайды. Ауылда және ауыл маңында өндіріс, өнеркәсіп орындары жоқ. Негізгі ауылшаруашылық кәсібі – мал өсіру. 2013 жылы жүк тасымалына арналған (Арқалық - Шұбаркөл) теміржолы жүргізілді.

Мысалы: 2014 жылы 2 мамырда өткізілген фестивалға шетелдік және отандық туристер қатысты. Фестивалға: Оразымбетова Бақыт Камаловна ЮНЕСКО комиссиясының мүшесі. Орталық Азияның жетекші экскурсоводы, Хорош Елена Христафоровна ЮНЕСКО комиссиясының мүшесі, архитектор, Усманова Эмма Радиковна, ЮНЕСКО комиссиясының мүшесі, археолог, Юлия Фролова, Бахрейн араб мемлекеті өкілі, ат маманы.

ЮНЕСКО өкілдерінің қатысу себебі, осы этнофестивалді ЮНЕСКО-ның «Халықтың материалдық емес ескерткіші» номинациясына ұсынуды қарастыру.

«Терісаққан көктемі» этнофестивал өткізу тәртібімен танысуға көршілес ауыл өкілдері (Шеңбер, Сарлық, Қаракенгір) келіп, киіз үйлерін тікті.

Қарағанды мен Қостанай облыстарының шекарасында, қалалық мәдениет пен дәстүрлі көшпелі тірлік тұстасқан дала төсінде Ұлытау тауын өрнектей Терісаққан өзені ағады. Кей адамдар бұл топонимді тура мағынасында түсініп, таң қала «Шынымен теріс ағама ма?» деп сұрайды. Шындығында, көне түркі тілінде «теріс» сөзі солтүстік бағыт, түстік жақ, солтүстікке қарай деген мәнде қолданылған. Ұлытаудан бастау-көзін алатын негізгі тоғыз өзен шартараптың өзге жақтарына бағытталса, тек Терісаққан өзені ғана солтүстікке бет алып ағады.

Осы бір өзгеше өзен бойында соның атын иеленген Терісаққан ауылы орналасқан. Бір қызығы, осы ауылдың тек өзіне тән өзгешеліктері де бар. Мәселен, ауылда жыл сайын 1 не 2 мамыр күндері үлкен мереке тойланады. Бұл әдеттегі Еңбекшілердің бірлік күні, болмаса Халықаралық ынтамастық мейрамы емес. Осы бір көне ғұрыптық той тойлаудың түп-тамыры тым тереңде, бастауын өткен мыңжылдықтардан алса керек. Сірә, ол сонау бағзы қола дәуірінде пайда болған культ, молшылықтың, ұрпақ жалғастығының

символы болуы әбден мүмкін. «Бие байлау» немесе «айғыр салу» деп аталатын бұл көктемгі жоралғы Еуразия даласында Терісаққанда жақсы сақталған.

Бұл науқанға ауыл тұрғындары қыстан бастап дайындалады. Үйірлеп жылқы ұстайтындар алдын ала жараған айғыр іздестіре бастайды. Бар-жоғы 50 үйден тұратын шағын ауылда әрқайсысында 25 бастан кем емес 24 үйір жылқы бар. Әдетте айғыры ақыраған үйге құда түсушілер көбейеді: жиі-жиі қонаққа шақырады, сый-сияпат жасайды, айғырларын айырбастау жайында алдын ала келіседі.

Көктемнің келуін баршасы асыға күтеді. Дала ұзақ қысқы ұйқыдан ояғанда, жер-дүние құлпырып, бәйшешек гүл атқанда, көк жүзінде алуан құстар ән сала бастағанда осы мерекенің қызығы басталады. Бие құлындап, желі тартылып, қыр-ойдың бар нәрін бойына сіңірген қымыз ашытылады.

«Үйірге айғыр салу» дегеніміз не? Жылқы иесі екі жылда бір рет үйір айғырын ауыстырып отыруға мәжбүр, өйткені олар өздерінің енесіне, байталдарына, қандастарына шаппайды. Жылқы жануарының асыл қасиеттерінің бір де осында. Ат тұқымын аздырмас үшін айтулы айғырлар көрші ауылдардан, тіпті іргелес Торғай даласынан іздестіріледі. Бір сөзбен айтқанда, болашақ тұлпарлар қамын күйіттегендер бұл мерекеге мұқият, тиянақты дайындалады.

Айғырларды айқындап алған соң, иелері таңдап алынған «жаңа үйір иесін» екі ай бойы жемдеп, баптап, жабық қорада ұстайды. Уақыты жетіп, айғырды үйірге қосар алдында орындалуы міндетті бірнеше жоралғы жасалады. Жылқылар үйірімен айдалып әкелінеді. Қалың жұртшылық бала-шағасымен, еңкейген кәріден еңбектеген балаға дейін түгел ауыл шетіндегі төбеге жиналады. Жасыл алаңқайға дастархан жайылып, үсті сары май мен балқаймаққа, бауырсақ пен шелпекке, сүт пен айранға толады. Тойшы қауым мен қонақтар дәстүрлі дәмнен ауыз тиіп, ақсақалдар бата береді.

Құлындарды нокталау рәсімі басталып, олар жерге темір қазықтармен бекітілген желіге байланады. Әдетте бір үйірде орташа есеппен 15 бас құлынға дейін болады. Әйел қауымы «Байлар көп болсын, ақ мол болсын!» деп, құлынның құйрығы мен желіні майлайды. Бұл көнеден келе жатқан жоралғы малсақ көшпелі қазақтың бар ырыс-байлығы – малының төлдеуі мен көбейіп өсуін, молшылық пен тоқшылықты тілеуінен қалған наным-сенімінің көрінісі.

Осыдан кейін құлындарды бір-бірлеп емізеді, құлынның құйрығының түбін қасып тұруды да ұмытпайды, бие сауу басталады. Осылайша жаңа туған көктемнің алғашқы қымызы ашытылады.

Бірте-бірте мерекенің шырқау шыңы – айғырды үйірге қосуға да кезек келеді. Көзінен от шашып, шұрқырай кісінеп, жер тарпып, иіскелеп, екпіндей үйірге ұмтылады. Осының бәрін бақылап тұрған жұртшылық өз малы үшін жаны ауыра, көңілі толқи ақырын күтеді. Өйткені терісаққандықтардың бар байлығы, өмірінің мәні – үйір-үйір жылқысы. Қашанда «ер қанаты – ат».

Әрине, жергілікті жылқыларды асыл тұқымды деуге келмейді. Бірақ арасында сұлу мүсіндісі де, ұшқыр жүйрігі де, тайпалған жорғасы да кездеседі. Жергілікті жылқының түстері де сан алуан: жирен бурыл, теңбіл көк, жирен сары. Қара жалды сұр мен сұр жалды жирені көп-ақ. Ал теңбіл қара түсті қарагер ілуде бір ұшырасады. Мереке үстінде көптеген жоралғылар жасалынады. Соның бірі – күбі ыстау. Ол да өсіп-өнуге, молшылыққа табыну магиясына байланысты қалыптасқан. Қымыз ашытатын күбіні қазы майын араластыра отырып майлайды. Ысталған күбінің қымызы ерекше дәмді, тіл үйіреді әрі ашуын бабына келтіреді.

Той салтанаты балалардың дәстүрлі асық ойынымен аяқталады. Асық – тіршілік атаулының жандануын айғақтайтын көктемгі ойын, ол әрі қой малының нышан-белгісі. Асық ойнау мен жеңіске жету – қой отарының өсімін тілеу, молшылыққа кенелу.

Кешқұрым, дәстүрлі концерт, сауық кешінен кейін ауыл тұрғындары «үйірге айғыр қосу» тойының өту барысын, сән-салтанатын, ең арынды айғыр кімдікі екендігін жамыраса талқылап тарасады.

Тереңде жатқан Ұлытау өңірінің тарихымен танысу, сонымен қатар туристік класстерді дамыту жолдарында осындай іс-шаралар жүргізіліп отыр.

Г. Маябасова

*«Отырар мемлекеттік археологиялық
қорық-мұражайы» РМҚК,
этнография ғылыми-зерттеу
бөлімінің ғылыми қызметкері*

ЗЕРГЕРЛІК ӘШЕКЕЙДІҢ ҚАСИЕТІ МЕН КИЕСІ

Қазақ халқының көне заманнан сыр шертетін дәстүрлі қолөнерінде сәні мен салтанатына тәнті етерлік зергерлік өнер маңызды орын алады. Көркемөнер шығармашылығының ішінде зергерлік өнер барлық өнердің ерекшелігін бойына жинаған. Тамаша пішін үлгілерін жасауда мүсіншіге тән көркемдік сезімталдығы, ою-өрнек құруда шығармашылық қиялының ұшқырлығы, бейнені кескіндеуде саусағының дәлдігі, түстік үйлесімдік құруда кескіндемешіге тән көкірек түйсігі болғанда ғана зергер шеберліктің шыңына жете алады. Әртекті өнер саласын өз бойына сіңіре білген өнер иесі қайталанбас төл туындылар жасайды [4, 11 б]. «Әшекейі жоқ әйел жапырағы жоқ ағашпен тең» деген аталы сөз бар. Сондықтан да қазақта қыздар мен әйелдердің әшекейсіз жүруі әдепсіздік болып саналған, өйткені әшекейді тек қаралы күндері тақпаған, яғни қазақ қыздары туғаннан бастап өмірінің соңына дейін өзінің жасына және әлеуметтік деңгейіне сай әшекейлер тағып жүретін болған. Міне осындай әшекейлердің ішіндегі бойтұмарға тоқталып кетер болсақ.

Тұмардың бәле-жаладан, тіл-көзден сақтайтын қасиеті ішіндегісіне ғана емес, пішініне де байланысты. Қазақтың зергерлік өнерінде үшбұрыш әлемнің үш деңгейін (төменгі, орта, жоғарғы) және әйел затының бастауын білдірген. Түтікше пішін ер адамның бастауын, ал үшбұрышпен бірігуі ұрпақ жалғасын, өсіп-өнуді білдіреді. Тұмар мойынға шынжыр арқылы тағылады [4, 108б]. Сондай-ақ, тұмар – түрлі наным-сенімге байланысты қорғаныштық қызмет атқаратын киелі зат. Оны тіл тиюден, көз сұғынан, түрлі қауіп-қатерден, пәле-жаладан, зиянды, тылсым күштерден қорғап, сақтау мақсатында адамға да, малға да арнап жасаған. Сұқ көз – дәстүрлі наным-сенім бойынша, сұқ деп аталатын зиянкес тылсым күш иесінің көзқарасы жан біткенге ауру-сырқау, тіпті өлім-жітім әкелетіндігін білдіретін ұғым. Түркі халықтарында «адамның көзқарасында жылан мен араның тілінен де өткір жебесі бар» деген түсінік кең таралған. Қазақы ортада тек қана үлкен не кіші адамға ғана емес адамның «назары» (тілі мен көзінің сұғы) сол заттарға түссін деп ырымдап тұмар таққан. Мәселен: жүйрік аттың жүгеніне «көзтас» қондырылған құйма орнатудың түпкі мәні сұқ көзден сақтандыру амалында жатыр деуге болады. «Жүйрікке тұмар(менменге зауал)» деген ырым бойынша жеті тас, жеті заттан тұратын арнайы тұмар дайындаған. Жүйрік пен жорғаның мойнына тағылған мұндай тұмар ішіндегі тастар сұқ көз бен тіл тиген жағдайда «күлталқан болатындығы» ел ішіндегі ауызша мәліметтерде жиі айтылады [6, 250 б]. Сондай-ақ, тұмарды дәстүрлі ортада тұмар ретінде туған жердің топырағы, тас қиыршықтары; халық қасиетті, киелі санаған ұлутас, үкі қауырсыны мен тұяғы, қасқырдың азу тісі, киіктің бақайшағы, қойдың асығы сияқты заттар тағылған. Қолөнер дами келе қасиетті саналатын бұл заттардың бейнесі ағаш, сүйек, металл сияқты заттардан ойылып, құйылып та жасалған.

Ислам дінінің әсерімен, тұмар ретінде әртүрлі заттарды тағу ығыстырылып, орнына Құран аяттары жазылған қағаз салу белең алған. Әдетте аяттарды діни ғұламаларға, молдаларға жаздырып алып, былғарымен қаптап, бойға тағып жүреді. Бұл туралы Ш.Уәлиханов: «Қырғыздар ертеде тұмар ретінде құстар мен аңдардың сүйектерін таққан болса, кейін құран дұғалары жазылған аяттарды таққан» деп жазады.

Тұмардың өзара ұқсас түрлері Орта Азия, Таяу және Орта Шығыс, Мысыр елдерінің мұсылман халықтары арасында да кеңінен қолданған. Тұмардың оң жағына көбінесе араб тілінде «Тәңір жарылқасын» деген сөз немесе Құраннан үзінді жазылған. Тұмар ретінде алынған затты қымбат бағалы металдан немесе былғарыдан жасалған қорапшаларда, қалташаларда сақтаған. Қорапшалар үш бұрыш, төрт бұрыш, кейде түтікше түрінде, көлемі мен пішіні әртүрлі жасалған. Оларды да әшекейлеп, алтын, күміс жалатып, асыл тастармен көмкеріп әшекей бұйым, бойтұмар ретінде бау, алқа өткізіп мойынға таққан. Кейде тұмарды киім жағасының, қолтығының астына, бас киімнің ішіне тігіп немесе түйреуіш арқылы қадап алған. Иыққа іліп жүретін тіктөртбұрышты тұмар-сөмке қолтықша деп аталады. Оның ішіне дұға аяттары, көз тиюден сақтайтын қасиеті бар нәрселермен қатар

күнделікті қажетті ұсақ-түйек заттар салынады. Төртбұрышты тұмарды ғана иықтан асыра таққан, ол адамның ең әлсіз жері - қолтықты қорғап тұратындықтан қолтықша деп аталады. Сондай-ақ түскиіз, кілемдерге қыстырып, жастықтың астына жастап та жататын болған. Тұмарды жұрт көзіне көрсетіп алып жүру немесе тағу міндетті саналмаған. Сонымен қатар тұмардың шағын, кішілеу келген түрін тұмарша деп атайды. Халықтық қолөнерде қолданылатын тұмарша ою тұмардың кездейсоқ қауіп-қатерден, тіл-көзден сақтап жүретін киелілік қасиетіне сенуден шыққан. Халықтың байырғы түсінігінде тұмарша оюы бар бұйым адамды жын-шайтаннан сақтайды, жамандықты жолатпайды деп сенген [6, 503 б]. Ықылым заманнан қағаз жоқ, тауар қат кезеңде сауда-саттық жасап алысқа сапар шеккенде немесе соғыс жорықтарына аттанғанда батырларымыз, өз елінен жыраққа ұзатылған қыздар тұмар ретінде осы туған жердің топырағын шүберекке түйіп өзімен бірге алып жүрген. Сол арқылы алыста жүрген ер адам «жер ана желеп-жебейді, туған жерге қайтып ораламын» деп ырымдаған. Кейде топырақ алудың мәні осы жерден топырақ бұйырсын деген сенімге саяды. Ал қыз бала туған жерін сағынғанда осы топырақты иіскеп мауқын басқан. Бұл туған жерге деген шексіз құрметтің, перзенттік парыздың белгісі болса керек. Біле білгенге, адам бойындағы бір нәрсеге деген сенімнің өзі үлкен рухани күш. Бүкіл әлемге мәшһүр ғалым әл-Фараби бабамыз туралы халық аузында мынадай бір әңгіме бар: Ұлы ұстаз қартайған шағында бір топ шәкірттерінің басын қосып, «сендерге аманатым бар, егер құпиясын сақтап, шартын орындасандар ашамын» дейді. «Аманатқа қиянат жасауға болмайды, айтқаныңызды орындаймыз» деп шәкірттері бір ауыздан уәде береді. Сонда ұлы ұстаз оларға көннен тігілген тұмарды ұсынып, қабірінің басында ашуды өтінеді. Арада көп уақыт өтпей-ақ ұлы ұстаз дүниеден өтеді. Арулап жерлеу рәсімі кезінде уәде бойынша әлгі тұмарды ашып қараса, ішінен тілдей қағаз шығады. Онда «бұл туған жерім – Отырардың топырағы еді. Қабіріме осыны салындар» деп жазылған екен дейді. Ғұламаның сол өтініші үлкен тебіреніспен, толқумен орындалады. Данышпанның аты – данышпан, өмірден өтіп жатып та, туған жердің қадір-қасиетін кейінгілерге тағы да бір ұқтырып отыр. Этнограф-ғалым, айтулы қаламгер Акселеу Сейдімбек ағамыздың мынадай бір жазғаны бар екен, «Аса киелі саналатын дәстүрлі ырымдардың бірі – тұмар тағу. Тұмар тағу ырымы – ислам дінінен ада, байырғы түркілік дәстүр. Тәңірлік наным-сенімдегі әрісі – түркілер, бергісі көшпелі қазақ үшін – Күн, көк, от, су сияқты Жер де киелі. «Қара жер» - киелі жер деген мағынада. Байырғы көшпелілер тағатын тұмардың ішінде туған жердің бір шөкім топырағы болған. Тұмар сөзінің өзі байырғы түркі тілінде «тұма иер» - «туған жер» деген сөздердің кірігуінен шыққан. Кейін ислам дінінің орнығуына байланысты тұмардың ішіне аят, дұға жазып салу дәстүрі қалыптасты» деп жазған екен [1, 331 б].

Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауының Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру

стратегиясында белгіленген алтыншы басымдықта «Біз қазақ халқының сан ғасырлық дәстүрін, тілі мен мәдениетін сақтап, түлете береміз. Сонымен қатар ұлтаралық және мәдениетаралық келісімді, біртұтас Қазақстан халқының ілгері дамуын қамтамасыз етеміз» делінген. Оңтүстікте аты әлемге Ұлы Жібек жолымен, батырлары алты ай бойы берілмей қорғаған қала атымен мәшһүр Отырар ауданында отыз бес жылдық тарихы бар, Отырар археологиялық қорық мұражайы да жалпыға ортақ осы міндетті іске асыруға өз үлесін қосуда. Өткен тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені – мұражай арқылы жас ұрпаққа танытудың маңызы зор. Көпшілігі ежелгі қолөнердің керемет дүниелері болып саналатынархеологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған саздан, тастан, сүйектен, шыныдан, металдан жасалған заттар мен этнографиялық мұраларға жататын күнделікті тұтынатын бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары мен аспаптар, киім-кешек т.б. заттар. Мұражай қорында жинақталған ұлттық зергерлік бұйымдардың көлемді жиынтығы (коллекциясы) бұл өлкедегі зергерлік мектептің жоғары деңгейде қалыптасып, дамып, өркендегенін көрсетеді. Осынау қазақ мәдениетіне қайталанбас қолтаңбасын қалдырған зергерлер еңбегі үлкен құрметке лайық. Халқымыздың қанына сіңген зергерлік өнері мен болмысымыздың жақұтындай болған зергерлік бұйымдар ұлтымыздың баға жетпес байлығы, мол мәдени мұрасы.

Сондықтанда қазіргі кезде мұражай қызметкерлері қордағы жинақталған әрбір жәдігерлер туралы жеке-жеке сипаттама жазып, коллекциялық кітапшалар дайындап жатыр. Мұражай қорындағы бойтұмарлар саны 26 дана. Бойтұмардың көпшілігі XVIII ғасыр және XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырға тән. Әсіресе, қолданбалы өнер жәдігерлері XIX-XX ғ.ғ. зергерлік бұйымдарға келетін болсақ, мысалы, бойтұмарлардың ою-өрнектері геометриялық және сызықша тәрізді болып келген [2, 395 б.]. Соның ерекше біреуіне тоқталып өтер болсақ; мұражай қызметкерлері ел арасынан жәдігерлер жинақтау кезінде тапқан, XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басына жататын бойтұмарды сипаттар болсақ, 800-875 сынамалы күміс.Түтік тәрізді қуыс, алып-салатын құрастырмалы екі негізгі бөліктен және шынжырбаулардағы жеті салпыншақтан тұрады. Бойтұмардың ұштары дөңес тәріздес болып бітелген. Тұмардың жоғарғы бөлігінде орта көлемді екі ілмекке шынжырбау ілінген. Түтік тәрізді бөлігі алты жерінен шеңбермен құрсауланған. Шеңберлердің арасы төрт жерден зооморфты өрнекпен бедерлеу техникасында әшекейленіп, ұсақ сіркелеумен өрнектелген. Тұмардың төменгі бөлігінде – шынжырбауларға ілінген төрт найза іспеттес шағын ілгек, үш тұмарша және тұмаршаларға үш ілгекке тағы да үш найза іспеттес шағын ілгек ілінген. Салпыншақтардың үсті дөңес, асты жайпақ.

Әлемдегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен және өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі. Ал қандай да болсын өнер және

талант иелерін өмірге келтіретін де сол халық. Міне, сол халық таланттарының қолынан шыққан зергерлік бұйымдар, киім үлгілері, тұрмыс жиһаздары, әсем де зәулім ғимараттар қай заманда болмасын өз маңызын жоғалтпай келе жатыр. Бірақ мұндағы өкінішті жай, сол халық шеберлерінің көпшілігінің есімдері тарихта қалмағандығы. Бұл әрине, ертеде өз жазу-сызуы болмаған қай халықтың болса да басынан өткен жайлар. Дегенмен, ұлттық мәдениетіміздегі дәстүрлі қолданбалы өнер халқымыздың тарихымен, ұлттық болмыс-бітімімен, дүниетанымымен үндесе дамып келе жатыр. Тамырын тереңнен алатын қолданбалы өнердің көрікті де, көрнекті саласы зергерлік өнер атадан балаға, ұстаздан шәкіртке ауысып отыратын, тылсым сыры бар киелі де қасиетті өнер, қастерлі кәсіп.

Жалпы қорыта айтқанда, Елбасымыз айтқандай, жастарымыз салт-дәстүрімізді көздің қарашығындай бағып жүретін, көптің көкейіне үміт отын жағып жүретін, адамзаттың озық ой көгінде ағып жүретіндей болса тарихтағы мәртебелі орнымыз орнықты боларына ешкімнің де дауы жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме - Алматы: Дәстүр: 2010 жыл-331 б.
2. Жұмашова А. Отырар өрнектері.- ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазіргі жоғарғы білім жүйесіндегі археология, этнология және музейтану» атты «VIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары: Алматы, 2006 жыл 1-2 сәуір-395 б.
3. Кейкін Ж. Қазақы атаулар мен байламдар – Алматы: Өлке баспасы – 2006 жыл – 106 б
4. Тоқтабаева Ш.Ж. Қазақтың зергерлік өнері – Алматы кітап баспасы: 2011 жыл-107-108 б
5. Сейдімбек А. Қазақ әлемі - Этномәдени пайымдау – Астана: Фолиант, 2010 жыл – 218 б
6. Энциклопедия 5 том Ө-Я. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі - 503 б.

Қ.О. Қазиев*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау
мемлекеттік университеті
аға оқытушы, магистр*

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ

*Асылдың сақталатын қосы – дәстүр,
Тарихтың баяны ұзақ досы – дәстүр.
Атаның ұрпағына қалдыратын
Ең қымбат мұрасы да осы – дәстүр.
Тұрсынзада Есімжанов*

Қазіргі қоғамда жас ұрпақты тәрбиелеуде негізгі толғандыратын мәселе қоғамға өзіндік орны бар, өз елінің қамын ойлайтын, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, рухани-адамгершілігі жоғары тұлға қалыптастыру маңызды десем қателеспеген болармын. Өйткені еліміз жаңа ақпараттық технологиялардың негізінде дамудың алдыңғы сатыларында, өркениетті елдермен терезе теңестіруде ақпараттық ресурстардың тұрақты өсуі қазіргі қоғам дамуының заңды процесі болып отыр, бірақ бұл жек тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына кедергі де болып отыр. Ақпараттық технологиялар бала психикасына, денсаулығына кері әсер етіп отырғаны мен қоса ұлттық салт-дәстүрден де ада болары айтпаса да түсінікті.

Сондықтан М.Әуезов атамыз «Ел болам десең бесіңді түзе» деп бекерге айтпаса керек [1].

Бүгінгі таңда ғасырлар қойнауында жатқан ұлттық тәрбиенің озық әрі өнегелі дәстүрлерін, асыл қасиеттерін жеке тұлғаның бойында қалыптастыру, отбасынан басталатыны сөзсіз. Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім-тәрбиесі болатындығы белгілі. Егеменді еліміздің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оның ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп келеді. Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық тәрбиенің, рухани адамгершіліктің, жалпы азаматтық құндылықтардың алатын орны ерекше. Сондықтан да халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, ойлау тәсілдері, адамгершілігі, халқымыздың рухани байлығы – бәрі-бәрі білім ошақтарының негізгі нысаны болмақ.

Әр халықтың тәлім-тәрбиелік мұрасы – ұлттық мәдениетінің маңызды белгісі болып табылады. Осы арқылы ұлттың ұлттық тәрбиесінің ерекшеліктерін білеміз. Қазақ халқының этностық ерекшеліктерін байыптасақ, бұл халық – ұрпақ сабақтастығын сақтап, алысты жақындатып, аразды татуластырып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген,

дарқандықты даласынан, даналықты бабасынан алған халық. Әділдікті ту етіп, әділдіктің басы болған адалдықты анасынан алған халық. Жауға шапса қару алып, араздыққа араша, татулыққа тамыр бола білген халық. Сан өнерге тұлпар болған, көгінде сұңқар болған қырандарын өз тәрбиесімен емес, өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиелеген халық. Осындай ата-бабадан қалған өшпес мұра, мол қазынаны өскелең ұрпақтың бойына дарыту – қазіргі біздің міндетіміз.

Білім беру мекемелерінде ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шараларда ұлттық мәдениетімізді таныту оқушылардың өзін-өзі түсіне білуіне, ұнамды-ұнамсыз қасиеттерін таразыға салуына, өзін-өзі тәрбиелеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар оқушы өз елінің, туған халқының тарихын, дүниетанымын, ерекше қасиеттерін танып біледі. Ата-баба қанымен берілген, аналардың ақ сүтімен бойымызға дарыған игі қасиеттерін бойға жинайды, рухани азық алады. Халқымыздың рухани қазынасы – бүгінгі күнмен жалғасқан өткен дәуірлер шежіресінің куәсі, ұлтымыздың тұрмыс-тіршілігінің айнасы болып саналады. «Халықтың тәрбиесінен тыс жерде педагогика да, педагог та жоқ» деп орыс педагогі К.Д.Ушинский айтпақшы, [2] жеке тұлғаны өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып, дәстүрлерімен тереңірек таныстыру қажетті қағида. Өйткені мұндай негіздерді білмей, өз халқының ұлттық ерекшеліктерін сезбей, басқа халықтың өзіне тән ерекшеліктерімен салыстырмай, бағаламай өз рухани байлығын арттыра түсу мүмкін емес. Бұл орайда жас жеткіншектердің бойына халық тағылымын тереңірек сіңірту, қонақ күту, үлкенге иіліп сәлем беру, ән айтқызу, домбыра тартып күй шерткізу, өлең-жыр жаттату, жаңылтпаш-жұмбақ үйрету немесе теңге алу, жамбы ату, аударыспақ, сайыс, көкпар, күрес сияқты ұлт ойындарын үйрету тәрбиенің басты шарты болып есептелген.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны өз халқының рухани қазынасымен, оның ұлттық мәдениетімен, әдет-ғұрып, дәстүрлерімен неғұрлым тереңірек таныстыру – тәрбиенің басты құралы. Халқымыздың адамгершілік, кісілік, мейірімділік, кеңпейілділік қасиеттерін тоғыстыратын ата-бабамыздың ежелден келе жатқан игі дәстүрлерінің бірі - қонақжайлық. Бұл өзіміздің қанымызға сіңген, өзге халықтардан айрықша рухани құндылығымызды арттыратын өзіндік ерекшелігі. Қазақта қандай жағдайда да «құтты қонақпын» деп келген адамды кеудесінен итермей, жылы шыраймен қарсы алып, «қолдағы барымен» дегендей, шамасы келгенше сый – құрметін көрсетіп аттандыру әркімнің парызы сияқты болатын. Қонақ болуы үшін оның таныс болуы шарт емес. Әрбір жолаушы кез келген қазақ үйінде қонақ асын «бөлінбеген еншім» деп талап етуге ерікті болған. Қонақ асыны «бөлінбеген енші» деудің өзі қазақ арасында кең тарап, дәстүрге айналып қалыптасқан халық жорасы. Бұл дәстүрдің шығу тегін халық аңызы Алаша ханның атымен байланыстырады. Қартайған шағында Алаша хан бар мал-мүлкін теңдей төрт бөлікке бөліп, үш бөлікті үш баласы-Ұлы, Орта және

Кіші жүзге беріп, төртінші бөлікті қонақ сыбағасы болсын деп, үшеуінің ортақ меншігіне қалдырыпты [3].

Қазақ «Қырықтың бірі – қыдыр» - дейді. Бұл қонақты кума, оның шарапаты тиеді, бірінен болмаса екіншісінен құт келеді деп есептегендіктен болса керек. «Қонақты қусаң, құт қашады» деу де содан. Қазақтың дәстүрі бойынша қонақ үй иесінің қамқорлығында болуы керек. Қонақ болып отырған адам ол үйдің жауы болса да, өз үйінде оған өзі түгіл басқаға да қиянат жасатпайды. «Өз үйінде таудай дауынды айтпа» дейді қазақ халқы. Сондай-ақ халқымыз қонақ күтуді де, қонақ болып қыдыруды да жөн санап, түрлі ой түйген. Ер азаматқа үйінде отыра бермей, ел көр, жер көр, көппен аралас дей келе, «Асың барда ел таны – беріп жүріп, атың барда жер таны – желіп жүріп» деген халық мәтелімен кеңес бергендей сыңай білдіреді.

Халық арасында бабалар дәстүрі бойынша қонақты қарсы алу, күту, қонақ бола білу рәсімі де қалыптасқан. Егер қонақ түскен отағасы үйде жоқ болса, ол астан дәм татып, ауыз тиген соң, түнемеге басқа орын іздестірген [4].

«Қонақпен еріп, құт келеді» деген сенім бойынша, қонағын қарсы алған отағасы есігін өзі ашып, алдымен үйге қонағын кіргізеді. Ал шығарып саларда үй есігін қонаққа ашқызады. Себебі, үй иесі есігін ашса, онда қонағын қуғанымен бірдей болып саналады. Халықтық әдет бойынша қазақ аулында сырттан келген жолаушы ат-матымен баса көктеп кірмеген. Ауыл шетіне келе аттан түсіп, таныс болса түсер үйінің ту сыртынан «Үйде кім бар? Сыртқа шықсын!» деп дауыс береді. Егер таныс адам болса, қонақасы беруден қысылмайды-ау деген ең тәуір боз үйдің бірінің белдеуіне атын байлап түседі. «Қонақ таңдап қонады» деген мәтел осыдан қалған. Аттан түсіп, үйге кіруге бет алған қонақты сол үйдің жастары мен балалары сәлем беріп қарсы алып, есік ашып үйге кіргізеді. Қонақ үйге кіре кебісі болса оң босағаға шешіп, бүркіті болса оң жаққа тұғырға отырғызып, қамшысы мен сырт киімін кереге басына іліп үй ішіндегі адамдармен қол алысып, амандасады. Үй ішіндегі қыз балалар немесе келіндер сырмақ төсеп, көрпе жайып қонақты төрге жайғастырады. Әдетте қақ төрге жолы үлкен бас қонақ отырады. Жолы мен жасына қарай, атағы мен дәрежесіне сай қалған қонақтар төр ағасының оңы мен солынан орын алады. Қонақ үстіне қонақ келсе, жасы үлкеніне ығысып орын береді “Бұрынғы қонақтың соңғы қонаққа орын беруі” - содан қалған дәстүр. Жөн сұрасып болған соң, үй иесі қонағына барын беріп, шөлін басады, онан кейін шай әзірлейді. Әдетте шайды бойжеткен қызға құйдырады. Оның себебі қыз бала келешек шаңырақ иесі болғандықтан, жастайынан қонақ күтуді үйрене берсін деген ниет болған. Екіншіден, бойжеткен қызға шай құйғыза отырып, қыздың аспазшылық өнерін елге паш ету. Бір үй толы қонаққа кесені ауыстырмай, шайды қызыл күрең етіп баптап беру - үлкен өнер.

Осыны көрген жолаушы, әсіресе қариялар ойына түйіп, барған жерінде “бәленшенің үйінде бәлен деген бойжеткен қыз бар екен, шіркіннің шай құйысы, қонақ күтісі-ай!”-деп мақтайтын болған. Құда түсу үшін көз

салу осындайдан басталған. Ал шайды құюдың әр елде әр түрлі дәстүрі бар. Мысалы, Орталық Қазақстанның көп жерінде шайды кесеге толтыра құйса, “Бәсеке беріп отырсың ба?” деп сөгеді. Шайды сүт немесе қаймақ қатып қызыл күрең етіп баптап беру, дастарқанға бауырсақ, өрік-мейіз, ірімшік, құрт, май, қант салып түрлендіру – үлкен аспазшылық. Шай құйып отырған қыз-келіншек ыдыс-аяқты, ожауды салдырлатпай, әдеппен беруі керек. Егер ыдыс-аяқты салдырлатып берсе, қонақ «үй иелері жақтырмай отыр екен» деп ойлауы мүмкін. Қонаққа шай екі қолдан алынып беріледі немесе шыныны оң қолымен еңкейіп ұсынады. Міне, қонақ күтудің де, өзге үйге қонақ боп түсудің де үлкен тәрбиелік мәні бар екен. Мұның бәрі халқымыздың ұрпақ тәрбиесіне берер үлкен өнегесі, мәдениеттілікті үйрену, адамгершілікті ұстану, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, сыйластық сырын ұғынту, ізгілікке ұмтылдыру үлгісі. Бұл тұрғыда халық арасында ауыз әдебиеті үлгілері де кеңінен тарлып, ел аузында айтылып жүрген аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен ырым-тыйым сөздер де мол. Мысалы, қонақ күту, қонақты жақсы шыраймен қабылдау сынды әдеттерді үйретуге, баланы тәрбиелеуде ұлыстың ұлы күні наурыз ұлттық мейрамы – соның айқын дәлелі. Көктемгі наурыз күндері барлық жерлерде меркелік көңіл-күй орын алады: қонақжайлық, бай дастарқан, ұлттық нақыш – наурыз көже барлығы жеткілікті болады [5]. Осы салт-дәстүрлеріміз арқылы біз өз ұлтымызды сақтаймыз әрі ұрпақтан-ұрапқа насихаттай береміз.

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»-деп ұлы ғалым-философ Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, баланы жан-жақты тәрбие арқылы жетілдіре аламыз. Бұл тұрғыда заман талабынан туған «Өзін-өзі тану» пәнінің де атқарар жүгі жеңіл емес екені ақиқат. Өйткені өзін-өзі тану пәні ұлттық-салт дәстүрлер арқылы рухани-адамгершілік құндылықтарды жастардың бойында дамытуда өз септігін тигізіп келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Ақ желкен», №12. 2014 жыл
2. «Қазақтың тәлімдік ой- пікір антологиясы» Қ.Жарықбаев, С.Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1998.
3. «Қазақтың отбасылық дәстүрлері» Арғынбаев Х. . – Алматы, 2005
4. «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» Қалиев С., Оразаев М., Смайлова С. . - Алматы, 1994
5. «Наурыз жаңғыған салт-дәстүрлер» Қозыбеков М. . - Алматы, 1991

Б. Б. Сүйеуғалиева*Атырау облысы тарихи-өлкетану
музейінің қорын есепке алу архивисті*

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СУСЫНДАРЫ

Қазақ халқының дәстүрлі азық-түліктерінің ішінде күнделікті пайдаланылатын басты тағамдарының бірі - ет, сүт өнімдерінен жасалған тағамдар болып саналады. Қазақ халқы әуелден ұлттық тағам түрлеріне бай халық. Мал бағумен күн кешкен бабаларымыз еті мен сүтін азық етіп, терісінен, мүйізі мен тұяғынан түрлі тұрмысқа қажетті бұйымдар жасай білген. Төрт түліктің қадір-қасиетін жоғары бағалап, қыстың үскірік аязы мен жаздың аптап ыстығына қарамай, мал басын көбейте отыра, ата кәсібін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра білген.

Халқымыздың дәстүрлі азық-түліктерінің ішінде сүт өнімдерінің алатын орны ерекше. Қазақ халқының дастарқанында көбіне еттен, сүттен, ұннан жасалған тағамдар молынан қойылған. Сүттен дайындалатын әртүрлі өнімдерді сүт тағамдары дейді. Сүт тағамдарын бір сөзбен «ақ» деп атайды. Көшпенді тұрмыс-тіршілікте ерте көктемнен қара күзге дейін әр шаңырақта ақты үзбеген. Жаз айларында жиналған артық сүттен құрт, ірімшік, сірне, сарымай, балқаймақ, қойыртпақ секілді дәмді тағамдар жасап, ұзақ қысқа дейін сақтай білген. Соның ішінде ұлттық тағамдардың негізгі көзі болып табылатын сүттің орны бір бөлек. Ешқандай азық-түлік тең келмейтін құндылығы аса жоғары өнім түрлі дәрумендердің таптырмайтын көзі болып табылады.

Ақ-дертке дауа, жанға шипа. Шұбат, қымыз, айран, құрт, сүзбе секілді сүт тағамдарының адам денсаулығына тигізер пайдасы зор. Әсіресе, төрт түлік малдың соңғы иіндісінің құнарлығы мен жұғымдылығы өте пайдалы. Сүтті ыстықтай да салқындай да ішуге болады. Сүтті шайға да, көжеге де қатады, айран, қатық ұйытып, іркіт жинайды, қаймақ түсіріп, май шайқайды.

Сүт тағамдарының түрлері көп, әрі сүт өнімдері әртүрлі тәсілмен дайындалады. Қой, ешкі, сиырдың жаңа сауылған, пісірілгенге дейінгі шикі сүтін саума деп, інгеннің жаңа сауылған сүтін құймақ, биенің сүтін саумал деп атайды. Түйе, бие сүтінен жасалатын түрлі тағамдар пісірілмей пайдаланылса, ал қой, ешкі сүтінен айран, кілегей, қаймақ, сүзбе, ірімшік, уыз, сірне, құрт, тасқорық секілді құнарлы сүт тағамдары жасалады.

Ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамының киелі асы-наурыз көже. Наурыз көже Ұлыс күнінің басты құндылығы ретінде таң шапағымен ақ дастарқанға қойылады. Наурыз көже-көпшілікке арналған ұлттық тағам. Келер жыл ырысымен, молшылығымен келсін деген ниетпен Ұлыстың ұлы күні әр отбасы міндетті түрде жеті түрлі дән салынған наурыз көже дайындайды. Қазақ халқы әуелден жеті санын киелі деп есептеген. Сол

себепті наурыз көжеге ет, су, арпа, күріш, құрт, тұз, айран секілді жеті түрлі дән қосады. Наурыз көже әрі жеңіл, әрі сіңімді сусын.

Айранды қаймағы алынған не қаймағы алынбаған сүттен де ұйытуға болады. Айран дайындау үшін алдымен сүтті 10 минут шамасында қайнатып, қанжылым болғанша суытып қояды. Одан соң піскен сүтке ұйытқы салып, араластырып, 1-2 сағатқа бетін жауып, кері ұйытады. Айранның құрамында адам ағзасына қажетті бірнеше элементтер бар, әрі адам ағзасындағы зат алмасу жүйесін жылдамдатады. «Айран сүйек өсірер» деп қазақ халқы текке айтпаған. Жазда сусын ретінде ішу үшін аздап салқын су не сүт қосып араластырып, шалап ретінде де ішеді. Шалаптың да дайындалуы тез. Айран немесе шұбат құйылған ыдысқа таза әрі салқын суды қосып, жақсылап араластырады. Жаздың ыстық күндерінде шөлді басу үшін сұйылтып, салқын сумен араластырып ішетін болған.

Қымыран-айранның бір түрі. Түйенің шұбаты мен сиыр сүтінің араласуы арқылы ашытылып жасалған сұйық тағам.

Қойыртпақ – қатық, айран, қымыз секілді сусындарға сүт немес су қосып, қанжығаға байлап жүріп далада ішетін сіңімді сусын. Көбіне жолаушылар торсыққа құйып, қанжығаларына байлап жүретін болған. Қанжығадағы қойыртпақ көп шайқалады. Қойыртпаққа құрт қосып та ішетін болған. Қойыртпақтың сұйық-қоюлығы қосылған құрт мөлшеріне байланысты. Соған орай қанша ашыса да, ашуы білінбейді, ішкенде дәмді, әрі асқазанға жеңіл. Қойыртпақтың қыста ішілетін түрі қою болады, кейбір жерлерде оны құртба деп атайды. Қойыртпақ, әсіресе, малшыларға, жолаушыларға өте қолайлы сусын.

Қарапайым көжені дайындау үшін ұн өнімдері кеңінен пайдаланылады. Көже дайындау үшін қайнаған суға бидайды не күрішті салып, үстіне ұн сеуіп ашытады да, үстіне сүт құйып араластырады. Ашыған бидай сіңімді әрі шөлді тез қандырады. Көжені көбінесе суытып сусын ретінде ішеді. Кеспе көже, үзбе көже, жұлма көже, құрт көже, бармақ көже, салма көже, тары көже секілді көженің де бірнеше атаулары бар. Келіге түйіп жартылай ағартылған бидайдан жасалған көжені бидай көже дейді. Ал көктемде жаңа төлдеген сиыр мен қой сүтінен уыз көже пісіріледі. Дәмі ерекше уыз көжеге көрші-қолаң түгел шақырылады. Малдың көбеюінің белгісі әрі ағарғанның басы саналатын уыз көже әр шаңырақтың қуанышына айналады.

Қатық-қаймағы алынбаған сүттен ұйытылып жасалған өте жұғымды әрі сіңімді тағам. Қатықты қойдың, сиырдың не ешкінің сүтінен дайындауға болады. Ол үшін сүтті баяу жанған отқа қойып, жылы күйінде ұйытқы салып араластырып, ұзақ қайнатады, одан соң 2-3 сағаттай жылы жерге орап қояды. Ашыған қатықты кенеп дорбаға құйып, іліп қойып сорғытады. Содан ол өзінен-өзі сүзіліп, сұйығы ағып кетеді де, сүзбе түбінде қалады. Қатықты сол күйінде ішуге болады.

Сүзбе-айраннан немесе қайнаған іркіттен дайындалады. Сүзбені тұздап «сүзбе құрт» жасауға немесе қарынға салып кептіріп, сүзбе күйінде пайдалануға болады. Тұздалған сүзбе ұзақ сақталып, жылдың кез-келген уақытында көжеге, сорпаға езіп ішуге, алыс жолға шыққанда сүт, су қосып шалап етіп сусын ретінде ішуге де пайдаланылады.

Қаймақты қайнату арқылы тез әзірленетін тәтті тағамның бір түрі-балқаймақ деп аталады. Балқаймақты жаңа сауылған түйе сүтінен дайындайды. Балқаймақты дайындау үшін алдымен шұңғылдау ыдысқа шикі қаймақ құйып, баяу отта бірқалыпты қайнатып, бетіне май шыққанша араластыра отырып, пісіреді. Әбден қайнаған кезде бетіне құмшекер сеуіп, балы, ұны салынып араластырыла отырып қайта қайнатылады. Балқаймақ шаймен бірге беріледі. Балқаймақ алыс сапарға алып жүруге жарайтын сапасы ұзақ уақытқа дейін бұзылмайтын нәрлі азық.

Түрнийаз-сүтке су қосып жасалған тағам түрі. Түрнийазды дайындау үшін алдымен сүтке су құйып қайнатады да, бір уыс ұн, бір кесе сөк салып, 10-15 минут шамасында қайта қайнатады. Пісірерде сарымай не езілген құрттың қою малтасын қосып пісіріп, бұқтырып қояды.

Сүттен алынған қаймақты шайқап май алады. Майды күбіге пісіп жасайды. 1-2 сағат шамасында піскеннен кейін ашыған айран бетіне шыққан майды сүзбеге құйып бөліп алып, дәмді болуы үшін аздап тұз салады. Мамыр айындағы сүттен алынған май өте құнарлы, әрі тәтті. Ертеректе майды қозының тазартылып, кептірілген қарнына салып сақтайтын болған. Мұндай сары май ұзақ уақыт бойы дәмі жоғалмай жақсы сақталады.

Қойдың, ешкінің сүтінен қойшылар өрісте жүргенде пісіріп ішетін тамақ түрі-тасқорықтық деп аталады. Саптыаяққа сауып қой сүтіне отқа әбден қыздырылған малта тасты бір-бірлеп салады. Шикі сүт 2-3 минутта қайнап піседі.

Жент-келіге түйілген тарының сөгіне жылқының майын немесе сары майды қосып, қант, құрт өрік мейіздердің ұнтағын, кейде, бал қосып жасалатын дәмді тағам.

Ақлақ-қайнаған қой сүтін ірітіп, сарысуы сүзіліп, майға езіп дайындалатын тағам түрі.

Мәндір-ірімшік жасауға дайындалған сүтті ұйытатын мәйек. Ірімшік қайнататын сүтті тез, шымыр ұйыту үшін жас төлдердің жұмыршағынан алып ашытып ұйытқы жасалады. Мәндірді жылы сүтке малып, біраз шайқап бетін жауып қойса, сүт балдырдай болып ұйып қалады. Сөйтіп одан ірімшік қайнатылады.

Қазақтың ұлтық сүт тағамдарының ішіндегі ең көп тараған адам ағзасына пайдалы сүт тағамдардың бірі-ірімшік. Ірімшік қой, ешкі, сиыр сүтінен қайнатылып әзірленеді. Әсіресе қой, ешкі сүтінен жасалған ірімшік түрі өте құнарлы. Ірімшік жасалу тәсіліне қарай ерекшеленеді, дәмі де түсі де әртүрлі. Ақ ірімшікті дайындау үшін алдымен ыдысқа

құйылған шикі сүттің үстіне аздап айран құйылып, сүт ірітіледі. Іріген сүтті баяу отқа қойып қайнатады. Бөлінген сары суы сүзіп алынып, өреге жайып кептіріледі. Аздап кеуіп, келіге түйілген ақ ірімшік тары сияқты ұнтақталып қалады. Ұнтақталған ақ ірімшікті тары орнына шайға салып не майға, қаймаққа салып жеуге де болады. Ірімшіктің құрамында көп мөлшерде дәрумендер кездеседі. Ақ ірімшік балалар мен аяғы ауыр әйелдерге өте пайдалы. Өйткені, оның құрамында кальций мен фосфор тұздары бар. Ал қызыл ірімшікті дайындау үшін қазандағы жылы сүтке ұйытқы салып, бетін қымтап аз уақытқа жауып қояды. Одан соң ішіне салынған ұйытқысын алып тастап, ұйыған сүтті отқа әбден қызарып, түзілгенше қайната береді. Қайнап қызарғаннан кейін сүзіп алып дорбаға салып, күн көзіне кептіреді. Күн көзіне әбден кепкен қызыл ірімшік жақсы әрі ұзақ сақталады. Қызыл ірімшікті май, қаймаққа араластырып та жеке өзін де жеуге болады. Ертеректе қажылық сапарға аттанғанда жолазыққа ірімшік алып жүретін болған.

Құрт-сүт өнімдерінен дайындалатын ұлттық тағамның бір түрі. Құрт сөзінің мағынасы да құрғатылған, кептірілген сүт деген мағынаны береді. Құртты жасау үшін майы алынған айранды қайнатып, кенеп дорбаға сүзіп, аздап тұз салып, әртүрлі пішінде шағын етіп домалақтап не қолмен сығымдап, өреде кептіріп жасайды. Қой сүтінен жасалып, майы алынбаған құрт тіске жұмсақ әрі тәтті.

Құрт адам денсаулығына пайдалы ақуыздарға өте бай. Жасалу тәсілдеріне қарай құрттың сықпа құрт, ақ құрт, қара құрт, майлы құрт т.б түрлері бар. Қайнатылған құрт ақ құрт және қара құрт деп екі түрге бөлінеді. Ақ құрт көп ашымаған, майдан әбден арылған іркіттен қайнатылады. Ақ құртқа кейде аздап тұз қосып, кептіреді. Ол көбінесе жазда, күзде желінеді. Ал қара құртты дайындағанда ашыған іркіттің пісуін қандырмай, майын жартылай алып немесе алмай қайнатады. Құртты ыстық суға, сорпаға езеді. Езген құртты сол күйінде де, сорпаға не көжеге қосып ішуге де болады. Құрт аса қуатты әрі жағымды тағам. Құрттың осы түрінен қыста езіп, дәмді құрт көже даярлайды. Езілгеннен қалған қиыршық құрт малта деп аталады. Езілген құрттың таусыншақ түйіршіктері әрі жұмсақ ас болып саналады. Ұзақ сапарларда ауызға салып суын жұтқанда әрі сусын, әрі қорек болған. Құртты ұзақ уақыт сақтауға болады.

Ұйытқысы нашар немесе көп тұрып ашып кеткен айранды быршыма дейді. Быршымадан көбінесе құрт қайнатылады.

Гасырлар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан қазақ халқының баға жетпес ұлттық сусындарының бірі-қымыз. Қымыз-жылқы сүтінен алынатын қышқыл сүт өнімі. Ешқандай сусын қымызбен тең келмейді. Адам бойын сергітіп, шөлді басатын, сонымен бірге емдік қасиеті бар шипалы сусынның құрамында адам ағзасына қажетті майлар, белоктар, минералды заттар мен 28 түрлі дәрумендер бар. Асқазан, жүрек қан

тамырлары мен өкпе ауруларына, демікпе, қан аздық секілді түрлі ауруларға ем.

Қымыздың сапасы ұйытылуына байланысты. Қымыздың алғашқы ашытқысын «қымыздың қоры» деп атайды. Кей жерлерде мұны бие сүтіне сүр қазының қабырғасын, жылқының ашыған сүр жамбасының жұлынды сүйегін не малта салып, тары, көженің суын қосып, бөлек ашытады. Қымызды арнайы теріден жасалған торсық пен сабада дайындаған. Сабаны 10-15 күнде босатып, кептіріп, тобылғы құртқашаш түтініне ысытып алады. Сабадағы қорды сарықпай, биенің жылы сүтін саумалдап, жаңғыртып отырады. Жаңа сүт құйған сайын жарты сағат піседі, жаңа сүтпен қорды араластырады. Қымызды көп сапырғанда оған көп мөлшерде оттегі сіңеді. Қымыз ас қорытуды жақсартады. Қымызды тамақтан бір сағат бұрын ішкен дұрыс, жатар алдында ішуге болмайды. Қазақта қымыздың қырықтан астам түрі бар.

Енді ғана аши бастаған ащы қымызға биенің жаңа сауылған сүтін құйып, пісіп жұмсартқан тұщы қымызды саумал дейді. Саумалға арнайы ашытқы қосылып ашытылады. Алғашқы қымызды үй иесі өзі ішпейді, дәстүр бойынша үлкендерді шақырып, ауыз тигізіп, батасын алады. Саумал, әсіресе, қарттар мен балаларға жақсы. Саумалдың тағамдық құндылығы өте жоғары. Сусыннан гөрі қосымша тағам ретінде түрлі ауруларға көп қолданады.

Қымыз дайындау шеберлігіне, сүттің тегіне, уақыт мезгіліне қарай бірнеше түрге бөлінеді.

Уыз қымыз-жаңа құлындаған биенің уызынан ашытылған қою қымыз. Кейде оны май қымыз деп те атайды.

Түнемел қымыз-мол қордың үстіне сүт қышқылы арнаулы торсықта сақталып, қотарылған қымыз.

Сары қымыз-жазғы кезде биенің сүті қоюланып, ашытылатын қымыз.

Бал қымыз-әбден пісілген майлы әрі жұмсақ, сары түсті қымыз. Қымызға тәттілік дәм беру үшін бал, қант, өрік, мейіз қосып пісіреді. Сондай-ақ қымыздың бесті қымыз, дөнен қымыз, сары қымыз, жуас қымыз, қысырақ қымыз деген түрлері де бар.

Айраннан, ашыған сүттен және дәнді дақылдардан ашытылып жасалатын сусын түрін боза дейді. Ал жәй ашытқымен дайындалған түрі «мақсым боза» деп аталады.

Түйе сүтін ашыту арқылы дайындалатын ұлттық сусынның бірі-шұбат. Басқа төрт түлік малының сүтімен салыстырғанда түйе сүтінің майлылығы өте жоғары. Шұбат әрі сусын, әрі тағам, сонымен қатар емдік қасиеті де бар. Шұбаттың құрамында адам бойына қажетті түрлі дәрумендер, май, ақуыз бен минералды заттар бар. Шұбат ашыту қымыз ашытуға қарағанда оңай. Ішер алдында шұбатты жақсылап шайқап алса, көпіршігі де азаяды.

Уызды жаңа төлдеген малдың төлі емгеннен кейінгі алғашқы сүтінен пісіреді. Уыздың «сары уыз», «ақ уыз» деген екі түрі бар. Сары уыз қою, әрі жабысқақ болады. Ал ақ уыздың түрі сары уызға қарағанда ақшыл, әрі сұйықтау. Инген мен биенің сары уызын бота мен құлынға емізсе, сиыр, қой, ешкі малының уыздарынан түрлі тағамдар пісірілген. Уыз іріп кетпеу үшін оны ожаумен әбден сапыру қою керек.

Құрт қайнату үшін күбіге немесе сабаға құйған айран, шикі не піскен сүт жиынтығын не құрт қайнатуға жинаған сүтті пісіріп, майы алынғаннан кейінгі сақ, сары сусынды іркіт дейді. Іркітті көбінесе сиырдың, қойдың, ешкінің сүтінен дайындайды. Іркіттің ащы не тұщы болуы оның дайындалған сүтіне ғана емес, дайындау тәсіліне де байланысты. Іркіт құйылған ыдыс көлеңкеде тұрса, іркіттің дәмі бұзылмай тұщы болады.

Бдыстағы жаңа сауылған сүтті біраз уақытқа қойса, сүттің беті кілегейленеді. Кілегей-шикі сүттің бетіне жиналған қаймағы. Ол тек сиыр сүтінен алынады. Кілегейленген сүттің бетін алып, күбіге құйып піссе не қолмен жақсылап араластырса майы түседі. Кілегейге тары, талқан, ірімшік секілді тағамдарды араластыруға болады. Кілегейді кейде қол жарылып кеткенде қолға жағып жұмсартып, сиырдың желіні тілінгенде де жағып, түрлі ауруларға пайдалана білген.

Ұлттық тағамдар мен сусындар дастарқанның сәні ғана емес, адам өмірінің нәрі. Бойға қуат, жанға шуақ болған қазақтың ұлттық сүт тағамдары денсаулыққа өте пайдалы, әрі қоректі, қасиеті мол. Наурыз мейрамында да «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» деп жақсы тілектер жиі айтылып жатады. Ұлыс күні дастарқанда тағамдар көп болса, сол жылы ақ мол болады деп жақсылыққа жорыған.

«Ағы бардың бағы бар» деп халқымыз текке айтпай, сүт тағамын аса жоғары бағалап, халқымыздың бағы мен байлығы деп білген. Аталған ұлттық сусын түрлерінің қай-қайсы да халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті өнімдердің бірі болып табылады. Уақыт өтіп, заман өзгеріп, ұрпақ жаңарған сайын адам денсаулығына пайдалы тағам түрлері мен ұлттық сусын түрлері де дастарқанымыздан ұмытылып бара жатыр. Сонау бабамыздан қалған аманатымыз-ұлттық салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды, ұлттық тағам түрлері мен ұлттық сусын түрлерін насихаттап, кейінгі өскелең ұрпаққа жоғалтпай жеткізу біздің міндетіміз деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. I, III том. 2012.
2. Қазақтар. «Тарих және мәдениет». Алматы, 2013.
3. Шаңырақ. Үй тұрмыс энциклопедиясы. Алматы, 1991.
4. «Дәстүр» журналы. №2, №5 сандары, 2015.
5. Атырау облысы тарихи-өлкетану музей қорының материалдары

Ж. Нүриденова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
Мемлекеттік университетінің
тарих факультетінің Ио-31 п/я тобының
студенті*

ҚОНАҒЫҢНЫҢ АЛТЫНЫН АЛМА, АЛҒЫСЫН АЛ

Әр халық өзіне тән салт-дәстүрлерімен және салт-жорағылармен ерекшеленеді. Салт-дәстүрлерді ән-жыр, би өнері, ою-өрнектерімен қатар зергерлік әшекей бұйымдар мен тұрмыс – салтынан байқап қай халыққа тән дәстүр екенін ажырата аламыз. Қазақ халқына түркі тілдес барша халықтың салт – дәстүрлері ұқсас болып келеді. Қазақ халқы Кеңестік дәуірдің қыспағында өмір сүрсе де, қазаққа тән ибалықтан, әдет-ғұрыптан айырылмады. Қазіргі таңда, біздің басты құндылығымыз ата – бабаларымыздан мұра болып жеткен асыл қазынамыз – салт – дәстүрімізден айырылмау. «Дәстүр – адамдардың қоғамнан даяр күйінде алатын, өздерінің тәртіптерін жөнге түсіріп және әрекетке келтіріп отыратын тетік болып саналады» [1,55б]. Салт-дәстүрімізді заман талабына сай біршама өзгертіп кейінгі ұрпаққа жеткізе білу біздің басты мақсат болып табылады. Кеңестік кезеңде қазақ халқын этнографиялық тұрғыдан біршама зерттеу жұмыстары жүргізілген. Этнографиялық зерттеу жұмыстарынан қазақ халқының ұмыт болған дәстүрлері және де тарихи шындықтары біршама ашылды деуімізге шүбә келтіруге болмайды. ХІХ ғасырда Ы.Алтынсарин, Г.Спасский, С.Броневский, В. Плотников, И.Абрагимовтың жазған мақаларынан қазақ халқының әдеп-ғұрыптары туралы құнды деректер алуымызға болады. Сонымен қатар, Ә.Марғұлан, Х.Арғынбаев, Ө.Жәнібеков, Ә.Тәжімұратов, С.Ақатай, М.С.Мұқанов, А.Сейдімбеков, С.Қасиманов, Б.Байжігітов, Н.Шаханованың еңбектерінде дәстүр философиялық-этнографиялық-мәдениеттанымдық тұрғыда жан-жақты қарастырылады. Әр халықтың салт-дәстүрлері өздеріне тән ұлттық мінез, тұрмыс – салт, тәлім – тәрбиесіне байланысты болып келеді. Қазақ халқы – бауырмал, ақжарқын, инабатты, текті, қонақжай халықтардың бірі болып табылады.

Қазақ осы – ашық жарқын қабағы,
Қонақ келсе шабылып бір қалады.
Байқа да тұр, саған да ол кетерде,
Ат мінгізіп, жібек шапан жабады,

– деп Қадыр ақын жырлағандай қазақ халқына тән дәстүрлердің бірі – қонақжайлылық. Қазақ халқының қонақжайлығы туралы ХІХ ғасырда Ресей зерттеушісі Виктор фон Герн былайша баға берді: «Жалпы алғанда, қазақтар осы уақытқа дейін жылы жүзділігімен, қайырымды ақкөңілділігімен және қонақжайлық қасиетімен таңғалдырады. Мұның өзі олардың сүйегіне ежелден сіңіп кеткен керемет асыл қасиет» [2;3]. Қонақжайлық қазақтың

ежелден қалыптасқан табиғи мінезі болып табылады. Жол жүріп келе жатқан адамның кез келген, тіпті өзі танымайтын адамның үйіне қонып шығуға құқығы бар. Мейманға ас беріп, әр түрлі қызмет көрсету мүлде тегін жасалады. Тіпті мейман өзін жақсылап күтуді талап ете алады. Ел арасында «Өз үйінде таудай дауынды айтпа» деген қағида қалыптасқан. Бұл дегеніміз келген қонақ қанша жерден жауың болса да, оған сый – құрмет көрсетуге деген міндеттілікті білдіреді. Қазақ халқы өте қонақжай халық. Өзі қонақ күтуде де, қонақ болып ел аралауда да алдына жан қоймайды. Қонақжайлылық, қонаққа шақыру – өзіндегі несібе, ризықпен бөлісу, қолыңнан келген құрметті, бақытты қайтарымыз сыйлау. Бұл іс екі жақтың арасындағы татулықты нығайтады. Пейілі ақ, әрі кең адамдардан ғана қонақжайлылықты күтуге болады. Қазақ «Қонақпенен бірге құт келеді» деп ойлаған, соған сенген халық. Қонақ тандап қонған, оны қарсы алуға талас та туған. Қазақ қонақ құдайдан деп есептегендіктен, ақ батасын алып қалуды ырымдағаны мәлім. Өйткені, шынайы ықыласпен, үлкен ризашылық сезіммен берілген бата, ізгі тілектер періштелердің құлағына шалынады. Қонақтың орыны – үйдің төрі болып есептеледі. Қонақтар үйге сәлем беріп кіргеннен кейін, ертеректе келген қонақ қамшысы мен сырт киімін кереге басына іліп, аяқ киімін оң жақ босағаға шешіп, төрдегі жаюлы тұрған сырмақ үстіндегі көрпеге барып отыруға тиіс болды. Қонақ өзін таныстыруға асықпайды, үй ішіндегілер де оның аты-жөнін, жұмысын тергеп сұрамауға тиісті. Өйткені ол – көргенсіздік болып саналады. Келген қонақ аты-жөнін айтқанымен, жұмысын айтқысы келмесе, оны ешкім де жазғырмауға міндетті. Осы қонақтың үстіне сырттан тағы да қонақтар келіп қалса, жасы кішісі жасы үлкенге ығысып орын береді. Қонақ шөлдеп келсе, оған ең әуелі қымыз ұсынылады, сосын барып шәй, ас береді. Бойжеткендер шыны аяқты салдырлатпай, өте әдептілікпен шай құйып береді, қонақтардың әңгімесіне араласпайды, оларға тіктеп қарамайды, орынсыз ыржалақтап күлмейді. Мұның бәрі – ежелгі заманнан бері қонақ шақырып күткенде бұлжытпай орындалатын әдептер. Қазақ халқы «Адам болар бала қонаққа үйір» деп айтады. Қазақтар ұл-қыздарына қонақ күтуді жас кезінен бастап үйреткен. Себебі, үйдегі балалар келген қонақтан әр түрлі хиса – дастандар, болашақ өміріне керек болар пайдалы кеңестер естіп өзін рухани тұрғыдан байытады.

Қазақ халқы келген қонаққа арнайы түрде мал сойып, табақ тартады. Табақ тарту әдісі қатаң сақталады. Бас табақ – жасы үлкен қарттарға, аса сыйлы қонақтарға тартылады. Оған салынатын кәделі мүшелері: бас, жамбас, ортан жілік, сүбе қабырға, қойдың ұлтабары; жылқы етінен: қазы, қарта, жал, жая. Жастар табағының ең кәделі жілігі – асықты жілік пен төс. Асықты жілікті әдетте күйеудің жолдасы не қыздың жеңгесі кеседі. Төсті күйеубалаға ұсынады.

Тағы бір қазақ халқының қонақжайлығын айқын көрсететін белгі – соғым. Құрметті қонаққа немесе жақын-жуыққа арнап соғымның етін сыбаға ретінде сақтап, оны ұсына білген. Байырғы кезде әжелеріміздің

арнайы ет сақтау әдістері болған. Мысалға, соғымның етін күбінің түбінде сүрлеп сақтаған. Күбінің ең бір жақсы қасиеті етті жібітпей, тұзын өз бойында сақтайды.

Келген қонаққа жасалатын сый бұнымен аяқталмаған. Үй иесі «Орамал тон болмайды, жол болады», - деп келген қонақты қонақ кәдесіз қайтармаған. Алғаш келген сәбиге де сый – құрмет биік дәрежеде көрсетіледі. Оған арнап ірі-қара малында атап жатады.

Ел арасында қонақ күтуге байланысты аңыздар кеңінен етек алған. Солардың бірі, кез – келген жолаушының қазақ үйіне келгенде, «бөлінбеген еншіні» талап етуі халық арасында дәстүрге айналған. Бұл дәстүрдің шығу төркіні халық аңызы Алашқа байланысты. Алаш қартайған шағында өз еншісіндегі барлық төрт түлік малын теңдей төртке бөліп, үш бөлігін өзінің үш ұлы Ұлы, Орта, Кіші жүзге бөліп берген. Ал қалған бір бөлігін қонақ сыбағасы ретінде үшеуінің ортақ меншігіне беріпті. Себебі, жолаушы өзіне қажетті барлық ас – суын өзімен бірге алып жүруіне мүмкіншілігі болмайды. Сондықтанда, кез – келген қазақ отбасы жолаушыны тамақ, жылы орын және де басқа да қажеттілігімен қамтамасыз етуге міндетті.

Қазақ халқының қонақжайлығы өз кезегінде саяхатшылар, ғалымдар және де орыс чиновниктерін де тәнті қылған. Осыған бір дәлел ХІХ ғасырда қазақ жерінде болған неміс зерттеушілерінің бірі Ф.Ф.Хельвальдта былай деп жазды: «Қырғыз-қайсақтар барынша қонақжай мейірімді болып келеді. Олардың киіз үйінекіріп жайғасқан кез-келген жат жерлік адамныңөзімді біреулер тонап немесе өлтіріп кетеді-ау деп қауіптенбей, алаңсыз ұйықтай беруіне әбден болады». Қазақ халқының қонақ күту дәстүрі ағайын – туыс, көрші – қолаңның ара-қатынасын беріктей түседі, жас ұрпақтың жастайынан көпшіл әрі үлкенге құрмет, кішіге ізеттілігін арттыруда тәрбиелік маңызы зор.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Машанов А. Өнер мен ғылымның тоғысқан шұғыласы //Жұлдыз, № 9, 1975.
2. Виктор фон Герн «Обычаи и традиции казахского народа» //Статья из газеты Республика от 5 ноября 2011г.3б.

К. Исабаева*руководитель пресс-службы музея***А. Алимхожина***арт-менеджер**Государственный музей искусств**Республики Казахстан имени А. Кастеева*

МУЗЫКАЛЬНЫЕ ВЕРНИСАЖИ МУЗЕЯ КАСТЕЕВА К НАУРЫЗУ

Государственный музей искусств им. А. Кастеева – крупнейший художественный музей страны и Центральной Азии регулярно работает над модернизацией своей деятельности и внедряет как новые технологические методы: веб-сайт, социальные сети, аудиогиды, QR-коды, 3D-галерею; так и методические, такие как инновационные методы подачи искусства, квест-игры, мастер-классы, арт-лаборатории и другие.

Регулярно проводимые раз в месяц Музыкальные вернисажи, которые организует центрменеджмента и внешних связей музея (куратор – Клара Исабаева, арт-менеджер – Акбота Алимхожина), относится к подобным инновационным методам.

Музыкальные вечера в залах с уникальными произведениями искусства и роскошными интерьерами популярны во всем мире. Так музей-загородная резиденция Шенбрунн в Вене проводит вечерние концерты Моцарта в дворцовой обстановке с изысканным ужином и винами. В Эрмитаже и Музее изобразительных искусств им. Пушкина, как и в загородных музеях-усадьбах Петербурга и Москвы, классические концерты не только не редкость, но и могут быть приурочены к определенной выставке, как «Клавесинный концерт» по произведениям Иоганна Якоба Фробергера (1616-1667) к выставке «Младшие Брейгели» в Музее им. Пушкина.

Идею о проведении музыкальных вечеров-вернисажей выдвинула директор музея, профессор Гульмира Шалабаева, пожелавшая внести новые формы в работу музея и предложить нашим почитателям что-то неординарное и инновационное. Концепция нашего мероприятия включает объединение музыкального и изобразительного искусства определенной эпохи – в связи с этим залы музея подбираются соответственно музыкальной программе вечера. Так полифонические произведения Иоганна Себастьяна Баха струнный ансамбль AdLibitum исполнил в зале Западной Европы 16-19 веков на фоне работ художников эпохи Ренессанса, барокко и академизма. Произведения Прокофьева, Чайковского и других русских композиторов пианистка Майя Сепп и виолончелист Муса Керимбаев представили в зале русского классического искусства. В этом же зале прозвучала оперная русская классика, романсы и редкие арии из оперы Рубинштейна «Демон» в исполнении ведущих солистов Алматинского

театра оперы и балета Андрея Трегубенко и Клавдии Потемкиной. Ведущая оперная прима Астана Оперы Дина Хамзина выступила на музыкальном вернисаже в зале временной выставки Гульфайрус Исмаиловой, а молодой саксофонист Ярослав Фридман с джазовыми композициями в зале временной выставки «Алма», посвященной символу города – яблоку. На вечере не только исполняется музыка, но и рассказывается об экспонатах зала, где проходит концерт.

Еще одной важной особенностью музыкальных вернисажей является то, что они всегда приурочены к важнейшим датам нашей страны. Наши декабрьские вернисажи, например, всегда посвящены Дню Первого Президента и Дню Независимости. На Музыкальном вернисаже в декабре 2015 года выступили лауреаты международных и республиканских конкурсов кобызистка Акерке Тажибаева и виолончелист Салауат Карибаев. Они исполнили народные кюи «Акку», «Коныр» Коркыта, «Кертолгау» Ыхласа, «Каракемер» Шильдебаева и другие.

Музыкальный вернисаж декабря 2016 года «Казахский вальс» представил творчество лауреата республиканских конкурсов, ученицы Бибигуль Тулегеновой – оперной певицы Аколтын Бекболатовой. В программе вечера прозвучали арии из опер «Кыз Жибек» Евгения Брусиловского, казахские и русские песни, «Казахский вальс» и «Соловей» Латифа Хамиди, «Қимаймын сені» Омирбека Байдильдаева, «Нурлытаң» Ескендира Хасангалиева, «Самара», «Весенний вальс» Александра Зацепина и другие. Концерт прошел в зале изобразительного искусства Казахстана на фоне триптиха Гульфайрус Исмаиловой с портретами легендарных прим Алматинского театра оперы и балета – Шары Шиенкуловой, Куляш Байсеитовой и Шолпан Жандарбековой. В перерыве концерта куратор музыкального вернисажа, руководитель пресс-службы музея Клара Исабаева рассказала о творчестве Гульфайрус Исмаиловой и пригласила гостей на презентацию художественного альбома о династии Сидоркиных-Исмаиловых. Известный художник Вадим Сидоркин поделился воспоминаниями о родителях и их творчестве.

Одному из самых важных праздников года – празднику весны Наурызу уделяется пристальное внимание и тщательная подготовка. Этот праздник связан с многочисленными казахскими традициями, и поэтому на музыкальный вернисаж марта или апреля мы всегда приглашаем исполнителей народной музыки. Дважды на этот праздник в музее давал концерт старинной этнической музыки этно-фольклорный ансамбль «Туран».

Для нас это была уникальная возможность рассказать о казахских народных традициях, декоративно-прикладном и изобразительном искусстве Казахстана.

Свой первый концерт, посвященный Наурызу, ансамбль «Туран» дал в нашем музее в апреле 2015 года в зале изобразительного искусства Казахстана на фоне триптиха Гульфайрус Исмаиловой. На примере

портрета Куляш Байсеитовой в роли «Кыз-Жибек» мы рассказали гостям о казахском устном народном творчестве, казахском эпосе, к которому относится и «Кыз-Жибек», о казахских жырши и жырау, знавших наизусть огромные тексты эпосов. Представляя ансамбль «Туран», мы отметили глубокую связь между старинной казахской музыкой, исполняемой ансамблем, и казахской устной литературой и эпосом. Благодаря этим традициям, передаваемым из поколения в поколение, до нас дошли удивительные музыкальные произведения древности. На примере портрета Шолпан Джандарбековой в роли Актокты, мы рассказали легенду о трагической любви народного акына Ахана Сера к красавице Актокты. Мы также обратили внимание гостей на цитату создателя многих опер по казахским эпосам Евгения Брусиловского «Я обязан всем казахскому фольклору».

Музыкальный вернисаж к Наурызу 2017 года прошел в зале декоративно-прикладного искусства Казахстана. На нем наши гости узнали о традиции отмечать Наурыз в Центральной Азии, его основных символах, ярко представленных в экспонатах этого зала музея и их орнаментах – о текемете Дымыс Камышевой (Западный Казахстан) с солярными кругами и разбегающимися лучами, символизирующими солнце и его непрерывное движение; двух полукругах этого текемета, олицетворяющих восход и закат как вечное движение солнца. Свастика и круг – это древнейшие символы солнца и Вселенной.

Еще один яркий пример символики Наурыза – красочный тускииз Т.Молдасбановой (Восточный Казахстан) с богатейшим цветочным орнаментом, олицетворяющий казахскую степь весной и все ее цвета. В богатой орнаментальной композиции этого ковра преобладают солярные розетки в сочетании с различными вариациями растительных элементов: стебли с листьями, трилистники, древовидные и цветочные мотивы, листья сложной конфигурации. Солярные знаки и флористические мотивы в казахском орнаменте олицетворяли ежегодное возрождение природы, жизни, являлись символами плодородия и пожеланием многодетности молодой семейной паре.

Наше прикладное искусство и народная музыка сохранили много народных традиций, их можно было и услышать, и увидеть на нашем музыкальном вечере к Наурызу.

Эта тема дает хорошие возможности для роста патриотизма молодого поколения, знания наших традиций и их возрождения в настоящем времени. Лауреат республиканских и международных конкурсов этно-фольклорный ансамбль «Туран» исполнил древнетюркскую и старинную казахскую музыку. Участники ансамбля - Максат Медеубек, Бауыржан Бекмуханбетов, Серик Нурмолдаев, Абзал Арыкбаев и Ержигит Алиев играли на таких старинных инструментах, как шинкилдек, шертер, жетиген, кыл кобыз, дангыра, кунтаяк, конырау, бугышак, сазсырнай и других, а Абзал Арыкбаев продемонстрировал древнейшее искусство традиционного горлового пения.

Мы обратили внимание гостей на то, что на самом деле каждый музыкальный инструмент имеет свою тембровую окраску, динамические особенности и определенный диапазон. Звучание этих национальных инструментов зависит от технологии их изготовления и материалов. Казахские музыкальные инструменты (домбыра, кобыз, сыбызғы, даңғыра, шертер, жетіген, шаңқобыз, ортеке т.б.) переходят из века в век, из поколения в поколение и являются нашим культурным наследием.

Мы также рассказали гостям, что в ряду всех этих инструментов самые главные - домбра и кобыз, прекрасные образцы которых экспонируются в нашем зале. Домбра – самый распространенный традиционный музыкальный инструмент. Ее звучание – теплое тембра, приятное к слуху и мягкое. Исполняемые на домбре кюи воспевают широту казахской степи и широту казахской души, казахского народа.

У казахов есть пословица -

Екі ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Нағыз қазақ, қазақ емес,
Нағыз қазақ – домбыра.

На одной из двух струн играй жестче, на другой – мягче, настоящий казах – это не казах, настоящий казах – это домбра. Так говорили акыны. Этот инструмент воспекает ценности наших традиций и менталитет из века в век.

А кыл-кобыз – древнейший казахский национальный инструмент 9-10 века, по легенде созданный Коркытата, который с тех времен не теряет своего значения. Это двухструнный смычковый инструмент. Среди национальных инструментов он имеет сакральное значение. Его смычок делается из конского волоса, по-казахски «кыл», поэтому он называется кыл-кобыз.

Оригинальность и самобытность этих инструментов установились очевидными с первых звуков композиций в исполнении «Турана»: формы их произведений приближены к образцам старинных инструментальных и вокальных сочинений, звучание необычно и завораживающе особенно в силу того, что музыкантами используются наряду с широко распространенными народными инструментами инструменты редко звучащие, даже в профессиональных коллективах.

Они исполнили:

- «Великий Туран - вечен» (слова Б. Бедельхана) - композицию об истории казахского народа от происхождения (гунны, саки) до сегодняшних дней - на всех стадиях своей истории мы всегда чтим своих предков;
- «Шабыт» («Вдохновение»), музыка: А.Райымкулова, обработка: ансамбля «Туран» - композицию состязания музыкантов;
- «Ортеке» («Горный козлик»), музыка: ансамбль «Туран» - древняя кукольная традиция казахского народа;

- «Бүркіт» («Орел»), музыка: ансамбль «Туран» - композицию, в которой через образ беркута передается воинский дух казахского народа, его воля к свободе и победе;
- «Ақсаққұлан» («Хромой кулан»), музыка: Кетбұға, обработка: ансамбль «Туран» - легенда о домбре;
- «Қаражорға» («Черный иноходец»), музыка: народная, обработка: ансамбль «Туран» и другие.

Если экспонаты декоративно-прикладного искусства рассказывают нам о жизни и традициях казахского народа, то произведения, исполненные на традиционных инструментах озвучивают нам философию жизни кочевника, внутренний мир души и темп скачки. В наше время очень важно восстанавливать такие национальные инструменты и произведения, исполняемые на них, в современной трактовке. Если в казахский кюях чувствуется жизнь кочевого народа и его искусство, широта Великой степи и ритм скачки; то в медленных музыкальных произведениях, которые обычно рассказывали жырау по вечерам – древние исторические события и внутренний мир, душа кочевника.

Выступление «Турана» соединило музыку и народное творчество, способствовало повышению ценности народных традиций. Возрождение музыкантами древней музыки и современная ее интерпретация способствуют сохранению нашей культуры. Каждый народ мы узнаем по его традициям, и таким путем он завоевывает себе уважение. Поэтому отношение к искусству должно быть на высоком уровне. Культурные мероприятия, исторические события, важные сведения не должны оставаться в стороне.

Музыкальные вернисажи пользуются большой популярностью у жителей Алматы и гостей города. Их посещают все возрастные группы населения от самых младших детей до людей преклонного возраста; представители самых разных этнических групп Казахстана – казахи, русские, украинцы, татары, корейцы, немцы, евреи и другие; зарубежные гости – сотрудники генеральных консульств, посольств и других международных организаций и бизнес-компаний из США, Германии, Турции, Кореи, Литвы, Венгрии, Франции, Египта и других стран. Некоторые гости посещают музыкальный вернисаж в течение всего года всей семьей – родители с детьми.

Музыкальные вернисажи в инновационной форме пропагандируют музыкальное и изобразительное искусство Казахстана и мировое наследие, культуру и традиции нашего народа, открывают публике талантливых исполнителей.

М.Т. Наурызбаева*Атырау облысы тарихи-өлкетану
музейінің қорын есепке алу
мұрағатшысы*

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақтың ұлттық киімдері – қазақ халқының қол өнері. Көне заман тарихымен бірге дамып, біте қайнасып келе жатқан бай қазына. Қазақ халқының қол өнерінің бір саласы киім тігу. Ерте заманнан күні бүгінге дейін өзінің қадір-қасиетін жоймай, қолөнерінің озық үлгісі ретінде ғана емес, әрі әсем, әрі ыңғайлылығымен де пайдаланудан қалмай келе жатқан қазақтың ұлттық киімдері әлі де аз емес. Осындай ұлттық нақышпен тігілген қазақ киімдерді ескінің көзі ретінде қарт аталар мен әжелер күнделікті өмірде киіп жүрсе, енді біреулерін қыз ұзату, келін түсіру тойларында да киюі көңіл қуантады. Бұл ата-бабамыз қалыптастырған салт-дәстүрлерді қайта жаңғыртып, ұлттық менталитетіміздің айқын көрінісі деп білеміз. Қоршаған орта мен климат жағдайлары, кәсіп шаруашылық негіздері мен жалпы тұрмыстық ахуал, халықтың әдет-ғұрпы мен табиғи талғамы қазақтың ұлттық киім үлгілеріне ықпал еткен. Ал халқымыздың сезімталдығын, аса зор эстетикалық талғамын аңғартатын қарқара, мұрақ, айырқалпақ, қасаба сияқты зерлі-кестелі бас киімдері бұрын бір елдің, кішігірім бір рудың ортақ мұрасы ретінде, қыз ұзатып, келін түсіргенде ғана басына кигізетін, қадесіне лағыл, жақұт, інжу, маржан, перуза, ақық секілді бағалы тастар, алтын-күміс шытырлар жалатылған, құйма төбелі сәукеле, тіптен кемер белбеу, кісе белдік, қыздар буынатын ширатпалы нәзік белдік, күмістелген таптаурын кебіс, көксауыр етік секілді, қолөнеріндегі мүлтіксіздіктің шегінен көрінетін заттардың, алтынмен аптап, күміспен күптелген алқа, тамақша, шолпы, бойтұмар сырға, білезік, сақина-жүзіктердің болғаны әсемдікке құштарлықты көрсетеді. Мұның өзі қазақы киімнің табиғатындағы екі жақтылықты-тұрмыс қажеті мен сымбатты болу қамын аңғартатын жәйт. Өйткені заттық өндірістің өзі, сайып келгенде, халықтың сезімталдық талғамымен біте қайнасып жататын құбылыс.

Қазақ халқының киімді солға қаусырылатын, шалғайына, етек-жеңіне оқа тігетін, кимешектің өңіріне, жақтауына кесте жүргізетін, сәбидің, қыз баланың, сал-серілердің бас киіміне үкі қадайтын дәстүр о баста табиғаттан тысқары, пайымдауға сыя бермейін сиқырлы-сығанақ күштердің, дәлірек айтқанда, жын, перілердің салқынын бойына тартып, пәле-жаладан, сұқық көзден, ауру-сырқаудан сақтайды деген көне түркі-қыпшақ заманынан қалған ескі ұғымнан туған. Бірақ бірте-бірте қазақша киінудің жөн-жобасына, киім кешекті сәндендіру жүйесіне енген. Мұны біз қазақы шапанның, сеңсең тонның шектен тыс айқара қаусырылатынынан, өңіржиексіз кимешектің-келіншекті, ал үкісіз тақияның-қыз баланы, әсіресе оның бұрымы жоғын ұсқынсыз етіп көрсететінінен де аңғарамыз.

Қазақы киімдерге қатысты зергерлік заттарға әр түрлі құстардың, жыртқыштардың, көбелектің, ағаштың, жер-судың, тау-тастың кескінін беретін дағдының ерте заманнан келе жатқанын және оның ежелгі сақ, үйсін тайпаларының мәдени жетістіктерін бойына сіңірген деп білеміз.

Қазақ киімдерінің түрі және үлгісі көп. Кейбірінің сырт көріністері мен атаулары өзбек, қырғыз ағайындардың киімдеріне ұқсас болғанымен, қазақтың киім пішімдері мен нақыштары өзгеше, таза ұлттық нұсқалы. Қазақ киімдерін күнделікті тұрмыстық және салтанаттық-сәндік деп екіге бөлуге болады. Салтанаттық киімнің бітімі сыпайылау, тігісі жатық, зерлі оқалы, кестелі, басына киетіндері көтеріңкі, аяқ киімдері шоңқима, биік өкшелі, қайқы тұмсықты, таптаурындаған, түрлі түсті қайыспен, таспамен өрнектелген, зерлі жіптермен кестеленген, сапалы маталардан мысалы, барқыт, масаты, мәуіті, шұға, жібек, бәтес, мақпал кездемелері, кәмшат, сусар, бұлғын, құндыз терілері, бұлан немесе бұғы күдерісі, жылқы шегірені сияқты маталарды пайдаланып, сәнді пішілген, оның үстіне салтанаттық киім-кешекте алтын, күміс жалатқан, қиыршықты, ширатпалы қапсырма, белдік алқа, шолпы, сақина, білезік болған. Ал күнделікті тұрмыстық киімдер шаруашылыққа ыңғайлы қарапайым үлгіде тігіліп, шекпен тоқымасы боз, кенеп, шыт, сәтен, сеңсең терісі, қолдан ұқсатылған тері-терсек, көн секілді қарапайым материалдар пайдаланған.

Халық шеберлері киім тіккенде іс тапсырушының талғамын, жас ерекшелігін, дене бітімін, бет әлпетін мұқият ескерген. Киім кешекті әр жерде мүмкіншілігіне қарай өзінше тіккенімен, бүкіл қазаққа тән түр ұқсастығын, пішімін, бояу-нақышын сақтап, әсіресе оны қыздар, әйелдер кейуаналар киетіндерін ажырата білген. Мысалға алсақ, қыздар белі қымталған, етек-жеңіне желбезек салған қос етекте көйлек, оқалы камзол киіп, беліне металл шытырлармен безендірілген немесе ширатпалы күміс белдік буынады екен. Ал кейбіреулері етек-жеңіне екі-үш қатар бүктесін берген, арқасы немесе белі бүрілген көйлектің сыртына камзол киетін болған. Жас адамға арнап тігілген киім-кешектердің әшекейі көп, ал кәрі және егде тартқан адамдардың киімінің өрнегі аз немесе мүлдем болмайды. Қазақта әсіресе бас киім ерекше қастерленген. Оны осы кезге дейін аса құрметті қонаққа шапан жауып, бөрік кигізетін дәстүрден аңғаруға болады.

Ер адамның бас киімі жергілікті жағдайда қолға түскен материалға байланысты әр түрлі болған. Оның ішінде көп тарағаны - бөрік. Ол төрт үшкілден төрт қырлы күмбез іспетті етіп пішіліп, арасына жүн салып астарланып, барқытпен, шұғамен, күдерімен тысталатын. Олар көбіне кәдеге жаратылған аң терілерінің атымен құндыз бөрік, пұшпақ бөрік деп атаған. Халық арасында елтірі бөрік, түлкі тымақ, малақай, еуропалық үлгідегі құлақшын да кеңінен тараған.

Қазақстан оңтүстігінің отырықшы қазақтары жазда арнайы басылған жұқа ақ киізден үшкілдеп, сүйірлеп пішілетін, тігісі қиылысқан жерлері қара жолақпен жабылатын, қайырмасы қара барқытпен тысталған қалпақ киген. Ал Батыс Қазақстанның шонжарлары көбін сәндік үшін аласа шошақ

бөріктің үстінен алтын зермен кестеленген шымқай күрең немесе қызыл барқытпен, қайырмасы жасыл мәуітімен тысталған биік қалпақ киген. Оны әр жерде әр түрлі атпен айыр қалпақ, сәукеле қалпақ деп атаған. Малшы жазда басына шұғадан немесе сәтеннен тымақ үлгісімен астарсыз үш бұрышты етіп пішілген, күмбезінің алдында арнайы күнқағары бар жалғабай, далбай сияқты су өткізбейтін баскиім киген.

Әйелдердің жасына және оның отбасындағы жағдайына қарай олардың бас киімдері де ерекшеленіп отырған. Бойжеткендер түрлі - түсті мақпалдан, жібек пен барқыттан тігілген, зер кестемен әсем нақышталған, төбесі жайпақ дөнгелек тебетей киген. Қыздар шашын көбіне қос бұрым етіп өріп, бас киімсіз-ақ жүре беретін болса, қыз бала күйеуге шыққан соң, самай шашын басқаға, әсіресе ер адамдарға көрсету күнә деп, ескі дәстүрге сай ақсаңнан тігілетін, кеудесін, иығын, жон арқасын жауып тұратын, жақтауы, өңірі, тамақ жағы кестеленген кимешек киетін. Әйел адамның бұл бас киімі ел арасында пішімнің үлгісіне қарай шылуым, сұлама, күндік, орама деген аттармен белгілі.

Әйелдер бас киіміндегі қалыңдықтың тойдағы бас киімі - сәукеле ең қымбатты болып саналады, ол бағалы металдармен, асыл тастармен, аң терілерімен барынша сәнделетін. Ертеректе қалыңдық сәукеленің орнына зерлі қасаба киген. Оған дәлел - қазақ тілінің лексиконында «қасабалы қалыңдық», «қасабалы келіншек» деген тіркестердің сақталып қалғаны. Жазба деректерде қазақ әйелінің осы бір керемет бас киімі өзімен аттас көне түркі (қыпшақ) бас киімінің негізгі элементтерін бойына сіңіріп бізге жеткен болса керек. Өйткені «қасаба» көне түркіше «алтын зерлі» деген мағына береді. Қасаба киетін қалыңдыққа әдейі арнап, оның стиліне сай алқа, шолпы, білезік, сақина-жүзік соқтырып, аяғына күмістен таптаурын кебіс тіккізген.

Қасабаның мандайына әр түрлі шатырлардан, інжу, маржан, перуза секілді тастардан тізілген дөнгелек табақшалармен бекітілген қыстырма ілінеді. Ал оң жағына, самайдың үстіне туралап, мандайдағыдан ұзынырақ күміс қоңыраушалармен ұшталған бес-алты тізбектен тұратын салпыншақ қыстырылатын болған. Бұл жас келіннің жүйкесін жұбатады-мыс деген ескі ұғымнан туған түсінік болса керек. Қасабаға қалыңдық сұқ көзден аулақ болсын деп үкі қадаған.

Сәукеле мен қасаба бірте - бірте XIX ғасырдың аяғына қарай тұрмыстан шығып қалған. Әйтседе олардың қайсыбір нұсқалары бай әулеттерде сақталып, ғұрыптық бас киімдерге-рудың, тайпаның меншігіне айналғандықтан, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келген. Оларды ұзатылған қызға, түсетін келінге киелі бас киім ретінде кезектесе кигізетін әдет пайда болған.

Әйелдердің көйлегі иығына тігіс түспейтін етіп пішіліп, жалпақ қайырма жағалы, жендері ұзын етіп тігілген. Кеуде тұсындағы өңір қақпағына кесте төгілген. Қыздардың немесе жас келіншектердің көйлектері пішімі жөнінен де, матасы жағынан да жасы үлкен әйелдердің

көйлектерінен өзгеше болған. Ол етегі бүрмеленіп, түймеленетін қатырма жағалы етіп тігіледі. Қай жастағы әйел болса да, көйлектің сыртынан фабрикалық матадан тігілген кәзекей киеді. Кәзекейдің сыртынан үлгісі жағынан ер адамдардың камзолынан өзгешелігі жоқ женді камзолдар болып келеді. Қыз балаға өз қалауымен кестелі немесе қос етектегі көйлек киюдің ешқандай сәлекеттігі болмаса, екі үш баланы өмірге әкелген, егде тарта бастаған әйелге шымқай түсті матадан тігілген, кестеленген немесе қос етек салынған көйлек кию ерсі көрінген.

Балалы әйелдер мен кейуаналар астарланған, тік жағалы көйлектің үстіне камзол, басына жаулық ораған кимешек, аяғына етік немесе кебіс-мәсі киіп, сырт киімінің қаусырмасын айқара, белбеумен буынатын болған. Былғарыдан жасалатын жалпақ кемер белдіктер күміспен күптеліп, алтынмен апталып, қымбат бағалы тастармен және түсті шынылармен әсем әшекейленіп отырды. Кемер белдіктің зергерлік нақышқа бай қапсырма метал доғабасы немесе жылтыр танадан орнатылған ілгегі болған. Қалыптасқан дәстүр бойынша қыз дәуренінің белгісі іспетті белдік таққан да ұқыптылықпен безендірілген. Қыз бала үшін белдігін жоғалту арынан айырылғанмен бірдей болған.

Қыс кезінде әйел адам көбінесе арасына түйе жүн салып көктелетін қаптал шапанға, пұшпақ ішікке, астары жүннен бастырылып, тысымен бірге көктелетін күпіге оранып, басына кимешек киген немесе жаулық, орамал таққан. Әйел адамдардың ішігі ер адамдар ішігінен қайырма жағасымен ерекшеленеді.

Қазақтағы ер адамның киімі әйел адамның киіміне қарағанда біркелкілеу болып келеді. Жейдені, қаптал шапанды, түйе жүн шекпенді, сеңсең тонды барлық жерде бірдей киген. Ал жалпыға тән ер адамның киім-кешегінде көйлектен басқа бешпет, шапан, шалбар, сондай-ақ бөрік, қалпақ, тақия секілді бас киімдер, көксауыр, саптама етік, кебіс-мәсі болған. Осындай ер адамдардың киімі ғасырларды артқа салып бізге жеткенімен, оның құрамында, пішімінде, тігісінде уақыт талабына сай әр түрлі ұрпақ енгізген сапалы өзгерістер болып келгені хақ.

Жігіттің киімі әсемдігімен көз тартатын болған. Олар ойық немесе тік жағалы жібек көйлектің, жүріп-тұруына ыңғайлы етіп, жалпақ қайырма жаға салып, етегін біршама ұзындау көйлек киетін болған. Балағын көк сауыр етіктің қонышына салатындықтан, дене бітімін сымбатты етіп көрсететін шалбардың үстінен дене тұрпатына мығым қонатын күдері, барқыт немесе мәуіті бешпет, басына зерлі тақия, мұрақ, пұшпақ бөрік киіп, иығына түйе жүн шекпен немесе шапан жамылады екен. Ер адамдардың сыртқы киімінің кең таралған түрі шапан болды, ол көп жағдайларда фабрикалық маталардан тігілетін. Ал ауқатты қазақтар түрлі –түсті бұхара жібегінен, барқыттан қымбат матамен әдіптеп тігілген шапан киетін болған. Шапандар жазғы және қысқы болып бөлінеді.

Егде тарта бастаған ер адамның киім-кешегі әдетте жігіттің киіміне тән элементтерден тұрғанымен, пішімі молдау, шалбары кеңдеу болып тігіледі.

Қарттардың киімі мейлінше қарпайым, көбіне көктеп тігілетін және әшекейсіз болған. Ауқатты қарттар, әсіресе олардың ішіндегі аңшылықпен айналысқандары көкірекшенің үстіне күдері бешпет, жарғақ тон, жарғақ шалбар киіп, сыртынан кісе белбеумен қаусырылатын болған.

Ер адам қыс мезгілінде күпі, сенсең тон, түлкі немесе қасқыр терісінен тігілген қаптал ішік, аяғына киіз байпақты саптама етік, басына тымақ, малақай киген. Бұлардың ішінде әсіресе түйе жүннен немесе қой жүнінен бастырылып, шұғамен тысталатын күпі малшы киімінің ертеден келе жатқан үлгілерінің бірі болған.

Ер адамдар көбінесе оң мен солға ажыратылмайтын етік киген. Бұл үнемі бір аяқтан екінші аяққа ауыстырылып, ұзағырақ киюдің қамынан туған жағдай. Ал оңға солға ажыратылған аяқ киім қазаққа тек соңғы кездерде, дәлірек айтқанда, ХХ ғасырдың шамасында ғана, еуропалық аяқ киім ықпалымен тарала бастаған.

Баланың киімі, нәрестеге арнап мақта-матадан (шыт, бөз) ұзынырақ, иық жармасынсыз, әдіптелмей тігілетін ит көйлекті, арасына жүн салып көктелетін жұмсақ кеудеше мен шалбарды қоспағанда, негізінен ересектердің киім-кешегін қайталайды. Мұның өзі баланың тезірек ер жетсін, деген ата-ананың игі тілегінен туған жайт болса керек.

Қазақы киімді қастерлеу әрі құрмет тұту елдің есейгенін, оның өскелең өмірін танытады. Оның қазақтану ісінде де, халқымыздың мәдени-тарихи өмірінде де елеулі орын алатыны даусыз. Өйткені қазақ киімі ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан, елдің ғасырлар бойы қалыптасқан сезімталдық талғамын, сәндікке, үйлесім бірлігіне, көркемдікке ұмтылған жасампаздығы мен шығармашылығының жетістіктерін бойына сіңірген құбылыс. Оның қай-қайсымыздың болса да ұлттық мақтаныш сезімімізді оятатыны хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жәнібеков И. Қазақ киімі. Алматы, «Өнер» 1996.
2. Кейкин Ж. Қазақы атаулар мен байламдар. Алматы, 2000.
3. Шаңырақ. Үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы, 1990.

Г.И. Дюсенбаева*ОҚО тарихи-мәдени этнографиялық
орталық директоры
мәдениет саласының үздігі***ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН АРТТЫРУ
ЖӘНЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІН БОЙЛАРЫНА
ДАМЫТУ**

Жастарды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – әр халықтың қасиетті міндеті. Отансүйгіштік, еліне жеріне деген шексіз адалдық сезім әр адамға туа бітпейді. Ол-адамның саналы өмірімен қабаттас қалыптасатын психологиялық, саяси, әлеуметтік құбылыс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының еліне, жеріне, өз тілі мен мәдениетіне, ұлттық құндылықтарына жеке қатынасын, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын сезім көрсеткіші болып табылады.

Елбасы Н.Назарбаев: “Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей болуы керек”- деп жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеуді басты мақсат етіп атап көрсетті. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өсетіндіктен, ұлттық тәрбиені ел болашағының дінгегі деп бағалаймыз. Қазақ халқы өз ұрпағын бесікте жатқан кезінен бастап- ақ өлең жыр мен әңгіме, ертегі, тақпақ тәрізді мәтіндік ұлағаттармен санамақ, жаңылтпаш сияқты ойындар арқылы тәрбиелеп отырған.

Қазіргі әлемдік жаһандану қозғалысы қарсаңында балабақшада тілі шыққан бала мектептен әріп танып, тәлім алып, орта білім, жоғары білім, магистратура, докторантурада білімін жетілдіре береді. Алайда ұлт болып ұйысқан елдің жаһандануға жұтылып, ұлттық құндылықтарынан айырылып жойылып кету қатері көңілді аландатады. Бағзы заманнан ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, бабалардың дана жолымен қорғап келген, көзінің қарашығындай сақтаған қайран тіліміз, дініміз, діліміз керексіз болып, ұрпақ өз тегін, салт дәстүрін ұмытса, қазақ ұлтының жер бетінен рухани тұрғыдан жойылғаны. Сондықтан баланың тәрбиесіне ықпал ететін негізгі төрт нәрсе: отбасы мен өскен ортасы, балабақша, мектебі мен достары өзара үйлесім тауып, адам тәрбиесіне сергек қараса ұлтқа қауіп төнбес еді. Кез келген ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы болуы керек. Сондықтан ұрпағымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын ойлайтын азамат етіп

тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәрбиені бойына дарытуда Елбасы Н. Әбішұлының: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намыс болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа»-деген сөздері әрбір елін, жерін сүйетін азаматтың бойтұмары болуға тиіс.

Біз – тәуелсіздік алып, еркін өскен өкелең ұрпақтың күәгеріміз, әлемнің кез келген халқымен терезесі де, білігі мен өнері де тең түсетін бақытты ұрпақтың тілеушісіміз. Осындай киелі бақытты сақтай білу үшін бізге керегі-өзіміздің ата-бабадан қалған салт-дәстүрімізге, әдет-ғұрпымызға, мінез құлқымызға адал болу. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрде жинақталған ата-бабалар өмір тәжірибесі арқылы қоғам өзінің даму деңгейіне байланысты қажет ақпаратты иемденіп, өзінің іс-әрекетінде, тұрмыс-салтында ұстануы керек. Келешегіміз үмітті болуы үшін, жас ұрпақ өткенді, ата-баба мұрасын білуі қажет және салт-дәстүрін жоғалтпай сақтаса, осындай белгілер әрбір ұлттың стратегиялық мақсат-мүддесі болуы тиіс.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі арқылы қалыптасқан ұлттық өмір салты бар. Өмір салты дегеніміз – әрбір қоғамның, ондағы әлеуметтік топтардың және жеке адамдардың белгілі жүйеде өмір сүру тәсілінің жиынтығы.

Ұлтымыздың рухани санасын оятып, болашаққа сенімін күшейтуіміз керек. Бұл - қазіргі ұрпақтың міндеті. «Ештен кеш жақсы» дегендей, ұлттық табиғи қадір-қасиетке оралуымыздың алғашқы қадамдары ретінде балабақшадан бастау керек. Кім де болса, қай ұлт болса да, өзінің өмірі барысында атадан балаға мұра болып келе жатқан салт-дәстүрден тыс қалмайды. Ұлттық тәрбие - қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашакорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы.

Өз Отанын, елін сүю, өз елінің патриоты болу – әр азаматтың қасиетті борышы. Қазіргі заманда әрбір жас ұрпақтың өзінің ұлттық, әлеуметтік тегін зерттеу, туған шежіресіне деген қызығушылығы байқалады. Сондықтан өз әулетінің тегін зерттеу кезінде балаға терең мағыналы қағидалардың мәнін түсіндіру өте маңызды:

- 1) әр адамның тамыры-отбасының, өз халқының тарихы мен салт-дәстүрінде, өлке мен елінің бұрынғы және осыған дейінгі тарихы;
- 2) отбасы-әлеуметтік ұйым, ұлттық салт-дәстүрлердің сақтаушысы;
- 3) отбасы бақыты-халықтың, қоғамның, елінің амандығы;
- 4) ұлттық салт-дәстүрлер ұлттық дүниетанымның қалыптасуына жол ашады;
- 5) ұлттық дәстүр – қазақ халқының өзіндік дәстүрлерін бойына сіңіре білетін, салт-дәстүрлерімізді ұғына білетін тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді;

6) ұлттық әдет-ғұрып бала бойына жастайынан өз халқының әдет-ғұрыптарынан әсер ала біліп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра білетін тұлғаны қалыптастырады;

7) ұлттық киім – қазақ балалары өз ұлтының ұлттық киімдерінің ұлттық ерекшеліктерін айыра білетін, ұлттық киімдеріміздің әсемдік, (сұлулық) ою-өрнектік сәнділігімен бағалы екендігін түсіне білу;

8) ұлттық мерекелер арқылы халқымыздың ұлттық мереке күндерінің мазмұнын, қадірін сезініп қолдай білуге талпынатын тұлға даярлау;

9) киіз үй жиһаздары арқылы халқымыздың әрбір тұрмыстық тұтыну үй бұйымдарының өзіндік құндылықтарын, оларды дайындаудың жолдарын оқи отырып қастерлей білетін тұлғаны қалыптастыра білуіміз керек.

Міне, осындай бағыттарды негізге ала отырып, біз өзіміз қызмет етіп отырған Облыстық тарихи-мәдени- этнографиялық орталықта ұлттық салт-дәстүрге ерекше көңіл аударып, жастарға ұлттық патриотизмді насихаттауды мақсат еттік. Биылғы 2017 жылдың еншісінде Алаш партиясының 100 жылдығына орай, «Жасасын, Алаш, жасасын!» тақырыбында кең көлемді іс-шара ұйымдастырылып Алаш арыстарының игі істерін қалың жұртшылыққа насихаттадық. Ұлттық дәстүрді насихаттау барысында халқымыздың қыз-келіншектерге арналған қолөнер зергерлік бұйымдарынан көрме ұйымдастырып және де әр бұйымның өзіндік ерекшелігі арқылы жүзік, білезік иесінің қандай әлеуметтік орын иесі екенін айтқызбай анықтайтын белгілерін жастарға таныта білдік. Сонымен қатар, «Ұлттық киім үлгілері» атты танымдық тәрбие сағаты өткізіліп, мектеп оқушыларына әрбір киім ерекшелігі, оның әлеуметтік мәні түсіндірілді. Бас киімнен бастап, киім үлгілерінің жас ерекшелігі, жыл мезгілдеріне байланысты, кәсібіне байланысты ерекше түрлері терең насихатталды. «Саятшылық өнер» тақырыбындағы көрме арқылы жастарға ата-бабаларымыздың асқан шеберлікпен пайдаланған аң аулауға арналған құралдары (қақпан, мылтық, қанжар, томаға) мен киімдері (тон, тымақ, етік, қыран құсқа арналған биялай мен тұғыры) және де бүркіт, қаршыға, ителгілерді көпшілікке таныстырылып, саятшылық өнердің қыр-сыры насихатталды. Орталығымызда түрлі салт-дәстүрге байланысты сайыстар мен байқаулар жиі ұйымдастырылып тұрады.

«Жер астында жатқанды қазбай қарап тіл табар» деп саналы сөзді сары алтыннан артық бағалаған халқымыз салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды, ұлттық құндылықтарымызды асыл қоймасындай сақтады. Өнерлі халық – өміршең халық. Демек, күні бүгінге дейін ғасырлар бойы дамып қалыптасқан халық ауыз әдебиетінен, халықтық салт-дәстүрлерінен, ұлттық педагогикалық ойлардан құралған бұл халықтық салт-дәстүрлеріміздің ғылыми-педагогикалық мәні өте зор екені рас.

Кешегі көшпенді тұрмысқа бейімделген дала халқы, бұрынғы «қызыл идеологияның» қыспағындағы бодан халық бүгінгі бұл күндері өркениет орталығы саналатын қала халқына айналып, сапалық жағынан көп ілгеріледі, бүтіндей аграрлық жағдайдан гөрі, индустриялық-инновациялық

мемлекет құруға көшіп отыр. Қазақ халқы – «Мәңгілік ел» ұлттық идеясымен қаруланған тәуелсіз халық. Қазіргі кезде әлем жұртшылығы ұлы реформатор, ұлт лидері деп таныған Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың тікелей бастамасымен Үкімет осы бағытта үлкен мемлекеттік бағдарлама жасап, барлық деңгейдегі билік өкілдері елдің индустриялық-инновациялық даму жолына түсуін қатаң бақылауына алып, жіті қадағалап отыр. Түсінген адамға мұның түпкі астарында да мемлекеттік идеядан туындаған ұлттық мүдде, ұлттық ұстаным жатыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевегеменді және тәуелсіз Қазақстан үшін жаңа идеологияның қажеттігін тұңғыш негіздеп, осы идеологияның негізгі жолдарын бөліп көрсетті: «Мемлекеттік идеология деген сөздің ауқымы әлдеқайда кең, мазмұны терең. Бұл идеологияның басты мұраты – тәуелсіздігімізді баянды ету, мына шырғалаңы мол дағдарыс кезеңінен елді аман-есен алып өту, осыған дейінгі ғасырлар бойы жасалып келген рухани байлықтарымыздың қайнарларын бұзбай, оны өрісі кең әлемдік өркениетке ұластыру болса, аса маңызды идеологиялық міндет – қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру».

С.С. Шутенова

магистр, аға оқытушы

Д. Карабаева

4 курс студенті

«Болашақ» Академиясы, Қарағанды қ.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Кез келген ұлттың толыққанды ұлт болып қалыптасып дамуы үшін оның ұлттық санасы, ұлттық құндылығы және ұлттық мүддесі болуы керек. Олай болса, ұлттық сана, ұлттық құндылық, ұлттық мүдде деген ұғымдарға талдау жасайық. Біріншіден, ұлттық сана дегенде біз ұлттық идеология, психология, менталитет, патриотизм, тәрбие мәселелеріне тоқталуымыз қажет. Өткенімізге көз жүгіртсек, қазақ халқы өз алдына дербес мемлекет болып, көшпенді өмір сүргенде рулық сана басым болды. Ата-бабаларымыздың аталас, рулас болып топтасып өмір сүруі Ресейге отар болғаннан кейін де жалғасты [1]. Тек жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде большевиктік жүйенің басымдығы, тоталитарлық жүйенің интернационалдық идеологиясының салдарынан рулық сана әлсіреп, космополиттік сана күш ала бастады. Сондықтан ұрпақтарымыздың ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп, ел қамын, жер қамын ойлайтын азамат етіп тәрбиелеуіміз керек. Ұлттық тәрбиені ұрпақ бойына дарытуда Елбасы Н.Әбішұлының мына бір ұлағатты сөзі бағдарлам болмақ: «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық

жалғыз мемлекетінің нығайып, көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екеніңді ұмытпа!». Ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуы үшін ұлттық құндылығымыздың маңызы ерекше. Ұлттық құндылыққа – ұлтымыздың мәдениеті, әдебиеті, өнері, музыкасы, спорты, салт-дәстүрі жатады десек, қазақта «ата-қоныс» деген ұғым бар. Яғни, «ата-қоныс» қазақ үшін киелі жер болып саналады және осы көшіп-қонып жүрген жерлерінің тауы мен даласы, өзен мен көлдері, орманы мен құмы қазақ халқының аңыз-әңгімелеріне, өлең-жырларына, шығармашылығына арқау болған. Соның негізінде қазақ халқы өз алдына, тәуелсіз мемлекет болып өмір сүргенде оның тілі, мәдениетімен қатар әдебиеті де қалыптасып дамыған. Біздің ұлттық мұрамызда халықтың ғасырлар бойы басынан өткерген тарихи тағдыры, арман-мұраты, мұң-мүддесі жатыр. Қазақтың мәдени құндылықтарының ішінде ұлттық өнер ерекше дамыған. Өнердің дамуы негізінен сол ұлттың күнделікті өмір салтына байланысты халықтың тұрмыс- тіршілігіндегі қажеттіліктен туындайды. Сол сияқты күнделікті тұрмыс қажеттілігінен туындаған қол өнерін айтуға болады. Оның ішінде – ағаштан, теріден жасалған ыдыс-аяқ; жүннен, теріден істелінген киім-кешек; асыл тастармен әшекейленіп, алтын күмістен жасалынған зергерлік бұйымдар; кілем, алаша тоқу, киіз басу т.б. Мұнан басқа қазақ ұлтының рухани мәдениетіне байланысты – сөз өнері, күй өнері, сән өнері сияқты өнердің басқа да түрлері жоғары дәрежеде дамыған. Осы асылдарымыз қазақ халқының бірнеше ғасыр бойы Ресейдің бодандығында болып, өмір салтына өзгерістер енгеннен кейін (қазақтың төл ұлттық қол өнері) басқа рухани және материалдық құндылықтармен ауыстырылып, көбі ұмытылып кетерлік күйге жетті. Ұлттық құндылықтарымыздың бір тармағы – дәстүр. Дәстүр – ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттардың бірі. Алдымен «дәстүр» сөзінің мағынасын біліп қойғанның еш артықтығы жоқ. «Дәстүр» арабтың «дүстүр» деген сөзінен парсы тілі арқылы келген сөз. Егер мағынасына үңілсек «орныққан», «тұрақты» деген мағынаны білдіреді. Сондықтан ұрпағымызға сәби кезеңінен бастап ата-анасы, ұстаздары олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық дәстүрлерімізді бойына дарытып отыруға міндетті. Ұлтымыздың келесі құндылықтарының бірі – спорт. Қазақ халқы бұрын көшпенді мал шаруашылығымен айналысқандықтан оларда өзінің өмір салтына бейімделген спорттың түрлері қалыптасқан. Көбіне ол ойындар жылқы малымен байланысты – бәйге, көкпар, қыз қуу, аударыспақ, теңге алу т.б. болды. Сол сияқты, қазақша күрес, жаяу жарыс, асық ойындары, ойлау қабілетін жетілдіретін тоғызқұмалақ т.б. ойындар болды. Осылардың ішінде ұлттық ойындар жайында қазақтың ағартушы ғалымы Ж.Аймауытов: «...Баланың жасындағы икемдігі сыртқа шығуға ақылға сыймайтын ырымшылдық бөгет қылады. «Жер қазба, қора соқпа, жаман сұмдықты бастама» деп кейбіреулер баланы ойыннан тыяды. «Қарақұлақ ойнаса» қасқыр келеді деп сұмдық көреді. Әуелі асық ойнағанды әуейлік деп тыятындар бар. Мұның бәрі

баланың еліктегіштегінен, іске икемділігінен туады, үлкен кісі не істесе, бала да соны істеймін деп талпынады. Балаға «жер қаздырмаймын», «қаракұлақ» ойнатпаймын десе, үлкендер құдық қазып мал суарады. Қасқырдан мал күзетуді қою керек. Әйтпесе баланы тыю жолы емес, асық ойнаудың сан, есеп үйренуге, денесі оңтайлы болуға, ұйымдасуға, қоғамдық, әділдік сезімін күшейтуге зор пайдасы барын білген әке-шеше еш уақытта ойыннан тыймас еді...», – дейді [2]. Ғалымның ойын ары қарай сабақтар болсақ, спорттық ойындар тек дене шынықтыру, денсаулықты күшейту ғана емес, қоғамдағы адамның сана-сезімінің өсуіне ықпал етеді, саяси көзқарасы қалыптасады, бүгінгі техникалық артта қалушылықтың орнын толтырып, адамдармен қарым-қатынас жасау, белгілі бір ортада өзін еркін сезіну дағдысы қалыптасатындығы сөзсіз. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзінің бірі – ұлттық мүдде. Ұлттық мүдде дегеніміз – сол ұлттың рухани, әлеуметтік, қоғамдық дамуында шешуші роль атқаратын оның басты белгілері. Бүгінгі күні қазақ халқының мемлекет құрушы ұлт ретіндегі басты мүдделері – тәуелсіздігіміздің нығаюы, жеріміздің тұтастығы, тіліміздің дамуы, дініміздің сақталуы, салт- дәстүріміздің, тіліміздің өркендеуі. Сондықтан осындай ауыр жүк арқалаған ұлттық мүддемізді болашақ жас ұрпақ бойына сіңіру ұстаздар алдындағы абыройлы міндет. Ол үшін ұстаздар өз пәнін теориялық тұрғыдан жетік білумен қатар, өз ұлтының ғасырлар бойы тарихи қалыптасқан ұлттық тілі, ділі, діні, болмысы, психологиясы, менталитетін терең меңгеріп, ауыз әдебиеті үлгілері мен ақын- жазушылардың көркем шығармаларындағы айтылған айшықты ойларын сабақ үрдісінде де, сабақтан тыс жұмыстарда да үнемі басшылыққа алып, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы білім алушылардың бойына дарытып отыру керек. Оған дәлел Ж.Аймауытовтың төмендегі айтқан ой-тұжырымы болмақ: «Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматты көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елітіп отыр. Ұлт үшін қызмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр... «...Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын. Баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды». Ұлт пен тіл ешуақытта ажырамайтын, бірімен-бірі кірігіп, бөліп алуға болмайтын нәрсе. Ұлттың ең негізгі қасиеті – қабілетінде, ал қабілет ойлаумен байланысты, өз кезегінде ойлау деген нәрсені құрайтын– тіл. Осыдан тиісті қорытындылар жасауға болады. Ұлттың рухы тілдің мазмұнын рухтандырып тұрады. Рухсыз тіл – тіл емес. Мысалы, дүние жүзінде жасанды тілдер бар. Ұлттық рухтың ең бір абыройлы қызметі – тілді рухтандырады. Тілдің рухты бойына сіңіріп алып, ұлттық дүниетанымдық, психологиялық, басқа да толып жатқан ұрпақтан-ұрпаққа беріліп жататын қажетті қасиеттерін бойына жинаушы, кезең-кезеңімен кейінгі ұрпаққа жеткізуші құралға айналатын себебі де сондықтан. Ұлт пен тілді ажырату мүмкін емес». Осы пікірмен сабақтас классик жазушы Мұхтар Әуезов: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген,

қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады, себебі, ол қандайлық мамандық білімі болса, рухани ой-тәрбиесінде сыңар жақ азамат болады. Тегінде, қай мамандық саласында жүрген адам болса да, шын интеллигент дәрежесіне жету үшәдебиетті білу жалпылығы ортақ шарт. Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел «азған» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормандай ел бұрынғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер аз емес», – дейді. Алаш ардақтыларының бірі Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш. Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш» деп, өзінің ұлт тіліне деген құрметін, жанашырлығын білдіреді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдаланып үйренген, ноғайша оқығанда ноғай сөзінің жүйесіне дағдаланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін әр жұрт баласын әуелінде өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыландығын кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі ана тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқытуға тиіспіз» деп ұрпақтың ұлттық тәрбие алуының негізін айтса, Халел Досмұхамедұлы: «Баспа мен мектепте қолданған тіл елге ақырында сіңбей қалмайды. Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді; мектеп пен баспада қолданған тіл шатасқан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды» деп тілдің сақталуы мен дамуындағы мектептің ерекше рөлін атап өтеді [3]. Ұлттың болмысын, басқалардан ерекшелендіріп тұратын маңызды рухани табиғатын түсінген Алаш қайраткерлері әрқашан тіл мәселесін ұлттан бөліп қарамаған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егерде біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек қарнымыз ашпас қамын ойлағанда, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» десе, М.Шоқай «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл», М.Жұмабаев «Ұлттың ұлт болуына бірінші шарт – тіл. Ұлт үшін тілінен қымбат ешнәрсе жоқ» деген құнды ой-тұжырымдар жасайды. Қорыта айтқанда, бір үлкен ғалым айтқандай: «Келешек туралы көп уайымдап, келешекті жасаймын деп әуре болудың қажеті жоқ, келешек біздің ешқандай ісімізсіз-ақ өзінен-өзі келеді, бірақ келетін ертеңді немен толтырамыз, соны бүгін ойлау керек». Бүгіннің өте қажет екендігі даусыз. Өйткені келешек дегенің бүгін басталады. Келешектің түбірі бүгінде жатыр. Ал бүгіннің баюы, рухтануы, нығаюы – кешеге байланысты, кешегіні бүгінге алып келіп, бүгінді байытып, рухтандырса, бізден сұрамай-ақ келетін ертеңді дұрыс

мағынамен, мазмұнмен қарсы алуға дайындалуымыз керек». Сонда ғана біз ұлтымыздың алдындағы борышымызды адал атқарамыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. М. Жұмабаев. Педагогика. Алматы, Ана тілі, 1992 ж.-78 б.
2. Ж.Аймауытов. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том, Алматы. Ғылым, 2003ж. -265 б.
3. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы, Алматы, Ана тілі, 2010 ж.-39 б.

А.М. Садыкова
*Павлодар мемлекеттік
педагогикалық институты
Қазақстан және шет елдер тарихы
кафедрасының доценті, PhD*

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАСЫ

Еліміз тәуелсіздік алып, рухани жаңғыру жолына түсті. Ата-бабадан бүгінгі ұрпаққа мұра болып жеткен ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, оларды терең зерттеп, кеңінен насихаттауға мүмкіндік туды. Бүгінгі таңда өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берудегі басты міндеттердің бірі – ұлтжанды, елін сүйетін, халық дәстүрін құрметтейтін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өскен азамат тәрбиелеу болып табылатыны анық [1;2]. Ал, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудің бір жолы – халқымыздың бай ұлттық мұрасын, оның ішінде ұлттық ойындарды насихаттау болып табылады.

Ұлттық мұраны зерттеп жүрген ғалымдардың сөзіне қарағанда, ата-бабаларымыздан жеткен ұлттық ойындар тарихы қазақ жерінде біздің заманымыздан бұрын бірінші мыңжылдықта қалыптасып, халқымыздың көшпелі дәстүрлі шаруашылығымен байланысты дамыды [3]. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойындары ішінде «Асау үйрету», «Мойын арқан», «Алтыбақан», «Қазақша күрес», «Тауық күрес», «Білектесу», «Арқан тартыс», «Бәйге», «Аламан бәйге», «Тай жарыс», «Құнан жарыс», «Дөнен жарыс», «Жорға жарыс», «Аударыспақ», «Түйе жарыс» дегендері адам денесін ширатып, бұлшық еттерді қатайтады, төзімділікке, батылдыққа, ептілікке керек кезінде тез ойланып, ұтымды амал, ақылды шешім, әдіс таба білуге машықтандырса, «Қыз қуу», «Теңге салу», «Асық ойыны», «Алшын ойыны», «Омпа», «Асық тігіп ойнау», «Тас қала», «Хан», «Көкпар» адамды дәлдікке, мергендікке, ептілікке, жауапкершілікке, адалдыққа, шыншылдыққа, ширақтылыққа тәрбиелейді [4]. Аталған ойындармен бірге

қазақ халқымен ерте кезден бірге жасасып, келе жатқан ұлттық ойынның бірі әрі бірегейі – тоғызқұмалақ ойыны.

Тоғызқұмалақ – әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын, логикалық ойлау өнері болып табылады. Тоғызқұмалақ ойынының Қазақстаннан басқа Қырғызстанда, Өзбекстанда, Моңғолияда, Ресейде, Алтай, Қарачай-Черкесия елдерінде, сонымен бірге Түркия, Түркіменстанда ойналатыны туралы мәліметтер бар [5, 3; 6, 5].

Тоғызқұмалақтың пайда болу тарихына қатысты деректер ойынның нақты қай кезде шығып, қалай қалыптасқаны туралы толық ақпарат бермейді. Осыған байланысты мәдениеттанушы С. Ерғали зерттеушілердің пайымы бойынша ойынның 4-5 мыңжылдық тарихы бар екенін жазып, ағылшындық ғалым Э. Маккейдің түрлі құмалақ (шарик, тас) ойындарын 5 мың жыл бұрын тайпалық халықтарда ойналғанын жазып, осыған ұқсас африкалық овари ойынының шығу кезеңін зерттеушілердің 6 мың жылға апарып жүргенін келтіреді [7].

Тоғызқұмалақ ойынының шығу тарихына қатысты пікірді зерттеуші Ж. Базар: «Еуропа ғалымдары «мангала» деп айдар таққан тоғызқұмалақ іспеттес ойындар түркі тектес халықтардың көпшілігінде бар. Араб тіліндегі «мангала» сөзі қазақша «қозғау», «жылжыту» деген мағынаны білдіреді екен. Зерттеушілер мангала тәрізді ойындардың көптеген түрлерін анықтаған. Олардың ішінде, бізге мейлінше танымалы – қазақ тоғызқұмалағы мен араб және түрік мангаласы, қырғыз тоғызқоргоолы, сондай-ақ, африкалық овари, индонезиялық жонглак секілді түрлері. Негізінен, түркі тектес халықтардың арасында мангала тектес ойындар әртүрлі атауға ие. Мәселен, біз оны «тоғызқұмалақ», «қоздату» немесе «бестемше» деп атасақ, қырғыздар «тоғызқоргоол», «уымтуды», ұйғырлар «чакпелек», әзербайжандар «мәрікөшті», «гығымәтік», түріктер «түрік мангаласы» деп айдар таққан. Мамандардың айтуынша, олардың ойын барысындағы мақсаты бір-біріне сәйкес келгенімен, ережелері мен терминдерінде айырмашылық өте көп көрінеді. Бұл мәселе арнайы зерттеуді қажет етеді», – деп атап көрсетеді [8]. Зерттеуші Т. Сұлтанбеков та әр елдерде ойынның аталуындағы өзгешеліктер туралы айтады. Мысалы, тоғызқұмалақты қырғыздар – «тоғызқоргоол» десе, Ақтеңіз жағалауындағы кейбір көшпелі түрік тайпалары – «тоғызташ» деп атайтынын атап өтеді. «Коргоол» моңғол тілінде «құмалақ», ал «таш» сөзі – тас деген мағынаны береді [6, 5].

Көрнекті түрколог ғалым С. Аманжолұлы тоғызқұмалақ ойынының қазақ халқының ескі мұрасының бірі екенін және оның бүкіл Орта Азияда, әсіресе қазақ пен қырғыз халықтарының арасында кеңінен таралғанын айта келе, оның қашаннан келе жатқаны жөнінде анық мәліметтің жоқтығын хабарлаған болса [9], Б. Төтенаев: «Тоғызқұмалақ ойыны қай кезде, қалай қалыптасқаны жөнінде нақтылы тарихи деректер әзірше аз. Ал негізінде көшпенді қазақ халқының арасында дамығанын Қазақстан жерінде жартастардың, болмаса төбенің үстіндегі тегіс тас бетіне ойып салынған

тоғызқумалақ ойынының тақталары біздің осы ойымызды дәлелдей түседі. Мысалы, Қаратау қаласына таяу Ақшұқыр деген тас төбенің үстінде, тегіс тасқа тоғызқумалақтың отаулары мен қазандары қашалып салынған. Бұл табиғи тақтаны қай кезде кім жасағаны белгісіз. Ал жасау мақсаты белгілі, – деп тұжырымдады [10, 108].

Зияткер ойындарды зерттеуші ресейлік И. Землянская тоғызқумалақ ойынының түп тегін мысырлық калах ойынынан таратады. 2001 жылы шыққан «Домино, нарды, кости» атты еңбегінде: «Калах көптеген халықтарға таныс болған, әркім оны өзінше атаған және қосымша ережелер енгізген. Мысалы, қазақтарда калах – тоғызқумалақ, малак жартыаралында – джонгок, ал Шығыс Африка елдерінде – оуа деп аталады», – деп жазып [11, 180], ойынның, С. Ерғали сөзімен айтқанда, «түркі халықтарының төлтума мәдени өнім екеніне күмән келтіреді» [7].

Тоғызқумалақ ойынының шығу тарихына қатысты әлі күнге дейін осындай біржақты көзқарастың орын алып отырғанын А. Куватов «Қазақтың ұлттық ойыны тоғызқумалақ» атты еңбегінде атап өтіп, калах ойынының танылуының тарихына қатысты төмендегідей мәлімет береді: «1893 жылы Чикаго қаласындағы көрмелердің бірінде ежелгі кезде адамзаттың жартысы ойнаған, уақыт өте келе ұмытылып қалған зияткерлік бір ойынның ережелері жазылған тақташа ілінеді. Кейінірек осы ереже көпшілікке таныстырылуы үшін бірқатар американдық журналдарда жарияланды. Осы басылымдардың бірі 1905 жылы Вильям Чемпионның қолына тиеді. Ойынның негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтары жас американдық азаматқа қатты ұнайды және жастық шағында ойынды дамытуға деген құлшынысы болғанымен, ниетіне әрекеті сәйкес келмейді. 1940 жылы кексе тартқан шағында ғана ойынды дамытуға құлшына кірісіп, ойынға керекті құрал-жабдықтарды ағаштан жасап, айналасындағыларға үйрете бастайды. Зияткерлік ойынға Калах деген ат қояды (В. Чемпион Калахари елді мекенінде сол кезде де бұл ойынды ойнаушылар бар деп сенген) және көп ұзамай Америкадағы көпшілік ойнайтын қызықты ойындардың біріне айналады...Қазіргі кезде калахтың көптеген елдерде қауымдастықтары бар», – дей келе, «білмегендіктен соңғы кездері жарыққа шыққан еңбектерде бұл мәселе бір жақты көрсетілуде...Егер тоғызқумалақ ойынының пайда болуы қатарлас болса және ұлттық ойындағы кейбір негізгі ережелер Калахта жоқ болса, онда неге мысырлық ойын қозғалыс ойындарының түпкі тегіне саналуы тиіс. Міне осындай ойындардың ерекшелігін және даму тарихын түсінбей жазылған түрлі еңбектерде тоғызқумалақ өзінің лайықты бағысын ала алмай жүр. Жоғарыда айтқанымыздай, калах ойыны көптеген ғасырлар бойы ұмытылып қалып, ХІХ ғасырдың соңында ғана адамзат есіне түссе, ал, тоғызқумалақ ұрпақтан ұрпаққа ұмытылмай жетіп отырған», – деп қорытады [12, 4].

Сонымен бірге Б. Куватов «тоғызқумалақ» атауының оның екінші сыңарына («қумалақ» сөзіне – А.С.) байланысты заттық, тұрмыстық негізде біржақты түсіндіріліп, ойынның құндылығы мен қасиетін өз дәрежесінде

таныта алмай отырғандығын баса атап өтеді [12, 5]. Мысалы, XIX ғасырдың аяғында Жетісу қазақтарының тұрмыс-тіршілігін зерттеген орыс географы және этнографы А.Н. Краснов өзінің «Очерк быта Семиреченских Киргиз» атты еңбегінде «в перевод на русский тогузқумалак значит девять катышков баранего помета» деп жазғаны белгілі [7].

90-шы жж. жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектерінде «малшы математикасы» деп аталған тоғызқумалақтың бұрын далада кездесе кеткен екі малшының осы ойындағы «қазан» мен «отаудың» орынын жерді шұқып оя қойып, дорбаларында жүрген қойдың кепкен 81 құмалағын әр отауға тоғыз тоғыздан бөліп салып, бірден ойнай беретін болғандығы» жазылған [10, 108]. Осы тұрғыдан алғанда, Б. Куватовтың «қумалақты – қойдың нәжісі деп тоғызқумалаққа «қойшылар ойыны» деген қарабайыр тіркесті жамау – ұлттық ойынның мәнін өз дәрежесінде көрсетпейтінін» туралы тұжырым жасап, сонымен қатар, «тоғызқумалақ» сөзін жеке-жеке талдап, бұл сөздерді көшпенділердің наным-сенімдерінің негізінде қарастыру қажеттігін айтады [12,5]. Тоғызқумалақты бабаларымыздың үнемі құмалақпен ойнамағаны (қумалақпен ойнау қойшылардың мәжбүрлігінен туындаған), халықтың зиялы өкілдерінің сүйектен, ағаштан жасалған домалақ заттармен, жемістің дәндерімен ойнағаны белгілі [12,6]. Бұл ойынның тек «малшы ойыны» ғана болмағанын көрсетеді.

Деректерге сүйенсек, ақын Абай Құнанбайұлы тоғызқумалақты сүйіп ойнаған. Ақынға арналған энциклопедияда қызықты мәліметтер берілген: «Тобықтыда бес-алты ойыншы шықты. Солар: Көрпебай, Құттықожа, Қуаттың Құдайбердісі, Нақыштың Смағұлы дегендер еді. Абай осоларды кезек-кезек алғызып, кейде бәрін бір уақытта жиып, көп күндер бас алмай ойнап жатады» [13, 548]. Басқа дерекке сәйкес, ақын елге танымал болған Көрпебай деген тоғызқумалақшымен бір ойында екі күн, екі түн ойнағаны жазылады [14]. Зерттеуші Т. Баракұлы атап өткендей, ақын «Т-ты (тоғызқумалақты – А.С.) кім болса сонымен ойнамай, шебер ойыншыларды ғана таңдаған. Сол шеберлер ойынын жалпы жұрт қызықтайтын жүйелі жарысқа айналдыра білген. Ойын барысында әзіл-осапақ, әңгіме, бірқақпай жыр қақтығыстарына да ерік беріп, жиналған жұрт өнер-білім хақында, ел мен жер тарихына, ата шежіресіне байланысты біраз дерек алып қалатын болған. Ойынға қатысқандар үшін ресми болмаса да бәйге белгіленген. Оның шеберлерге арнайы жасатқан Т. (тоғызқумалақ – А.С.) жабдықтары әрқашан сайлауылы тұрған» [13, 549].

Хакастық тарихшы В. Бутанаев тоғызқумалақ ойынында түркі халықтарының бай тарихы, этнографиясы, ұлттық дүниетанымының барын атап өтеді [9]. Бұған дәлелді ойынның атауынан табуға болатын сияқты.

Тоғызқумалақ ойынының қазақтарда XIX ғасырдың соңына дейін «тоғызат» деп аталғаны туралы мәліметтер кездеседі. Бұған 1874 жылы «Туркменские ведомости» атты басылымда патшалық Ресейдің шенеунігі болған, қазақ-қырғыздардың этнографиясын зерттеген Г.С. Загряжский

жариялаған «Тоғыз ат» атты мақаласы дәлел. С. Ерғалидың пікіріне сүйенсек, ойынның осы атауы оның түпкі болмысына барынша жуық әрі шынайы болып келеді. Бұл пікіріне негіз болған – Н. Пантусовтың 1906 жылы жариялаған «Киргизская игра «Тогузкумалак» атты мақаласы. С. Ерғалидың тұжырымына сәйкес, бұл арада «ойын өзінің болмысынан ажырап «аттың» орнына «құмалақ» анықтаушының қосылғаны байқалып отыр» [7].

С. Ерғали бірқатар зерттеушілердің ой-тұжырымдарын талдай келе, ойынның «тоғызат» аталуын сақтардың әскери құрылымы, көшпелілердің аттылар қоғамымен байланыстылығын атап өтеді. Соған байланысты былай деп жазады: «Бұл Анақарысқа (сақ данышпаны – А.С.) дейінгі тоғызбасыдан тұратын сақтардың әскери құрылымын еске салады. Көшпелі жұрттың танымында аттылы адам ғана әскер, қарулы күш саналған және де тоғызат ойынының әр тасы сарбаздың рөлінде деп ұққан. Тоғызқұмалақ ойынының басты терминдері мен атаулары аттылар қоғамына тиесілі, әсіресе жылқыны дәріптейді» [15]. Зерттеушінің бұл пікірін толық түсіну үшін ойынға қатысты айтылатын негізгі терминдер мен атауларға тоқталған жөн.

Тоғызқұмалақ ойынының негізгі терминдері:

Құмалақ – ойында пайдаланылатын шар пішінді зат.

Отау – тоғызқұмалақ тақтасындағы құмалақтар орналасатын арнайы ұяшық.

Қазан – ұтып алынған құмалақтар салынатын көлденең отау.

Бастаушы – ойында алғашқы жүріс жасайтын ойыншы.

Қостаушы – бастаушыдан кейін жауап жүріс жасайтын ойыншы.

Тұздық – қарсыластың отауында жатқан екі құмалақты алғаш рет үшке толтырғанда алынады.

Атсырау – ойын соңына қарай жүрістің таусылуына айтады [5, 89-90].

Тоғызқұмалақ ойын тақтасының 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұратыны белгілі [16]. Бұл отаулар екі жаққа тоғыз-тоғыздан бөлінген. Ойыншының бірінің тоғыз отауына берілген атау екінші жақтың да отауларының аты болып табылады [12, 18]. Отау аттары төмендегідей аталады:

№9 отау – маңдай

№8 отау – көкмойын

№7 отау – қандықақпан

№6 отау – белбасар

№5 отау – бел

№4 отау – атсыратар

№3 отау – атөтпес

№2 отау – тектұрмас

№1 отау – арт.

Көрнекті түрколог ғалым С. Аманжоловтың ойындағы «18 отаудың іштерінде ойын басталмас бұрын тоғыз-тоғыздан құмалақ болады (барлығы – 162), олар жүріс үстінде ат деп аталады» – деп жазса [12, 7], «көкмойын»

деп аталатын отаудың атауына қатысты оның бейнелі сөз екенін айтып, «нақтылы көк мойын деп қазақ, көпке дейін ұстатпай ыза қылған, артынан ұсталғаннан кейін айлар бойы мойнына бұғалығы түспей, мойны көгерген жылқыны айтатынын» мәлімдеген [7].

С. Ерғали осындағы «атсырау» ұғымына ерекше тоқталып: «Ойында барлық отауы құмалақсыз қалған ойыншының ауыр жағдайын «атсырау» ұғымымен білдіреді, бұл – атсыз қалып жаяу қалу, сарбаздық мәртебеден ажырау дегенді білдіреді», – деп атап өтіп, ары қарай: «Егер де, ойын барысы атқа байланыссыз болғанда оны «құмалақ сырау» немесе «тассырау» секілді ұғымдармен беруге болар еді. Демек, ойынның басты атрибуты да ат болғаны және бір кезде «тоғызат» аталғандығы да осыдан көрінеді», – деп қорытады [15; 7].

Отау аттарының кездейсоқ қойылмағанын атап өткен Т. Сұлтанбеков әр отаудың аталуын төмендегідей түсіндіреді: «Алды тоғызыншы отау – Маңдай, Арты – бірінші отау, екінші отаудың Тект ұрмас аталуының себебі – онда құмалақ көп жатпайды. Бұл отау – қарсы жақтың шабуыл объектісінің бірі. Оған көбінесе «тұздық» жасалу қаупі туып отырады (тұздық дегеніміз – отау беру, яғни сол отадан айырылып қалу). Үшінші отау – Ат өтпес. Бұлай аталу себебі бұл отадан – ат, яғни құмалақ ешқашан айырылмайды. Төртінші отау – Атсыратар (жүрістің, құмалақтың таусылуы). Бұл отаудың атсыратар болып аталуының себебі – ойын аяғы осы отадан басталғанда, құмалақ тез таусылады. Сол сияқты ойын басында осы алғашқы үш отадан ойын бастаған ойыншы да жүрісі таралып, тез атсырауға түседі. Бесінші отау – бел. Нағыз орта болғандықтан, бел деп аталады. Алтыншы отау – Белбасар. Белбасар аталуының себебі – ойын басында бұл отаудың құмалағы қарсы жақтың беліне дәл жетіп жатады. Жетінші отау – Қандықақпан. Көбінесе есептен жаңылдыратын қауіпті отау. Бұл отаудың «тұздығы» позицияда үлкен осалдық тудырады. Сегізінші отау – Көкмойын. Қандықақпаннан кейінгі осал жер. Бұдан да «тұздық» беру аса қауіпті. Кейбір ойыншылар бұл отауды алқым деп атайды. Тоғызыншы отау – Маңдай. Бұл отаудың өзіндік қасиеті басқа отаулардан ерекше, яғни бұдан «тұздық» алынбайды» [12, 19].

Т. Құдияров тоғызқұмалақты әскери ойынға жатқызып, отаулардың орналасу ретіне қатысты өзіндік көзқарас ұстанады. Ойындағы 9 отау – белгілі бір мемлекеттің көшпенділер үшін қағанаттың құрылымы. Мысалы №1 отау – жаяу әскер. Бұл отаудағы құмалақ бірден жойылып отырады. №2 отау – шекара. Бұл отаудағы құмалақ үнемі шабуылға ұшырайды. №3 отау – қорған. Бұл отадан аттап өту үшін қосымша күштер (құмалақтар) керек. Алдындағы қос отауда құмалақ бір-бірден жатса, қорғаннан аттай алмайды. №4 отау – штаб. Артқы және алдыңғы шепті байланыстырады. №5 отау – уәзір орны. №6 отау – мұрагер (ханзада) орны. №7 отау – ханның сарайы. №8 отау – қор-қазына. Барлық дүние-мүлік, байлық осы орында сақталады. №9 отау – халық мекендейтін орын. Бұл отадан тұздық алынбайды [12, 19-20].

Тоғызқұмалақ ойынын «есеп ойыны» дейтін зерттеушілер оның себебін ойындағы тақ сандар мен жұп сандардың өзара тартысымен түсіндіреді. Өйткені отаулардағы құмалақтардың барлығы да тоғыз-тоғыздан, яғни тақ сандар. Ойын осы тақ сандармен басталады және ойынды заңды түрде қай ойыншының бастайтындығы жеребе арқылы шешілетінін атап өтеді [17].

Бүгінде тоғызқұмалақтың этноматематика ғылымының негізінде зерттелу қажеттігі туралы айтылуда [8]. Біздің ойымызша, бұл сөздің негізі бар. Бүгінгі таңда тоғызқұмалақ ойынын зерттеу ісі жалғасып, ойынның пайда болу тарихы, оның атауы мен терминдерінің мән-мағынасына қатысты түрлі ой-тұжырымдар толығып, жан-жақты талданып, зерттелуі қажет.

Бір анығы – ежелден бүгінге дейін қазақ халқымен бірге жасап, ұрпақтан ұрпаққа жеткен ұлттық мұрамыз – тоғызқұмалақ ойыны – көшпенділердің терең-философиялық дүниетанымын айғақтайтын қазақтың ұлттық дәстүрлі ойындарының ішіндегі бірі және бірегейі, бүгінде әлемдік интеллектуалдық ойындардың озық үлгісі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы, 1999.
2. Саматқызы Г. Ұлттық тәрбие – ұлттық мүддеміз // Ұлағат. – 2009. – № 3. – Б. 97-98.
3. Жолдасбек Д. Еліміздегі ең алғашқы ауқымды ұлттық жоба телекөрсетімдерге жол тартады. [Электронды ресурс] // <http://www.aikyn.kz>
4. Садыкова А.М., Касымова А.К. «Малшы математикасы» аталған сиқырлы ойын // «Тұлғаның әлеуметтік бейімделуін қалыптастырудағы ұлттық спорт түрлерінің рөлі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Том II. – Павлодар: ПМПИ, 2010.
5. Молдахметова А.Ш., Байзақова Н.О., Молдахметова Р.Ш. Тоғызқұмалақты үйрету әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 94 б.
6. Сұлтанбеков Т. Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 97 б.
7. Ерғали С. Тоғызқұмалақ – түркілердің логика дамыту ойыны немесе неге біреулер төлгума ойын екеніне күмән келтіреді ? [Электронды ресурс] <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=4272>
8. Базар Ж. Тоғызқұмалақ // Егеман Қазақстан. – 2015. – 29 шілде. [Электронды ресурс] <https://etjendi.egemen.kz/?p=52193>
9. Тоғызқұмалақ ойыны туралы пікірлер. [Электронды ресурс] <http://www.9kumalak.com/index.php/to-uz-mala-ojyny-turaly-pikirler>
10. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 144 б.
11. Землянская И. Домино, нарды, кости. – М.: Вече, 2001. – 153 б.

12. Куватов А.Ж. Қазақстың ұлттық ойыны тоғызқұмалақ: әдістемелік құралы. – Павлодар, 2015. – 31 б.
13. Абай. Энциклопедия / бас ред. Р.Н. Нұрғалиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
14. Мыңбаев Ж. Тоғызқұмалақ және дойбы ойындарынан республикалық біріншілік басталды. [Электронды ресурс] / <http://www.arnapress.kz/karaganda/sports/60355>
15. Ерғали С. Тоғызат пен Анақарыс дойбысы. [Электронды ресурс] / <http://abai.kz/post/view?id=11854>
16. Тоғызқұмалақ қағидасы мен ережесі. [Электронды ресурс] / <http://www.9kumalak.com/index.php/zhyldy-zhospar/509-to-yz-mala-a-idasy-men-erezhesi>

Алинов А.А.

*Новомирская средняя общеобразовательная школа
Железинский район, Павлодарская область
Магистр истории*

НАУРЫЗ – ПРАЗДНИК ОБНОВЛЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Традиции – это отражение сущности народа, показатель того, чем он живет, о чем думает, во что верит. Казахские устои также не являются исключением из этого определения. Они веками складывались из кочевого образа жизни и прошли сквозь время, пространство и все преграды, которые ставило перед ними время, и дошли до наших дней, некоторые в своем неизменном, а некоторые и несколько деформированном состоянии [1]. Но сам факт того, что сегодня казахский народ помнит и чтит пусть не все, но все же большинство своих традиционных обрядов, является несомненным плюсом и для дальнейшего развития казахстанского общества.

Независимо от того, что люди имеют сейчас, то, что было завещано им предками, безусловно, стоит особого внимания. Ведь не с пустого же места появились всевозможные верования, обряды и обычаи. С традициями народ передает из поколения в поколение свои знания и наблюдения, а молодежь, черпая эти наблюдения, делает свои выводы и, естественно, начинает относиться к миру уже не как новорожденный птенец, а как бывалый орел, многое повидавший и многое испытавший на своем жизненном пути.

Обычай казахов праздновать Наурыз — это дань древней традиции, которая берет свое начало еще с доисламской истории народов Средней Азии. Согласно Омару Хайяму она была заложена иранскими правителями и знаменовала начало нового года. Вот что писал в своем трактате

«Наурунаме» великий поэт: «Когда проходят четыре части большого года, совершается большой Науруз и происходит обновление состояния мира. Тот, кто в день Науруза празднует и веселится, будет жить до следующего Науруза в весельи и наслаждении» [2].

Ислам, проникший на территорию Средней Азии и Казахстана в X веке, не смог уничтожить ни Наурыз и его ритуалы, ни поклонение силам природы. Праздник Нового года — Наурыз у казахов получил название «Ұлыстың ұлы күні» — «Великий день народа». Он с давних времен отмечается с 21 на 22 марта, в эти день происходит обновление в природе, гремит первый весенний гром, набухают почки на деревьях, буйно прорастает зелень. Это происходит в момент, когда планета Земля располагается относительно Солнца таким образом, что длина светового дня становится равна длине ночи, «когда свет уравнивает тьму, и тьмы не будет больше света». Поэтому праздник традиционно воплощает — тепе-теңдік (букв. «тождественность; тождество») – баланс между днем и ночью, между зимой и летом, а значит и равновесие сил — в том числе, между природой и обществом [2].

Существует поверье, что «Наурыз» – символизировал «жанару», то есть обновление, когда в чистый дом и к чистому душой человеку придет счастье – «күт», «береке». Сегодня старики говорят: «Если Новый год войдет в чистейший дом, этот дом будет свободен от болезней и зла».

С этим поверьем связана древняя традиция встречи рассвета в канун празднования Науруза, «Если увидишь родник – расчищай его исток». Встречая рассвет, все взрослое население, молодежь и дети, взяв в руки лопаты и кетмени, собирались в условленном месте у родника или арыка и производили его расчистку. Затем все вместе под руководством почтенных стариков производили посадку деревьев. При этом по установившейся традиции произносились слова: «Пусть останется в памяти от человека дерево, нежели стадо» и «Срубил одно дерево – посади десять!». После исполнения ритуальных мероприятий три человека в образе «жыршы» – зазывалы (глашатая), обходили все улицы, площади, дворы и звали всех на праздник. Они одевались в яркие, праздничные костюмы. Ими могли быть персонажи казахских народных сказок – Алдар Косе, Жиренше и красавица Карашаш. После этого начиналось праздничное представление. Люди веселились, поздравляли друг друга с наступлением Нового года, желали друг другу добра, пели песни, которые издавна были сложены специально для этого праздника – «Наурыз жыр», устраивали борьбу мужчины с женщиной, состязания в скороговорках – «жанылтпаш», отгадывании загадок – «жумбак». В эти дни обычно готовилось много еды, которая символизировала достаток и изобилие в наступающем году.

У казахов при праздновании «Науруза» обязательным являлось присутствие числа «7», которое олицетворяет семь дней недели – единицы времени вселенской вечности: перед аксакалами ставились семь чаш с напитком «Наурыз-коже», приготовленным из семи сортов семи видов

злаков. В состав семи компонентов обычно входили мясо, соль, жир, лук, пшеница, құрт, ірімшік (творог).

Празднование «Наурыза» всегда сопровождалось массовыми играми, традиционными скачками, развлечениями. Самыми известными и любимыми в народе были игры «Айкыш-уйкыш» (то есть «Навстречу друг другу») и «Аударыспек», во время которой джигиты перетягивали друг друга из седла. Празднование не обходилось и без спортивной борьбы, участвовать в которой могли не только юноши, но и девушки. Девушка вызывала джигита на состязание с условием, что если он победит, то приобретет право на ее руку и сердце, а если победит она, то джигит должен повиноваться ей и выполнять любые ее желания.

История праздника «Наурыз» имеет непростую историю. В эпоху сложения советской государственности все национальное было признано несущественным, а все упоминания о традиционном наследии причислены к пережиткам древности. Так «Наурыз мейрамы» в 1926 году был отменен в Казахстане. Впервые после долгих лет забвения он праздновался в 1988 году и, как ни странно, получил широкий общественный резонанс. Официальное признание праздник он приобрел 15 марта 1991 года после выхода Указа Президента Казахской ССР «О народном празднике весны - «Наурыз мейрамы». Президент страны объявил 22 марта, день весеннего равноденствия, праздничным днем - «Наурыз мейрамы». С этого времени началось широкое празднование «Наурыза» по всей республике [4].

Безусловно, современные очертания праздника существенно отличаются от их прежнего содержания. Это не только театрализованные представления и богато убранные юрты, вкусно приготовленный наурыз-коже, но и проведение благотворительных акций, народно-спортивных игр, уход за зелеными насаждениями, посадка деревьев, очистка парковых и других зон отдыха, улиц и площадей.

В наши дни «Наурыз мейрамы» стал общенародным праздником весны, труда и единства. Сегодня этот праздник одинаково дорог всем народам, живущим в многонациональном Казахстане. Древний праздник Наурыз гармонично трансформировался в современную жизнь, сохранив преемственность традиций древности.

Список использованной литературы:

1. Абжан Г.М., Абылханова Г.А. Обычаи и традиции Казахстана [Электронный ресурс]. – URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/obychai-i-traditsii-kazahstana> (февраль 2017, свободный).
2. Цит. по: Сураганова З.К. Обмен в рамках весеннего празднования Наурыза у казахов: традиции и современность // Проблемы истории, философии и культурологии. – 2009. № 1. – С. 295.
3. Цит. по: Сураганова З.К. Указ.соч. С. 296.

4. Указ Президента от 15.03.1991 N 285 «О народном празднике весны Наурызмейрамы» [Электронный ресурс]. – URL: http://kazakhstan.news-city.info/docs/sistemsp/dok_perlzb.htm (февраль 2017, свободный).

ХУАНГАН ОНЕРБЕК

*І. Жансүгіров атындағы ЖМУ
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы
тарих магистрі*

5000 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Наурыз мерекесі әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. Орта Азия халықтарында бес мың жыл бойы аталып өтілуде. "Наурыз" сөзі парсы тілінен аударғанда "Жаңа күн" деген мағынаны береді. Бұл мереке Ислам дәуіріне дейін тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болып келеді. Наурыз мерекесінің туу тарихы турасында талас көп. Көбі ел аузындағы аңызға жүгінеді. Аңыздың өзі сан алуан. Дегенмен, аңыздың түбінен ақиқаттың бір ұшы қылт ететіні рас... Кейбір ғалымдар бұны зороастризм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Кейбіреулер Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр. Парсы патшасы Джемшид өз елінің аумағын аралап жүріп, Азербайджан атты мекенге тап болыпты. Осы жерде уәзірлеріне күнге бетке қаратып үлкен тақ орнатуды бұйырған екен. Күн сәулесі тақпен шағылысып, айналаға ерекше нұр шашыпты деседі. Содан кейін жұрт осы күнді жаңа жыл есебінде тойлауды әдетке айналдырған екен. Қалай болғанда да, бұл мереке XVIII ғасырға дейін Ежелгі Грекияда, Ежелгі Римде, Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген деген қызықты мәліметтер бар. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық Әбу Райхан Бируни, Омар һайям, т.б. еңбектерінде шығыс халықтарының Наурызды қалай тойлағандығы туралы мәліметтер мол кездеседі.

Шығыс жыл санағы бойынша, мереке ирандықтардың жаңа жылы Наврузбен жанасады. Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтар тойлайды. Тәжік халқы бұл мерекені "Бәйшешек", "Гүлгардон" не "Гүлнавруз", татарлар "Нардуган", бирмалықтар "Су мейрамы", хорезмдіктер "Наусарджи", буряттар "Сагаан сара", армяндар "Навасарди", чуваштар "Норис ояхе" деп атаған. Ежелгі жыл санағы бойынша, 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Өз Наурыз», «Өз болмай, мез болмас» деп қарсы алған [1].

Наурыз мейрамы – діни мереке емес. Бұл дәстүрлі мейрам. Ежелден бері көшпелі қазақ қоғамында көктемнің осы Ұлыс күні жыл басы саналған.

Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы «Наурыз көже» болған. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалған. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қыдыр аралайды. Ұлыс күні қазақ елі үшін әрқашан қасиетті, киелі саналған. Халық таза, жаңа киімдерін киген. Ауылдың ер адамдары бір-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады; әйелдер құшақтасып, бір-біріне игі тілектер айтады. Бірін-бірі мерекеге арнап дайындалған наурыз көже ішуге шақырады. Оған қойдың басы мен сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен (етпен) қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды білдіреді. Қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Наурыз мерекесінде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызгүл, Наурызжан, ер балаларға Наурызбай, Наурызбек, Наурызхан деген есім берген. 1926 жылдан бастап, тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салынды. Көп жылдар бойы ұмытылып, сынын жоғалтқан мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты. Наурыз мерекесі 1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің қаулысының негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын "Наурыз мейрамы" деп жариялады.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес, 21 наурыз "Халықаралық Наурыз күні" болып аталып келеді. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде "Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын" мәлімдеді.

Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

Көнекөз қариялар - салт-дәстүр сабақтастығының соңғы буыны. Ал 70 жыл идеология құрбаны болған мерекенің көптеген ырым-жоралғылары кейінгілерге таныс емес.

Ертеректе ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылған мынадай қызық дәстүр болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім бұған өкпелемеген. Күлімдеп көрінген күнге сәлем беріп, шаруаға кіріседі. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да жақсы ырым. Ұлыс - жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Бұл күнгі қайын ата мен келін, күйеу бала мен қайын ата арасындағы әзіл де

жарасымды. Жастар алтыбақан құрып, тойдың сәнін кіргізеді. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқыашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селт еткізер» рәсімін жасайды.

Тағы бір қызықыты дерекке тоқталсақ, ежелгі жыл санаушылардың есебінше, үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктем кезінде аспан етегінен көрініп, ал жазда тіпті батып кетеді екен. Бұл шақ қырық күнге созылып, оны халқымыз «қырық күн шілде» немесе «үркердің жерге түсуі» деп атаған. Көктем кезінде, яғни наурызда күн жолы үркердің үстімен өтіп, үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйіздері құсап күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Бұған орай халқымыздың «әлемді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұр» деген наным да бар. Өгіз етін арнайы нарқазанда балбыратып пісіреді. Нарқазанның тарихы да жақсы ырымдармен астасып жатыр. Ежелгі сақ дәуірінде халық арасын алауыздық жайлап, ел татулығын тұман басқанда көсемдер келісіп, үлкен қазан құюға шешім шығарады.

Алайда, қазан соғарлық мыс табылмай қалады да, бүкіл сарбаз жебелерінің мыс масағын жинатып, содан нарқазан құйдырады. Осы қазанда қайнатылған астан дәм алысқан араздасушылар өкпе-назын ұмытып, елде татулық орнапты делінеді аңыздарда. Осындай тай, нарқазандарда қалың қауымға дәм татқызу кейін үрдіске айналып, ол «шүлен тарту» аталып кеткен. Өгіздің шекесі ауыл ақсақалдарына тартылады. Бұл сыбағаның аты - «бел көтерер». Ертедегі дәстүр бойынша наурызнама тоғыз күн тойланатын болса, соның сегізінші күні «той тарқар» болады. Мұнда бұған дейін өнерін ортаға салып, оза шапқан дарабоздарға, қарсыласының жауырынын жерге тигізген балуандарға, тіпті тайы озып келген жас балаға да «ат тері» деп сыйлық берген. «Той тарқарда» жаңа көзі ашылған қайнардың суына қант қосып, оны қауым болып ішіседі. Көзі қарақтылар «салдама» аталатын кітапты оқытып, ақсақалдар бата береді.

Айта берсең, наурыздың жөн-жоралғылары өте көп. Қазақстанның төрт түкпірі түрліше тойлайды. Бірақ, қалай болғанда да, жақсылықтың аты – жақсылық, тойдың аты – той. Қазақ салты Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алудан – тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егу рәсімін өткізуден бастайтын. Қызықшылық онан әрмен халық ойындарымен «Айқыш-ұйқыш», «Ақ серек пен көк серек», «Алқа қотан», т.б., ән салып, би билеумен, ақындар айтысымен, «Қызғалдақ» мерекесімен, қазақша күрес, ат жарысымен жалғасып кете беретін де, түнге қарай «Алтыбақан» айналасындағы тамаша мен аяқталатын.

Наурыздан кейінгі 2-ші күні жұрт жаппай көктемгі егіске кірісетін. Малшы қауым да төл алуға қатысты іс-қаракетімен айналысатын. Наурызды кейінге қалдыра тұратын ауылдардың өзінде де мейрамнан кейінгі 2-ші күні жаппай егіске кірісетін.

Наурыздың 22 күні Наурыз мейрамы (жаңа жыл) екенін қазақ баласының көбі біледі. Наурыз туралы көптен бері, жыл сайын газеттерде

жазылып келеді. Бұл мейрам бүкіл ұлтқа ортақ. Тегінде Наурыз ұлт мейрамы болғандағының үстіне оның тарихи маңызының тереңдігі бар. Бізғарлы қыстың кетіп, жан йесі өмір қуатын туғызған жыл, жаздың келетіндігіне барлық жаратылыспен қатар қазақ елі де қуанатын. “Қыс бойы өлімнің есігін күзетіп, үңгірде жатқан кәрі құйрық, мертлік-шортықтар да қыбырлап дүниеде бар екендіктерін білгізе бастайтын, аурулар сауығамын деп, аттар тойынамын деп, жалаңаштар киімсіз де күн көремін” дегендей жұрттың бәріне үміт, әркім деп жылы шырай сезіне бастап” бәріміз де табиғаттың бергеніне ортақпыз”-дегендей сағынышты көрісулері, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алатын. Бүгінгі күні Самарқанның көк тасы да жібіпті” - десіп Наурыз күні пейілін кеңітпеген адамды тастан да қатты қылып шығарғысы келіп, аңыз қылысатын.

Ұлы рухты қазақ елі де, тарихи мейрамдарының Наурызды жаңа тұрмысқа лайықты мейрамдап өткізудің мағыналы дәстүрді сақтай отырып өзіндік жолын бұзбауымыз керек.

Дәстүрімізді дәріптеп, асыл мұраларымыздың бедерін айшықтауда орны ерекше бұл мерекені қазақ халқы «жақсылықтың бастауы» деп ұғады. Жас ұрпақ бойына осындай тарихы тереңнен келе жатқан дәстүрлі мейрамдарымызды сапалы түрде насихаттап жеткізіп отыру бүгінгі біздің басты міндетімі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. http://massaget.kz/arnayyi_jobalar/22-nauriz/9266/.
2. https://www.zharar.com/kz/referat/2881-meyram_mereke_refetat_22_nauryz.html © www.ZHARAR.com

М. Байтасов

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің ғылыми қызметкері

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ

Қазақтың дәстүрлі қару-жарақтары тарихы қазақ ұлтын құраған ру-тайпалардың байырғы қару-жарақ жасау ісінен бастау алады. Қазақ халқы қару-жарақ түрлеріне қылышты, найзаны, садақты, сауытты, шоқпарды жатқызған. Бұл жөнінде Қ. Ахметжановтың «Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері» атты еңбегінде: «Қару-жарақ түрлерінің бесеу болып қалыптасуы олардың өзіндік, бірін-бірі ауыстыра алмайтын жеке қызметінің болуына байланысты [1, 240 б.]. Соғыс қаруларының жұмсалы тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан. Олар – ату (садақ, мылтық), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (айбалта), соғу (шоқпар). Ал, басқа қарулар осы қарулардың түрленуі ғана. Сондықтан

айкаста бұл бес қару бірінің орнын бірі баса алмайды», - деп жазады. Ал, «қару» және «жарақ» сөздерінің астарына үңілу халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі қасиетті құралдың орнын анықтауға көмектеседі. Зерттеушілер бұл екі сөздің «қару» сөзі «қар» деген түбірден туындап, ұстау деген мағынаны білдірсе, «қару» қолға ұстайтын соғыс құралдарының ортақ атауына айналған. Ал, «жарақ» сөзіне байланысты пікірлер алуан түрлі, олардың кейбіріне тоқтала кетсек, мысалы М.Қашқаридің «Диуани Лұғат-ат түрік» еңбегінде «јагык-жарақ: шайқасқа киіп шығатын темір сауыт, қалқандардың кез-келгеніне қолданатын ортақ атау» деп көрсетілген.

Қазақтың қару-жарақтары, әскери өнері, сауыт-сайманы, көшпелілердің соғыс тәсілдері жайлы тақырыптарда көптеген ғылыми зерттеулер, танымдық анықтамалар жарыққа шықты. Қазақ қаруын этнографиялық тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірегейі, ғалым Ш. Уәлиханов болды. Ш. Уәлихановтың «Вооружение киргизов в древние времена и их военные доспехи» атты зерттеуінде және басқа еңбектерінде XVIII-XIX ғғ. қазақтың суық және от қарулардың түрлері мен типтерін, жасалу технологиясы, қазақ тіліндегі дәстүрлі кәсіби атаулары, олардың қолданылуы, қазақ халқының қару-жарақпен байланысты ырымдары туралы мәселелер қарастырылды.

Қазақ халқының қолөнерін зерттеуге арналған Ә.Х. Марғұланның, Х. Арғынбаевтың [2, 128 б.], Т.К. Басеновтың, С. Қасимановтың [3, 248 б.] еңбектерінде қолөнер түрлерінің әдістерімен жасалған заттар ретінде қару-жарақтардың жекелеген түрлерінің жасалу технологиясы, көркемдеу тәсілдері зерттеліп, оларға қатысты терминдер айтылады.

Халқымыздың діни ғұрып-салттары, тыйымдары, ырым-жораларына арналған Ә.Т. Төлеубаевтың [4, 211 б.], Қ. Ахметжанның [5, 216 б.] еңбектерінде тіршілік циклы салттарындағы қару-жарақтың да магиялық-ғұрыптық қолданысы айтылса, сонымен қатар, кейінгі уақыттарда шыққан Қазақ өнерінің тарихы көп томдығында қару-жарақтардың өнер ретінде жасалу тарихы, даму жолдары туралы айтылады [6, 392 б.]

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорында сақталған қазақтың дәстүрлі қару-жарақтарының түрлері дулыға, сауыт, қылыштарды айтуымызға болады.

Мұның ішінде жауынгерлік бас киім қазақ дулығаларына келер болсақ, жасалу әдісіне сәйкес бірнеше топқа бөлінді. Дулығаның бірінші тобына металдың бір кесігінен тұтастай соғылып жасалған дулығалар жатады. Оның күмбез пішінді төбесі мен төбелдірігі біртұтас болып соғылып, төбелдірігінің ортасына айыру белгісін тағатын түтікше орнатылды, төменгі жиегіне кіреукелі өрімнен мойынжапқыш бекітілді. Қазақ дулығаларының басым көпшілігі бірнеше ірі пластиналардан құралып жасалған дулығалар тобын құрайды. Дулығаның бұл түрі «құрама дулыға» деп аталды. Ал, музей қорында сақталған дулығаға келер болсақ, металдан тұтастай құйылып жасалғандықтан «тұтас дулығаға» жатады. Дулығаның негізгі бөлігі сақталған, сонымен қатар жиегінде тойтарма шегері де

сақталған. Осыған байланысты бұл шегелерге былғары немесе шығыршықты жамылғылар болды деуге болады. Дулыға ортағасырлық Отырар қалажұрты маңынан кездейсоқ табылған. Жасалу әдістерінің сапалы болуына байланысты дулыға XVIII-XIX ғасырларға жатады деуге болады.

Сауыт алғаш б.з.б. I мыңжылдықта Ассирияда пайда болды. Соғыс өнерінің дамуына, шабуыл құралдарының жетілуіне байланысты сауыттардың жасалуы, пайдаланылған материалдары өзгеріп отырды. Қазақта сауыттың берен, жалаңқат, қаттама, көбе, кіреуке, торғауыт түрлері болды. XV-XVII ғасырларда қазақ жауынгерлері кеңінен қолдаған сауыт түрі – кіреуке сауыт. Бұл сауыт түрі темір шығыршықтардан қысқа жеңді жейде түрінде өріліп жасалды. Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі халықтық әскери терминология бойынша «көз» деп аталды. Әр кіреукеде шығыршықтардың ішкі диаметрі әртүрлі болғандықтан, бұл параметр кіреуке типін анықтайтын белгі ретінде қолданылды. Қазақтар шығыршық көздерінің көлеміне сәйкес «торғай көз», «шөже көз», «бадана көз» деп аталатын үш түрін айтады. Осындай көзді шығыршықтардан тоқылған кіреукелерді торғай көз кіреуке, шөже көз кіреуке, және бадана көз кіреуке деп атаған. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорындағы XVII-XVIII ғасырларда жергілікті шеберлер жасаған кіреуке сауыттарды тоқу кезінде алдымен жалпақ кіреуке өрімімен екі бүктеліп сауыттың дене бөлігі жасалып, иығында, бүйірінде шеттері қосылып, екі иығынан жеңі тоқылған. Жеңді тоқу кезінде қолдың қозғалысын шектемеу үшін үшкіл салуға қолтықшаның орны қосылмай қалдырылып, үшкіл бөлек тоқылып жалғанды. Жағасының жырмасы төрт бұрыш формалы жасалып, жаға бөлек тоқылып, жейдесімен шығыршықтар арқылы немесе қайысбаумен байланып қосылып, жаға тік тұру үшін шығыршықтарының арасына бірнеше қатар екі қабаттан жұмсақ қайысбаулар өткізілді. Кіреукені жасағанда оның беріктігі ғана емес, әсемдігі де ескерілген. Пішімі бойынша кіреуке сауыттар қайырма жағалы, тік жағалы немесе жағасыз болып та жасалды. Қозғалғанда ыңғайлы болу үшін кіреукелердің етектері әдетте алдынан және артынан 15-25 см жарылып тоқылды. Кейбір кіреукелердің алдыңғы өңірі тұтастай жарылып та жасалды. Кіреуке сауыттардың жеңдерімен алғандағы ені 110-125 см, ені 60-65 см, ұзындығы 70-85 см болып келеді. Кіреуке сауыттардың салмағы 7-12 кг дейін жетеді. XV-XVI ғасырларда мылтықтың шығуына байланысты сауыттар бірте-бірте пайдаланудан қалды. Отпен атылатын қарулардың аз қолданылуына байланысты жеңіл сауыт үлгілерін қазақтар XVIII ғасырға дейін пайдаланды.

Қылыш қарудың түрі, ат үстінде ұрыс жүргізу үшін жеңіл әрі кесіп түсер қару қажеттігінен пайда болған. Көшпелі халықтарда VIII ғасырдан бастап семсерлер бір жүзді, қайқы етіп жасалып, қолданысқа енді. X ғасырда түркілер арқылы Батыс Еуропаға тарады. Кейіннен бұл қару жетілдіріліп, атты әскердің басты қаруы ретінде XIX ғасырға дейін

қолданылды. Қазақ қылыштары алдаспан, наркескен, зұлпықар, жатаған қылыш, қайқы қылыш т.б. болып бөлінеді. Қылыш басының қайқылығы әдетте саптан $2/3$ қашықтықта қатты иілген болып жасалды, бұл қылыш басының негізгі зақым салатын бөлігі, қылышпен шапқанда, кездескенде соққының бағыты жүзінің осы бағытымен сәйкес келді де, соққы өте кескіш болды. Қылыш басының ауырлық центрі қылыштың ортасы мен иілген бөлігінің аралығында жататын қылып есептелді, ауырлық центрінің бұлай орналасуы да соққыға үлкен күш берді. Кесу қаруларының сабы әдетте мүйізден, ағаштан және пілдің сүйегінен жасалып, қылыштың жетесіне жез қаңылтырдан оралып жасалған шегелермен бекітіліп, түбі темірден жасалып, оған қайыстан немесе жібек таспадан шашақты бүлдіргі тағылды. Қылыш сабының жүзімен түйіскен тұсында жауынгердің қолын қорғайтын тірегі балдағы темірден соғылды. Сонымен қатар, әртүрлі болып жасалғанын да айтуға болады. Қылыштардың қынабы ағаштан жасалып, терімен немесе матамен қапталды. Ауызы мен түбінде металдан жасалып, өрнектелген мойнағы мен түбегі, қайысбау тағуға арналған екі құрсауы болды. Басы өте қайқы қылыштардың қынапқа кіруіне кедергі болмас үшін қынабы ауыз тұсында кішкене кесігімен жасалды. Сәнді қынаптардың ілгектері тастармен, өрнекпен әшекейленіп, алтынмен апталды. Музей қорындағы қайқы қылыш XVIII-XIX ғасырларға жатады.

Жазба деректерде ертеде Қазақстан территориясында қару-жарақ жасауға болат өндірген орталықтар болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Рубрук өз еңбегінде Талас бойында, алтын, темір қазып, қару-жарақ жасайтын Болат деген қала туралы дерек келтіреді. Сонымен бірге басқа халықтың қару жасаушы шеберлері қазақ ұсталары да қылыш жасауға Ираннан әкелінген, көбіне дамаскілік болаттан істелінген дайын қылыш бастарын да қолданған. Сондықтан еліміздің музей коллекцияларындағы қазақ қылыштарының бастарында иран шеберлерінің таңбаларын кездестіруге болады. Мұндай болаттарды ұсталар кейде металл сынықтарының арасынан тауып алып, олардың қылыш бастарын жаңадан соғып жасаған. XIX ғасырдағы жазба деректерде қазақтардың білік темірлерді орыстардан да сатып алғаны айтылады.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ ұста-шеберлері қару-жарақ түрлері – пышақ, семсер, сапы, қылыш, найза ұшы, айбалта мен білтелі мылтық сияқты заттарды жасай білді. Бір жағынан осы уақытта қару-жарақтарды жасайтын шеберлер де сирей бастады. Өйткені, қазақтардың көрші елдермен достығы нығая түскенді, феодалдық алауыздыққа ру-ұлыстық қақтығыстарға тыйым салынуына байланысты көпшілік халыққа қару-жарақтың қажеті болмады. Оның өзінде байлар, төрелер қазақ ұсталарына болат қанжар, қайқы қылыш, сарымойнақ пышақ, күмістелген айбалта сияқты қару-жарақ түрлерін айнала жұртқа сескөрсету үшін, мақтаныш үшін жасататын болған. Жоғарыда көрсетілген соғыс қару-жарақтарын 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде Қазақстанның әр

өңірінде көптеп жасатты. Қара темірді қамырша илейтін қазақ ұсталарының қару-жарақ соғудағы рөлі айтарлықтай болды [2, 128 б.].

Қазіргі таңда осы қазақтың дәстүрлі қару-жарақтар коллекциялары Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорында сақтаулы.

Қазақтың дәстүрлі қару-жарақтарын өткен ғасырларда ұста-шеберлердің көп жасағанын және пайдалану аясының көп болғанын да айтуымызға болады. Бір жағынан ХІХ ғасырларда орнын отты қарулар басты, бірте-бірте қолданыстан шықты. Бірақ, бұл қару-жарақты жасаушы шеберлер бұл өнерді ХІХ ғасырдың аяғына дейін сақтап келді. Сондықтан, бұларды жасаушы шеберлер сиреді, зергерлер әшекей бұйымдар жасауға көшті, темір ұсталары тұрмыстық заттар жасаумен айналысып кетті.

Қорыта айтар болсақ, қазақтың дәстүрлі қару-жарақтарының ертеден қалыптасқандығын, оның ұлтымыздың жауынгерлік салты мен қазақтың бойындағы жауынгерлік рухты қалыптастыруда алар орнының жоғары екенін айтуымызға болады. Қазақтың дәстүрлі қару-жарақтарының тарихы үлкен белестерді бастан кешіргенін жоққа шығаруға болмайды. Сонымен қатар, қазіргі таңда бұл дәстүрлі қару-жарақ үлгілерін (музейлік, сувенирлік мақсатта) жасаушы ұста-шеберлер кездесіп жатады. Сондықтан, ерте кезендерден бастап қалыптасқан қазақтың дәстүрлі қару-жарақтары ісі тарихы мен өнері өз жалғасын тауып келе жатқанын атап өтуімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. - Алматы: Дәуір, 1996. – 240 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.
3. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Қазақстан, 1969. - 248 б.
4. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов ХІХ нач. ХХ в. - Алма-Ата: Ғылым, 1991. С. 211.
5. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. - Алматы, 2006. 216 б.
6. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (Орта ғасырлар дәуірі. II том). - Алматы: Өнер, 2007. 392 б.

М.Ә. Өскенбай*Әл-Фараби атындағы**Қазақ ұлттық университеті**Қазақстан тарихы кафедрасының**аға оқытушысы*

ОРТА АЗИЯ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ АҢ АУЛАУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ

Ежелгі түркілерде аң аулау да кеңінен таралған. Аңшылық ет пен тері алудан басқа анағұрлым кеңірек мақсаттар үшін қызмет етті. Жалпы көшпенді әлемдегідей, ежелгі түркілердің қаумалап аң аулауы әскери іс-әрекеттерде маңызды рөл атқарды. Мысалы, 627 ж. түркілер Қытай жеріне аңдарды қаумалап аулауды сылтауратып баса кірді. Сонымен қатар, бұл кәсіп ер балалар мен бозбалалардың бастамасымен жұптастырылды, мұны Ихе Хушотудың жазбаларына қарап, болжауға болады (Ұлан Батырдан оңтүстік-батысқа қарай шамамен 200 шақырым): «Жеті жасында Құлашор тау ешкісін, ал он жасында жабайы қабанды өлтірді» [1]. Бір қарағанда, осындай болмашы оқиғаны естелік ретінде қалдырудың мәні жоқ сияқты, алайда бұл мағынасы зор жайт. Мұндай жағдайларда ортағасырлық моңғолдар жас аңшының үлкен саусағын майлайды: «Ол өз ордаларының шекарасына дейін жеткен кезде оған он бір жасар Құбылай қаған және тоғыз жасар Құлағу хан кездесті. Осы кезде Айман-хой төңірегінде, наймандар елінің шекарасында, Имил-Кучинге жақын жерде, Хилэ өзенінің арғы бетінде, ұйғырлар ауанына жақын жерде Құбылай қаған кездейсоқ қоянды атып түсірді, ал Құлағу хан жабайы ешкіні атып түсірді. Моңғолдардың дәстүрі бойынша, ер балалар алғаш рет аң аулаған кезде олардың [қолының] үлкен саусағына ет пен майдан жасалған майлама жағады. Шыңғыс хан олардың қолдарын өзі майлады». Ғазан хан алғаш рет аң өлтірген кезде де дәл осылай жасаған екен.

«Нузхатәл-муштак» дерегі бойынша Гиргир тауларында қимақтар күміс қазып, барыс пен жолбарыс аулап, аң терісін өндеген [2, 92-б.]. Тарбағатай тауларының солтүстік бөктері альпі жайылымдық зонасымен шекаралас жатыр. Оңтүстік бөктері бұталы өсімдіктер жайылып, шатқалдарда алма тоғайлары мен теректер толы. Батыс үстіртте бау-бақша және жүзім өсіру дамыған деген дерек бар.

Аңшылық ежелгі түркілердің ең алдымен сүйікті ісі болғанға ұқсайды. Таньдық Тай-цзун (627–649 жж.) тұтқындалған Хэли қағанға (620–630 жж., 634 ж. қайтыс болды) аң аулау мүмкіндігін беру арқылы жұбатып, ауыртпалығын жеңілдеткісі келген. Тұтқындықта уайымнан жүдеген Хэлиді көрген император оны Гочжоу префекті етіп тағайындап, ол жерде Хэли маралдар мен еліктерге аңшылық етеді деп ойлаған болатын, алайда Хэли мұндай рақымшылықтан бас тартты. Аң аулау кейде қайғылы

оқиғаларға әкеп соғатын. 112 ж.х. (730 ж.) араб барлаушылары батыс түркілер қағанының мас күйінде аң аулап жүрген ұлын тұтқынға алды.

Аң аулау монархтарының әртүрлілігін XI ғ. әйгілі филологы Махмуд Қашғар «сагир» деген атаумен сипаттаған болатын: «Сагир – өз құзырындағы адамдармен бірге патшалық аң аулаудың бір түрі: патша өзінің қол астындағыларды ормандар мен жазықтықтарға қыр құстарын жинап, оған әкелу үшін жібереді. Сонда ол іздеуге күш жұмсамай, өз алдындағы қыр құстарын тұрып атады». Осы сипаттама Шығыс қағанатының көшпенді түркілеріне де таралуы мүмкін деп жорамалдауға болады.

Сырмақтарда тау ешкіге түсіп жатқан жыртқыш аңның айқасы, Есіктегі сақ обасынан табылған «Алтын адам» қазынасының жәдігерлерінде дәл сондай көріністі бейнелеген алтын тоға - Орта Азиялықтарда аушы құс култінің аса көнеден келе жатқандығының айғағы. Ертедегі қазақтар тұлпарды ғана емес, сонымен бірге құсты да кие тұтып, мәйітпен бірге жерлейтін болған.

Тіптен аушы құс ұя салған ағаш арнайы таңбаланған. VI-VIII ғасырлар тазы мен құс, оның құрал-жабдық, киімдері немістердің ажырамас атрибутына айналған. Құс бейнесі көне түркі дәуіріндегі ескерткіштер, тас мүсіндерде молынан көрініс тапқан. Айталық:

1. Күлтегінің бас тас мүсініндегі құс бейнесі.
2. Күлтегін, Білге қаған ескерткіш кешені маңындағы тас қорғанындағы құс бейнесі.
3. Алтын тамған тархан бітік тасындағы құс бейнесі.
4. Күлі-чүр ескерткіш кешені тас қоршауындағы құс бейнесі.
5. Жетісу тас мүсініндегі құс бейнесі және т.б. жүздеген деректерді келтіруге болады[3].

Көне түрік таным түсінік Тәңірлік ұғым бойынша құс көктің иесі, аспанның киесі, жоғарғы әлемнің елшісі, қанаттылардың төресі саналады. Аталған құс бейнелерін зерттеушілер бүркіт, көгершін, самұрық тәрізді деп жорамалдайды. Демек, байырғы түріктердегі таным-түсінік бойынша төрелік билік мәңгілік көк аспаннан жаратылады. Ал Тәңір жарылқаушының киесі де, иесі де құс деп таныды. Соның ішінде қыран құстың қырағылығы мен алғырлығына ерекше қастерлеп, биліктің рәмізі ретінде көшпенділер ту-байрақтарын да қыран құстардың бейнесімен әшекейлеген.

Түркі халықтарында саятқа салатын құстарды аушы (аңшы, аң алатын) құс немесе қысқартып құс деп атайды. Атаудың ілкі тұлғасы баба түрік тіліндегі *qut* «құт» болып, одан тілдік даму заңдылығымен *құт* > *quis* құс болып өрбіді деуге саяды. Құт тұлғасы құс, құр, қыр+ғи, құз+ғын, қаз, сұң+қар, кезкүйрық т.б. атаулардағы ұқсас құрылымдармен түбірлес, тектес осы семантикалық өрісіне «құс, қос, қыз, қыр+қын» т.б. сөздері де

төркіндес. Басқаша айтқанда осы атаулардың морфемалық мағынасы «екі, қос, жұп қанатты, қос қанатты» дегенді білдіреді. Қыр+ан, қыр+ғи, қар(а)+ға, қар+ға, қар+шыға, қар+лығаш, қыр+ғауыл, сұң+қар деген атауларындағы қар, қыр тұлғалары да осы құт, құс түбірлерімен бір желілес, ұқсас дүниелер.

Әбілғазы Баһадүрханның «Шежіре-иТүрк» еңбегінде Оғұз қаған аңызына байланысты оның 24 ұл немересінің құстары, таңбалары жайлы да осы құт, құс танымымен сабақтастырып айтуға болады. Мысалы, шежіреде аталатын құстардың атауы: сұңқар, күйгенек, көбек сары, тұрымтай, қырғұ, қызыл қаржығай, көжген, жере лажын, сарыша, баһари (қарға), су бүркіт, ала тұғанақ, бұғдайнақ, құмай, енчары, йағалбай, бікү, қар+шығай, ителгү, түйгүн, череқар чығай. Махмұт Қашғаридың «Түрік тілдерінің жинағы» (Диуани-лұғат-ат-Түрік) сөздігінде «ым білсе ер өлмес» деген сөз бар. Мұның себебін, М.Қашғари былай түсіндіреді. Ордадағы қолбасшылардың жауынгерлігіне жасырын ым белгілері ретінде қару-жарақ немесе құс аттары (!) қолданылады. Егер түнде екі жауынгер кездесе қалса бір-біріне сол ым-белгіні сұрасады. Ым біліссе өз адамы деп жолымен жүре береді... [4].

VI-XI ғасырларда оғыздардың және IX ғасырда Моңғолия, Қытай ортағасырлық Орта Азия аумағында халықтар құсбегілікпен айналысқаны бізге тарихтан белгілі. X ғасырда селжүктерде көптеген құсбегілердің болуы және селжүк әулетінен шыққан бір көсемнің Тоғрұл есімді (Тоғрұл мағынасы Алтай сұңқары дегенді білдіреді) болуы құсбегіліктің селжүктер кезеңінде де маңызы арта түскендігін байқатады. Ал сол әулеттің 1194 жылы қайтыс болған Тұйғыншах атты билеушісінің де есімі құсбегілікке қатысты ұғымнан туған, яки ақ қаршыға деген мағынаны береді. Кіші Азияны иеленген оғыз, қыпшақ бектері мен бағыландары Босфор бұғазында қаршыға, сұңқарларды теңіз жағасындағы су құстарына салып, олардың «қырғидай тиген» көрінісін тамашалайтындықтары туралы деректер көнеден жеткен.

1032-1083 жылдар аралығында жазылған «Қабуснаме» еңбегінің он сегізінші тарауында құсбегілік туралы егжей-тегжейлі жазылған мәлімет бар. Онда ақсүйек, хандардың асыл тұқымды атқа мініп, қолына сұңқар ұстап, саятшылық құрып, қабыланмен аң аулауы туралы баяндалады. Мұндай өнер тек ақсүйектердің ғана кәсібі болған, ал қарапайым адамдарға онымен айналысуға рұқсат берілмейтіні жазылған [5, 57-б.].

Көз тойғысыз қызығы мол құсбегілік өнер сол кездегі хан, патшалардың сән-салтанатына айналған еді. Әлемді дүр сілкіндірген әмірші Шыңғыс хан сұңқар салғандығы туралы парсы жылнамашысы Ата МалікЖувейни жазады [6, 29.]. Оның тұстасы Керей Тұғырыл хан, Шыңғыс мұрагерінің бірі Құбылай хан, сондай-ақ Әмір Темір сияқты адамзат

тарихындағы атақты тұлғалардың сүйікті ермегі, пір тұтқан киесі құс салу болғандығын тарихи жазбаларда хатталған.

Шыңғыс ханның құсбегілік өнерді жоғары бағалағаны соншалық, ол бұл өнерді мемлекет деңгейіне дейін көтерген болатын. Қызықты да тамаша құсбегілік өнері моңғолдардың Орта Азияға жасаған шапқыншылығы кезінде әскери жаттығудың ең маңызды мәртебесіне ие болды. Қағанға қыран құстар, соның ішінде ақсұңқарлар көбінесе сый ретінде келіп отыратын болса, кейбір сұңқарлар салық ретінде алынатын.

Орта ғасырда құсбегілік өнері көшпенділер арасында тоқтаусыз дами берді. Себебі ең алдымен, саятшылық көшпенділер үшін тіршіліктің өзекті бір саласы болып келген; сондай-ақ ол әскери жаттығудың, шынығып-шыңдалудың тамаша үлгісі болған. Марко Поло хан ордасында қыран құстардың көптігі және олардың барлығы құсбегілікке қолданылатындығы жайлы қызықты күнделіктер жазған. Гильом де Рубруктың 1253-1255 жылдары саяхат күнделігінде «Көшпенділерде ителгі және сұңқар құстары өте көп. Олар құстарын оң қолдарына отырғызады және сұңқарлардың мойындарында құс кеудесінің ортасына дейін салбырап тұратын жіңішке қайыс тағады», - деп жазады [7].

Күйік ханның ордасында 4 айға жуық өмір сүрген, табиғат аясында құсбегілік өнерінің қызықты сәттерінің куәсі болған жиһанкез Марко Поло жазбасы өте қызық. Ұлы ханның Баян және Минган атты екі ағайын бектерін жергілікті халық Куничи деп атайды. Себебі олар ханның қол астындағы 20 мың құсбегілер мен аңшыларды басқаратын. Минган басқарған 10 мың адам қызыл, Баян басқарған 10 мың адам көк түсті киім киіп ханмен бірге саятқа шығады. Бөлінген 10 мыңдықтың 2 мың адамының әрқайсысы көп тазы мен төбет иттер жетектеген. Екіге бөлінген аңшы-құсбегілер күншілік жерді шеңбер тәрізді етіп қоршап, аң-құстарын үркітіп қыспаққа алады. Дәл осы сәтте аңшылардың да, иттердің де өте шеберлігін көру тамаша көрініс еді...

Тобымен саят құру - салбурын аталатын бұл оқиғаны жиһанкез автор ары қарай былай өрбітеді: «Ұлы хан өз ордасында үш ай болып наурыз айында ол нөкерлерімен екі күншілік жерге аттанады. Ол өзімен бірге 10 мың құсбегісін және 500 ақсұңқарын алып жүреді. Әр жерге бір-екіден аралары алшақ тұрған құсбегі мен тосқауылшыларда құс шақыратын ысқырық және түрлі үлгіде тігілген томағалар бар. Ал ұлы хан қолынан ақсұңқарын ұшырған кезде тосқауылда тұрған құсбегілер сұңқардың қай жерге олжасын алып түсетінін бақылап тұрады» [6].

«Патшалық» аң аулаудың осыған ұқсат тәсілдері шынайы көшпенділерде – моңғолдарда империя қалыптасқан кезеңде қолданылған. Моңғол қызметіндегі парсы тарихшысы Ата-Малік Джувайни Шыңғыс хан мен оның ұлдары Батыс жорығынан оралу алдында 1224 жылы Шымкенттен Әулие Атаға (қазіргі Жамбыл) бара жатқан жолда орналасқан

Утұғ төңірегінде жабайы есектерге аңшылық жасағаны туралы әңгімелейді. Бір табын есекті Шыңғыс ханның қаумалап аң аулауды ұйымдастыру үшін жауапты болған үлкен ұлы Жошы айдайтын. Ұзақ және ауыр жолдың кесірінен есектердің тұяқтары мүжіліп қалатын болған, сондықтан аңшылық ойдағыдай өту үшін есектердің тұяқтарына жылқының тағаларын қақты. Шаршаған жануарларды «қолмен ұстап алуға» болатын еді. Бұл жорықты олжа ретінде сай келмейтін арық есектер қалған кезде ғана тоқтататын. Оларға таңба салып, еркіндікке шығаратын. Тағы бір жағдайда, қаумалап алу белгіленген ретпен жүрген кезде Үгідей қаған төбенің шыңына шығып, кесімді нәтижені қадағалаған. Кенеттен барлық жануарлар қағанның жағына бұрылып, әділдік сұрап, жалбарынып еңірегендей дауыс шығарды. Аяушылық танытқан Үгедей оларды босатып, ешқандай зиян келтірмеуді бұйырды [6].

Қаумалап ауланған жануарлардың бір бөлігін еркіндікке босататын түркілік дәстүрде кеңінен танымал. Көптеген ғалымдардың пікірінше, бұл дәстүрлі түркілік мәдениеттің ерекше экофильдігін куәландырады, алайда бұл даусыз емес: көбінесе жараланған және шаршаған, күйзеліске ұшыраған, кейін сау ұрпақ әкелуі екі талай жануарлар еркіндікке жіберілген.

Жекелеген аң аулаумен қоса қимақтарда қоршап ұстау, қаумалау да кең тараған. Бұл әдіс шаруашылықта аң аулау, ал әскери бағытта соғыс тактикасы, жаттығу ретінде де қолданыс тапқан [8, с. 84].

Бізге мәлімі, қазіргі таңға дейін түркі халықтары ішінде сонау ортағасырларда қолданыста болған аң аулау, саятшылық сынды дәстүрлердің дәл сол қалпында жетуі. Ертеде аңшылық азық табу үшін, хандардың бос уақытын өткізетін сүйікті ісі болса, қазірде аң аулау

Қимақ тайпалары аң аулауда сұңқар, қаршыға, бүркіт, тазы иттерді пайдаланған. Араб-қыпшақ сөздігінде аң аулауға пайдаланатын: қылбарк, тазы, т.б. иттер атаулары және аулау құстары: қарақұс, балабан, ладжын атаулары кездеседі [9, р. 10]. Аушы құстарды аң аулауда пайдалану Қазақстанда XX ғасырдың басына дейін қолданыста болған [10, с. 6-12].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. (б.з. 275-840 жж.) екінші кітап. Алматы: Өнер. 2006. – 344 б.
2. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата, 1970. – 272 с.
3. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011.
4. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугатат-Турк / Пер., предисл. и коммент. З.-А.М. Ауэзовой. Алматы, 2005. С. 346.

5. Кей-Кавус.Кабус-наме/ пер. Е. Бертельса. Москва: Издательство восточной литературы, 1958. – 136-с.
6. Juvaini Ata-Malik. The History of the World-Conqueror / Trans. by J.A. Boyle. Manchester Univ. Press, 1997. P. 29
7. Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. – Алматы: Алматы кітап, 2007. – 208 бет, суретті. Б. Хинаят, Қ.М. Исабеков.
8. Кононов А. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л- Гази, хана хивинского. М.—Л., 1958.
9. Houtsma M. Th. Eintürkisch-arabisches Glossar, nach der Leidener Handschrift hrsg. – German: University of Toronto Libraries, 2011. 192 p.
10. Чорманов М. О скотоводстве у киргизов Западной Сибири // Сельское хозяйство и лесоводство. – С.-Пб., 1883. – №1. – 41-50 с.

Р. Кенжебекова
ҚР Ұлттық музейінің
ғылыми қызметкері

ҰЛЫ КҮН - ҰЛЫС

Еуразия кеңістігіндегі көшпелілер сан ғасырлар бойы далалық мәдениетті қалыптастырғаны тарихтан белгілі. Дала тұрғындарының жыл құсы сияқты ұдайы табиғаттың көктеміне ілесіп, бойлық бойынша шырқай көшіп-қону далалықтардың шаруашылық - мәдени типін табуға, дара болмысын қалыптастыруға себепші болды. Кең даланы жайлаған ру-тайпалардың дамылсыз көшіп-қонуы, көшпелі өмір салтын қалыптастыруы, көшпелілер атануы - олардың бойындағы туа біткен қасиет емес, сайын даланың экосистемасына бейімделіп, тіршілік құрудың қажеттілігі болатын. Ал қажеттілік өзіндік дара өмір салтты дүниеге әкелді. Сол өмір салт аясындағы ру-тайпалар күнделікті тұтынатын заттардан бастап, тіршілік туралы ұғым-түсініктеріне дейін, моральдық-этикалық қарым-қатынастардан бастап қоғамдық -әлеуметтік қалыптарына дейін көшпелі өмір ырғағымен үндес болмысын даралады [1,].

Ұлы Дала көшпенділері мыңдаған жылдық өмір тәжірибелері арқылы Айдың, Күннің, жұлдыздардың Жерге қатысты әсер-құбылыстарын аңғарып, жаратылыстың құпия сырын ұғып, жыл маусымдарының қас-қабағымен санасып, төрт түлік малды тіршілігіне тірек етіп, Тәңірге табынып ғұмыр кешкен көшпелілер күн мен түннің теңесер шағын жылдың басына балап, дүние тіршіліктің жаңғырар сәті екенін ұғып, кие тұтып, сол күнді, Ұлыстың ұлы күні деп атаған. Бұл көшпелілердің жыл қайыру, ай санау, күн есептеу, уақыт белгілеу есебінде туындаған. Дәл сол күні күн мен түн, жарық пен қараңғы теңеліп жаңа жыл кіреді. Қыс ызғары

қайтады, жердің тоң кеудесі жібиді. Жеті қат жер астынан жылы бу көтеріледі, жеті қат көктен жылы нұр жерге жетеді. Төрт түлік мал төлдейді. Мал аузы көкке тиіп, адамдардың аузы аққа тиеді. Көктем құстары келіп, қысқы ұйқыдағы жануарлар оянады. Осындай қасиетті күнді көшпелілер «Ұлыс күн» деп атаған.

Жұлдызшылар мен есепшілердің айтып қалдырған, атадан балаға жеткен ақпараттарына қарағанда күн мен түн теңелген сәтте қорадағы күйіс қайтаратын малдар күйсемей, күйіс қайтармай тұрып қалады екен. Жан-жануарлар індерінен шықса, ұядағы құстар басын көтеріп отырады екен. Ал, өзен-көл суларындағы үлкен-кішілі балықтар қозғалмай тұрып қалады екен де күн мен түн теңелгенде, балықтар судан шоршып шығып бір аунап түседі екен. Табиғаттың тылсым күші осы болар [2].

Наурыз қашан пайда болды деген сұраққа зерттеушілердің көбі парсы жұртында десе, кейбірі түркі жұртында, ал басқалары түркі мен парсы жұрттарының аражігі ашылғанға дейін пайда болды деседі. Алайда, адам баласы кеңістік пен уақытты игерген және есептей алғаннан бастап, қыстық өлер шағы мен жаңа жылдың туар шаған нақты білгеннен бастап мерекелеу қажеттілігі туған шығар [3].

Наурыз мейрамы туралы алғашқы жазбаша дерек көне парсы тілінде жазылған зороастризм дінінің қасиетті «Авеста» кітабында кездеседі. Авестаны зерттеген ағылшын ғалымы Мэри Боис: зороастризмнің негізін қалаған Зороастра пайғамбар наурыз мерекесін, қалыптасқан дәстүр бойынша өзі жасаған, қазір оның өмір сүрген жері Азия даласындағы Еділдің шығыс жағы екені анықталды - деп тұжырым жасаған. Көптеген ғалымдар (В.Бартольд, А.Бернштам, Ә.Марғұлан) авестаны жасауға сақ - скиф, ғұн, қаңлы тайпалары қатысқандығын айтады.

Ұлыстың ұлы күні - қазақтың арғы бабалары көшпелі тайпалар арасында туғаны ешқандай талас тудырмайды, кейін отырықшы халықтардың дәл осындай мейрамы Наурызбен қосылған Ұлыстың ұлы күні - Наурыз аталып жүр дейді А.Тоқтабай. Демек, авеста кітабы бойынша Наурыз мейрамы 3000 жылдан артам уақыт бойы тойланып келеді демекпіз [4].

Ұлы Дала көшпелілерінің Ұлыс тойын тойлайтыны ежелгі грек және қытай жазбаларына түскен. Грек тарихшысы Квинт Курций Рух (б.з.д.1 ғ.) өзінің «Ескендір» жорығы аталатын еңбегінде Орта Азия көшпелілернің ұлыс тойын тойлайтынын тамсана жазады. Ұлыстық ұлы күні таң шапақ шашып, күн шығар сәтте қаған ордасының ордасының үстіне күн бейнелі жалау ілінген, қотанға шымқай қызыл мауытыдан киім киген 365 бозбала шығатын болған. Бүтін бір жылдың ішіндегі тәулік санының айғағындай болып 365 өнерпаз бозбала тойдың шырайын келтірген. Бір жыл ішіндегі әрбір тәуліктің шежіре-баяны сияқты 365 күй тартылған. Сонан соң, бүкіл елдің батағой абызы, тәңірмен тілдес бақсысы ортағы шығып, қағанаттың үміт тілегін Тәңірге жеткізетін 9 күй тартқан. Бұл күйлер міндетті түрде

қобызбен тартылатын болған. Ұлыстың ұлы күнін тойлау мұнан әрі бүкілхалықтық қуаныш-қызыққа ұласқан [5].

Ислам дініндегі бір рауаятта мухаррам айы, яғни наурыз айы туралы жазылыпты. 21 наурыз күні топан судан құтқарылған Нұх пайғабардың кемесі бір рауаятта Әл-Жиди тауында тағы бір рауаятта Арарат тауы, қазақ қиса аңыздарында Қызығұрт тауында тоқтаған. Алланың әмірімен адам баласына қайтадан өмір сүруге жол берілген. Сол күннен бастап жер бетінде жаңа өмір басталыпты. Нұқ пайғамбардың қауымы жеті қат көкпен жеті қат жердің ортасында аман қалдық деп, үлкен тайқазанға жеті түрлі дән салып «тілеу көже» дайындаған екен. Алладан мейір - шапағат тілеп тәубәға келген. Топан су басқан бұлақтардың көзін ашқан, игі істер істеген. Астықтың бір бөлігін жерге тұқым етіп сепкен, қалған астықты үш ай ораза ұстаған үнемдеген. Алла осы мухаррам айында он пайғамбарға жақсылық нұрын түсіріпті [6].

Наурызды мереке ретінде тойлау Шығыс халықтарымен қатар, басқа да көптеген халықтардың дәстүрлерінде кездеседі. Наурызды XVIII ғасырға дейін байырғы гректер, ежелгі римдіктер, ұлыбритандықтар, славяндар өздерінің Григориан күнтізбесін қабылдағанға дейін ескіше 1 наурызды (қазіргіша-14 наурыз) атап өткені туралы ортағасырлық деректер бар. Сонымен әлемдегі көне мерекені парсылар «новруз», армяндар «науасари», соғдылар «наусаруз», қытайлар «мэн-чунь», моңғолдар «шаған», буряттар «цаган сар», шуаштар «нориз ояхиял», ұйғырлар «гүл наурыз» деп атаған.

Шығыс халықтарының ұлы ғұламалары Әбу Райхан Бируни, Омар Наям тәрізді әлем таныған тарихи тұлғалардың еңбектерінде Наурыз мейрамын қалай тойлағаны туралы деректер кездеседі. Парсы тілдес халықтар Наурызды бірнеше күн тойлаған. Әр жерде үлкен от жағып, отқа май құйған. Жаңа өнген жеті дәнге қарап болашақты болжаған. Жеті, ақ кесемен дәстүрлі ұлттық көже «сумалық» ұсынған. Ескі киімдерін тастаған. Ескірген шыны аяқты сындырған. Бір-біріне гүл сыйлаған. Үйлерінің қабырғасына дөңгелек ою – «күн символын» салған. Үйлеріндегі тіреу, ағашқа гүл ілген. Жамбы ату тәрізді түрлі жарыстар өткізген. Бұл күні кәрі-жас мәз болып, бір-біріне жақсы тілектер айтқан.

Қазақ халқы мыңдаған жылдар бойы өзінің этникалық болмысын қалыптастырған көшпелі өмірден біржола үзседе, бірақ уақыт пен кеңістікке қатысты жинаған таным-түсініктері мен салт-дәстүрлерін сақтап бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Ол әрине - Ұлыстың ұлы күні - Наурыз.

Халқымыз Наурыз мерекесін ислам дініне дейін де, одан кейін де жыл басы ретінде атап өтіп келеді. Сондықтан мерекенің мәртебесі тойдан, басқа іс-шаралардан жоғары болғаны айқын. Наурыз күнін жаңа жыл, жыл басы, ырыс береке мерекесі деп есептеген. Алайда қазақтар бұрын наурызды 21 наурыздың 21-нен 22-не қараған түні емес ескіше 1 наурыз, бүгінгі күнтізбеде 14 наурыздан бастап тойлаған. Осы күн туралы Шәкәрім Құдайбердіұлы «Наурыз-фарсы тілі, жаңа күн деген сөз, мұны қазақтар Бұқар, Тәшкенттік қожалардан үйренген, 14 март ескіше 1 март қазақша

жаңа жыл, ұлыстың күні» дейді. Қазіргі кезде Батыс өңірі осы дәстүрді сақтап, әрі жалғастырып отыр. Мұнда наурыздың бастамасы «Амалдан» Көрісуден, яғни төс қағыстыру дәстүрінен басталады. 14 наурыз қазақша жаңа жылдың енген күні ретінде мойындалған, ескі жылдың есіркеп, жаңа жылдың жарылқауын тілеу осы күннен басталған [7].

Ұлыстың ұлы күні, наурыз туралы XX ғ. басында А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә.Диваев және А. Сейдімбек, А. Тоқтабай және т.б. жазды.

Ұлыс күні қасиетті, киелі саналған. Әр отбасы мейрам қарсаңында жаңа жылдың бірінші күні қалай болса, жыл бойы солай болады деген түсінікпен үйлерін тазалап, жаңа текемет, төсеніштер жайып, бос ыдыс-аяқтарын азық-түлікпен, сумен толтырып қоятын. Халықтың мифологиялық түсінігі бойынша 21 наурыз түні даланы Қызыр аралайды. Қызыр көрінген адамға бақ-даулет қонады деген сенім сақталған. Халық жаңа, таза киімдерін киген. Наурыз көже дайындаған, оның құрамына жеті түрлі тағам қосқан. Наурыз туғанда ақжаулықты аналарымыз шыққан күнге ақ құюдан бастаған. Ауыл адамдары ер адамдары бірі-бірімен қос қолдасып, төс қағыстырады, әйел құшақтасып, игі тілектерін айтып, үй-үйге кіріп наурыз көже ішкен. Әрі қарай наурыздың дәстүрлі атрибуттары – ағаш отырғызу, бұлақ көзін ашу, отқа май құю, ұйқышар, самалық айту, дір еткізу, селт еткізер рәсімдері өткізіліп, дәстүрлі ойын-сауықпен жалғасқан.

Бүгінгі күні қазақ елі тойлайтын Ұлыстық ұлы күні - Наурыз көшпелілер өркениеті қалыптастырған, жетілдірген, бізге мұраға етіп қалдырған мәдени мұрамыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Сейдімбек Ақселеу. Қазақ әлемі. этномәдени пайымдау. «Санат». Алматы. 1997. 19-20 бет
2. Қазақы Наурызнама. Болат Бопайұлы. «Бастау» ЖШС. Алматы, 2005, 7 бет.
3. Серік Ерғали. Наурыз бен түркілік күнтізбе // Ақиқат № 3 2015, 97-98 бет.
4. Тоқтабай. Наурыз. Қазақтың дәстүрі мен әдет-ғұрыптары. I том, біртұтастығы мен ерекшелігі. «Арыс» баспасы, Алматы. 2005. 11 бет.
5. Сейдімбек Ақселеу. Қазақ әлемі. Қазақ әлемі. этномәдени пайымдау. «Санат». Алматы. 1997. 224-227 бет.
6. Қазақы Наурызнама. Болат Бопайұлы. «Бастау» ЖШС. Алматы 2005. 7-8 бет.
7. С.Ерғали. Наурыз мезгіл және табиғат нышандары. E-history.kz.

М.С. Қабдоллаев*Шығыс Қазақстан облыстық**Сәулет-этнографиялық және**табиғи-ландшафтық мұражай-қорығы**ғылыми қызметкер**археология және этнология магистрі*

ҰЛТТЫ БІРІКТІРУШІ, ТАМЫРДЫ ТАНЫТУШЫ – НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

Қыстың қаһары тарқап, көктемнің жылуы сезіліп, мал төлдеп ақ көбейген кезеңде тойланатын наурыз мерекесінің көшпенділер өміріндегі маңызы зор. Біздің ойымызша бұл мерекенің маңызын, мәнін түсіну үшін ата кәсібімізді, көшпенді өмірді түсіне білу қажет. «Қара қазан мен сары бала қамы үшін...» - деп Махамбет бабамыз жырлағандай ұрпақ үшін талмай еңбек ете білген, тірішіліктің тауқыметіне төзіп төрт түлігін жауға алдырмай, табиғаттың қатаң сынағында өлтірмей баға білген бабаларымыз көктем жеткенде арқаларын кеңге салып ерекше бір қуанатын болған.

Атадан балаға мирас болған басты мерекеміз наурыздың терең зерттелуімен кеңінен насихатталуы салт-дәстүрімізге деген құрметімізбен махаббатымызды арттыратыны сөзсіз. Бір-бірімізді мерекемен құттықтап қазақы жомарттық, қонақжайлылық салтымен дастархан жайып құрметтеуіміз бауырластық сезімін оятары хақ. Қатарласа тігілген ақбоз үйлеріміз «киіз туырылықты, ағаш уықты» - көшпенділер ұрпағы екендігімізді есімізге салса, дәстүрлі ойындарымыз(балуандар күресі, бәйге, көкпар, теңге алу және т.б.) жан дүниемізде ұлы дала рухын жаңғыртады. Наурыз мерекесі салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызды кеңінен насихаттауға мүмкіндік беретін бірден-бір ерекше мейрам [1; 198-199].

Еліміз егемендікке қол жеткізіп, дербес мемлекет болып өткенімізді түгендеп жатқан қазіргі таңда салт-дәстүрімізді тереңінен зерттеп, кеңінен насихаттауымыз шарт. Тәуелсіздігімізді жария еткен уақыттан бері салт-дәстүр, тарихымызды зерттеуге мемлекет тарапынан айтарлықтай көмектер көрсетіліп, осы салада талай еңбектер жазылып, ғылыми дәрежелер қорғалды. Алайда, тәуелсіздік алғанымызға 25 – жылдан астам уақыт өтсе де бүгінгі қазақ арасында ұлтымызға, оның салт-дәстүріне, тарихына деген сүйіспеншілік айтарлықтай дәрежеге жетіп дамыған жоқ. Қазақ болып дүние есігін ашсақта қазақ ұлтын әлі толық танып білмейміз. Кеңестік билік, отаршыл патша үкіметінің әдейілеп жүргізген саяси жұмыстарының нәтижесінде дінімізден, тілімізден, тарихымыздан, салт – дәстүрімізден айырылды. Ғасырлар бойы жалғасқан ана сүтімен бойымызға дарыған мәдени құндылықтарымыздың тамырына балта шабылды. Салт – дәстүріміз тек кітап беттерінде ғана жазылмай жастарға кеңінен насихатталып, күнделікті тұрмыста қолданылатын болса қазіргі жаһандану заманында өз ұлтымызды халық ретінде, мемлекет ретінде сақтап қалуға жәрдемін

тигізері сөзсіз. Байыбына барсақ қазақ салт – дәстүрі тұнып тұрған рухани байлық. Салт дәстүрімізді зерттей отырып ұлтымыздың ежелгі замандардан бастап ешкімнен кем емес, терезесі тең болғандығын көреміз. Бұл өз кезегінде отансүйгіштік сезімді шындауға көмегін тигізері хақ. Әрбір жеткіншек өз халқын сүйсе, салт-дәстүрін құрметтесе, ата – бабаларымыздан мұра болған асыл дінімізді ұстанса, тарихымызды ешқандай бұрмалаусыз қазақы сарынмен оқыған болса, ондай азаматтарымыз елінің-жерінің, отанымыздың болашағын ойлайтындығы сөзсіз. Қазақ этнографиясында ойып тұрып өз орнын алған ағамыз Өзбекәлі Жәнібеков салт дәстүрдің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы турасында былай дейді: «...Атамекен. Қандай қасиетті түсінік десеңізші. Оған сүйіспеншілік адам бойына ананың әлдиімен, балалық шақтың аңыз – ертегілерімен, ойындарымен, даланың жұпар иісімен, таудың құзымен, көлдің айдынымен, тіпті ұлттық мақтанышпенде сіңіседі екен. Халқымыздың өткен жолына перзенттік көзбен шолу жасасақ, біз оның рухани, мәдени, парасаттық мүмкіндіктері толығынан іске қосылды деп айта алмаймыз. Оның басты себебі, өзгені былай қойғанда миллиондардың өмірін ала кеткен аштық жалаңаштықта, 30 – жылдардың дүрбелеңі де, қазір тарихтың үлесіне тиген басқа да алапат қиыншылықтарда болды.»[2;11]. Яғни, біз салт – дәстүрден көз жазған сайын қоғамдағы түрлі әлеуметтік мәселелерде ұлғая береді. Мәселен, қазіргі жұрттың имандылығының, парасаттылығының азайып бара жатқаны, отбасы – ошақ қасының берекесі қаша бастағандығы, үлкенді сыйлау, кішіге инабатты болудан қалып бара жатқандығымыз, түрлі діни секталардың көбеюі, отансүйгіштік рухтың жоғалуы барлығының тамыры салт – дәстүрімізден көз жазуымызда. Біз өз тарихымызға, салт – дәстүрімізге жат көзбен қараймыз. Шындығында салт – дәстүр, тарих айтылғанда қазақты ұялшақтық емес керісінше мақтаныш кернеуі керек. Елбасы өз сөздерінде де «Қазақ тарихында қазақ ұялатын парақ жоқ» деп ақиқатын айтады[3].

Тақырыбымызға арқау болып отырған наурыз мерекесі де жай мейрам емес тарихи-танымдық, тәрбиелік мәні зор ерекше мереке. Түп төркіні тереңде жатқан бұл мерекенің шыққан уақыты мен мағынасы турасын әртүрлі пікірлер қалыптасқан. **Наурыз – шығыс елінің бүкілхалықтық мейрамы, яғни, Ұлыстың ұлы күні. Наурыз шығыс елдері үшін – бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің, бақыттың мерекесі ретінде тойланған. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақтар сондай жақсы өнегеден үлгі алған. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттылық, мәрт-жомарттық, қадыр-қасиеттілік нышан белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Осының барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдылыққа, көргенділікке, ізеттілікпен білімділікке баурайды [4; 44 - 46].**

Наурыз мерекесінің бүгінгі жай күйі турасында А.Мұхамедиұлы былай дейді: «Енді заман талабына сай Наурыздың пішімін түбегейлі өзгерту қажет. Наурыздың айрықша тәлім-тәрбие, қадір-қасиет беретін түрлері өте ерекше. Сондықтан, Наурыз мейрамына жаңа пішім беру үшін, адамның ұлтына, діни бағыныстылығына қарамастан, адамгершілік құндылықтарға мән бере отырып, Қазақстан халқы түгел қамтылатындай мазмұнын жасау керек. Ел арасында «Наурыз мерекесі бұқаралық сипаттан ажырап, сахналық кейіпке еніп, аздаған жұртшылықтың қызықтауына ғана айналған фольклорлық қойылым көрінісінен аспауда» деген пікір қалыптасты. Сондықтан мерекенің өзіне сәйкес атрибуттарын қалпына келтіріп, фольклорлық-этнографиялық ауқымнан жалпы қазақстандық мереке дәрежесіне жеткізген жөн. Мерекеде бақылаушылар болмайды, бәрі де қатысушы» [5]. Наурыздың мерекеленуіне деген мұндай көзқарастардың пайда болуы заман талабы. Абай атамыздың «дәстүрдің озығы бар тозығы бар» - деп айтқанындай халық үшін, мемлекет үшін пайдалы осындай дәстүрлі мерекелерден көз жазбауымыз керек. Керісінше, наурыз мерекесін насихаттау, зерттеу жұмыстары үздіксіз жүргізілуі керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазахи. Алматы 1995
2. Жәнібеков. Ө, Жолайырықта. 1995
3. www.inform.kz
4. Кенжеахметұлы.С, Жеті қазына. Алматы 2010
5. Мұхамедиұлы.А. Наурызға – жаңаша көзқарас.// Егемен Қазақстан 28.01.2015

А.М. Кенжина

*Шығыс Қазақстан облыстық
Сәулет-этнографиялық және
табиғи-ландшафтық мұражай-қорығы
Өскемен қаласы, Головкина көшесі 29
Ғылыми қызметкер*

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ҰЛЫ ТОЙ

*Келгенінше құттықтап бірін-бірі,
Қуанышта көрісіп кәрі-жасы.
Көңілі түгел адамның сен келген соң,
Самарқанның елжіреп түскен тасы.
(А.Байтұрсынов)*

Наурыз мейрамы — ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Жыл санағы бойынша, 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Көне парсы тілінде нова-жаңа – рэзанһ-күн, «жаңа күн» мағынасында, қазіргі парсы тілінде де сол мағынамен қалған (*но-жаңа –роуз-күн*; мағынасы «жаңа күн»), яғни «жаңа жылды» (күн өсуін белгілеуі) білдіреді.

Наурыз мерекесінің туу тарихы турасында талас көп. Көбі ел аузындағы аңызға жүгінеді. Аңыздың өзі сан алуан. Аңыздың түбінен ақиқаттың бір ұшы қылт ететіні рас, кейбір ғалымдар бұны зороастризм кезеңіне дейінгі уақытпен байланыстырады. Кейбіреулер Парсы патшасының жорықтарымен байланыстырып жүр. Наурыз мерекесін қазақ халқы «Армысың, Өз Наурыз» деп қарсы алған.

Наурыз мейрамы – діни мереке деп қабылданбаған. Бұл қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, жаңа жылды қарсы алу мерекесі деп есептелінген. Бұл атаулы мерекде көріскен жандар бір-бірін құшақ жая қарсы алып, игі тілектер айтады. Қазақ халқы бұл күні дүниеге келген қыз балаларға Наурыз, Наурызгүл ер балаларға Наурызбай, Наурызхан деген есім берген [1;225].

1926 жылдан бастап, тоталитарлық жүйенің ықпалымен наурыз мерекесін тойлауға тыйым салынды. Көп жылдар бойы ұмытылған мереке 1988 жылдан бері қайта жаңғырып, Наурыз мейрамын тойлау дәстүрі өз жалғасын тапты.

Наурыз мерекесі 1991 жылы, 15 наурызда Президенттің қаулысы негізінде мемлекеттік мәртебеге ие болды. Елбасы наурыз айының 22 жұлдызын "Наурыз мейрамы" деп жариялады.

Ал 2009 жылдың 24 сәуірінде ҚР Президенті Н. Ә. Назарбаев наурыз айының 21, 22, 23 күндеріне "Наурыз мейрамы" деген атақ берді.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз "Халықаралық Наурыз күні" болып аталып келеді. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде "Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын" мәлімдеді. 2009 жылдың 30 қыркүйегінен бастап ЮНЕСКО Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі.

Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады. Ол Иранда 21 наурызда, Орталық Азия елдерінде және Әзірбайжанда, мемлекеттік мереке ретінде Тәжікстанда және Қазақстанда - 22 наурызда, Өзбекстан мен Түркияда 21 наурыз күні аталып өтіледі. жүр. Ұлыбританияда аталып өтіліп, 1700 жылға дейін ежелгі Русьте тойланып келген. Көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі. Шығыс жыл санағы бойынша, мереке ирандықтардың жаңа жылы Наврузбен жанасады. Наурыз мерекесін түркі тілдес халықтар тойлайды. Тәжік халқы бұл мерекені "Бәйшешек", "Гүлгардон" не "Гүлнавруздеп атаған. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі [1; 227].

Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Халық наурыз мерекесіне алдын-ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл – тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. "Бұлақ көрсең, көзін аш!", "Бір тал ексең, он тал ек!", деген сөз осыдан шыққан болу керек.

Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы [1;235].

Жүгі нарда, қазаны теңде болып көшпелі ғұмыр кешкен қазақ халқы асты өте жоғары бағалап, қастерлей білген. Халқымыз адам өмірінде тамақты тіршілікке қажетті құндылықтардың бәрінен де жоғары қойған. Кез келген қазақы шаңырақтың дастарханы ет тағамдарынсыз елестету мүмкін емес [2;9].

Наурыз - тоқшылық күні. Қазан оттан түспейді. Мереке жақындаған сайын әрбір отбасы Наурыз көже жасауды міндетім деп санайды. Наурыз көже. 22 наурыз мерекесіне ғана тән, көпшілікке арналған тағам. Оны әр үй жеті дәмнен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы ет мүшелерін қосып,мерекемен құттықтауға келгендерге ықыласпен ұсынады [4;226].

Қазіргі кезде білмейтін жастар да үлкен адамдардан ақыл-кеңес сұрап, Наурыз көжеге не қосу керектігін саралап жатады. Осы тұрғыда біз де үлкен әжелеріміздің біразынан Наурыз көжені қалай жасау керектігін сұрап білдік. Ол үшін ең алдымен қазан толы сүтіңізді қайнатып, сүт піскеннен кейін оның бетіндегі қаймағын қалқып алып тастайсыз. Сүт әбден пісуге тақаған кезде, қыс бойы сақтаған сүріңізді салып жіберіп, 15 минуттай бетін жауып қоясыз. Аталған уақыт өткеннен кейін жеке ыдысқа пісіріп алған бидай, жүгері, тары, асбұршақ, күріш тәрізді қоректік заттардың жеті түрін сүт пен етке араластырып тағы бір қайнатып аласызыз [3;672]. Егер Наурыз көже қоймалжың болып кетсе, оған су қосуға болмайды. Тек айран қосып сұйылтасыз. Наурыз көжені халық арасында “тілеу көже”, “көп көже” деп те атай береді. Наурыз көжеге, наурызға арналып сойылған малдың кәделі асына Наурыз бата берілген соң, жиналған халық: “ақ мол болсын” деген тілек айтып тарқасады. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор. Ол баршаны мейірімділікке, ізгілікке, бірлікке, татулыққа шақырады.

Шығыс халықтары үшін жыл қайыру, яғни күнтізбе жасау наурыздан бастау алады. Осы бір күнге үміт артып, «Наурыздың берер несібесі мол» дейтін ырымды берік ұстанған біздің сәулет- этнографиялық және табиғи-ландшафтық мұражай-қорық қызметкерлері егемен ел болғалы, дәстүрімізді дәріптеп, асыл мұраларымыздың бедерін айшықтауда орны ерекше. Бұл мерекені қазақ халқы «жақсылықтың бастауы» деп ұғады.

Әдебиеттер:

1. Ақселеу Сейдімбек- Қазақ әлемі
2. Сейіт Кенжеаметұлы- Қазақтың дарқан дастарханы
3. Қазақ ССРҚысқаша энциклопедиясы 4том
4. Сейіт Кенжеаметұлы-Қазақ халқының салт-дәстүрлері
5. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенция
6. Казахи-алматы: Казахстан 1995ж

І.К. Қанғабыл*ШЖҚ «Талдықорған медицина
колледжі» МКК**Тарих пәні оқытушысы,
педагогика ғылымдарының магистрі*

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕСІ

Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді. Бұл мерекені Шығыс елдері Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан ерте кезден өткізеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады.

Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде "нау" - "жаңа", "руз" - "күн" деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған. "Бұлақ көрсең, көзін аш!", "Бір тал ексең, он тал ек!", деген сөз осыдан шыққан болу керек. Наурыз - достық, еңбек, бейбітшілік мерекесі. Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурыzkөже болған. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалған. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата – үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: "Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!" – деп бата береді.

Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы.

22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні. Бұл күні күн мен түн теңеледі. Табиғат та, Жер-Ана да, жан-жануар да түлейді, жаңарады. Адамзаттың бойында қан жүгіріп, тал-теректер бүршік жарады. Қазақтың сайын даласын Қызыр баба кезіп, адам баласына құт-береке, бақ-дәулет сыйлайды. Самарқанның көк тасы еріп, қасиетті қара жер, қара топырақ бусанады. Ұлы даланың төсінде қызғалдақтар құлпыра өсіп, бел-белестерге қызылды-жасылды кілем төселеді. Ұлан-байтақ Қазақстанның халқы жеті түрлі дәмнен наурыз көже жасап, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сақтап, ай бойы Ұлыстың Ұлы күнін тойлайды. Бүкіл Шығыс халқына ортақ бұл мейрамда араздасқандар татуласып, дүйім халық, мұқым ел ауызбіршілікте болады. Ынтымағы жарасқан көп ұлтты еліміздің осы бірлігін Құдай ұзағынан сүйіндіргей!

Әрбір шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын! Мұсылман қауымына Исламның 7 байлығын тілейміз. Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын, ағайын!

Ұлыстың ұлы мерекесін тойлауға тәуелсіз халқымыз биыл 25-рет дайындалып жатыр. «Ұлт жоқ. Ұйысқан Одақ қана бар» деген Кеңестік дәуірдің солақай саясаты 1926 жылдан 70 жылдай ұлт мерекесін терең зындан түбінде бұғаулап ұстағанын білеміз. Одан кейінгі ашаршылық жылдары, Ұлы Отан соғысы, ұлт зиялылары мен ұлт құндылықтарына қарсы дүркін-дүркін шабуылдар халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпының үкісін қисайтуға тырысып бақты. Тіпті, ашаршылық жағадан алған тұста жарапазан - жас балалардың нан сұрап жеу тәсіліне айналғаны шындық. Еліміздің солтүстік бөлігінде көрісу ғұрпы санадан өшкен. Ал 31 желтоқсан түні Жаңа жылды табалдырықтан аттатқан кейбіреу төл мейрамды мойындамайды да. Мұның бәрін бүгінгі жастың кемшілігі деу жөн бола қоймас. «Бала жасындағысын ұмытпайды». Көнекөз қариялар - салт-дәстүр сабақтастығының соңғы буыны. Ал 70 жыл идеология құрбаны болған мерекенің көптеген ырым-жоралғылары кейінгілерге таныс емес. Наурыз – кей білгіштердің жаңалық ашып, онысымен жұртты адастырып жүргеніндей, діни мереке емес. Бұл бағзы заманнан қалыптасқан бүкілхалықтық Жаңа жыл. Оны Иран, Ауғанстан, Үндістан, Кавказ және Орта Азия халықтары төл мерекесі ретінде тойлайды. Алайда, «Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа» демекші, дәстүр өзгешелігі де орын алған. Халқымыз жаңа жылға ертеден дайындалатын. Қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға саламын деп сақтаған. Жас келіндер, бойжеткендер болса, кесте, орамал тігіп, бозбалалар жағы ағаштан тұрмыс бұйымдарын жасап, темірден сәндік бұйымдарын соққан. Мұның бәрі - күн мен түн теңесетін шақта кәдеге асатын «ұйқыашар», «селт еткізер» жоралғыларының сый-тартулары. Көктемгі «өліара» өтісімен, ата-бабамыз үй айналасын тазартып, қалың қар тігісі сөгілген жайылымға мал шығарған. «Жаңа жыл мұнтаздай таза үйге кірсе, ол үй ауру-сырқаудан, пәле-жаладан аман болады» деген сенім бойынша, үй-ішін де қағып-сілкіп, отпен аластайды.

Көне деректер көзіне сүйенсек, наурыз тоғыз күн тойланады екен. Ол той «Наурызнама» деп аталады. Әдетте, наурызнаманы бай, ауқатты кісілер жасаған. Бірақ әр шаңырақ өзінше наурыз көже пісіріп, ақ толы аяғын босағадан аттағанның бәріне ұсынған. Ауыл ақсақалдары үй-үйден дәм татып, үйдегілерге ыдыспен сыбаға тасып жүрген. Ол сыбаға ішілместен бұрын қазанға құйылады. Бұл «Дәм-тұзымыз араласқан тату болайық» дегеннің белгісі.

Ұлыс келер түні Қызыр бабаға арналып әр үйдің төрінде қос шырақ жағылатын болған. Үй иелері бар ыдысты аққа, суға, «ырыс толсын» деп дәнге, «жауын-шашын көп болсын» деп бұлақ суына толтырады. Жылдың алғашқы күнінде қар жауса «ақша қар», жаңбыр жауса «нұр жауды» деп

шаттанған. Ертеректе ауыл адамдарын ұйқысынан тұрғызу үшін қолданылған мынадай қызық дәстүр болған. Жастар асау тайыншаны құрықтап, оған ерттелген ашамайға зор қуыршақты таңып байлап, ауыл ішіне бос жібереді. Мөңкіп тулаған асау ауылды азан-қазан етсе де, ешкім бұған өкпелемеген. Күлімдеп көрінген күнге сәлем беріп, шаруаға кіріседі. Наурыз күні көзі ашылған бұлақтың суы сарқылмайды, ал егілген талдың саясы мен жемісі мол болады деп сенген. Жаңа сап түзеген шыбықтарға ақ шашу да жақсы ырым [1, с.20].

Ұлыс - жақсы тілектер күні. Араздасқандар төс қағысып, татуласады. Бұл күнгі қайын ата мен келін, күйеу бала мен қайын ата арасындағы әзіл де жарасымды. Жастар алтыбақан құрып, тойдың сәнін кіргізеді. Бойжеткендер соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, ұнатқан жігіттеріне тартады. Бұл салт қазақта «ұйқыашар» аталады. Ұйқыашардың қарымтасына жігіттер «селт еткізер» рәсімін жасайды. Яғни қалауынша айна, тарақ, әтір суын сыйлайды. АЙНА - пәктіктің, жастықтың, тарақ - әдемілік пен сұлулықтың, ал иіссу - жаңа бүршігін жарған жауқазындай құлпыр деген белгі.

Наурыз күні думан-тойды аталарымыз наурызнама атаған. Ұйытқысы, әрине – жастар. Содан болар, ән мен би, ойын-сауық түннің бір уағына дейін созылған. Халқымызда «Ақ боран», «Қалтырауық қамыр кемпір» ойындары бар. Онымен қатар бұл күні наурыз жыр, наурыз жұмбақ, наурыз айтыс, түрлі әзіл-қалжың, мадақтау өлеңдері айтылады.

Сең жүреді көктемде астан-кестең,

Ақ атанның бауырын арқан кескен.

Ұлы күні ұлыстың бас қосқанда

Өлеңді айт, құрбыжан қатар өскен, - деп, қос-қостан жұптасып, айтысқа түседі.

Ұлыс күні татулық тойы, шаруа, ынтымақ, сенім, көңіл мерекесі. Қыс қылышынан аман қалған жұрт, бар реніш-өкпесін ұмытып, кінәсін кешіп, тек жақсы тілектер тілейді. Көңілдің жаңаруы деген осы. Бұл күні наурыз көжемен қатар, ауыл адамдары өгіз сойып, қазан көтеретін болған. Мұның тарихы өз алдына қызық аңыз. Ежелгі жыл санаушылардың есебінше, үркер күздің басында шығыстан, қыстың басында төбеден, көктем кезінде аспан етегінен көрініп, ал жазда тіпті батып кетеді екен. Бұл шақ қырық күнге созылып, оны халқымыз «қырық күн шілде» немесе «үркердің жерге түсуі» деп атаған. Көктем кезінде, яғни наурызда күн жолы үркердің үстімен өтіп, үркердің қос жұлдызы бұқаның мүйіздері құсап күн жолының екі жағынан қылтиып көрінеді. Бұған орай халқымыздың «әлемді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұр» деген наным да бар [2, с.55].

Өгіз етін арнайы нарқазанда балбыратып пісіреді. Нарқазанның тарихы да жақсы ырымдармен астасып жатыр. Ежелгі сақ дәуірінде халық арасын алауыздық жайлап, ел татулығын тұман басқанда көсемдер келісіп,

үлкен қазан құюға шешім шығарады. Алайда, қазан соғарлық мыс табылмай қалады да, бүкіл сарбаз жебелерінің мыс масағын жинатып, содан нарқазан құйдырады. Осы қазанда қайнатылған астан дәм алысқан араздасушылар өкпе-назын ұмытып, елде татулық орнапты делінеді аңыздарда. Осындай тай, нарқазандарда қалың қауымға дәм татқызу кейін үрдіске айналып, ол «шүлен тарту» аталып кеткен. Өгіздің шекесі ауыл ақсақалдарына тартылады. Бұл сыбағаның аты - «бел көтерер». Ертедегі дәстүр бойынша наурызнама тоғыз күн тойланатын болса, соның сегізінші күні «той тарқар» болады. Мұнда бұған дейін өнерін ортаға салып, оза шапқан дарабоздарға, қарсыласының жауырынын жерге тигізген балуандарға, тіпті тайы озып келген жас балаға да «ат тері» деп сыйлық берген.

«Той тарқарда» жаңа көзі ашылған қайнардың суына қант қосып, оны қауым болып ішіседі. Көзі қарақтылар «салдама» аталатын кітапты оқытып, ақсақалдар бата береді.

Айта берсең, наурыздың жөн-жоралғылары өте көп. Қазақстанның төрт түкпірі түрліше тойлайды. Бірақ, қалай болғанда да, жақсылықтың аты - жақсылық, тойдың аты - той.

Әдебиеттер тізімі:

1. Наурыз. - Алматы : Аруна , 2001. - 10 б.
2. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні: мақалалар жинағы. - Алматы : Ғылым, 2001. - 428 б.

МАЗМҰНЫ

Мыңбай Д. КІРІСПЕ СӨЗ	3
Артықбаев Ж.О. НАУРЫЗ-ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛ МЕЙРАМЫ	4
Калыш А.Б., Бильтаева А.Ж. К ОСОБЕННОСТЯМ ПРАЗДНОВАНИЯ НАУРЫЗА	11
Сураганова З.К. НАУРЫЗ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ, НАУЧНОЙ РЕФЛЕКСИЯХ И НАРОДНОЙ ПРАКТИКЕ КАЗАХСТАНА	15
Құрманбаева Ш.Қ. НАУРЫЗ-АДАМЗАТ, ТІРШІЛІК, ІЗГІЛІК, ТАТУЛЫҚ МЕЙРАМЫ	20
Сайлаубаева Н.Е. КӨНЕ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ	24
Жүсіпов Б. БАЛПАҚ ІННЕН ШЫҚҚАН КҮН	28
Мырзаханова Д. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ НАУРЫЗ	34
Исаева А.И., Жумабаева М.Т. НАУРЫЗ-ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ	39
Хамитова М.А. Ә. МАРҒҰЛАН ЕҢБЕГІНДЕГІ «НАУРЫЗ» ТУРАЛЫ ЖАЗБАЛАР – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТАТУЛЫҚҚА, ҚҰТ, БЕРЕКЕ-БІРЛІККЕ ҰМТЫЛУЫ	42
Алипова С.Б. ПРАЗДНОВАНИЕ ВЕЛИКОГО ПРАЗДНИКА ДОБРА – НАУРЫЗА	46
Ерғали С. НАУРЫЗ – ТАРИХЫ ТҰҢҒИЫҚ ТЕЛЕГЕЙ МЕРЕКЕ	51
Макибай М.О. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ: ЖЫЛ БАСЫНЫҢ БАСТАУЫНДАҒЫ МӘҢГІЛІК ӨМІР ЖАЛҒАСЫ	57
Копежанова Д.Е. ӨЗ НАУРЫЗ ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ САНАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ МЕЙРАМ РЕТІНДЕ	63
Хасенов С.С. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ ТАРИХЫ ЖӨНІНДЕ	67
Хурметбек А., Әбдіғали Н. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ӨЗ НАУРЫЗ	72
Сайлау А.Қ. СЫР ӨңІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ҒАРЫШТЫҚ БІЛІМДЕР ЖҮЙЕСІ	76
Железняков Б.А., Шербаев Р.К. СИМВОЛИКА НАУРЫЗА. ИЗОБРАЖЕНИЯ НА СКАЛАХ И КЕРАМИКЕ ОТ ЭПОХИ БРОНЗЫ ДО ПОЗДНЕГО СРЕДНЕВЕКОВЬЯ .	78
Жұмабеков Ә.Ә. НАУРЫЗ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ МЕЙРАМЫ	85
Елемесова Д.Б. НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ	88
Шағырбаев М.С., Турсунбекова А.К. НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ТОЙЛАНУЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР	92
Малдыбекова Л.Ж. ЛЕГЕНДЫ О ЗАРОЖДЕНИИ НАУРЫЗА	98

Жұмашова А.А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚЫН САДУАҚАС ЖАҚАШҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ.....	103
Күзембаев Қ.Ғ. АСАДАЛ, КЕБЕЖЕ, КЕБЕЖЕАЯҚ.....	107
Газимова Қ. АТА САЛТЫҢ – ХАЛЫҚТЫҚ ҚАЛПЫҢ.....	113
Серикова А.Ж. БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕ БЕСІКТІҢ АЛАТЫН РӨЛІ, АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫСЫ	118
Ырсымбет Н.Т. ДӘСТҮРЛІ ҰЛТТЫҚ БАС КИІМДЕР.....	124
Салихова Л.Е. ЖАҢҒЫРҒАН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРДІҢ МУЗЕЙДЕ КӨРІНІС ТАБУЫ	130
Тулегенов А. ЮРТА – ТРАДИЦИОННОЕ ЖИЛИЩЕ КАЗАХОВ	133
Бекзатқызы И. САРЫАРҚА ТОПОНИМИЯСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ	140
Бокижанова Г.К., Ибраева Б.М., Шутенова С.С. ТРАДИЦИИ КАК СРЕДСТВО НРАВСТВЕННО-ДУХОВНОГО ВОСПИТАНИЯ.....	145
Момынов М.Ү. НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНДЕ ОЙНАЛАТЫН ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ	149
Карикулова М.Ш. АРМЫСЫҢ ӨЗ-НАУРЫЗ!.....	152
Таубек А.Т. НАУРЫЗ ҰЛТ МЕРЕКЕСІ.....	156
Дулат М.А. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ӨЗ НАУРЫЗ.....	159
Моминова Г.Т. МЕРЕКЕЛІ, БЕРЕКЕЛІ-ӨЗ НАУРЫЗ.....	161
Өмірбекова Н.С. НАУРЫЗ – ХАЛЫҚ МЕЙРАМЫ.....	163
Ақпанбекова Ғ. НАУРЫЗ БАТАСЫ.....	167
Искаков А.Ш. «ТЕРІСАҚҚАН «КӨКТЕМІ» ЭТНОФЕСТИВАЛІ ҰЛЫТАУ ӨҢІРІНІҢ ТУРИЗІМІН ДАМУДЫҢ ТУРА ЖОЛЫ.....	170
Маябасова Г. ЗЕРГЕРЛІК ӘШЕКЕЙДІҢ ҚАСИЕТІ МЕН КИЕСІ.....	174
Қазиев Қ.О. ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – РУХАНИ АДАМГЕРШЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАСТАУЫ.....	179
Сүйеуғалиева Б.Б. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СУСЫНДАРЫ	183
Нүриденова Ж. ҚОНАҒЫҢНЫҢ АЛТЫНЫН АЛМА, АЛҒЫСЫН АЛ	189
Исабаева К., Алимхожина А. МУЗЫКАЛЬНЫЕ ВЕРНИСАЖИ МУЗЕЯ КАСТЕЕВА К НАУРЫЗУ	192

Наурызбаева М.Т. ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	197
Дюсенбаева Г.И. ЖАС ҰРПАҚТЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМДЕРІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІН БОЙЛАРЫНА ДАМУЫ	202
Шутенова С.С., Карабаева Д. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘРБИЕ БАСТАУЫ	205
Садыкова А.М. ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙЫНЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МҰРАСЫ.....	209
Алинов А.А. НАУРЫЗ – ПРАЗДНИК ОБНОВЛЕНИЯ КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА.....	216
Хуанган Онербек 5000 ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ	219
Байгасов М МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚАРУ-ЖАРАҚТАРЫ.....	222
Өскенбай М.Ә. ОРТА АЗИЯ ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ АҢ АУЛАУДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ МӘСЕЛЕСІ	227
Кенжебекова Р. ҰЛЫ КҮН – ҰЛЫС.....	232
Қабдоллаев М.С. ҰЛТТЫ БІРІКТІРУШІ, ТАМЫРДЫ ТАНЫТУШЫ - НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ	236
Кенжина А.М. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ – ҰЛЫ ТОЙ	239
Қанғабыл І.К. ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ МЕРЕКЕСІ.....	242

**«Ұлыстың ұлы күні – Өз Наурыз»
атты республикалық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Жинаққа енген мақалалардың сапасы мен мазмұнына редакция
алқасы жауап бермейді.

Таралымы 200 дана
Пішімі 180 x 260 1/16.Офсет 80 гр/м².
Жұқа мұқаба, ламинация., қағазы борлы 250 гр/м².
Қаріп түрі «Times New Roman»
Мәтіні қазақ және орыс тілдерінде.
ҚР Ұлттық музей баспа орталығы

